




2022

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БІРІКТІРІЛГЕН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

КОМПАНИЯНЫҢ ЦИФРЛАРЫ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР	2022	2021	ӨЗГЕРІСТЕР	
			АБСОЛЮТТІ МӘН	%
ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ				
Негізгі қызметтен түскен кіріс, млрд теңге	1 481,5	1 328,5	153,0	11,5
Жүк тасымалынан түскен кіріс, млрд теңге	1 283,5	1 184,3	99,2	8,4
Жолаушылар тасымалынан түскен кіріс, млрд теңге	88,4	57,3	31,1	54,3
Операциялық пайда, млрд теңге	177,9	254,8	−76,9	−30,2
EBITDA, млрд теңге	338,5	408,4	−69,9	−17,1
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР				
Жолаушылар тасымалы				
Жолаушылар айналымы, млрд ж-км	12,4	9,5	2,8	29,7
Жөнелтілген жолаушылар, мың жолаушы	14 073	11 597	2 476	21,4
Жүк тасымалы				
Жүк айналымы, млрд т-км	245,2	233,3	11,9	5,1
Тасымалданған жүктер, млн тонна	285,4	288,4	−3	−1
Контейнерлік тасымал				
Контейнерлердегі транзит, мың ЖФБ	1 129,2	1 065,6	63,6	6
ҚОСЫМША КӨРСЕТКІШТЕР				
Тізімдік сан, адам	113 769	112 581	1 188	1,1
Әйелдер үлесі, %	23	23	0	0
Әлеуметтік қолдауға жұмсалған шығындар, млрд теңге	14,6	11,6	3	25,9
1 қызметкерге жұмсалған оқыту сағат саны	26	41	-15	-36,6
LTIFR (1 млн адам-сағатқа)	0,21	0,25	-0,04	-16
Есепке алынған өндірістік жарақаттану оқиғаларының саны	22	35	-13	-37,1
Есепке алынған жазатайым оқиғаларда қаза тапқандар саны	5	8	−3	−37,5
Қозғалыс қауіпсіздігін бұзу саны	127	143	−16	−11,2
Парниктік газдар шығарындыларының көлемі, мың тонна CO2-бал. (1, 2-аумақ)	5 673	5 531	142	2,5
Табиғат қорғау қызметіне арналған шығындар, млн теңге	728,9	755,5	-26,6	-3,5
Қалдықтар көлемі, мың тонна	59,1	60,9	1,8	−3
ОЭР тұтыну, мың ГДж	41 185,7	39 759,8	1 425,9	3,5

Пайдалану ыңғайлығы үшін
Есепте келесі белгілер
пайдаланылады:

Экономикалық аспектінің көрсеткіштері

Бұл түспен белгіленген деректер
Компанияның экономикалық көрсеткіштерін
көрсетеді

Әлеуметтік аспектінің көрсеткіштері

Бұл түспен белгіленген деректер
Компанияның әлеуметтік көрсеткіштерін
көрсетеді.

Экологиялық аспектінің көрсеткіштері

Бұл түспен белгіленген деректер
Компанияның экологиялық көрсеткіштерін
көрсетеді.

GRI стандарттарының ақпаратын
ашу индексі

GRI индексі GRI стандарттарына сәйкес
ашылатын ақпаратты көрсетеді.

Компанияның Даму стратегиясы

Компанияның Даму стратегиясын,
Компанияның жоспарлары мен мақсаттарын
іске асыру туралы ақпарат ашылады.

Интернет-сілтемелер

Толығырақ ақпаратты көрсетілген сайтта
табуға болады.

Қосымша ақпарат

Толығырақ ақпарат Есептің көрсетілген
бөлімінде ашылады.



ЕСЕП ТУРАЛЫ GRI 2-5

Осы Біріктірілген жылдық есептің мақсаты –
біздің мүдделі тараптарға Компания мен оның
қызметі туралы толық және сенімді ақпаратты
тұрақты дамудың үш аспектісі: экономикалық,
әлеуметтік және экологиялық аспектілер
бойынша беру.

Ішінара ақпаратты тәуелсіз
тексеру туралы есеп
282-285-беттерде берілген.

Барлық есептер Компанияның
сайтында қолжетімді





2022

БІРІКТІРІЛГЕН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі.....	4
Басқарма Төрағасының үндеуі.....	6

1 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 10

Компанияның тарихы	12
Компания қызметінің бағыттары	12
Бизнес-модель	13
Жылдың негізгі оқиғалары	14
Халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану	20

2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП 25

Даму стратегиясы.....	26
№ 1 мақсат. Компанияны қаржылық тәуекел аймағынан шығару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету	30
Тарифтік реттеу	30
Борыш жүктемесі.....	32
№ 2 мақсат. Компанияның тиімділігін арттыру	34
Нәтижелерге шолу	34
Активтер құрылымы.....	46
Негізгі бизнес-бірліктер.....	48
Қызметтің тиімділігін арттыру	58
Инвестициялық қызмет	59
Цифрлық трансформация және цифрландыру бағдарламасы	60
№ 3 мақсат. Клиенттердің қанағаттануын арттыру	62
Клиенттердің қанағаттануы.....	62
№ 4 мақсат. Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру	66
Қозғалыс қауіпсіздігі	66
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау.....	69
№ 5 мақсат. Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету	85

3 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП 83

Тұрақты дамуды басқару.....	84
Экономикалық әсер ету.....	92
Экологиялық жауапкершілік	104
Энергия тиімділігі және энергияны үнемдеу	114
Әлеуметтік жауапкершілік	120

4 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП 137

Корпоративтік басқару жүйесі.....	138
Жалғыз акционер.....	142
Директорлар кеңесі	143
Басқарма	160
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау.....	170
Ішкі аудит қызметі.....	180
Корпоративтік омбудсмен	184
Мүдделер қақтығысын басқару	186

5 ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК 189

Қосымшалар	287
Маңызды тақырыптар және оларды анықтау реті.....	290
GRI стандарттарын ашып көрсету көрсеткіші.....	296
Глоссарий	305
Байланысу ақпараты	305

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 2-22

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



Юрий ЛАВРИНЕНКО

Директорлар кеңесінің Төрағасы

Құрметті акционер, серіктестер, инвесторлар мен Жылдық есептің оқырмандары!

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің атынан Компанияға деген қызығушылықтарыңыз және жыл бойы көрсеткен қолдауларыңыз үшін алғыс айтамын.

Мен сіздерге Компания қызметінің нәтижелерін көрсеттін Біріктірілген жылдық есепті ұсынғым келеді.

Күрделі геосаяси жағдайда Компания есеп беріліп отырған жылы оның алдындағы жылдың іс жүзіндегі мәндерінен асып түсетін нәтижеге қол жеткізді. Жүк айналымы 5,1%-ға, контейнерлердегі транзиттік тасымалдар 6,0%-ға, ал жолаушылар айналымы 29,7%-ға өсті. Осының арқасында «ҚТЖ» ҰК» АҚ 36 883 млн теңге мөлшерінде пайда тапты.

2022 жылы біз корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жұмысын жалғастырып, басшылық етуші органдар жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар құжаттарды бекіттік. «Moody's ESG Solutions» халықаралық консалтинг компаниясы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың корпоративтік басқару және әлеуметтік, экологиялық мәселелерді басқару деңгейінің жоғары екенін растады. Тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша Компания «Moody's ESG Solutions» компаниясы бағалаған 25% озық компаниялар тізіміне кірді.

Компания қызметкерлерінің әлеуметтік тұрақтылығы мен қаржылық әл-ауқатын қолдау үшін барлық қолдан келетін шараларды қолдануда. 2022 жылы орташа айлық еңбекақыны 37%-ға көтере алдық.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өзінің экологиялық жауапкершілігіне көп мән береді және зиянды заттардың шығарындыларын азайту үшін қажетті барлық қажетті шараларды

қолдануға, ресурстарды тиімді пайдалануға, биоалуандылыққа теріс әсерді барынша азайтуға және көміртекті бейтараптыққа қолжеткізуге міндеттенеді. Біз мұның бизнесіміз бен болашақ ұрпақтар үшін маңызды фактор екенін түсінеміз. Бұл бағыт шеңберінде 2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Төмен көміртекті дамудың 2060 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды.

Компания поездар қозғалысы қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға ерекше назар аударуды жалғастыруда, бұны осы мәселелердің «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің отырыстарында мұқият талдануынан көруге болады. Есеп беріліп отырған жылдың қорытындылары бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қозғалыс қауіпсіздігі қағидаларын бұзу саны 2021 жылдың деңгейіне қатысты 11%-ға төмендеді, ал өндірістік жарақаттанушылықтың есепке алынатын жағдайлар саны 37%-ға азайды.

2022 жылы біз «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Даму стратегиясына өзекті сипат беруге кірістік. Көршілес елдерде экономикалық жағдай мен сауда қатынастары өзгерген және соның салдары ретінде дәстүрлі көлік-логистикалық тізбектер үзілген кезеңде көлік саласы Қазақстан экономикасы үшін ерекше маңызға ие болуда. Жаңартылған Даму стратегиясында жүктерді тиімді тасымалдауға деген экономика қажеттіліктерін қанағаттандыруға және еліміздің транзиттік әлеуетін дамытуға акцент жасалды.

Қорытындылай келе, біздің барлық стейкхолдерлерімізге бірлескен ойдағыдай жұмыс үшін алғыс айтқым келеді. Біз сіздердің Компаниямызға көрсететін қолдауларыңыз бен сенімдеріңізді бағалаймыз

және болашақта ынтымақтастығымыз бен серіктестігіміз жалғасады деп үміттенеміз.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың әр қызметкеріне кәсібилігі мен Компанияның дамуына қосқан жеке үлесі үшін алғысымды білдіргім келеді. Сіздердің Компанияға жұмсайтын күш-жігерлеріңіздің бағасы жоғары және сіздердің қолдауларыңыз болмаса мұндай прогресс мүмкін болмас еді.

Құрметпен,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар
кеңесінің Төрағасы



Нұрлан САУРАНБАЕВ

Басқарма Төрағасы

Құрметті Жылдық есептің оқырмандары, әріптестер мен серіктестер!

Сіздердің назарларыңызға Компанияның 2022 жылғы қызметі туралы біріктірілген есепті ұсынамын. Компаниямызға қызығушылық білдіргендеріңіз үшін алығымды білдіргім келеді. Біз мүдделі тараптардан кері байланыстың болғанына шын жүректен қуанамыз. Бұл бізге дамуға және өз қызметімізді жақсартуға көмектеседі.

Жыл қорытындылары сандық та, сапалық та тұрғыда оң динамикамен сипатталады. Мәселен, есеп беріліп отырған кезеңде жүк айналымы 5,1%-ға, жолаушылар айналымы 29,7%-ға өсті. Контейнерлік транзит геосаяси жағдайға қарамастан 6%-ға дерлік артты. Нәтижесінде Компанияның негізгі қызметтен түсетін кірістері 2021 жылғы деңгейге қатысты 11,5%-ға өсіп, 1 481,5 млрд теңге болды, бұл ретте акционерге тиесілі таза пайда 34,9 млрд теңгені құрады. Компанияның қаржылық тұрақтылығын нығайту жұмысын жалғастыру қатты валютадағы борыш үлесін 34,8%-дан 28,4%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Жолаушылар тасымалдарына қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету және жолаушы вагондары тапшылығын азайту үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Stadler» компаниясының технологиясы бойынша жасалған жолаушы вагондарын сатып алуға келісім-шарт жасасты. Алғашқы вагондар 2025 жылы пайдалануға беріледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – қызметкерлер саны бойынша еліміздегі ең ірі компаниялардың бірі, сондықтан әлеуметтік мәселе біз үшін өте маңызды. Біз қызметкерлеріміздің материалдық жағдайын, еңбек жағдайларын жақсарту және әлеуметтік пакетті

жетілдіру бойынша мақсатты жұмысты тұрақты түрде жүргіземіз. 2022 жылы қызметкерлердің орташа еңбекақысы 342 мың теңгеге дейін өсті, бұл 2021 жылғыдан 37%-ға жоғары. 410 ғимарат пен санитарлық-тұрмыстық үй-жай жөнделді, өндірістік қызметкерлердің жылынуы мен тамақ ішуіне арналған 15 пункт пен 37 модульдық имарат орнатылды, шағын механикаландыру құралдарының 220 бірлігі сатып алынды. 2022 жылы Компания «Moody's ESG Solutions» халықаралық компаниясынан алғаш рет ESG рейтингін алды. Жоғары рейтингтің (A2) берілуі әлеуметтік мәселелерді шешудің тиісті деңгейде, тасымалдаудың экологиялық шарттарын қамтамасыз етуге жауапты қаралатындығын және корпоративтік басқарудың жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.

Өткен жылғы қараша айында стратегиялық маңызы бар ірі теміржол жобасы – Достық – Мойынты теміржол учаскесінде ұзындығы 836 км екінші жолдар құрылысы басталды. Жоба учаскенің өткізу қабілетін 5 есе – 12 поездар жұбынан 60 поездар жұбына дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді, отандық өнімнің толассыз экспортталуына және еліміздің транзиттік әлеуетінің өсуіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ біз Мемлекет басшысының «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ты ұлттық көлік-логистикалық компания етіп трансформациялау жөніндегі тапсырмасын орындауға кірістік. Тапсырма шеңберінде Компания өзінің логистикалық құзыреттерін нығайтуды, процестерге цифрлық технологияларды енгізуді, шетелдегі қызметті кеңейтуді және ел ішінде сауда хабтарын құруды жоспарлап отыр. Қолданылған шаралардың нәтижесі елге транзиттік тасымалдардан түсетін ақшаны ұлғайту, отандық өнім экспортын ілгерілету, жүк тасымалдарының жаһандық нарығындағы ел по-

зициясын нығайту және Қазақстанның сенімді сауда хаб ретінде дамуы болуы тиіс.

Тұтас алғанда, 2022 жылы Компания алдына қойылған шешуші міндеттер орындалды. Егжей-тегжейлі ақпаратты есептен таба аласыздар.

Компанияның табысты болуы біздің бірлесіп жасаған жұмысымызға тәуелді екендігін атап өтемін. Сондықтан қызметкерлерге, серіктестерге, клиенттерге тағы да алғысымды білдіремін және әрі қарай да жемісті жұмыс істейміз деген ойдамын. Біздің бірге жаңа белестерге қол жеткізетінімізге сенімім мол!

*Құрметпен,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы*



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Компанияның тарихы	12
Компания қызметінің бағыттары	12
Бизнес-модель	13
Жылдың негізгі оқиғалары	14
Халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану	20

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

GRI 2-1, 201-4

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы («ҚТЖ» ҰК» АҚ, Компания) — көлік-логистикалық холдинг, Қазақстан Республикасының магистральдық теміржол желісі операторы, Ұлттық жүктер мен жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдаушы.



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ жалғыз акционері — құрылтайшысы және жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор)



«ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР ЖОЛЫ»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы еліміздегі локомотивтердің, жүк және жолаушы вагондарының ірі меншік иесі болып табылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ — Қазақстандағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі.

Компанияның ресурстары мен активтері



ЛОКОМОТИВТЕР

1,7 мың



ЖҮК ВАГОНДАРЫ

44,6 мың



ЖОЛАУШЫ ВАГОНДАРЫ

2,4 мың



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

113,8 мың

Қазақстан темір жолдарының ұзындығы



БАС ЖОЛДАРДЫҢ ТОЛЫҚ
ҰЗЫНДЫҒЫ

21 мың км



ПАЙДАЛАНУ
ҰЗЫНДЫҒЫ

16 мың км

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының 17 облысымен, республикалық маңызы бар 3 қаласымен, 16 түйіспелік пункт арқылы бес көрші мемлекетпен: Қытаймен, Ресеймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен және Түркіменстанмен экономикалық байланысты қамтамасыз етеді.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ болу географиясы

Елдер	Ұйымдар	Елдер	Ұйымдар	Елдер	Ұйымдар
Қытай Халық Республикасы	«Ляньюньган Қытай-Қазақстан халықаралық логистикалық компаниясы» ЖШҚ («KTZ Express» АҚ — 49%)	Ресей Федерациясы	«Трансевразия» ЖАҚ («Кедентранс-сервис» АҚ — 10%)	Түрік Республикасы	«KTZ Express Hong Kong» филиалы («KTZ Express» АҚ — 100%)
	Шетел капиталы бар «Xinjiang KTZ International Logistics Co.LTD» компаниясы («KTZ Express» АҚ — 100%)		«Біріктірілген көлік-логистикалық компания — Еуразиялық теміржол альянсы» (БКЛК-ЕРА) АҚ («ҚТЖ» ҰК» АҚ — 33,33%)		
	«KTZ Express Hong Kong» жауапкершілігі шектеулі қоғамы («KTZ Express» АҚ — 100%)				
	«YuXinOu (Chongjing) Logistics Co. Ltd» БК («KTZ Express» АҚ — 16,3%)				

Өзбекстан Республикасында (Баку қаласы), Қытай Халық Республикасында (Пекин, Үрімші қалалары), Ресей Федерациясында (Мәскеу қаласы), Өзбекстан Республикасында (Ташкент қаласы) өкілдіктер бар.

КОМПАНИЯНЫҢ ТАРИХЫ

GRI 2-6


Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы №129 қаулысымен:

- Алматы теміржол басқармасы
- Тың теміржол басқармасы
- Батыс Қазақстан теміржол басқармасы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын біріктіру арқылы «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы № 310 қаулысымен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қосу арқылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды.



КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ



Магистральдық теміржол желісі қызметтері



Теміржол жолаушылар тасымалы




Теміржол жүк тасымалы



Көлік-логистикалық қызметтер

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ



ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

ҚАҢТАР

2022 жылдың **1 қаңтарынан** бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндіріс қызметкерлерінің жалақысы көтерілді. Бұл мақсаттарға 70 млрд теңге бөлінді.



26 қаңтарда «Кедентранссервис» АҚ Алашанькоу – Достық шекара өткелі арқылы Дарбаза ст. – Тяньцзинь (ҚХР) маршруты бойынша контейнерлік поезды іске қосты.

27 қаңтарда Алматы депосында «Пайдалану вагон депосын автоматтандыру» жобасы пилоттық режимде сынақтан сәтті өтті. Жобаның міндеттері – техникалық процестерді цифрландыру, қағазсыз технологияларға көшу, вагон шаруашылығының тиімділігін арттыру және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

АҚПАН


1 ақпанда «Жолаушылар тасымалы» АҚ әйелдер вагондары бар поезддар санын көбейтті.

НАУРЫЗ

2 наурызда Достық – Мойынты учаскесінде екінші жолдарды, Алматы теміржол торабын айналып өтетін Жетіген – Қазыбек-бек айналма желісін салу, Достық станциясын және Алакөл көлінде туристік кластерді дамыту мәселелері бойынша Алматы облысының әкімдігі мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



9 наурызда «KTZ Express» АҚ – «Xinjiang KTZ International Logistics Co., LTD» ЖШҚ алғаш рет Павлодар станциясынан ҚХР-ға дейін жаңа жеткізу технологиясы бойынша көмір коксын «open top» контейнерлерде тасымалдауды ұйымдастырды.



18 наурызда «KTZ Express» АҚ және «Nurminen Logistics Services OY» фин логистикалық операторы Қазақстан аумағы арқылы транзитпен және Транс-каспий халықаралық көлік маршрутымен (ТХКМ) Қытай – Финляндия – Қытай бағыты бойынша контейнерлік тасымалды дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандум аясында тараптар Қытайдан Финляндияға тұрақты бірлескен контейнерлік қызмет көрсетуді іске қосуға келісті.



24 наурызда Қазақстан арқылы транзитпен алғаш рет Түркіменстаннан Қытайға контейнерлік поезд өтті.

СӘУІР



12 сәуірде «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен «Өзербайжан темір жолдары» ЖАҚ Логистика саласындағы ынтымақтастық және бірлескен жобаларды жүзеге асыру туралы келісімге қол қойды.

25 сәуірде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаев «Латвия темір жолы» МАҚ басшысы М.Клейнбергспен кездесу өткізді. Теміржол әкімшіліктерінің басшылары көлік саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

МАМЫР

3 мамырда Алматы – Шанхай бағыты бойынша алғашқы «Европак флекси» поезы жөнелтілді.



4 мамырда Ақтау портында «Бекет ата» фидер кемесіне 200-ден астам контейнерді сынақ тиеуі өтті.



11 мамырда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Сауранбаев пен «TCDD Taşımacılık A.Ş.» АҚ Бас директоры Х.Пезюк Анкарада Қазақстан мен Түркияның теміржол әкімшіліктері арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Құжат Түркияға негізгі дәліз ретінде Карс – Ахалкалаки теміржол желісін пайдалануды қамтитын екі елдің ынтымақтастығын нығайтуға және логистикалық әлеуетін дамытуға бағытталған.

15 мамырда Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мемлекетаралық поезддар қозғалысы қайта басталды.



МАУСЫМ



19 маусымда Қазақстан, Түркіменстан және Иран арқылы Түркияға жүретін пилоттық контейнерлік поезд Иранға келді.



29 маусымда Health&Safety форумы аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы H&S саласындағы жеке міндеттемелерге қол қойды. Басқарушылар қауіпсіздік құндылықтарын ұстануда үлгі көрсетуге, еңбекті қорғау саласындағы озық тәжірибелерді компанияларда енгізуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ қызметкерлер үшін қауіпсіз жұмыс жағдайларын жасауға міндеттенді.

ШІЛДЕ

1 шілдеде теміржолшылардың еңбекақысын төлеуде облыстық коэффициенттерге кезең-кезеңімен көшу басталды. Жаңа жүйе бойынша бір облыс ішіндегі учаскелік өңірлік коэффициенттер максималды қолданыстағы коэффициент деңгейіне дейін біртіндеп артады. Теміржолшылардың еңбекақысын анағұрлым айтарлықтай арттыру ең төменгі қолданыстағы учаскелік коэффициенті қолданылған облыс учаскелерінде жүзеге асырылады.



7 шілдеде «Жолаушылар тасымалы» АҚ пен қазақстандық ең ірі қаржы институты «Halyk Bank» интермодальдық көлік тасымалы пилоттық жобасын жүзеге асыру туралы келісімге келді.

13 шілдеде «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы Сингапур Республикасының ҚР-дағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Зилькифли бин Бахарудинмен кездесті. Кездесуде трансконтиненталдық тасымалды дамыту және сингапурлық PSA компаниясымен ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

14 шілдеде «KTZ Express» Қазақстаннан Вьетнамға минералдарды тасымалдаудың тұрақты қызметін іске қосты.

ТАМЫЗ

23 тамызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әзербайжанға ресми сапары аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен «Баку халықаралық теңіз сауда порты» ЖАҚ логистика және ықтимал бірлескен жобаларды жүзеге асыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандум екі елдің транзиттік әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін Транскаспий халықаралық көлік бағытын одан әрі дамытуға бағытталған.

ҚЫРКҮЙЕК

1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында еліміздің транзиттік-көліктік әлеуетін дамытудың жаңа міндеттерін жариялап, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ты толыққанды транзиттік-логистикалық корпорация етіп трансформациялауды тапсырды.



15 қыркүйекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен «Huawei Technologies Kazakhstan» ЖШС Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды, ол «ҚТЖ» ҰК» АҚ ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылымын дамыту мақсатында өзара іс-қимылды, инновациялық технологияларды, оның ішінде үлкен деректер мен жасанды интеллектіні әзірлеудегі бірлескен жұмысты қарастырады.



20 қыркүйекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен «Wabtec» компаниясы Теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Келісім аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2024–2028 жылдар аралығында «FLXdrive» тартымдық аккумуляторлық батареяларымен жұмыс істейтін маневрлік локомотивтерді және «Wabtec» сұйытылған табиғи газын қолданумен газ-мотор отынымен жұмыс істейтін магистральдық локомотивтерді сатып алуды көздеп отыр.

22 қыркүйекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа 57 балл (теориялық 100 баллдан) ESG бағасы берілді, бұл «Moody's ESG Solutions» рейтингтік агенттігінің шәкілі бойынша екінші ең жоғары балы, «А2» тұрақтылық рейтингіне сәйкес келеді.

ҚАЗАН



21 қазанда Тбилисиде «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшысы Н.Сауранбаевтың төрағалығымен «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығының (Орта дәліз, ТХКМ) жалпы жиналысы өтті. Отырысқа қатысушылар Орта дәліз бойынша контейнерлік тасымал көлемдерінің одан әрі өсуін қамтамасыз ету және маршрут бойынша қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін бірқатар шараларды әзірледі.

ҚАРАША

1 қарашада «ҚТЖ» ҰК» АҚ номиналды құны бойынша 882 978 мың АҚШ доллары сомасына 2042 жылы өтеу мерзімі бар өз Еурооблигацияларын толық кері сатып алуды жүзеге асырды.

3 қарашада «KTZ Express» АҚ, «РЖД Логистика» АҚ және «Түркіменстанның көлік-логистикалық орталығы» ААҚ (TULM) халықаралық және транзиттік жүк тасымалы саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



8 қарашада Қазақстан теміржолшылары Ташкентте (Өзбекстан Республикасы) Түркітілдес мемлекеттер ұйымының (ТМҰ) Саммитіне қатысушы елдердің теміржол әкімшіліктері қызметкерлері арасындағы I Халықаралық спартакиаданың жеңімпазы болды.



10 қарашада Алматыда өткен «WOW!HR KAZAKHSTAN 2022» персоналды басқару бойынша халықаралық бизнес сыйлығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ жо-балары екі номинация бойынша үздік деп танылды.

11 қарашада «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та компания басшылығы мен сингапурлық «PSA International Pte Ltd» компани-ясының өкілдері арасында логистика және цифрлық көлік дәлізін дамыту саласындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы кездесу өтті. Кездесуде «ҚТЖ» ҰК» АҚ мамандарымен бірге «PSA International Pte Ltd» еншілес компаниясы — «Crimson Logic» әзір-леген бірыңғай цифрлық платформа таныстырылды. Жаңа жүйеде «ҚТЖ» ҰК» АҚ ақпараттық жүйелерімен интеграцияда сингапурлық онлайн платформаның «Calista-AE» жеткізу тізбегін басқару бойынша мүм-кіндіктері пайдаланылады.



17 қарашада Қарағанды облысында Достық — Мойынты теміржол учаскесінде екінші жолдардың құрылысы басталды. Жоба «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына енгізілген.



30 қарашада Парижде Мемлекет басшысы Қа-сым-Жомарт Тоқаевтың Францияға ресми сапары аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен «ALSTOM Transport SA» және «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен «Société Générale» банкі арасындағы келісімдерге қол қойылды. Құжатқа сәйкес «ALSTOM» компаниясы 2023—2029 жылдар аралығында «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС қазақстандық зауытында өндіріп, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа арналған 245 электровоз жеткізеді. Мәміле пай-ыздық мөлшерлемені субсидиялайтын Францияның Қаржы министрлігінің, «BPIFrance» мемлекеттік экспорт-импорт агенттігінің және «Société Générale» банкінің белсенді көмегімен жүзеге асырылатын болады.

ЖЕЛТОҚСАН



6 желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Ақтөбе облысының әкімдігі мен «ПЗТМ LTD» ЖШС Ақтөбе облысындағы теміржол секторында көліктің қолжетімділігін және бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, соның ішінде жаңа рельс дәнекерлеу кәсіпорнының құрылысы мәселесі бойынша өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

13 желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен «Stadler» компа-ниясы отандық вагон жасау зауытының базасында швейцариялық технология бойынша құрастырылатын жолаушылар вагондарын жеткізу және оларға техни-калық қызмет көрсету туралы шарттарға қол қойды.



15 желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та IV Өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау форумы өтті.



22 желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық кеңсесінде Солтүстік өңір бойынша поездар қозғалысын басқарудың өңірлік орталығы ашылды. Жаңа орталық солтүстік өңірдің Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Павлодар бөлімшелері шекараларында поездар қозғалысын басқару функциясын біріктірді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА, ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРДЫ ҰСТАНУ

GRI 2-28

**1992 жылдан бері**

Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесі (ЦСЖТ)

Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы

www.sovetgt.org
**1993 жылдан бері**

Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымы (ТЖЫҰ) (ҚР қатысуы)

Варшава қаласы, Польша Республикасы

www.osjd.org
**1998 жылдан бері**

Трансеуразиялық тасымалдар жөніндегі халықаралық үйлестіру кеңесі (ТТҮК)

Берн қаласы, Швейцария Конфедерациясы

www.icctt.com
**2001 жылдан бері**

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) (ҚР қатысуы)

Пекин қаласы, Қытай Халық Республикасы

www.sectsco.org
**2001 жылдан бері**


Қазақстанның ұлттық экспедиторлар қауымдастығы (ҚҰЭҚ)

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

www.kffanek.kz
**2004 жылдан бері**

Халықаралық темір жолдар одағы (ХТЖО)

Париж қаласы, Француз Республикасы

www.uic.org
**2009 жылдан бері**

«Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы» ЗТБ

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

www.ank.kz
**2010 жылдан бері**

«Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

www.smkz.kz
**2010 жылдан бері**

Халықаралық спортшы теміржолшылар одағы (USIC)

Прага қаласы, Чех Республикасы

www.usic-sports.org
**2012 жылдан бері**

БҰҰ Жаһандық шарты

Нью-Йорк қаласы, Америка Құрама Штаттары

www.unglobalcompact.org
**2013 жылдан бері**

«KAZLOGISTICS» көліктік және логистикалық ұйымдар мен қауымдастықтар одағы» ЗТБ

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

www.kazlogistics.kz
**2015 жылдан бері**

«KAZLOGISTICS» корпоративтік қоры

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

www.kazlogistics.kz
2014 жылдан бері

«Теміржол техникасын өндірушілер бірлестігі» бейкоммерциялық серіктестігі

Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы

www.opzt.ru
**2014 жылдан бері**

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

www.atameken.kz
**2019 жылдан бері**

Нөлдік жарақаттанушылық тұжырымдамасын ілгерілету жөніндегі әлеуметтік қамтамасыз ету халықаралық ассоциациясының «Vision Zero» халықаралық қозғалысы

www.visionzero.global

**2015 жылдан бері**

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) (ҚР қатысуы)

Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясыwww.eaeunion.org**2017 жылдан бері**

«Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығы» ЗТБ (ТХКМ)

Астана қаласы, Қазақстан Республикасыwww.middlecorridor.com**2022 жылдан бері**

Ұлттық ESG клубы

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы**1994 жылдан бері**

Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы (БҰҰ ЕЭК) (ҚР қатысуы)

Женева қаласы, Швейцария мемлекетіwww.unecce.org**2006 жылдан бері**

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (БҰҰ АТМЭӘК) (ҚР қатысуы)

Бангкок қаласы, Таиланд Корольдігіwww.unescap.org**2009 жылдан бері**

Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) (ҚР қатысуы)

Ыстамбұл қаласы, Түрік Республикасыwww.turkicstates.org**2008 жылдан бері**

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) (ҚР қатысуы)

Тегеран қаласы, Иран Ислам Республикасыwww.eco.int**1993 жылдан бері**

«Еуропа – Кавказ – Азия» көлік дәлізі Үкіметаралық Комиссиясы (ТРАСЕКА УАК) (ҚР қатысуы)

Баку қаласы, Әзербайжанwww.traceca-org.org**GRI 2-23, 2-24**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың саяси міндеттеріне Қазақстан заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ елдің көлік инфрақұрылымын дамытуға және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық ұлттық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру кіреді. Сонымен қатар «ҚТЖ» ҰК» АҚ әлемдік көлік жүйесіне интеграциялау, теміржол көлігінің жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау және дамыту, халықаралық қатынаста жүк және жолаушылар тасымалын жүзеге асырудың халықаралық құқықтық негіздерін жетілдіру, теміржол көлігі қызметтерін тұтынушылармен диалог жүргізу және т.б. мақсатында халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтардың жұмысына белсенді қатысады.

Теміржол көлігінің сапалы қызмет көрсетуі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк және жолаушылар тасымалына қатысты халықаралық стандарттар мен ережелерді, оның ішінде келесі халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелерді сақтайды:

- халықаралық теміржол қатынасында жолаушыларды, багажды және тауар багажды тасымалдау тәртібін реттейтін Халықаралық жолаушылар тасымалы туралы келісім (ТЖЫҰ комитеті, Варшава) (<https://osjd.org/ru/8931/page/106077?id=2890>).
- тікелей халықаралық теміржол қатынасында және тікелей халықаралық теміржол-паром қатынасында жүк тасымалына арналған шарттың бірыңғай құқықтық нормаларын белгілейтін Халықаралық теміржол жүк қатынасы туралы келісім (ТЖЫҰ комитеті, Варшава) (<https://osjd.org/ru/8931/page/106077?id=2845>).
- ЕАЭО шеңберінде тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігін, үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (https://docs.eaeunion.org/docs/ru-ru/0043610/itia_05062014).



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

Даму стратегиясы.....	26
№ 1 мақсат. Компанияны қаржылық тәуекел аймағынан шығару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету.....	30
Тарифтік реттеу	30
Борыш жүктемесі	32
№ 2 мақсат. Компанияның тиімділігін арттыру	34
Нәтижелерге шолу	34
Активтер құрылымы	46
Негізгі бизнес-бірліктер	48
Қызметтің тиімділігін арттыру	58
Инвестициялық қызмет	59
Цифрлық трансформация және цифрландыру бағдарламасы.....	60
№ 3 мақсат. Клиенттердің қанағаттануын арттыру.....	62
Клиенттердің қанағаттануы.....	62
№ 4 мақсат. Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру.....	66
Қозғалыс қауіпсіздігі.....	66
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	69
№ 5 мақсат. Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету.....	85

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясы¹ Компанияның миссиясын, пайымдауын және стратегиялық мақсаттарын, сондай-ақ он жылдық кезеңге белгіленген мақсаттарға жетуге арналған стратегиялық даму бағыттарын айқындайды.



МИССИЯМЫЗ

Қазақстанның жүйе құрушы көлік компаниясы бола тұрып, біз клиенттеріміздің бизнесінің тұрақты өсуі үшін сапалы негізді қамтамасыз етеміз, Акционер үшін құнды құрамыз және қауіпсіз әрі бәсекеге қабілетті тасымалдау қызметтерін көрсету арқылы тұтынушылар мен тұтастай қоғамға пайда келтіреміз.



ПАЙЫМДАУЫМЫЗ

Біз бизнес жүргізудің озық тәжірибесіне сәйкес әрекет ететін тиімділігі жоғары көлік компаниясымыз.

Біз жүк және жолаушы тасымалдарын қоса алғанда, көлік инфрақұрылымы қызметтерінің сенімді провайдеріміз.

Біз бизнес процестерін жетілдіру, қызметті цифрландыру және қызметкерлердің кәсібилігін арттыру есебінен тұрақты даму, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен экономикалық тиімділігі бойынша ұқсас компаниялар арасында көшбасшымыз.

Компанияның миссиясы мен пайымдауына қол жеткізу бес стратегиялық мақсатты жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етіледі:

1. Компанияны қаржылық тәуекел аймағынан шығару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету.
2. Компанияның тиімділігін арттыру.
3. Клиенттердің қанағаттануын арттыру.
4. Поездар қозғалысының қауіпсіздігіне кепілдік беру.
5. Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Стратегияны іске асыру мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, жүзеге асырылуда. Даму стратегиясын іске асыру барысы туралы есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің назарына ұсынылады.

¹ «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен (№ 13 хаттама) бекітілген.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚШК ОРЫНДАЛУЫ

Қойылған мақсаттарға қол жеткізуді өлшеу стратегиялық қызметтің шешуші көрсеткіштерін (бұдан әрі – ҚШК) орындау арқылы жүзеге асырылады.

ҚШК нысанаға алынған мәндері «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген 2021–2025 жылдарға арналған Бизнес-жоспарға сәйкес белгіленген.

ҚШК атауы	Өлш. бірлігі	Дерек 2021 жыл ²	Мақсат 2022 жыл ³	Дерек 2022 жыл ⁴	Мақсат 2029 жыл	Өзгерістер дерек/мақсат 2022 жыл, %	Өзгерістер дерек 2022 жыл/дерек 2021 жыл, %
1-мақсат. Компанияны қаржылық тәуекел аймағынан шығару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету							
Таза табыс	млрд теңге	119,1	–36,4	34,9	> 329	195,9	–70,7
Қарыз/EBITDA	коэффициент	4,13	7,0	5,28	–	–24,6	27,8
3-мақсат. Клиенттердің қанағаттануын арттыру							
Клиенттердің қанағаттану деңгейі	%	69,6	68	68,2	75	0,3	-2,0
4-мақсат. Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру							
Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейі	оқиғалар / млн поезд-км	0,85	1,05	0,70	0,8	–33,3	–17,6
5-мақсат. Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету							
Экологиялық әсер ету деңгейі	коэффициент	0,630	0,630	0,620	0,613	0,619	–0,2
Әлеуметтік тұрақтылық деңгейі	коэффициент	72	75	65	75	–13,3	–9,7

² «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 7 шешімімен бекітілген

³ «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 8 шешімімен бекітілген

⁴ «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 4 шешімімен бекітілген



2022 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚШК ОРЫНДАЛУЫ

«Таза кіріс» көрсеткішінің деректі мәні жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда 71,3 млрд теңгеге жақсартылды. Өсім көбінесе негізгі қызметтен түскен кірістердің 78,4 млрд теңгеге артуы мен жалпы және әкімшілік шығыстардың 12,6 млрд теңгеге төмендеуі есебінен болды.

«Қарыз/EBITDA» көрсеткіші жоспарға қарағанда 25%-ға төмендеді. Көрсеткіштің жақсаруы операциялық қызметтен түскен пайданың 80,3%-ға артуы арқасында EBITDA көрсеткішінің ұлғаюына байланысты болды.

«Клиенттердің қанағаттану деңгейі» мәні жоспармен салыстырғанда 0,3%-ға өсті.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясының іске асырылуы туралы толығырақ ақпаратпен Есептің шартты белгісі бар беттерінде танысуға болады.

«Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейі» көрсеткіші 1,05 оқиға/млн поезд-км жоспарымен 0,70 оқиға/млн поезд-км құрады. Көрсеткіштің жақсаруы қауіпсіздікті бұзуға жол берілген оқиғалар санының төмендеуіне байланысты болды.

«Экологиялық әсер ету деңгейі» көрсеткішінің орындалуы қоршаған ортаға эмиссиялардың төмендеуіне байланысты болды.

Есеп беріліп отырған жылы «Әлеуметтік тұрақтылық деңгейі» көрсеткішінің өткен жылмен салыстырғанда 7 тармақшаға төмендеуі орын алды. Ең елеулі нашарлау жұмысшылардың материалдық қамтамасыз етілуіне қанағаттануы деңгейі бағытында болды.

КОМПАНИЯНЫҢ 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2022 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның басқару жүйесі өзінің жарамдылығын, барабарлығын және нәтижелілігін көрсетті. Бұл дерек сонымен қатар Компанияның ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 менеджмент жүйелері халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне жүргізілген сыртқы аудитпен расталды.

Басқару жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті тиісті ресурстарды бөлу бойынша қызмет жүргізілді, сондай-ақ Компанияның қызметін жақсарту және жетілдіру мүмкіндіктері туралы ақпарат талданды.

2023 жылы Компания келесі мәселелерді іске асыруды жоспарлап отыр:

- 1 пайдалану жедел жүк айналымын 268,8 млрд т-км-ге дейін ұлғайту (2022 жылға қарай 6,7%);
- 2 контейнерлік транзитті 1 250 мың ЖФБ-ға дейін ұлғайту (2022 жылға қарай 10,7%);
- 3 Алматы станциясын айналып өтетін теміржол желісінің құрылысын бастау;
- 4 ТХКМ активтерін басқару үшін PSA-мен бірлескен кәсіпорын құру;
- 5 «Stadler» компаниясының технологиясы бойынша құрастырылған жолаушылар вагондарын шығаруды бастау;
- 6 Достық – Мойынты учаскесінде екінші теміржол жолының құрылысын жалғастыру;
- 7 Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде Компанияны ұлттық көлік-логистикалық компания етіп трансформациялауға кірісу.

Сондай-ақ 2023 жылы қызметті жақсарту және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін тиісті ресурстарды бөлу бойынша іс-шаралар жалғастырылатын болады.

2023 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНА ӨЗЕКТІ СИПАТ БЕРУ

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұлттық экономика қажеттіліктері үшін жүктерді тиімді тасымалдау, транзиттік әлеуетті дамыту және ESG қағидаттарын енгізу бағытында өзінің Даму стратегиясын жаңартады.

Компанияның миссиясы мен пайымдауы қайта қаралады, стратегиялық мақсаттар, бастамалар және қызметтің шешуші көрсеткіштері жаңартылады.



№ 1 МАҚСАТ. КОМПАНИЯНЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ АЙМАҒЫНАН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету меншікті және қарыз қаражатын теңгеру, операциялық тиімділікті арттыру, сонымен қатар тарифтік реттеуді жетілдіру есебінен қарастырылған.

ТАРИФТІК РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті жүргізген жұмыс қорытындысы бойынша 2022 жылдың қазанынан бастап жүк тасымалындағы локомотив тарту қызметтерінің шекті бағасы, шығындар сметасы және инвестициялық бағдарламасы келісілді. Шекті бағаның жалпы өсуі 14,7% деңгейінде келісілді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2022 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының көлік-транзиттік әлеуетін дамыту мәселелері жөніндегі кеңестің қорытындысы бойынша борыш жүктемесін азайту жөнінде, оның ішінде тарифтік саясатты жетілдіру жолымен шаралар әзірлеу тапсырды.

Осы мақсатта мемлекеттік органдармен МТЖ және локомотив тартым қызметтерінің тарифтік саясатын өзгерту бойынша шаралар келісілуде.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі – Заң) келесі өзгерістер енгізілді:

- 1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жолаушылар тасымалын қолдауға бағытталған уақытша теңгерімдеу төлемақысы нормаларын қалпына келтіру бөлігінде;
- 2) «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, локомотивтер сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау негіздерін көздейтін;
- 3) «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан Республикасынан тысқары, Қазақстан Республикасы бойынша және арқылы әскери тасымалды ұйымдастыру қызметтерін көрсетуге «KTZ Express» АҚ айрықша құқығын бекіту бөлігінде.

Заңды іске асыру мақсатында Уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидасы (ҰЭМ 2023 жылғы 26 қаңтардағы № 11 бұйрығы), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау мәселелерін реттейтін 2 заңға тәуелді нормативтік-құқықтық акті жобасы әзірленіп, келісу кезеңінде тұр.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы Заңымен ҚР Салық кодексіне өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасына сәйкес жолаушылар қозғалысындағы локомотив тартым операторына төленген уақытша теңгерімдеу төлемақысы бойынша шығыстарды шегеруге құқылы.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ұсыныстарын ескере отырып, Темір жолдарды жаңғыртуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидасы бекітілді (ИИДМ 2022 жылғы 20 қаңтардағы № 21 бұйрығы).



«ҚТЖ» ҰК» АҚ ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 қаулысымен бекітілген Инвестициялық стратегиялық жобалардың тізбесі күші жойылды деп танылды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 тамыздағы № 543 қаулысы). Ақтау портында осы тізбеге енгізілген «Ақтау портын солтүстік бағытта кеңейту» іске асырылған жобасының болуына байланысты жоғарыда аталған тізбе Ақтау портын «Ақтау теңіз порты» АЭА құрамына қосуға және ҚР Салық кодексінің 79-тарауына сәйкес салықтық преференциялар алуға кедергі келтіретін.



БОРЫШ ЖҮКТЕМЕСІ

Компанияның біріктірілген қарызы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша номиналды құнымен 2,2 трлн теңгені, немесе баланстық құнымен 1,8 трлн теңгені құрады.

Қарыз/EBITDA көрсеткіші борыш жүктемесінің ұлғаюына (жаңа инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру және жылжымалы құрам паркін жаңарту) және EBITDA төмендеуіне (хеджирлеу құралы бойынша 54,4 млрд теңге көлеміндегі жиынтық кейінге қалдырылған залал және еңбек ақысын төлеу шығындарының өсуі) байланысты 2021 жылдың соңындағы 4,13-тен 2022 жылдың қорытындысы бойынша 5,28-ге дейін өсті.

2022 жылы Компания қарыздар бойынша жоспарлы өтеуді белгіленген мерзімде толық көлемде жүзеге асырды, оның ішінде:

- 185 млн швейцариялық франкке еурооблигациялар (2022 жылғы маусым);
- 15 млрд рубльге облигациялар (2022 жылғы маусым);
- 30,4 млн еуро көлеміндегі HSBC Continental Europe несиесі (2022 жылдың ішінде).

Сонымен қатар ресейлік банктерді санкциялық тізімге енгізу нәтижесінде Компанияға қайталама санкцияларды қолдануды болдырмау үшін қазір бар қарыз туралы шарттар бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеу қажеттілігі туындады. Осыған байланысты 2022 жылдың наурызында «ВТБ банк» ЖАҚ-пен жасалған шарт бойынша 19,4 млрд ресей рублі көлеміндегі, сондай-ақ «Кедентранс-сервис» АҚ-тың «Сбербанк» АҚ ЕБ-мен жасалған шарты бойынша 5,1 млрд теңге көлеміндегі міндеттемелер меншікті айналым қаражаты есебінен және 118,9 млрд теңге көлемінде жергілікті облигацияларды шығару есебінен толық көлемде орындалды.

Оған қоса Компания:

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушы вагондарын сатып алуға 5,3 млрд теңге көлемінде;
- Достық – Мойынты учаскесінің екінші жолдарын салуға 162,9 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген қаржыландыруды тартты.

Сонымен қатар Компания «Самұрық-Қазына» АҚ берген жеңілдетілген несиесі есебінен номиналды бағамен 883 млн АҚШ долларына еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды. «Самұрық-Қазына» АҚ бридж қаржыландыруы 3 жылдық мерзімге және жылдық 2% мөлшерлемемен облигациялық несие түрінде берілді.

2042 жылғы еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеп алу купондық сыйақыны 43,7 млн АҚШ долларына, немесе жыл сайын 20,5 млрд теңгеге (пайыздық мөлшерлемені 6,95%-дан 2%-ға дейін төмендету арқылы) төмендетуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге швейцариялық франктегі міндеттемелерге доллардағы міндеттемелердің кросс-валюталық свопы (хеджирлеу) жүргізілді, бұл сыйақы мен негізгі қарыз бойынша шығыстар валютасын түсім валютасына сәйкес келтірді. Мәміле 2025 жылға дейін жыл сайын шамамен 22,2 млн АҚШ долларын, немесе 10,4 млрд теңгені үнемдеуге мүмкіндік береді.

Тұрақты валютадағы қарыз үлесі 2022 жылдың соңына қарай 28,4% болды (2021 жылы – 34,8%).

2023 жылы Компания өзінің қаржылық тұрақтылығын жақсарту жұмысын жалғастырады, оның ішінде тұрақты валютадағы қарыз үлесін азайту арқылы. Осыған байланысты:

- 250 млн швейцариялық франк сомасында еурооблигацияларды қайта қаржыландыруды жүзеге асыру;
- локомотивтер мен жүк вагондары паркін жаңартуға қаржыландыруды тарту;
- жолаушылар вагондары паркін жаңартуға жеңілдетілген қаржыландыруды тарту;
- Достық – Мойынты учаскесінің екінші жолдарын салуға қаржыландырудың екінші траншын тарту;
- ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін қаржыландыруды тарту жоспарлануда.

Сонымен бірге вагондарды, фитингтік платформаларды локомотивтерді сатып алуға арналған қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесіне республикалық бюджеттен, оның ішінде купондық сыйақы мөлшерлемесі бойынша 29,2 млрд теңге көлемінде субсидиялар алу жұмысы жалғастырылады.



№ 2 МАҚСАТ. КОМПАНИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ



«Компанияның тиімділігін арттыру» стратегиялық мақсаты бірқатар маңызды бастамаларды қамтиды, олардың аясында транзитті және ішкі тасымалды дамыту, Компания құрылымын қайта құрылымдау бойынша жұмыс, өндірістік активтерді пайдалану сапасын арттыру, Цифрлық трансформация және цифрландыру бағдарламасын жүзеге асыру шаралары қолданылуда.

НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ

2022 жылғы Қазақстан экономикасы

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ 2021 жылғы деңгейге қарай 3,2%-ға өсті (2021 жыл – 4,1%-ға), оң динамика экономиканың келесі секторларында байқалды:

- құрылыс – 9,4%;
- қызмет көрсету – 2,6%;
- ауыл шаруашылығы – 9,1%;
- ақпарат және байланыс – 8,0%;
- сауда – 5,0%;
- өңдеуші өнеркәсіп – 3,4%;
- көлік және қоймалау – 3,9%.

Өсу қарқынының 1%-ға төмендеуі кен өндіру өнеркәсібінде болды.

2022 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2021 жылмен салыстырғанда 32,1%-ға, оның ішінде экспорт 39,9%-ға, импорт 20,8%-ға өсті.

2022 жылы ЖІӨ өсу қарқыны төмендеді, оның ішінде әлемдегі тұрақсыз саяси жағдайдың әсерінен, бұл инфляцияның күрт өсуіне, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің динамикасына ықпал етті.

Қазақстан Республикасындағы инфляция 2022 жылғы желтоқсанда бір жылда 20,3%-ды (2021 жылғы жел-

тоқсанда – 8,4%) құрады, пайыздық мөлшерлемелер жылдық 14,5%-дан 16%-ға дейін өсті.

Қазақстанның көлік саласы

2022 жылы көлік саласында оң динамика байқалды, дегенмен дәстүрлі көлік-логистикалық тізбектердің бұзылуына байланысты кейбір мәселелер, атап айтқанда:

- Қытай – Еуропа – Қытай бағытында дәстүрлі көлік тізбегінің бұзылуына әкелген геосаяси жағдай мен логистиканың өзгеруі;
- Қазақстан – Қытай шекаралық өткелдерінде поездарды қабылдап-тапсырудағы қиындықтар;
- Қазақстан – Ресей және Қазақстан – Түрікменстан шекаралық өткелдерінде поездарды толық қабылдаудың мүмкін еместігі;
- Иранға қарсы санкциялық саясат туындады.

Жүк тасымалы нарығына шолу

2022 жылы ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректеріне сай көліктің барлық түрлері бойынша жүк айналымы 602 962,5 млн т-км-ді құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 1%-ға жоғары.

Еліміздегі жалпы жүк айналымының жартысын құрайтын теміржол көлігінің жүк айналымы 4,3%-ға өсіп, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 311 927,0 млн т-км болды.

Жүк айналымы көлемінің ең көп өсімі ішкі су көлігінде 54,5%-ға, теңіз көлігінде 23,4%-ға байқалды. Құбыр көлігі жүк айналымының өсімі 3,6% болды.

Есеп беріліп отырған жылы әуе көлігінің жүк айналымы 33,4%-ға, автомобиль көлігінің жүк айналымы 7,6%-ға төмендеді.

2022 жылғы көлік түрлері бойынша Қазақстанның жүк айналымы, млн т-км⁵

Көлік түрі	Жүк айналымы, млн т-км				Жалпы жүк айналымындағы үлес, %	
	2020	2021	2022	Өзгерістер 2022/2021, %	2021	2022
Бүкіл көлік	588 679,4	597 196,2	602 962,5	0,97	100	100
Құбыр желісі көлігі	125 088,5	139 012,6	143 969,6	3,57	23,28	23,88
Әуе көлігі	56,2	81,7	54,4	-33,41	0,01	0,01
Су көлігі	62,1	66,4	102,6	54,52	0,01	0,02
Теміржол көлігі	302 156,1	299 170,8	311 927,0	4,26	50,10	51,73
Автомобиль және қалалық электр көлігі	160 685,5	158 311,9	146 227,1	-7,63	26,51	24,25
Теңіз көлігі	631,0	552,8	681,9	23,35	0,09	0,11

Жолаушылар тасымалы нарығына шолу

Жолаушылар тасымалының негізгі көлік түрлері – автомобиль, теміржол және әуе көлігі.

Автомобиль көлігі қала ішінде де, қалалар арасында да жүру үшін кеңінен қолданылады.

5 Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.



Теміржол көлігі де Қазақстандағы жолаушылар тасымалының танымал түрі болып табылады. Оның басқа көлік түрлерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары, оның ішінде тасымалдың жоғары сенімділігі мен қауіпсіздігі, сондай-ақ ауа райы жағдайына қарамастан саяхаттау мүмкіндігі бар.

Әуе көлігі — Қазақстан қалалары арасында жүрудің ең жылдам әрі ыңғайлы жолы. Көптеген әуе компаниялары елдің ірі қалалары арасында тұрақты сапарларды ұсынады.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес есеп беріліп отырған кезеңде жолаушылар

айналымы 116 516 млн жолаушы-километрді құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 9,1%-ға жоғары.

Тасымалдың негізгі 69% үлесі автомобиль және қалалық электр көлігіне тиесілі, ол 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 0,4%-ға өсті.

Әуе тасымалында жолаушы айналымының айтарлықтай өсуі байқалды, ол 2022 жылдың қорытындысы бойынша 35,7%-ға өсті.

Теміржол көлігінің жолаушылар айналымында 2021 жылдың деңгейімен салыстырғанда 33,2%-ға өсу байқалды, демек, жалпы жолаушы айналымының үлесі 22%-ға өсіп, 14%-ды құрады.

2022 жылғы көлік түрлері бойынша Қазақстанның жолаушылар айналымы, млн ж-км⁶


	Жолаушылар айналымы, млн ж-км				Жалпы жолаушылар айналымындағы үлес, %	
	2020	2021	2022	Өзгерістер 2022/2021, %	2021	2022
Бүкіл көлік	108 283,6	106 813,1	116 516,1	9,08	100	100
Автомобиль және қалалық электр көлігі	91 298,4	79 709,3	80 040,8	0,42	74,63	68,70
Әуе көлігі	8 335,0	14 815,7	20 109,3	35,73	13,87	17,26
Теміржол көлігі	8 649,3	12 286,1	16 363,0	33,18	11,50	14,04
Су көлігі	0,5	1,4	2,4	71,4	0,00	0,00
Теңіз көлігі	0,3	0,6	0,7	16,7	0,00	0,00

ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕР GRI 2-6

Жүк тасымалы

2022 жылы Компанияның тарифтік жүк айналымы 245,2 млрд т-км құрады, бұл 2021 жылдың деңгейінен 5,1%-ға жоғары. Өсу экспорттық және транзиттік қатынастардағы жүк айналымының ұлғаюымен байланысты болды.

2020—2022 жылдардағы жүк айналымы, млрд т-км



Қатынас түрлерінің құрылымында жүк айналымы келесідей қалыптасты:

- республикаішілік қатынастағы төмендеу 1,9%-ды құрады, қара металл сынықтары, темір рудасы, астық, қара металдар және түсті рудалар сияқты жүк тасымалы көлемінің 0,8%-ға азаюы есебінен;
- экспорт бойынша жүк айналымы 10,3%-ға өсті, жүк тасымалының орташа қашықтығын 14,7%-ға ұлғайту есебінен. Арту түсті рудаларды, химикаттарды және тыңайтқыштарды қоспағанда, жүктердің барлық номенклатурасы бойынша орташа тасымал қашықтығын ұлғайтуға байланысты;
- импорт бойынша жүк айналымы 2,3%-ға төмендеді, жүк тасымалы көлемінің 3,0%-ға азаюы есебінен. Мұнай өнімдерін, көмірді, химикаттарды, құрылыс жүктерін, қара металл сынықтарын, тыңайтқыштарды, түсті металдарды, көмір коксын, цементті тасымалдау көлемі төмендеді;
- транзит бойынша өсім 14%-ды құрады, тасымал көлемінің 10,5%-ға артуына байланысты. Қырғызстаннан Беларусь, Ресей және Еуропа елдеріне көмір; Ресейден Өзбекстан мен Қытайға темір рудасын; Ресей мен Беларусьтен Орталық Азия елдеріне мұнай өнімдерін; Ресейден Қырғызстанға астық; Қытайдан Өзбекстанға, Польшаға және Ресейге химикаттар мен сода (поливинилхлорид), Ресейден Өзбекстанға (аммиак, полиэтилен) және Қытайға (каучук, полипропилен); Белоруссиядан Қытайға, Ресейден Орталық Азия елдеріне және Индонезияға тыңайтқыштар; Қытайдан Ресей

ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ


252 млрд т-км

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖЫЛДАРЫ ТАРИХИ МАКСИМУМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ

мен Өзбекстанға түсті металдар, Ресей мен Өзбекстаннан Қытайға (мыс); Ресейден Орталық Азия елдеріне қара металдар, басқа жүктер: Ресейден Қытайға және Қытайдан Ресейге қағаз және картон, Ресейден Орталық Азия елдеріне, Қытайдан Ресейге, Өзбекстан мен Италияға азық-түлік жүктерін, Бразилиядан Өзбекстанға қант тасымалдау артты.

2022 жылы теміржол көлігімен тасымалдауға қойылатын жүк айналымындағы негізгі жүктердің құрылымы мен үлесі келесідей қалыптасты:

2022 жылғы Компанияның жүк айналымындағы негізгі жүктер үлесі, %



2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда келесі жүктер айналымының өсімі байқалды:

- көмір — 3,5%-ға;
- мұнай өнімдері — 11,7%-ға;
- астық — 9,4%-ға;
- түсті металдар — 20,5%-ға.

6 Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.

ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ GRI 2-6

Логистиканың өзгеруі жағдайында транзиттік тасымалды дамыту бойынша 2022 жылы қабылданған шаралар 2021 жылға қарай транзиттік тасымалдың оң динамикасын (+10%), оның ішінде контейнерлерде (+6%) сақтауға мүмкіндік берді.

Транзиттік тасымалдау көлемі артуының негізгі факторлары:

- Қырғызстаннан Ресей, Беларусь және Еуропа елдеріне көмірдің жаңа жүк ағыны;
- Ресейдегі биржалық бағалардың төмендеуіне байланысты Ресей мен Беларусьтен Орталық Азия елдері мен Ауғанстанға мұнай өнімдерінің айтарлықтай өсуі;
- Ресейден Қырғызстанға астық тасымалының артуы;
- химиялық жүк тасымалы логистикасының өзгеруі – Қытайдан Ресейге және Орталық Азия елдеріне поливинилхлорид пен каустик жеткізілуінің артуы;
- Өзбекстаннан Украинаға тыңайтқыштар тасымалы болмаған жағдайда тыңайтқыштарды (карбамид, хлорлы калий, аммиак селитрасы) жеткізу географиясы кеңейді: Латвия, Польша, Беларусь және басқа да Еуропа елдері;
- Беларусьтен Қытайға контейнерлерде калий тыңайтқыштары тасымалының айтарлықтай артуы;
- Қытай – Ресей – Қытай бағыты бойынша контейнерлік тасымалдың артуы (жабдықтар мен халық тұтынатын тауарлар, поливинилхлорид, тамақ өнімдері, металл бұйымдары, электр аспаптары және т.б.).

Қазақстан аумағы арқылы жүктердің қауіпсіз және үздіксіз өтуін қамтамасыз ету үшін баламалы бағыттарды дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Транскаспий халықаралық көлік маршруты халықаралық тасымалды дамытудың келешекті бағыты болып табылады және жүк жөнелтушілер арасында Грузия, Түркия порттары бағытында және одан әрі еуропалық нарықтарға жеткізу үшін белсенді сұранысқа ие.


«Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің шығыс бағытын да жүк жөнелтушілер өз өнімдерін Иран, Үндістан және Парсы шығанағы елдерінің нарықтарына тасымалдаудың балама бағыты ретінде қарастырады.

Контейнерлердегі транзит 2021 жылдың деңгейіне қарай 6%-ға өсіп, 1 129,2 мың ЖФБ құрады.

Транзиттік қатынастағы контейнерлік тасымал көлемінің өсуі Қытай – Ресей – Қытай, Қытай – Беларусь – Қытай бағытындағы жүк тасымалының ұлғаюымен байланысты.



2020–2022 жылдардағы контейнерлердегі транзит, мың ЖФБ



2022 жылдың қорытындысы бойынша Қытай – Еуропа – Қытай бағытындағы контейнерлік тасымал 2021 жылға қарай 26%-ға азайып, 490 мың ЖФБ құрады.

Бұл төмендеу калий тыңайтқыштарын Беларусьтен Қытайға тасымалдаумен (2021 жылға қарай 8,9 есе өсу) және Қытай – Ресей – Қытай бағытында контейнерлермен ауыстырылды (2021 жылға қарай 4,3 есе өсу).

Компания транзиттік тасымалды дамыту мақсатында:

- Транскаспий халықаралық көлік маршруты және Үндістан бағытында «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізі арқылы және Иран арқылы Парсы шығанағы елдері мен Иранның Бандар-Аббас порты арқылы транзиттік жүк ағынын ұлғайту бойынша жұмыстарды жүргізеді;
- ТХКМ Алтынкөл – Ақтау – Баку – Потти/Батуми бағыты бойынша контейнерлік сервисті – шаттл поездарын ұйымдастырды және іске қосты;
- әкімшілік кедергілерді барынша азайту жұмыстарын жүргізеді;
- өткізу қабілетін арттыру мақсатында жоспарланған инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жұмысын жүргізеді;
- «Аяғез-Бақты теміржол желісін салу» жобасы бойынша Жол картасы әзірленді, оның аясында «ҚТЖ» ҰҚ АҚ «РЖД» ААҚ-пен бірлесіп, 2030 жылға дейінгі Ресей – Қазақстан – Қытай қатынасындағы қазіргі жүк тасымалының көлемдеріне талдау жүргізе бастады.

НЕГІЗГІ ТРАНЗИТТІК БАҒЫТТАР






ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ GRI 2-6

Компанияның жолаушылар айналымы 2022 жылдың деңгейіне қарай 29,7%-ға өсіп, 12 353 млн ж-км (2021 жылы – 9 524,3 млн ж-км) құрады. Жолаушылар айналымының артуы коронавирустық инфекцияға байланысты поезддар қозғалысына қойылған шектеулердің алынып тасталуымен және мемлекетаралық пен транзиттік поезддардың жұмысын қалпына келтірумен, сондай-ақ кейбір поезддарды құрамдарды коммерциялық бағыттан әлеуметтік бағытқа ауыстыра отырып, «Тальго» поезддары үшін маршрут желісін оңтайландырумен байланысты болды.

Жолаушылар айналымы, млн жол.-км




■ өзі құрастырған поезддар бойынша
■ «Қала маңындағы тасымал» АҚ бойынша
■ бөгде т/ж әкімшіліктері құрастырған поезддар бойынша

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жөнелткен жолаушылар саны 2022 жылы 14 073 мың жолаушы (2021 жылы – 11 597 мың жолаушы), оның ішінде:

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ құрастыратын поезддар бойынша – 11 665 мың жолаушы;
- «Қала маңындағы тасымал» АҚ бойынша – 2 315 мың жолаушы;
- бөгде т/ж әкімшіліктері құрастырған поезддар бойынша – 93 мың жолаушы болды.

Жөнелтілген жолаушылар саны, мың адам




■ өзі құрастырған поезддар бойынша
■ «Қала маңындағы тасымал» АҚ бойынша
■ бөгде т/ж әкімшіліктері құрастырған поезддар бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


2022 жылдағы негізгі қызметтен түскен кірістер 1 481,5 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылдағы деректен 11,5%-ға жоғары. Бұл өсу негізінен жүк тасымалынан түскен кірістердің 8,4%-ға (жүк тасымалының 5,1%-ға ұлғаюы себебінен) және жолаушылар тасымалынан түскен кірістердің 54,4%-ға (жолаушылар айналымы көлемінің 29,7%-ға өсуі) ұлғаюы есебінен болды.

Негізгі қызметтен түскен кірістер, млрд теңге




Жүк тасымалынан түскен кірістер 2021 жылдағы дерекпен салыстырғанда 8,4%-ға, негізінен жүк айналымы көлемінің 5,1%-ға артуы; транзиттік тасымалдан түсетін кірісті есептеу үшін валюта бағамының (швейцариялық франк) өзгеруі; тарифтердің көтерілуінің орташа деңгейінің өзгеруінен түсетін табыстың өсуі есебінен және т.б.

Жүк тасымалынан түскен кірістер, млрд теңге




2022 жылдағы жолаушылар тасымалынан түскен кірістер 88,4 млрд теңгені құрады, бұл жолаушылар айналымы көлемінің 29,7%-ға артуы себебінен 2021 жылдағы ұқсас кезең дерегінен 54,4%-ға жоғары.

Жолаушылар тасымалынан түскен кірістер, млрд теңге




2022 жылдағы EBITDA көрсеткіші 338,5 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылдағы деректен 17,1%-ға төмен.

EBITDA, млрд теңге



2022 жылдағы операциялық пайда 177,9 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылдағы деректен 30,2%-ға төмен.

Операциялық пайда, млрд теңге



2022 жылдағы Акционерге тиесілі таза табыс 34,9 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылдағы ұқсас кезең дерегінен 84,2 млрд теңгеге төмен, негізінен 54,4 млрд теңге көлемінде швейцариялық франкті хеджирлеу мәмілесін аяқтау және жүк айналымының көлемін 5,1%-ға, жолаушылар тасымалының 29,7%-ға, қызметкерлердің еңбекақысының өсуіне, инфляция индексінің, АЕК-тің, ең төменгі жалақының және басқа да макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне, сондай-ақ бағамдық айырмадан шығынның 23,0 млрд теңгеге артуына байланысты өзіндік құнның 222,3 млрд теңгеге (22,8%) өсуі есебінен.



MD&A ТАЛДАУ

Стратегиялық және талдамалық қаржылық ҚШК

2022 жылғы **NAV** көрсеткіші 1 088 787 млн теңгені құрады, бұл жоспардан (1 011 112 млн теңге) 77 675 млн теңгеге артық, жарғылық капиталдың, резервтердің және бөлінбеген пайданың өзгеруіне байланысты акционерге тиесілі меншікті капиталдың 8 551 млн теңгеге өсуі есебінен. Сонымен қатар «Достық – Ақтоғай – Мойынты теміржол транзиттік дәлізін модернизациялау» инвестициялық жобасын

қаржыландыру көзі іс жүзінде 164 067 млн теңгеге өзгерді. Қаржыландыру Ұлттық қордан алынған қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Бұл енді оң дерек ретінде «Жарғылық капиталға салым» параметрі жағынан NAV көрсеткішін есептеуге әсер етеді. Бұл ретте несие жеңілдетілген шарттармен тартылды, оның мөлшерлемесі нарықтағыдан төмен, бұл «Үкіметтен және басқалардан несиелер бойынша дисконт» параметрі жағынан 94 704 млн теңге көлемінде NAV арқылы көрсеткішке теріс әсер етеді.

Әсер ету факторлары	Ауытқу
NAV, млн теңге	77 675
оның ішінде:	
Бас компанияның Акционеріне тиесілі меншікті капитал	8 551
оның ішінде:	
жарғылық капитал	(163 828)
бөлінбеген пайда	170 166
капиталдағы басқа өзгерістер (қосымша төленген капитал, шетел валютасын қайта есептеу резерві)	2 213
Жарғылық капиталға салым	163 828
кезеңдегі жарғылық капиталдың өзгеруі («Достық -Ақтоғай - Мойынты» теміржол транзиттік дәлізін модернизациялау» инвестициялық жобасын қаржыландыру көзі өзгертілді)	164 067
Үкіметтен және басқалардан несиелер бойынша дисконт	(94 704)

Талдамалық ҚШК

2022 жылғы **Таза кіріс** көрсеткіші 34 887 млн теңге көлеміндегі пайда құрайды, бұл бекітілген жоспардан 71 278 млн теңгеге жоғары (залал 36 391 млн теңге), көбінесе келесінің есебінен:

- жүк тасымалынан түскен кірістің 60 027 млн теңгеге ұлғаюы, бұл тасымалдар көлемінің тиісінше 5,7%-ға, 9,6%-ға және 7,3%-ға артуы себебінен, сондай-ақ қосымша алымдардан

түсетін кірістердің, т/ж әкімшіліктері арасындағы өзара есеп айырысудан түскен кірістердің және жүк вагондарын жалға беру мен жөнелтуден түскен кірістердің өсуінен экспорттық, импорттық және транзиттік қатынастардағы кірістік түсімдердің ұлғаюымен байланысты;

- бұрын жоспарланбаған 2022 жылдың ішіндегі нақты кірістік түсімдердің есебінен негізгі емес қызметтен түскен пайданың 23 074 млн теңгеге ұлғаюы (сальдо);

- іс-шаралар жүргізу және резервтер бойынша шығыстардың болмауы есебінен жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша (салықтарды қоспағанда) 17 981 млн теңгеге үнемдеу;
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша нақты көрсету арқылы алынған айыппұлдардан түскен кірістердің 8 656 млн теңгеге артуы;
- жолаушылар тасымалының 6,2%-ға ұлғаюы есебінен жолаушылар тасымалынан түскен кірістердің 5 178 млн теңгеге артуы;
- бағам айырмасынан болған залалдардың 4 772 млн теңгеге азаюы, бұл шетел валютасы бағамының өзгеруіне байланысты;
- қосалқы бөлшектерді бөгде тұлғаларға сату есебінен ТМҚ өткізуден түскен кірістердің 3 927 млн теңгеге артуы;
- қауымдастырылған және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржылық нәтижелері жақсаруы есебінен үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын ұйымдардың пайда үлесінің 2 117 млн теңгеге артуы;
- жолаушылар айналымының 6,2%-ға өсуін ескере отырып, ҚР ИИДМ әлеуметтік маңызы бар маршруттардың шығындарын субсидиялау сомаларын нақты қамтамасыз ету есебінен жолаушылар тасымалының шығынын жабуға арналған субсидиялардың артуы.

Бұл ретте көрсеткішке әсер ететін жағымсыз факторлар:

- хеджирлеу операцияларының әсерін ескере отырып, салық салынатын базаның өзгеруіне байланысты КТС шығыстарының 30 618 млн теңгеге артуы;
- 2022 жылы айналым капиталын толықтыру үшін, KASE-де жергілікті облигацияларды орналастыру үшін қысқа мерзімді несиелерді (бұрын

жоспарланбаған) тарту есебінен және «Достық – Ақтоғай – Мойынты» теміржол транзиттік дәлізін модернизациялау» инвестициялық жобасын қаржыландыру, еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін Ұлттық қордан қарыз қаражатын тарту есебінен қаржыландыру шығындарының 6 281 млн теңгеге артуы;

- отын мен электр энергиясының бағасы тиісінше 2,7%-ға және 37,5%-ға;
- отын мен электр энергиясының үлестік шығыны тиісінше 3,5%-ға және 9,4%-ға;
- жылу тартымындағы тасымалдау жұмыстарының көлемі 5,0%-ға өсуі себебінен өзіндік құнның 6 209 млн теңгеге артуы;
- Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық және климаттық жағдайларына байланысты 2022 жылғы 1 шілдеден және 15 қазаннан бастап бірыңғай облыстық коэффициенттерге біртіндеп көшуге байланысты еңбекақы төлеу шығындары;
- қаржылық активтер, қорлар, өтелетін ҚҚС бойынша іс жүзінде резервтер құру және ХҚЕС пайымдауларына сәйкес шығындарды қайта жіктеу себебінен активтердің құнсыздануы бойынша шығыстардың 5 610 млн теңгеге артуы;
- көбінесе есепке жатқызылмаған ҚҚС бойынша 2022 жылғы қызмет қорытындысы бойынша іс жүзінде көрсету арқылы жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамына кіретін салықтар бойынша шығыстардың 5 384 млн теңгеге артуы;
- миноритарлық акционерлері бар еншілес ұйымдардың қаржылық нәтижелері жақсаруы есебінен бақыланбайтын үлестің 1 001 млн теңгеге артуы;
- көрсетілген қызметтер көлемінің төмендеуі есебінен бөгде ұйымдарға көмекші қызметтерді көрсетуден түсетін кірістердің 94 млн теңгеге азаюы.



Әсер ету факторлары	Ауытқу, млн теңге
Таза кіріс, млн теңге	71 278
оның ішінде:	
Оң факторлар:	
жүк тасымалынан түскен кірістердің өсуі	60 027
негізгі емес қызметтен түскен пайданың өсуі (сальдо)	23 075
салықтарды, резервтерді және әлеуметтік саланы ұстауға арналған шығыстарды есептемегенде ЖӘШ үнемдеу	17 981
алынған айыппұлдардан түскен кірістердің өсуі	8 656
жолаушылар тасымалынан түскен кірістердің өсуі	5 178
бағам айырмасынан залалдың төмендеуі (сальдо)	4 772
ТМҚ сатудан түскен кірістердің өсуі	3 927
үлестік қатысу әдісі бойынша есептелетін ұйымдардың пайда үлесінің азаюы	2 117
субсидияларды арттыру	742
Теріс факторлар:	
КТС шығындарының артуы	(30 618)
қаржыландыру шығындарының өсуі	(6 281)
өзіндік құн шығындарының өсуі	(6 209)
активтердің құнсыздануы бойынша шығындардың артуы	(5 610)
салық шығындарының артуы (ЖӘШ)	(5 384)
бақыланбайтын қатысу үлесінің артуы	(1 001)
бөгде тұлғаларға көмекші қызметтерді көрсетуден түсетін кірістердің азаюы	(94)

2022 жылғы **ROACE** көрсеткіші 4,5%-ды құрады, бұл бақыланбайтын қатысу үлесін 72 280 млн теңгеге шегергенге дейінгі таза табыстың ұлғаюы себебінен NOPAT көрсеткішінің 84 876 млн теңгеге ұлғаюы есебінен жоспардан 2,79 пайыздық пунктке (1,71%)

жоғары. Бақыланбайтын қатысу үлесін шегергенге дейінгі таза табыстың ұлғаюының негізгі себептері:

- жүк тасымалынан түскен кірістің 60 027 млн теңгеге ұлғаюы, бұл тасымалдар көлемінің тиісінше 5,7%-ға, 9,6%-ға және 7,3%-ға

- артуы себебінен, сондай-ақ қосымша алымдардан түсетін кірістердің, теміржол әкімшіліктері арасындағы өзара есеп айырысудан түскен кірістердің және жүк вагондарын жалға беру мен жөнелтуден түскен кірістердің өсуінен экспорттық, импорттық және транзиттік қатынастардағы кірістік түсімдердің ұлғаюымен байланысты;
- бұрын жоспарланбаған 2022 жылдағы нақты кірістік түсімдердің есебінен негізгі емес қызметтен түскен пайданың 23 074 млн теңгеге ұлғаюы (сальдо);
 - іс-шаралар жүргізу және резервтер бойынша шығыстардың болмауы есебінен жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша (салықтарды қоспағанда) 17 981 млн теңгеге үнемдеу;
 - 2022 жылдың қорытындысы бойынша нақты көрсету арқылы алынған айыппұлдардан түскен кірістердің 8 656 млн теңгеге артуы;
 - жолаушылар тасымалының 6,2%-ға ұлғаюы есебінен жолаушылар тасымалынан түскен кірістердің 5 178 млн теңгеге артуы;
 - бағам айырмасынан болған залалдардың 4 772 млн теңгеге азаюы, бұл шетел валютасы бағамының өзгеруіне байланысты;
 - қосалқы бөлшектерді бөгде тұлғаларға сату есебінен ТМҚ өткізуден түскен кірістердің 3 927 млн теңгеге артуы;
 - қауымдастырылған және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржылық нәтижелері жақсаруы есебінен үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын ұйымдардың пайда үлесінің 2 117 млн теңгеге артуы;
 - жолаушылар айналымының 6,2%-ға өсуін ескере отырып, ҚР ИИДМ әлеуметтік маңызы бар маршруттардың шығындарын субсидиялау сомаларын нақты қамтамасыз ету есебінен жолаушылар тасымалының шығынын жабуға арналған субсидиялардың артуы.

Әсер ету факторлары	Ауытқу, млн теңге
ROACE, %	2,79%
оның ішінде:	
NOPAT артуы	84 876
оның ішінде:	
Бақыланбайтын қатысу үлесін шегергенге дейінгі таза табыс (залал)	72 280
Сыйақылар түріндегі шығыстар (КТС қоса алғанда)	12 596
ACE төмендеуі (орташа мән)	(18 792)
оның ішінде:	
2022 жыл ішіндегі CE өзгерісі	(37 585)
оның ішінде: меншікті капитал (азаюы)	9 554
қарыз міндеттемесі (азаюы)	(47 139)



Сонымен қатар банктерге сыйақы (КТС қоса алғанда) түріндегі шығыстардың 12 596 млн теңгеге артуы NOPAT көрсеткішіне оң әсер етеді, бұл 2022 жылы айналым капиталын толықтыру үшін, KASE-де жергілікті облигацияларды орналастыру үшін қысқа мерзімді несиелерді (бұрын жоспарланбаған) тартумен және «Достық – Ақтоғай – Мойынты теміржол транзиттік дәлізін модернизациялау» инвестициялық жобасын қаржыландыру, еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін Ұлттық қордан қарыз қаражатын тартумен байланысты.

Сондай-ақ, іске қосылған капиталдың орташа мәнінің өзгеруі ROACE көрсеткішіне оң әсер етеді, ол көбінесе нақты жасалған қаржылық жалдау шарттары есебінен қарыз капиталының 47 139 млн теңгеге азаюымен байланысты.

Бұл ретте жарғылық капиталдың, резервтердің және бөлінбеген пайданың өзгеруіне байланысты меншікті капиталдың мәні 9 554 млн теңгеге ұлғаяды.

АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 2-6



«ҚТЖ» ҰК» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНА

42 ұйым кіреді

Оңтайлы бизнес үлгісін және Компания активтерінің мақсатты құрылымын қалыптастыру Компанияның Даму стратегиясымен Компания қызметінің тиімділігін арттырудың стратегиялық бастамасы ретінде айқындалған.

Компанияның құрылымын қайта құрылымдау, заңды тұлғалардың санын, активтерді басқару деңгейлерін қысқарту және бейінді емес активтерден шығу Компанияның құнын арттыру және оның табыстылығын ұлғайту мақсатында өз ресурстарын тиімді қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Компанияның корпоративтік портфелі бес блоктан тұрады:

№ р/б	Бағыт	2-деңгейдегі ұйымдардың атауы	Қатысу үлесі ⁷
1	МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІ	«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы	—
2	ЖҮК ТАСЫМАЛЫ	«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС	100%
		«Қазтеміртранс» АҚ	100%
3	ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ	«Жолаушылар тасымалы» АҚ	100%
		«ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС	100%
		«КТЗ Express» АҚ	100%
		«Кедентранссервис» АҚ	100%
4	КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БЛОК	«Біріктірілген көлік-логистикалық компаниясы - Еуразиялық теміржол альянсы» (БКЛК-ЕРА) АҚ	33,33%
		«Құрық порты» ЖШС	100%
		«Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ	сенімгерлік басқаруда
		«Транстелеком» АҚ	25%
5	БЕЙІНДІ-КӨМЕКШІ БЛОК	«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС	100%
		«Теміржолсу» АҚ	100%
		«Dosjan temir zholy» АҚ	46,016%

Компания өзінің Даму стратегиясы аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының бейінді емес активтерін иеліктен шығару жұмысын жалғастыруда. Барлығы 2019–2022 жылдар аралығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ периметрінен 26 ұйым шығарылды.



Компанияның негізгі бизнес бірліктері туралы толығырақ ақпарат [Компанияның негізгі бизнес бірліктері](#) бөлімінде берілген.

⁷ «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 01.01.2022-ге қарағандағы жағдай бойынша құрылымы (1, 2-деңгей)

КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БИЗНЕС БІРЛІКТЕРІ

GRI 2-6

«ҚТЖ — ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС

ҚҰРЫЛҒАН ЖЫЛЫ — 2016

(«ҚТЖ» ҰК» АҚ иелену үлесі — 100%)

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Қазақстан Республикасындағы ең ірі жүк тасымалдаушы және локомотивтік тартым операторы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысымен⁸ «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-қа Ұлттық жүк тасымалдаушысы мәртебесі берілді.

БИЗНЕС БІРЛІГІНЕ ШОЛУ

ТІЗІМДІК САНЫ

 **44,9** мың адам

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫ

 **1,6** мың локомотив

ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАРЫ

 **11** өңірлік филиал

 **3** өкілдік
Қытайда, Иранда және Ресейде

ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

 **17** вагон депосы

 **30** локомотив депосы

 **831** станция

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тұтынушылар сегменттері:



- жүк жөнелтушілер;
- жүк алушылар;
- экспедиторлар;
- тармақ иелері;
- тасымалдау процесіне қатысушылар.

Құндылық ұсынысы:



- поездар қозғалысы қауіпсіздігін және жүктер мен багаждың сақталуын қамтамасыз ете отырып, экономиканың және халықтың теміржол көлігімен жүк тасымалдауға қажеттіліктерін үздіксіз және сапалы қамтамасыз ету;
- мультимодальды тасымалды пайдалануды, операторлармен және жылжымалы құрам иелерімен өзара іс-қимыл жасауды және магистральдық теміржол желісіне шығуды қамтамасыз етуді ескере отырып, бірыңғай оператор функцияларын қалыптастыру;
- көлік дәліздерінің магистральдық және терминалдық инфрақұрылымын дамыту.

Негізгі қызметі:



- жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау;
- өлеуметтік жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау;
- локомотивтік тартым қызметтерін көрсету;
- локомотив бригадасы қызметтерін көрсету;
- тартымдық жылжымалы құрамды және мотор-вагондық жылжымалы құрамды магистральдық желіге шығуға дайындау;
- тартым құрастырушылары, тауар кассирлері және қабылдау-тапсыру қызметтерін көрсету;
- жүк вагондарын тиеуге дайындау.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгерістер 2021/2020, %	Өзгерістер 2022/2021, %
Түсім, млрд теңге	1 019,2	1 178,9	1 332,6	15,7	13,0
Операциялық пайда, млрд теңге	110,8	50,7	26,1	−54,2	−48,5
EBITDA, млрд теңге	129,2	68,8	44,8	−46,7	−34,9
Тарифтік жүк айналымы, млрд ткм	229,7	225,6	232,5	−1,8	3,1
Тасымалданған жүктер, млн тонна	278,3	267,7	259,8	−3,8	−3,0
Қызметкерлер саны, адам, оның ішінде:	47 301	44 894	44 944	−5,1	0,1
Әйелдер үлесі, %	26	26	26	0	0
Өкімшілік-басқарушылық персонал, адам	1 910	1 666	1 494	−12,8	−10,3
Өндірістік персонал, адам	45 391	43 228	43 450	−4,8	0,5
Өлеуметтік тұрақтылық индексі, %	72	69	61	−4,2	−11,6
Қалдықтар көлемі, мың тонна	9,3	9,1	8,7	−2,2	−4,4

2022 жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жүк айналымы 232,5 млрд т-км құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 3,1%-ға жоғары. Өсу экспорттық және транзиттік тасымалдардағы жүк айналымының ұлғаюымен байланысты.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің есеп беріліп отырған кезеңдегі түсімі 2021 жылмен салыстырғанда 13,0%-ға өсті, бұл жүк айналымының, транзиттік тасымалдан түсетін кірістер есептелетін валюта бағамының және теміржол әкімшіліктері арасындағы өзара есеп айырысулардың өсуіне байланысты.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

Құрылған жылы – 1998
(«ҚТЖ» ҰК» АҚ иелену үлесі – 100%)

«Жолаушылар тасымалы» АҚ ауданаралық, облысаралық және халықаралық қатынаста жолаушыларды, почта жөнелтілімдерін, багажды және жүк-багажды теміржол көлігімен тасымалдауды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысымен «Жолаушылар тасымалы» АҚ-қа жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша Ұлттық тасымалдаушы мәртебесі берілді.

БИЗНЕС БІРЛІГІНЕ ШОЛУ

ТІЗІМДІК САНЫ

 **10,8** мың адам

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫ

 **2,2** мың жолаушылар вагоны

ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАРЫ

 Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, «Экспресс», «Жолаушылар тасымалы» – «Қала маңындағы тасымал» АҚ

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тұтынушылар сегменттері:



- жолаушылар;
- багаж бен жүк-багаж жүк жөнелтушілері;
- тасымалдау қызметтері ұсынылатын ұйымдар.

Құндылық ұсынысы:



ауданаралық, облысаралық, ішкі және қала маңындағы қатынаста жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша сапалы және қауіпсіз қызметтерді көрсету.

Негізгі қызметі:



- жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдау;
- багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгерістер 2021/2020, %	Өзгерістер 2022/2021, %
Түсім, млрд теңге	68,9	91,6	122,5	32,9	33,7
Операциялық пайда, млрд теңге	9,3	–6,1	2,3	–165,6	137,7
EBITDA, млрд теңге	–4,8	4,1	14,4	–185,4	251,2
Жолаушылар айналымы, млрд жол-км	6,4	9,5	12,4	49,9	30,5
Жөнелтілген жолаушылар, млн жол.	8,2	11,6	14,1	42,3	21,6
Қызметкерлер саны, адам, оның ішінде:	11 611	10 766	10 787	–7,3	0,2
Әйелдер үлесі, %	33	33	32	0	–3,0
Әкімшілік-басқарушылық персонал, адам	663	634	617	–4,4	–2,7
Өндірістік персонал, адам	10 948	10 132	10 170	–7,5	0,4
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	71	65	58	–8,5	–10,8
Зиянды заттардың шығарындылары, тонна	862,3	795	546,1	–7,8	–31,3
Қалдықтар көлемі, мың тонна	10,3	10,2	9,9	–1	–2,9

Ескертпе. 2020 және 2021 жылдардағы операциялық табыс активтердің құнсыздануын косу бөлігінде есептеу әдістемесінің өзгеруі себепті түзетілді.

2022 жылы жолаушылар айналымының 2021 жылмен салыстырғанда өсуіне байланысты түсім 33,7%-ға, операциялық пайда – 137,7%-ға ұлғайды, ал EBITDA 2,5 есе өсті.

2022 жылы өндірістік-қаржылық көрсеткіштердің өсуіне халық тарапынан сұраныстың артуы, жылжымалы құрамды тиімді реттеу, маркетингтік іс-шараларды жүзеге асыру, поездардың жұмысын қалпына келтіру, динамикалық тарифтік реттеу және коммерциялық сегмент үшін тарифтерді реттеу ықпал етті.

«KTZ EXPRESS» АҚ

Құрылған жылы — 2013
(«ҚТЖ» ҰК» АҚ иелену үлесі — 100%)

«KTZ Express» АҚ порт инфрақұрылымын, қоймалар мен терминалдар желісін пайдалана отырып, теміржол, теңіз және автомобиль көлігімен тасымалдауды біріктіре отырып, барлық қатынас түрлері бойынша көлік-логистикалық қызметтердің толық кешенін ұсынады. LCL қағидаты бойынша жиналмалы жүктерді тасымалдауды, ұйымдастырылған шаттл поезддарда жүктерді тасымалдауды, сондай-ақ температура режиміне сезімтал жүктерді тасымалдауды жүзеге асырады.

БИЗНЕС БІРЛІГІНЕ ШОЛУ

ТІЗІМДІК САНЫ

 **740** адам

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫ

 **7,7** мың бірлік 20 және 45 фут. контейнерлер

 **1,9** мың бірлік фитингтік платформа

ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАРЫ

 **3** өңірлік филиал

 **2** шетел өкілдігі
Мәскеу қаласы (Ресей), Берлин қаласы (Германия)

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тұтынушылар сегменттері:



- экспедиторлар;
- жүк жөнелтушілер.

Құндылық ұсынысы:



кедендік рәсімдеу, жүкті ауыстырып тиеу, «бір терезе» арқылы қызмет көрсету сияқты қосымша қызметтерді көрсете отырып, клиенттерге кешенді қызмет көрсету.

Негізгі қызметі:



- көлік-экспедиторлық қызметтерді көрсету;
- логистикалық қызмет;
- габаритті емес, ауыр және қауіпті жүктерді тасымалдау;
- көлік-логистикалық инфрақұрылым объектілерін басқару;
- жүк тасымалына ақпараттық сүйемелдеу қамтамасыз ету;
- кедендік рәсімдеу, сақтандыру, тәуекелдің барлық түрлері бойынша кепілдіктер беру, жүктерді ұйымдастыру, сүйемелдеу, қорғау, сертификаттау.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгерістер 2021/2020, %	Өзгерістер 2022/2021, %
Түсім, млрд теңге	30,9	32,9	38,2	6,5	16,1
Операциялық пайда, млрд теңге	-8,3	19,3	14,4	-332,5	-25,4
EBITDA, млрд теңге	14,6	24,2	23,2	65,8	-4,1
Контейнерлік тасымалды жөнелту, мың ЖФБ	355,4	329,7	378,0	-7,2	14,6
Теміржол тасымалдарын экспедициялау, мың тонна	6 471	3 372	1 433,0	-47,9	-57,5
Қызметкерлер саны, адам, оның ішінде:	571	559	740	-2,1	32,4
Әйелдер үлесі, %	43	42	41	-2,3	-2,4
Әкімшілік-басқарушылық персонал, адам	181	181	210	0	16,0
Өндірістік персонал, адам	390	378	530	-3,1	40,2
Өлеуметтік тұрақтылық индексі, %	79	87	85	10,1	-2,3
Қалдықтар көлемі, тонна	307,5	401,58	366,66	30,6	-8,7
Стационарлық көздерден ластанушы заттардың атмосфераға шығарындылары, тонна	13,9	16,57	14,29	19,2	-13,8

Ескертпе. 2020 және 2021 жылдардағы операциялық табыс активтердің құнсыздануын косу бөлігінде есептеу әдісте-месінің өзгеруі себепті түзетілді.

2022 жылы «KTZ Express» АҚ түсімі 38 222 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 16,1%-ға жоғары, өсу фитингтік платформаларды пайдаланудан түсетін кірісті асыра орындау есебінен болды.

Контейнерлік тасымалдарды экспедициялаудың өсуі (2021 жылмен салыстырғанда 6,8%-ға) ҚХР – РФ – ҚХР (Мәскеу торабы) бағыты бойынша тасымалдау көлемінің ұлғаюымен және ҚХР – ЕО – ҚХР бағыты бойынша кері тиеуді қамтамасыз етумен байланысты (Belintertrans Germany GmbH «калий» жүгін БЧ-ден ҚХР-ға тасымалдады).

2022 жылы теміржол тасымалын жөнелту 1 433 мың тоннаны құрады, бұл 2021 жылмен салы-

стырғанда 57,5%-ға төмен. Көрсеткіштің төмендеуіне мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың Ресейге қарсы салған шектеуші саяси және экономикалық санкциялары, соның ішінде Ресей тарапынан тау-арларды/қызметтерді жөнелтуге, Ресей тарапынан жөнелтілген жүктерді Беларусь, Еуропа, Балтық елдері бағытында тасымалдауға шекараларды жабу санкциялары себеп болды, оның ішінде Ресейдің жылжымалы құрамының иелерінің жоғарыда аталған бағыттар бойынша олардың вагондарының пайдаланылуынан бас тартуы, транзиттік жүктерді (мұнай және мұнай өнімдері, ағаш/арамен кесілген материалдар, мұнай коксы) тасымалдау үшін арнайы тарифтік талаптардың болмауы.

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

Құрылған жылы – 2003
(«ҚТЖ» ҰК» АҚ иелену үлесі – 100%)

«Қазтеміртранс» АҚ еліміздің жүк вагондары паркінің ірі операторы болып табылады, жүк вагондарын пайдалануға береді, арнайы жылжымалы құрамды жалға беруді, металл сынықтарын сақтауды және сатуды жүзеге асырады. «Қазтеміртранс» АҚ вагондарындағы тасымалданатын жүктердің негізгі үлесін көбінесе көмір, астық, ұн және ұнтақтау өнімдері, кен, минералды тыңайтқыштар және цемент сияқты жаппай үйілген жүктер құрайды.

БИЗНЕС БІРЛІГІНЕ ШОЛУ

ТІЗІМДІК САНЫ

1 мың адам

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫ

39,9 мың бірлік жүк вагондары

ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАРЫ

10 өңірлік филиал

ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

«Сарыөзек» өндірістік базасы

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тұтынушылар сегменттері:	
	негізгі сегмент – үйілген жүктердің (көмір, астық, ұн және ұн тарту өнімдері, кен, минералды тыңайтқыштар және цемент) иелері.
Құндылық ұсынысы:	
	жүк тасымалдау бойынша сапалы қызметтер көрсету.
Негізгі қызметі:	
	- жүк вагондарын пайдалану бойынша қызметтер көрсету; - жылжымалы құрамды мүліктік жалдауға (жалға) беру; - металл сынықтарын сақтау және сату; - меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгерістер 2021/2020, %	Өзгерістер 2022/2021, %
Түсім, млрд теңге	147,9	105,7	135,1	–28,5	27,8
Операциялық пайда, млрд теңге	27,9	7,9	24,3	–71,7	207,6
EBITDA, млрд теңге	54,8	32,0	44,6	–41,6	39,4
Тасымалданған жүктер, млн тонна	86,5	82,8	82,8	–4,3	0
Қызметкерлер саны, адам, оның ішінде:	903	1 138	1 023	26,0	–10,1
Әйелдер үлесі, %	48	43	45	–10,4	4,7
Әкімшілік-басқарушылық персонал, адам	326	342	328	4,9	–4,1
Өндірістік персонал, адам	577	796	695	38,0	–12,7
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	80	80	79	0	–1,3

Ескертпе. 2020 және 2021 жылдардағы операциялық табыс активтердің құнсыздануын косу бөлігінде есептеу әдістемесінің өзгеруі себепті түзетілді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қазтемір-транс» АҚ түсімі 135,1 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 27,8%-ға артық, өсу жүк вагондарымен оперциялар жүргізуден және жалға беруден түсетін кірістердің ұлғаюымен байланысты.

Операциялық пайда 24,3 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 207,6%-ға артық. Негізгі қызмет көрсеткіштерінің жақсаруының негізгі себебі – жүк вагондарымен операциялар жүргізу және жалға беру.

«КЕДЕНТРАНССЕРВИС» АҚ

Құрылған жылы – 1997
(«КТЖ» ҰК» АҚ иелену үлесі – 100%)

«Кедентранссервис» АҚ Қазақстан Республикасындағы логистикалық терминалдардың жетекші операторы болып табылады. Қоғамның жүктерді терминалдық өңдеу саласында активтері мен құзыреттері бар, сонымен қатар Достық және Алтынкөл шекаралық станцияларында Қытайдан әкелінетін жүктерді қайта тиеу қызметтерін көрсетеді.

БИЗНЕС БІРЛІГІНЕ ШОЛУ

ТІЗІМДІК САНЫ

 **1,7** мың адам

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫ

 **4,4** мың бірлік 20, 60, 80 футтық контейнерлер

ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛДАРЫ

 **11** өңірлік филиал

 **3** өкілдік
Қытайда, Өзбекстанда және Беларусьте

ІСКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тұтынушылар сегменттері:



- жүк жөнелтушілер;
- жүк алушылар;
- экспедиторлар.

Құндылық ұсынысы:



жүктерді сапалы терминалды өңдеу қызметтерін көрсету, Достық және Алтынкөл шекаралық станцияларында қайта тиеуді жүзеге асыру, фитингтік платформаларды пайдалану, әртүрлі бағыттар бойынша контейнерлік тасымалды жүзеге асыру.

Негізгі қызметі:



- фитингтік платформаларды ұсыну;
- ауыстырып тиеу қызметтері (Достық және Алтынкөл станцияларында);
- терминалдық қызметтер;
- контейнерлік тасымалдау қызметі.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгерістер 2021/2020, %	Өзгерістер 2022/2021, %
Түсім, млрд теңге	24,2	37,3	43,2	54,1	15,8
Операциялық пайда, млрд теңге	3,0	6,8	15,2	126,7	123,5
EBITDA, млрд теңге	5,9	12,7	20,1	115,3	58,3
Жылжымалы құрамды пайдалану, мың ЖФБ	219,6	243	277,7	10,7	14,3
Қызметкерлер саны, адам, оның ішінде:	1 921	1 755	1 716	–8,6	–2,2
Әйелдер үлесі, %	19	20	21	5,3	5,0
Әкімшілік-басқарушылық персонал, адам	561	553	503	–1,4	–9,0
Өндірістік персонал, адам	1 360	1 202	1 212	–11,6	0,8
Әлеуметтік тұрақтылық индексі, %	–	84	77	100	–8,3
Қалдықтар көлемі, мың тонна	3,8	3,8	3,8	0	0

Ескертпе. 2020 және 2021 жылдардағы операциялық табыс активтердің құнсыздануын косу бөлігінде есептеу әдістемесінің өзгеруі себепті түзетілді.

2022 жылы пайдалану көлемінің 2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда 14,3%-ға өсуі импорттық, экспорттық және республикаішілік қатынастардағы тасымалдың артуы есебінен қол жеткізілді.


EBITDA 2021 жылмен салыстырғанда жылжымалы құрамды пайдалану пайдасының ұлғаюына байланысты 58,3%-ға өсті.

Логистикалық процестерді тиімді пайдалану есебінен 2022 жылы түсім 2021 жылмен салыстырғанда 15,8%-ға өсті

ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІНІҢ АРТУЫ




Локомотивтің орташа тәуліктік өнімділігі, мың т-км брутто




2022 жылы локомотивтің орташа тәуліктік жүрген жолының төмендеуіне байланысты 2021 жылмен салыстырғанда локомотивтің орташа тәуліктік өнімділігі азайды. Жүгірген жол жүк айналымының 5,3%-ға ұлғаюы, инфрақұрылымның өткізу қабілеті резервтерінің жоқтығы, жүру жолындағы поездардың кешігуінің 17,6%-ға артуы салдарынан төмендеді.

Поездар тартымына арналған дизельдік отынның үлестік шығынының өзгеру динамикасы, кг/өзг.



2022 жылы поездар тартымына арналған жалпы үлестік шығын 2021 жылмен салыстырғанда 5,65%-ға төмендеді. Төмендеу келесі себептерге байланысты болды: техникалық жылдамдықтың 2,1%-ға төмендеуі, жұмыс істейтін парктің жүк қозғалысы түрінде 0,1%-ға, шаруашылық түрінде – 11,2%-ға, маневрлік түрінде – 1,5%-ға төмендеуі, сондай-ақ поездың орташа салмағының 3%-ға артуы.

Келтірілген еңбек өнімділігі, мың тн. км/адам



2022 жылы еңбек өнімділігінің өсуі жүк айналымы және жолаушылар айналымы көрсеткіштерінің өсуіне байланысты.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

GRI 203-1

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржол инфрақұрылымын дамытуға және жылжымалы құрамды жаңартуға 378 млрд теңге жіберді.

Осы инвестициялардың арқасында Құрық портындағы паромдық кешеннің құрылысын аяқтау, 551 км жолдың жоғарғы құрылымын жаңғырту және жөндеу, локомотивтер мен вагондарды сатып алу және жөндеу жұмыстары орындалды, теміржол инфрақұрылымын жаңарту, көліктік логистиканы дамыту және тасымалдау қауіпсіздігін арттыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды.



КОМПАНИЯНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Достық — Мойынты учаскесінде екінші жол салу

2022 жылдың қарашасында «Мықты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында Достық — Мойынты теміржол учаскесінде екінші жолдың құрылысы басталды. Жобаның мақсаты — учаскенің өткізу қабілетін арттыру және елдің транзиттік әлеуетін дамыту.

Ұзындығы 836 км болатын екінші жолдың салынуы учаскенің өткізу қабілетін 5 есеге арттыруға мүмкіндік береді (жүк поездарын тәулігіне 12 жұптан 60 жұпқа дейін). Бұл отандық өнімді үзіліссіз экспорттауды қамтамасыз етудің маңызды міндетін шешеді және осы бағытта қазақстандық экспорттаушылардың жүктерін тасымалдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Құрылысты отандық материалдарды (шпалдар, рельстер, трансформаторлар және т.б.) пайдаланумен жүргізу жоспарлануда. Бұл ретте жергілікті қамту үлесі 80%-дан асады. Жобаға 3700 құрылысшы тартылатын болады, ал желі пайдалануға берілгеннен кейін темір жолда 500 адам тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі.

Жобаның жүзеге асуы шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етеді. Жобаны іске асырудың жиынтық әсері 20 жыл ішінде бюджет кірісін 4,1 трлн теңгеге қосымша арттыруға мүмкіндік береді.

Құрылысты 2025 жылдың 4-тоқсанында аяқтау жоспарланған.

Сондай-ақ Ұлттық жобада:

- Өзбекстан бағытындағы өткізу қабілетінің тапшылығын азайтуға мүмкіндік беретін «Дарбаза — Мақтаарал теміржол желісін салу»;
- Алматы торабының жүктемесін 30%-ға жеңілдетіп, жүкті жеткізу мерзімін 24 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік беретін «Алматы айналма теміржол желісін салу» сияқты теміржол инфрақұрылымдық жобалары анықталды.

2023 жылға және орта мерзімді келешекке арналған жоспарлар

«ҚТЖ» ҰК» АҚ келесі ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды мәселелерін қарастырады:

- Алматы торабының жүктемесін 30%-ға азайтып, жүкті жеткізу мерзімін қысқартуға мүмкіндік беретін Алматы станциясының теміржол торабын айналып өтетін айналма теміржол желісін салу;
- жүк ағынын жаңа желіге қайта бағыттау есебінен артық жүктелген Сарыағаш — Ташкент учаскесі жүктемесінің азайтылуын қамтамасыз ететін Дарбаза — Мақтаарал теміржол желісін салу;
- ҚХР-ға/ҚХР-дан инфрақұрылымдық қуаттылықты арттыруға мүмкіндік беретін Бақты — Аягөз теміржол желісін салу.

Сондай-ақ ағымдағы қызметті үзіліссіз режимде ұстауға және қозғалыс қауіпсіздігі деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар жүргізу, оның ішінде жолдың үстіңгі құрылысын күрделі жөндеу және де жылжымалы құрамды жаңарту мен күрделі жөндеу жоспарлануда.

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Цифрлық трансформация» бағдарламасы Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу құралдарының бірі болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты – «ҚТЖ» ҰК» АҚ құнын арттыру және көрсетілетін қызметтердің экономикалық тиімділігін арттыру, бизнес процестерді жетілдіру, қызметті цифрландыру және автоматтандыру, сондай-ақ қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру арқылы түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру.

Бағдарламаның Жобалар портфельінің 2022 жылғы негізгі өзгерістері:

Аяқталған жобалар	- Қорларды басқару; - Жүк вагондарын сервистік қызмет көрсетуге беру; - Теміржол жолаушылар тасымалы саласындағы маркетинг және сату; - Операциялық тиімділік; - Деректерді басқарудың жаңа үлгісін енгізу.
Операциялық қызметке берілген және портфельден алынып тасталған	- Эталондық тәсілдер арқылы станциялардың технологиялық процестерін біріздендіру; «Жолаушылар тасымалы» АҚ жаңа ұйымдық үлгісі және Компанияны басқару жүйесі, АТ дамыту стратегиясы; «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де коммерциялық функцияларды орталықтандыру және автоматтандыру.

Бағдарламаның Жобалар портфельіне 12 жоба кіреді (9-ы жүзеге асырылып жатқан жобалар, 3-і пост-мониторинг жобалары):

Жүзеге асырылып жатқан жобалар	Пост-мониторинг жобалары
1. Біріктірілген жоспарлау жүйесі (БЖЖ).	1. «Магистраль» АБЖ шеңберінде мобильді диагностикалық құралдарды енгізу.
2. Поездар қозғалысын басқару орталығы (қайта жүктеу).	2. Операциялық тиімділік.
3. Локомотивтерді бір адамның басқаруына көшіру.	3. Теміржол жолаушылар тасымалы саласындағы маркетинг және сату.
4. «Кедентранссервис» АҚ терминалдарының тиімділігін арттыру.	
5. Локомотив тартымының тиімділігін арттыру.	
6. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС отын мен электр энергиясының үлестік шығынын оңтайландыру.	
7. Маневрлік жұмыстың тиімділігін арттыру.	
8. Достық және Алтынкөл шекаралық станцияларында им-порт-транзит жүк ағынын басқару және үйлестіру.	
9. Негізгі емес қызмет түрлерінің аутсорсингі.	

Бағдарламаның 2022 жылғы негізгі нәтижелері:

1. «Кедентранссервис» АҚ-та клиенттермен қарым-қатынасты басқару процесі және Алматы-1 терминалының операциялық қызметін басқару процесі автоматтандырылды.

2. Солтүстік және Оңтүстік өңірлердің поездар қозғалысын басқару орталықтары іске қосылды.

3. Маневрлік локомотивтердің 90%-ы бір адамның басқаруына көшірілді.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Компанияда Тиімді басқару мен бизнестің икемділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ескірген ақпараттық жүйелерді жаңғырту мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Ақпараттық технологияларды дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған стратегиясы⁹ қабылданды. Компаниядағы АТ-ның мақсатты жағдайы бағдарламалық және аппараттық инфрақұрылымның біріктірілуінің жоғары деңгейімен сипатталатын болады. АТ-ны басқару және дамыту бойынша барлық жұмыстар Компанияның бизнесті дамыту мақсаттары мен міндеттеріне бағынады және бірыңғай басқару орталығына ие болады, сондай-ақ келесі тәсілдерге негізделетін болады:

- тиімсіз қадамдарды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және қызметтерді көрсету мерзімін қысқарту мақсатында процестерді қайта қарауды және өзгертуді көздейтін қолданыстағы процестердің реинжинирингі;
- технологиялық жетілдіру және цифрландырудың платформалық пен микросервистік үлгісіне көшу;
- «Big Data» тұжырымдамасын енгізу және «Data Driven Company» қағидатына көшу;
- қызметкерлердің құзыреттілігін және бизнес-қоғамдастықпен қарым-қатынасын арттыру міндеттерін жүзеге асыру;
- ақпараттандыру объектілерінің жүйелік және инфрақұрылымдық қорғанысын қалыптастыру;
- инновациялық экожүйені құру;
- бөгде компанияларға тәуелділікке жол бермеу;
- сапа инфрақұрылымына сәйкес жобаларға басымдық беру.

Жалпы алғанда, Компаниядағы Цифрландыру стратегиясы бірнеше нақты бағыттарды қамтиды:

- жүк жөнелтушілер клиенттер мен Компания қызметкерлері арасындағы тікелей байланыстарды болдырмау үшін жүк және коммерциялық қызметті автоматтандыру;
- тасымалдау процесінің тиімділігін арттыру, жеке тасымалдаушылармен және көршілес теміржол әкімшіліктерімен одан әрі интеграциялау үшін тасымалдауды басқаруды оңтайландыру;
- жолдардың қауіпсіздігін арттыру және технологиялық терезелерді оңтайландыру үшін МТЖ инфрақұрылымын бақылау;
- жолаушылар тасымалын ұйымдастыру процестерін автоматтандыру, соның ішінде билеттерді өз бетімен сату, сатушылармен күресу және тасымалдау қызметтерін көрсету кезінде желідегі бақылауды арттыру.

- Аталған Стратегияны іске асыру шеңберінде 2023 жылы келесі іс-шараларды жалғастыру:
- негізгі функциялық операцияларды автоматтандыру негізінде басқарудың барлық деңгейлерінде тасымалдау процесі бойынша шешім қабылдауға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйені құруды көздейтін TMS (Transportation Management System) тасымалдау процестерін басқарудың ірі жобасын жүзеге асыру;
 - Компанияның коммерциялық функцияларын орталықтандыру, басқару жүйелерін және клиенттермен қарым-қатынастарды шоғырландыру арқылы Бірыңғай цифрлық терезені (SM) жасау. Клиентке бір ғана есікті «қағу» мүмкіндігі беріледі. Көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасын бақылау процестердің ашықтығы арқылы күшейтілетін болады;
 - ТХКМ дәлізі бойынша Қытаймен және басқа елдермен қағазсыз технологиямен тасымалдауды ұйымдастыру;
 - темір жолдардың қауіпсіздігі мен өткізу қабілетін арттыру мақсатында темір жолды автоматтандыруды жаңғырту;
 - кәсіпорынды басқарудың негізгі процестерінің реинжинирингі және оларды автоматтандыру;
 - құжаттарды өңдеу жылдамдығын және бақылау сапасын арттыруға, қағазда іс жүргізуге арналған шығындарды азайтуға бағытталған корпоративтік сервистерді дамыту. Қызметкердің жеке кабинеті және мобильді қосымшадағы онлайн сервистері (еңбекақы бойынша үзінді көшірмелер, анықтамалар, еңбек демалысы, іссапар және т.б.) қалыптастырылады, еншілес ұйымдармен бірыңғай бұлттық құжат айналымы қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ күнделікті міндеттерді роботтандыру қамтамасыз етіледі, бұл бизнес процестерді жылдамдатуға және жұмысты орындау уақытын 70%-ға және одан да көп қысқартуға мүмкіндік береді;
 - ақпараттық жүйелерді мемлекеттік органдардың жүйелерімен кезең-кезеңімен біріктіру, бұл клиенттерге қажетсіз қағазбастылықсыз қызметтерді жылдам алуға және Компанияның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді;
 - серверлік инфрақұрылымды және деректерді беру желілерін жаңарту және жаңғырту міндеті. Оның ішінде өзіндік деректер орталықтарын құру және бұлтты деректер орталықтарын пайдалану, соның арқасында Компания өзін қажетті есептеу қуатымен қамтамасыз ете алады;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы үшін бейнебақылау жүйесін құру тұжырымдамасын әзірлеу жоспарлануда.

9 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 16 наурыздағы шешімімен (№5 хаттама) бекітілген

№3 МАҚСАТ. КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫН АРТТЫРУ



Компания тұтынушыларының жүк, жолаушылар тасымалы және көлік-логистикалық қызметтер саласында көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттануы Компанияның стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады.


КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫ

Клиенттердің қанағаттануын жүйелі түрде бағалау клиенттермен қарым-қатынастың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және клиенттердің қанағаттануы мен адалдығын арттыруға бағытталған Компанияның еншілес ұйымдарындағы одан әрі даму қадамдары

бойынша уақтылы шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Клиенттер пікірін сұрау Компанияның еншілес ұйымдарының корпоративтік сайттарында орналастырылған сауалнамаларды толтыру арқылы жүргізіледі.

2020–2022 жылдардағы клиенттердің қанағаттану деңгейі, %



ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ САЛАСЫНДА

2022 жылы сервисті жақсарту және тарифтер қолжетімділігі бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ келесі бастамалары жүзеге асырылды:

Маркетингтік акциялар

2022 жылдың қаңтарынан бастап «Алтын», «Күміс», «Жастар» жаңа дисконттық карталарын кезең-кезеңмен енгізуге бағытталған адалдық бағдарламасының жобасы сәтті жүзеге асырылуда. Бағдарламаның мақсаты картаның күшінде болу мерзімінде (365 күн) «Жолаушылар тасымалы» АҚ поездарында жол жүру ақысын 25%-ға төмендету болды. Жыл ішінде 332 дисконттық карта сатып алынды.

2022 жылы аз толтырылған поездарда, соның ішінде «Тальго» поездарында, жұмыс күндеріндегі маркетингтік акциялар іске қосылды. Бұл акциялар жолаушыларды теміржол көлігімен қосымша сапарға шығуға ынталандыруға бағытталған. Осы акциялардың арқасында 15 мыңнан астам жол жүру құжаттары сатып алынды, бұл жолаушылар айналымын орта есеппен 12%-ға ұлғайтты.

2022 жылдың желтоқсанында «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-пен бірлесіп жолаушыларға тақырыптық жаңа жылдық поезбен Астанадан Бурабай курорты станциясына және кері бағытта қызықты сапарларға шығуды ұсынды.

Тарифтік саясат



2022 жылдың шілдесінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ әлеуметтік маңызы бар маршруттар бойынша динамикалық тарифтік реттеуді сәтті енгізді. Бұл жүйе сату тереңдігі мен жолаушылар тасымалы қызметтеріне сұранысты ескере отырып, икемді тарифтерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар динамикалық баға құру жүйесі коммерциялық бағыттар мен вагондардың тарифтерін де реттейді.

2022 жылы жүзеге асырылған икемді тарифтік саясаттың нәтижесінде коммерциялық поездардағы жолаушылар айналымын 2022 жылға арналған жоспармен салыстырғанда 12%-ға арттыруға мүмкіндік туды. Жобаны іске асыру тұтынушылық сұранысты ынталандырады және жолаушылар тасымалы нарығындағы «Жолаушылар тасымалы» АҚ орнын сақтауға ықпал етеді.



Электрондық билеттер сату жүйесі

2022 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ электронды билеттерді сату жүйесін жақсарту жұмысын жалғастырып, оны келесі функциялармен жетілдірді:

- сатып алу орны мен төлем әдісіне қарамастан билет.gateways.kz сайты арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерді) қайтару мүмкіндігі жүзеге асырылды;
- билет кассаларында еgov «Mobile» қосымшасының «Цифрлық құжаттар» сервисінде мүгедектікті растаумен жеңілдетілген билеттерді беру функциясы енгізілді;
- туу туралы электронды куәлікті пайдалана отырып, жолсеріктің мобильді терминалы арқылы балаларды отырғызу мүмкіндігі қосылды;
- электронды билет нысанында «Тальго» жолаушылар поезында кондиционердің бар болуы туралы ақпарат қосылды.

2022 жылдың соңына қарай билеттерді онлайн сату үлесі 2021 жылдың соңындағы 70%-бен салыстырғанда 72%-ға дейін өсті. Осылайша, электронды билет жүйесін жетілдіру және онлайн сату үлесін арттыру «Жолаушылар тасымалы» АҚ-қа жолаушыларға ыңғайлы және қолжетімді сервисті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ САЛАСЫНДА



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жүк жөнелтушілер/жүк алушылармен, экспедиторлық компаниялармен және мемлекеттік органдардың өкілдерімен тұрақты кездесулер ұйымдастырады, сонымен қатар өзінің корпоративтік сайтында өзекті ақпаратты жариялайды. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС ЖЭС және тұрғындар үшін

Жылжымалы құрам паркін жаңарту

2022 жылдың ішінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС зауытынан 62 жаңа жеңіл жолаушылар вагонын және «ЗИКСТО» АҚ зауытынан 5 вагон жеткізді. Бұл вагондар Алматы – Павлодар, Алматы – Өскемен бағыттарының поездарына ішінара енгізілді. Жылжымалы құрам паркін жаңарту жолаушылар тасымалының сапасын арттырып, жолаушыларға көбірек жайлылық қамтамасыз етті.

Сервисті жақсарту

2022 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар поездарына ойын-сауық мультимедиялық порталын қосты, оны фильмдер, музыка және басқа да ойын-сауық бағдарламаларына қол жеткізу үшін өз құрылғыларында Wi-Fi арқылы пайдалануға болады. Сондай-ақ 2025 жылға дейін 29 бағыт бойынша вагон-мейрамхана, вагон-барлар мен буфет купе-лерінде тамақтандыру мен қызмет көрсетуді ұйымдастыру стандарты енгізілді. Жолаушылар қауіпсіздігі үшін барлық бағыттар бойынша 54 вагон-барлар мен 92 вагон-мейрамханаларда барлығы 146 бейнебақылау камераларымен бейнебақылау орнатылды.

«Қазтеміртранс» АҚ

Клиенттерге ыңғайлы болу үшін әрбір клиент онлайн режимінде мөлшерлемені есептеуге, жүк тасымалдауға өтінім бере алатын, вагондардың орналасқан жерін бақылай алатын, оферта шартын жасай алатын, сондай-ақ «Қазтеміртранс» АҚ-қа өтініш жаза алатын жеке кабинет жұмыс істейді.

2021 жылы «Қазтеміртранс» АҚ сайтында клиенттерге браузер арқылы байланыс орталығына қоңырау шалып немесе көрсетілген байланыс деректерімен өтінім қалдырып, содан кейін маман кері байланыс беретін мүмкіндігі бар кері байланыс функциясы енгізілді. Сондай-ақ Telegram бот арқылы ақпарат алу мүмкіндігі жасалды.

2022 жылы Жеке кабинетте ҚР резиденті емес клиенттерге арналған модуль әзірленді және енгізілді,



қайта бағыттау бойынша өтінімдердің функционалы қосылды, СТЖ-Кешенінде шетел валютасындағы транзиттік тарифтерді есептеу автоматтандырылды.

КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДА



«KTZ Express» АҚ

Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- «KTZ Express» АҚ корпоративтік сайтында CO₂ шығарындыларын есептейтін Тарифтік калькуляторды іске қосу бойынша жұмыс жүргізілді. Тарифтік калькулятор 1850 есептелген маршрут (тасымал бағыты) негізінде тарифтік шарттарды есептеуді және LCL тасымалы қызметі бойынша есептеулерді қамтиды;
- «Aikey CRM» жүйесінде – CRM жүйесінде және Клиенттің Жеке кабинетінде баға хаттамаларына қол қою процесі автоматтандырылды.



№ 4 МАҚСАТ. ПОЕЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



Поездар қозғалысы қауіпсіздігін, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін сақтау Компанияның басты басымдығы және ең маңызды міндеті болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Стратегиясында көзделген стратегиялық бастама тасымалдау процесінің қауіпсіздігін басқаруды жақсартуға және нөлдік жарақаттану мақсатына қол жеткізуге бағытталған.

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ

Компания үшін қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесін жоспарлау, жүзеге асыру, бақылау және үздіксіз жетілдіру талаптарын айқындайтын қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы іргелі құжат – Қозғалыс қауіпсіздігін жүйесін басқару жөніндегі басшылық. Басшылық Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, ISO 9001:2015 халықаралық стандартының және Компанияның қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы жергілікті актілерінің талаптарына сәйкес әзірленген.

Поездар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басым міндеттер:

- адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- жүктердің, жылжымалы құрамның, инфрақұрылым объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- қозғалыс қауіпсіздігінің белгіленген деңгейін қамтамасыз ету;
- көлік оқиғаларының салдарын барынша азайту.

2022 жылы тасымалдау процесіне барлық қатысушылардың магистральдық желіде қозғалыс қауіпсіздігін бұзуы 2021 жылмен салыстырғанда 104 жағдайға азайды. Бұзушылықтардың жалпы саны 749 оқиға болды (2021 жылы – 853 оқиға).

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қозғалыс қауіпсіздігін бұзу саны 2021 жылмен салыстырғанда 11%-ға азайды, 127 оқиға орын алды (2021 жылы – 143 оқиға¹⁰), бұл жалпы бұзушылықтар санының 17%-ы.


Тасымалдау процесіне барлық қатысушылардың қозғалыс қауіпсіздігін бұзуы, оқиға



10 Ескертпе. 2021 жылғы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы қозғалыс қауіпсіздігін бұзу санының 137-ден 143-ке дейін өзгеруі уәкілетті органдардың, соның ішінде Көліктік бақылау инспекцияларының Компания бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарын есепке алу жүйесіне өзгерістер енгізген шешімдерімен байланысты.

«Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейі» көрсеткіші жыл сайын жақсарып келеді, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген көрсеткіштің мақсатты мәніне қол жеткізді.

Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейінің нысанаға алынған көрсеткіші, оқиға/млн поезд-км



2022 жылы Компания поездар қозғалысы қауіпсіздігінің жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастырды, бұл қозғалыс қауіпсіздігі көрсеткіштерінің оң динамикасын сақтауға мүмкіндік берді.

Осылайша, есеп беріліп отырған жылы келесі бағыттар бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды:

- теміржол жолдарында адамдардың жарақат алу жағдайларын азайту;
- 253 000-нан астам адамды қамтыған 10 мыңнан астам жиналыс өткізілді;
- әкімшілік айыппұл салумен 4 мыңға жуық рейд жүргізілді;
- БАҚ-та 762 мақала және жарияланым ұйымдастырылды;
- 5 мың қызметкер оқытылды;
- ерекше көзге түскен қызметкерлер марапаттар мен ақшалай сыйлықтар алды;
- 10 мыңнан астам жылжымалы құрам бірлігі жөнделді және техникалық қызмет көрсетуден өтті;
- 551 км жолға күрделі жөндеу жүргізілді.

Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде және оның еншілес ұйымдарында қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесін, кадрлар персоналын жетілдіруге, инфрақұрылым құрылғылары мен жылжымалы құрамның сенімділігін арттыруға бағытталған жүйелі шаралар кешені жүзеге асырылды.

Қозғалыс қауіпсіздігі мәдениетін дамыту, оның ішінде еңбек жағдайларын жақсарту, Компания қызметкерлерін қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың алдын алуға ынталандыру, сондай-ақ персоналды дамыту және оқыту бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды.



Бұдан басқа, Жол диагностикасы жұмыстарын ұйымдастыру қағидаларына¹¹ сәйкес поезддар қозғалысының қауіпсіздігін жоғары деңгейде қамтамасыз ету мақсатында теміржол жолдарын диагностикалау жұмыстары жүргізілуде.


Жол диагностикасы техникалық жағдайды толық бақылауды және орындарды іздеуді, қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін, тасымалдау процесінің белгіленген барысын бұзатын немесе шұғыл, сондай-ақ жоспарлы профилактикалық жұмыстарды

қажет ететін ақаудың (жарамсыздықтың) себептерін анықтауды қамтиды.

Жолға төселген рельстерді, дәнекерлеу қосылыстары мен бағыттама бұрмалардың металл бөліктерін бақылау мерзімділігі аталған Қағидаларға сәйкес белгіленеді.

2022 жылы диагностикалық құралдармен 455 876 км жол зерттелді.

Қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың үлестік саны, барлығы/млн поезд-км



2022 жылдың қорытындысы бойынша Достастыққа қатысушы мемлекеттердің халықаралық қатынасындағы темір жол әкімшіліктерінің қауіпсіздік көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауы Компанияның

млн поезд-км-ге шаққандағы қозғалыс қауіпсіздігін бұзу саны, Эстония мен Ресейді қоспағанда, қаралған теміржол әкімшіліктерінің көрсеткіштерінен төмен екенін көрсетті.

11 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Бас инженерінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №1125 бұйрығымен бекітілген.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

GRI 3-3, 403-1, 403-8, 403-10

Еңбекті қорғау процестерін басқару Денсаулықты қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басқару жүйесі басшылығына¹² сәйкес жүзеге асырылады. Басшылық ISO 45001:2018 және MEMST 12.0.230 талаптарына сәйкес әзірленген және «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқаруды реттейтін негізгі құжат болып табылады.

Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қызметіне байланысты қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін Компания қызметкерлерінің, мердігерлерінің және басқа да мүдделі тараптардың еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Басшылық Компанияға және оның еншілес ұйымдарына қолданылады және барлық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІГІ

Компания жыл сайын сыртқы аудиттен өтеді және өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау мен қоршаған орта саласындағы халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестігін растайды.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ сыртқы аудиттен сәтті өтті. «Интерсертифика – ТЮФ совместно с ТЮФ Тюринген» ЖШҚ компаниясының халықаралық аудиторларынан алынған сертификат ISO 45001:2018 стандартының қағидаттарына сәйкестіктің растауы болып табылады.

ҚАУІПТЕРДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ

GRI 403-2

Қауіптерді анықтау, тәуекелдерді бағалау және оқыс оқиғаларды зерттеу өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды аспектілері болып табылады. Осы мақсатта Компания тәуекелдер мен ықтимал қауіптерді тұрақты түрде бағалайды, аудиттер мен тексерулер жүргізеді, апаттар мен оқыс оқиғалар туындаған кездегі іс-шаралар жоспарларын әзірлейді. Оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру сонымен

қатар оқиғалардың түпкі себептерін анықтауға және олардың болашақта қайталануын болдырмауға көмектеседі. Қауіптерді тиімді анықтау және тәуекелдерді бағалау үшін қызметкерлер қауіпсіздік ережелері, сондай-ақ жеке қорғаныс құралдарын пайдалану және қауіпсіз жұмыс тәсілдері туралы үнемі оқытылады және ақпараттандырылады.

Компанияда «ҚТЖ ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласындағы қауіптер мен экологиялық аспектілерді анықтау, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару стандарты¹³ қабылданды. Стандарттың мақсаты – «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік қауіпсіздік саласындағы қауіптер мен экологиялық аспектілерді анықтаудың, оларды бағалаудың, тәуекелдерді басқарудың бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету.

2022 жылы тәуекелдер мен ықтимал қауіптерді бағалау шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС, «Вагон-сервис» АҚ, «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ, «Кедентранссервис» АҚ, «КТЗ Express» АҚ жүйелік, өңірлік және желілік басқармаларының жұмыс топтары қауіптерді анықтауды жүргізді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобын басқару деңгейінде жұмыс тобын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Бас инженері Компанияның орталық аппараты мен желілік басқару деңгейіндегі бөлімшелердің өндірістік қауіпсіздік қызметтерінің қызметкерлерін қоса отырып, басқарды.

Қауіптерді анықтау нәтижелері бойынша Компанияның тізілімі 456 елеулі тәуекел енгізілді. Өндірістік қауіпсіздік бойынша тәуекел картасының қызыл аймағында тұрған, локомотив пен жылжымалы құрамның басып кетуі, электр тогының соғуы, биіктіктен құлау, опырылу және құлау, жол-көлік оқиғалары сияқты сыни тәуекелдердің саны 6 болды. Локомотив дизелі ауданында ауысу кезінде тартымды жылжымалы құрамдағы (локомотив) айналмалы тораптар мен тетіктердің әсеріне қызметкердің түсу қаупі 2022 жылдың қорытындысы бойынша қызыл аймақтан сары аймаққа көшті.

12 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 06.10.2020-дағы № 02/36 шешімімен бекітілген.

13 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 27.12.2021-дегі №954-ЦЗ шешімімен бекітілген.



Осы тәуекелдерді азайту мақсатында Компанияда Алдын алу шаралары бар іс-шаралар жоспары қабылданды және жүзеге асырылуда, оның ішінде Өндірістік қауіпсіздік қорының Іс-шаралар жоспары (адамдар, жабдық, төтенше жағдайлардың алдын алу бағыттары бойынша 38 міндетті қамтиды), 2022–2026 жылдарға арналған өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша (33 іс-шараны қамтиды, оның 16-ы аяқталды), 2022–2026 жылдарға арналған электрмен жарақаттанудың алдын алу бойынша (18 іс-шараны қамтиды, оның 11-і аяқталды).

Өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша іс-шаралар әзірленді, олар 2022 жылы ішінара іске асырылды:

- 475 станцияның техникалық-өкімгерлік актілерінің 7 тармағына вагондарды алға жылжыту кезінде поезддарды құрастырушының орналасқан жері және көтерілген алаңдар мен эстакадаларға жақындаған кездегі әрекеттерді реттеу бөлігінде толықтырулар мен өзгерістер енгізілді;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарында өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметті ішкі бақылауды ұйымдастыру» стандарты бекітілді;
- жақындап келе жатқан жылжымалы құрамның көрінуіне шектеулер бар жолдың қисық учаскелерін тексеру жүргізілді. Қосымша 52 қауіпті учаске анықталды;
- Теміржол жолдары мен құрылыстарын күтіп ұстау және жөндеу кезінде еңбекті қорғау қағидаларына, Жұмыс жасау кезінде поезддар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету басшылығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- ВЛ80С сериялы 399 электровоз бірлігі электр тоғының соғуынан қорғау жүйесін айналып өтіп орнатылған қолдан жасалған құрылғылардың бар-жоғы жөнінде тексерілді. Барлық клеммалық жөшіктер пломбаланды;
- барлық ЖТ НОД бойынша құрастыру бригадалары штатының толық жинақталуын тексеру жүргізілді. Құрастыру бригадалары толық жинақталды (181 бос жұмыс орны) және т.б.

Жарақат алу қаупінің алдын алу бойынша Компанияның белсенді шараларының бірі ҚМД (қауіпсіздік жөніндегі мінез-құлық диалогы) жүргізу болып табылады, оның барысында қызметкерлер өндірістік процестерді орындау кезінде қауіпті жағдайлар мен қауіпті әрекеттерді анықтайды. Жалпы 2022 жылы 22 995 ҚМД орындалды. Өткізілген ҚМД нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктердің 98%-ы жойылды.

Сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтармен таныстыру, мақсатты және жоспардан тыс нұсқамалық, техникалық сабақтар өткізу, ӨҚБЖ-дегі «Қауіпсіздік уақыты» модулінде «Жеделхат» пен «Бюллетеньдер», постерлер орналастыру, сондай-ақ оларды ЭҚА және корпоративтік электрондық пошта арқылы жіберу көмегімен қызметкерлер қауіпті өндірістік факторлар мен жағдайлар туралы хабардар етіледі.

ЖҰМЫСТАРДЫ ТОҚТАТУ

2019 жылдан бастап Қауіпсіздік жөніндегі мінез-құлық диалогын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, жұмыстарды жалғастыру өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін болса, бұл қауіпті жұмыстарды тоқтату мүмкіндігі енгізілді және әрбір қызметкерге осындай құқық берілді. Ол үшін мобильді қосымша арқылы автоматтандырылған жүйеге тиісті оқиғаны енгізу қажет. Содан кейін басшылық оқиғаны қарастырады және кемшіліктерді түзету мен болашақта қайталанудың алдын алу үшін шаралар қабылдайды.

Қауіпсіз емес жұмыстарды тоқтату құқығын пайдалану Компания қызметкерлері үшін жағымсыз салдарға әкелмейтінін атап өткен жөн. Компания қызметкерлердің қауіпсіздігі бірінші орында деген қағидатты ұстанады, сондықтан өзінің қауіпсіздігін және әріптестерінің қауіпсіздігін ойлайтын қызметкерлерді қолдайды және көтермелейді.

2022 жылы бұл мүмкіндікті 638 қызметкер пайдаланды.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ІС-ШАРАЛАРЫ

2022 жылы Компания еңбек жағдайларын жақсартуды, өндірістік жарақаттар мен кәсіптік аурулардың алдын алуды жалғастырды. 2 047 іс-шара іске асырылды.

Еңбек жағдайларын және еңбекті қорғауды жақсартуға 16,1 млрд теңге жұмсалды.

2022 жылы еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік іс-шараларына жұмсалған шығындар, млн теңге

	2020	2021	2022
Барлығы	4 158,2	4 417,4	4 685,2
Еңбекті қорғау	2 877,7	2 927,0	3 317,9
Өрт қауіпсіздігі	500,4	576,6	613,6
Өндірістік қауіпсіздік	263,3	414,4	523,1
Оқыту	482,3	438,3	227,7
Басқасы	34,5	61,1	2,9

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбек жағдайларын және еңбекті қорғауды жақсарту іс-шараларына орта есеппен бір қызметкерге 33,4 мың теңге жұмсады (2021 жылы – 31,7 мың теңге).

ӨНДІРІСТІК КЕҢЕСТЕР

Компанияның бөлімшелерінде 227 кеңес жұмыс істейді. Кеңестер ұйымдағы еңбекті қорғауды басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және қызметкерлердің қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды басқаруға қатысу нысандарының бірі болып табылады. Кеңестердің негізгі міндеттері – технологиялық процестерді, техникалық жабдықтауды жетілдіру, қызметкерлердің біліктілігін арттыру және жеке қорғаныс құралдарымен уақытылы қамтамасыз ету арқылы қызметкерлердің еңбек жағдайларын және еңбегін қорғауды үнемі жақсарту; персоналды қауіпсіздік және күзет жұмыстарына белсенді қатысуға тарту; өндірістік жарақаттану оқиғаларының санын азайту және өліммен аяқталуды болдырмау.

Қауіпті еңбек жағдайларын анықтау үшін кеңестер құрамына техникалық инспекторлар кіргізілген. Компаниядағы еңбекті қорғау бойынша оқытылған техникалық инспекторлардың саны 1 302 адамды құрайды. Олардың міндеттеріне еңбек жағдайларына тексеру жүргізу, ұйымдағы еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу және беру, сондай-ақ жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының жұмысын және жабдықтар мен тетіктерді пайдалануды тоқтату мүмкіндігі кіреді.

2022 жылы өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен Кеңестердің 908 отырысы өткізілді.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ

GRI 403-9

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметкерлерін өндірістік жарақаттардан қорғауға және жарақаттанудың нөлдік деңгейіне жетуге тырысады.

2022 жылы Компанияда тіркелген өндірістік жарақаттар саны 41, оның ішінде есепке алынғаны – 22, есепке алынбағаны – 19¹⁴ болды. Адам қайтыс болған 6 оқиға (5 есепке алынған, 1 есепке алынбаған), ауыр аяқталған 21 оқиға (13 есепке алынған, 8 есепке алынбаған), ауырлығы орташа және жеңіл дәрежедегі 14 оқиға (4 есепке алынған, 10 есепке алынбаған).

Компанияда еңбекке жарамдылығын жоғалтумен тіркелген оқиғалар жиілігінің орташа коэффициенті (LTIFR¹⁵) 2021 жылғы 0,25-тен 2022 жылы 0,21-ге дейін төмендеді. Материалдық залал 397 481 мың теңгені құрады, бұл 2021 жылдың деңгейінен (463 344 мың теңге) төмен.

2022 жылы жұмыс істеген сағаттардың жалпы саны 196 269 138 адам-сағат болды, TRIR¹⁶ – 0,04, FAR¹⁷ – 0,03 болды, ал Near Miss¹⁸ көрсеткіші 1,22 деңгейінде белгіленді.

Өндірістік жарақаттанушылықтың негізгі түрлері:

- қозғалатын, ұшып кететін және айналатын заттар мен бөлшектердің әсер етуі;
- зардап шегушінің құлауы;
- жоғарыдан құлау;
- электр тогымен зақымдану;
- жол көлік оқиғасы;
- заттардың, материалдардың, жердің және т.с.с. құлауы, опырылып құлауы, түсуі;
- кәсіптік сырқат және улану;
- оқиғалардың өзге түрлері;
- теміржол көлік оқиғасы (басып кету).

14 Есепке алынған және есепке алынбаған еңбек қызметімен байланысты жағдайларды бөлу Еңбек қызметімен байланысты жазатайым жағдайларды қызметтік және арнаулы тергеп-тексеру актілері негізінде жүзеге асырылады.

15 Жалақы жұмыс істелген 1 000 000 сағат негізінде есептелген.

16 Оқыс оқиғалар жиілігі.

17 Өліммен аяқталған оқыс оқиғалар жиілігі.

18 Салдары жоқ оқыс оқиғалар жиілігі.

Жынысы, өңірлері, жарақаттану деңгейі бойынша бөлінген өндірістік жарақаттану

	Жалпы саны	Соның ішінде					
		Жынысы бойынша		Жасы бойынша			
		Әйел.	Ер.	35 жастан кіші	36-45 жастағы	46-50 жастағы	50 жастан үлкен
БАРЛЫҒЫ (есепке алынған және есепке алынбаған)	41	0	41	14	12	8	7
Жарақаттану деңгейі: еңбекке жарамдылығын уақытша жоғалту							
Барлығы (есепке алынған)	4	0	4	2	0	1	1
Алматы облысы	2	0	2	1	0	1	0
Маңғыстау облысы	1	0	1	1	0	0	0
Атырау облысы	1	0	1	0	0	0	1
Барлығы (есепке алынбаған)	10	0	10	3	4	2	1
Қызылорда облысы	1	0	1	0	0	1	0
Жамбыл облысы	1	0	1	0	1	0	0
Ұлытау облысы	1	0	1	1	0	0	0
Маңғыстау облысы	1	0	1	0	1	0	0
Қарағанды облысы	1	0	1	0	1	0	0
Павлодар облысы	1	0	1	1	0	0	0
Ақтөбе облысы	2	0	2	0	0	1	1
Түркістан облысы	1	0	1	0	1	0	0
Ақмола облысы	1	0	1	1	0	0	0
Жарақаттану деңгейі: ауыр							
Барлығы (есепке алынған)	13	0	13	4	5	2	2
Қарағанды облысы	2	0	2	0	1	1	0
Алматы облысы	2	0	2	0	2	0	0
Маңғыстау облысы	3	0	3	1	1	0	1
Қостанай облысы	2	0	2	1	0	1	0
Атырау облысы	1	0	1	1	0	0	0
Қызылорда облысы	2	0	2	1	1	0	0
Түркістан облысы	1	0	1	0	0	0	1
Барлығы (есепке алынбаған)	8	0	8	3	3	1	1
Ақмола облысы	2	0	2	0	1	0	1
Батыс Қазақстан облысы	1	0	1	0	1	0	0
Түркістан облысы	2	0	2	2	0	0	0
Қарағанды облысы	1	0	1	1	0	0	0
Жамбыл облысы	2	0	2	0	1	1	0
Жарақаттану деңгейі: өліммен аяқталған							
Барлығы (есепке алынған)	5	0	5	2	0	2	1
Алматы облысы	2	0	2	0	0	1	1
Қарағанды облысы	1	0	1	1	0	0	0
Қостанай облысы	1	0	1	1	0	0	0
Маңғыстау облысы	1	0	1	0	0	1	0
Барлығы (есепке алынбаған)	1	0	1	0	0	0	1
Алматы облысы	1	0	1	0	0	0	1

КӨЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

Біздің Компанияда 1 667 автомобиль жұмыс істейді, олар қызметкерлерді, сондай-ақ басшыларды өндіріс орындарына тасымалдау үшін пайдаланылады.

2021 жылы бірде-бір ЖКО жағдайы тіркелген жоқ. Алайда 2022 жылы 1 ЖКО болды.

Апаттық жағдайлардың қаупін азайту үшін біз жүргізушілерді қауіпсіз жүргізу әдістеріне үйрету шараларын қабылдаймыз. Мәселен, 2022 жылы сертификатталған ұйыммен «Defensive driving» бағдарламасы бойынша 212 автокөлік жүргізушісі оқытылды.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында 100 өрт орын алды (2021 жылы – 92 өрт).

Өрттердің шығу себептері: 54%-ы өрт қауіпсіздігі нормаларының бұзылуы; 19%-ы өрттің даладан ауысуы; 14%-ы қысқа тұйықталу; 9%-ы техникалық ақау; 4%-ы дала өрті.

26 жағдайда аумақтық атқарушы органдардың елді мекендерде, орман және дала алаптарында өрттерді сөндіру үшін, сондай-ақ бөгде ұйымдардың ТЖД бөлімшелеріне көмек көрсету үшін бекіткен, күштер мен құралдарды тарту жоспарына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа тиесілі Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің (бұдан әрі – МЕӨК) өрт сөндіру поездары мен машиналары тартылды.

Компанияда өрттің алдын алу мақсатында келесі жұмыстар жүргізілуде:

- өрт-профилактикалық іс-шаралар (өрт-техникалық тексерулер, тәуелсіз ұйымдардың сараптамалары, стационарлық объектілер мен теміржол жылжымалы құрамындағы өрттердің себептерін ескере отырып, түзету шараларын әзірлеу, өрт қауіпсіздігі бойынша тоқсан сайынғы есептер, өртке қарсы тексерулердің ай сайынғы қорытындысы);
- өртке қарсы дайындық (өрт кезінде ескерту және сөндіру бойынша іс-әрекеттерді тәжірибелік оқытумен өрт-техникалық минимум бойынша техникалық сабақтар, өртке қарсы нұсқаулықтар, бірлескен оқу-жаттығулар);
- өрт қауіпсіздігі мен көлік саласындағы орталық және аумақтық уәкілетті органмен, жергілікті атқарушы органмен, шаруа қожалықтарымен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау (ВАМК отырыстарына, дөңгелек үстелдерге, конференцияларға, тартылған ұйымдармен және мемлекеттік органдармен кеңестерге қатысу);

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы өрт қауіпсіздігі нормаларының сақталуына МЕӨК ведомстволық бақылауы (өрт-техникалық тексерулер – көктемгі комиссиялық қарау кезінде егжей-тегжейлі, күзгі комиссиялық қарау кезінде – бақылаушы, жоспардан тыс тексерулер – өрттерден кейін, мақсатты – ИИДМ, ТЖМ, прокуратура, КІІД және басқа да органдардың нұсқаулары бойынша);
- өрт қауіпсіздігін басқарудың барлық деңгейлерінде өрт қауіпсіздігі жағдайын қарастыру;
- ТЖМ, сараптамалық ұйымдарды тарта отырып кеңестер өткізу;
- фермерлермен кеңестер өткізу, ауыл әкімдеріне өрт қауіпті кезеңге дейін және оның алдында өрттің алдын алу жөнінде жазбаша үндеу жолдау;
- темір жол бойындағы өткелде өрт қаупін азайту жоспарына сәйкес іс-шаралар жоспарын орындау;
- темір жол бойында өрт қауіпті кезеңде бақылау үшін жылжымалы бекеттерді ұйымдастыру;
- локомотив бригадасының темір жол маңындағы орман-дала өрттерінің фактілері туралы дер кезінде хабарлауын ұйымдастыру;
- ТЖД-мен өзара іс-қимыл, өңірлердегі өрт ошақтарының ғарыштық мониторингі;
- бұзушылықтар мен ескертулерді талдау негізінде өрт қаупі бар объектілерді анықтау.

Сондай-ақ 2022 жылы:

- Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының құрамаларымен 130 өртке қарсы оқу-жаттығу;
- Мемлекеттік өртке қарсы қызметтердің қатысуымен 160 өрттің алдын алу оқу-жаттығуы;
- апатты жою жоспары бойынша 286 оқу-жаттығу дабылы;
- апатты жою жоспары бойынша 87 апатқа қарсы жаттығулар өткізілді.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

2022 жылы қабылданған шаралар:

- 60 жарық жылтыл шамшырақтары сатып алынып, дрезиналарға орнатылды;
- 287 тасымалдау радиостанциялары сатып алынды;
- РУ-6 (10) кВ 6 977 ұяшығы техникалық қызмет көрсететін персоналдың электр қондырғыларына дұрыс емес қол жеткізуін болдырмау үшін қосымша құлыптау құрылғыларымен жабдықталды;
- электрмен жабдықтау дистанцияларының қызметкерлері үшін 495 экшн камерасы сатып алынды;
- электр жабдықтары үшін жабу құрылғыларының 2400 астам жиынтығы сатып алынды;



- 161 станцияда АБЖ станциясы енгізілді, ал 121 станцияда қауіптілігі жоғары аймақта, яғни темір жолдарда қызметкерлердің (қабылдаушылар, техникалық кеңселердің операторлары, келген поезддың толық поезд парағына сәйкестігін тексеру, поезддың құжаттарын қабылдау үшін т.ж. клиенттерін) болуын азайту үшін АБЖ ШКЖ енгізілді;
- 98 дрезинада және 56 локомотивке жарық шағылыстырғыш жолақтар орнатылды;
- Компания қызметкерлерімен қауіпті іс-әрекеттер немесе жағдайлар туралы 24,9 мың дабыл ӨҚБЖ-ге енгізілді;
- ықтимал қауіпті жағдайлардың алдын алғаны үшін өндірістік персоналдың 421 қызметкері ақшалай сыйлықпен мадақталды.

МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУ

GRI 403-7

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде Компания жеткізушілерге қажетті іс-шараларды атқару және Қазақстан Республикасының қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және экология бойынша нормативтік құқықтық актілерін сақтау талаптарын қояды.

Компанияда «Мердігерлік ұйымдардың «ҚТЖ ҰК» АҚ-та және оның еншілес ұйымдарында жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздікті басқару» корпоративтік стандарты қабылданған, оған Компанияның заңнамалық және жергілікті актілерін сақтау міндеттемелері, мердігерлердің қызметкерлерімен қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаушы кеңестер мен кіріспе нұсқамалықтар өткізу, сонымен қатар олардың сақталуын бақылау кіреді.

2022 жылы мердігерлік ұйымдарда өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкестікті тексеру бойынша 29 аудит жүргізілді. Нәтижесінде 127 сәйкессіздік анықталып, олар сәтті жойылды.

Орындау кезінде ең көп сәйкессіздіктер анықталған жұмыстардың негізгі түрлерінің ішінде темір жолдары мен жылжымалы құрамды күрделі жөндеуді, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеуді, сондай-ақ үй-жайларды тазалауды атап өтуге болады. Бұл ретте анықталған сәйкессіздіктердің негізгі түрлері ақаулы жабдықтар мен құралдар, ЖҚҚ қолданбау және қауіпсіз еңбек тәсілдерін бұзу болды.

2023 жылы «Өндірістік қауіпсіздік» біріктірілген жүйесінің (ӨҚ БЖ) «Мердігерлердің өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметті басқаруы» модулін әзірлеп, пайдалануға беру жоспарлануда.

Модуль келесіні қамтитын болады:

- мердігерлердің деректер базасын қалыптастыру және жаңарту;
- мердігерлердің қызметкерлері үшін қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалық өткізу;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдары объектілеріндегі мердігерлердің қызметіне байланысты өндірістік процестердің қауіпсіздігін тексеру мониторингі;
- қауіпсіздікті басқару жүйесінің аудиті;
- өндірістік қауіпсіздік саласындағы оқиғаларды есепке алу және мониторинг жасау;
- мердігерлердің қызметкерлеріне өндірістік қауіпсіздік саласындағы Компанияның жергілікті актілерін жеткізу фактісін тіркеу және т.б.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ

GRI 403-5

Жұмыс орнындағы жазатайым оқиғалардың санын азайтуға бағытталған қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару жүйесіндегі негізгі алдын алу іс-шараларының бірі — мамандарды, қызметкерлерді және басшыларды Еңбек кодексінің, уәкілетті органдардың және «Самұрық-Қазына» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ жергілікті актілерінің талаптарына сәйкес қауіпсіздік ережелеріне оқыту.

Оқыту тақырыптары	Оқытылған қызметкерлер саны
ҚР заңнамасының талаптары шеңберінде	19 781
еңбекті қорғау туралы	5 095
өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы	11 353
өрт қауіпсіздігі туралы	2 414
басқа бағыттар	919
ҚР заңнамасының талаптарынан тыс	22 446
еңбекті қорғау туралы	46
өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы	12
өрт қауіпсіздігі туралы	5
басқа бағыттар	22 383
Жұмыс орнында зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету (парамедик)	789
Рұқсатнама нарядтары	1 415
Нұсқамалықтар	2 225
Мердігерлік ұйымдардың қауіпсіздігін басқару	1 711
Қауіпсіздік жөніндегі мінез-құлық диалогы	15 752
NEBOSH (Еңбекті қорғау және өндірістегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі халықаралық сертификат)	23
IOSH Managing Safely (Жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастыру жөніндегі халықаралық сертификат)	256
Қауіпсіз жүргізу	212
Барлығы	22 446

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ФОРУМЫ

2022 жылдың желтоқсанында «Тиімді менеджмент — алдын алу шараларының нәтижелілігі» тақырыбында IV Өндірістік қауіпсіздік форумы өтті.

Форумның мақсаты — жарақаттанудың алдын алу шараларының нәтижелілігін арттыру.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Н.Е.Сауранбаевтың төрағалығымен өткен форумға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ, ХТЖО, «ССКӨБ» АҚ, «LDZ apsardze» ЖШҚ, «Samruk Business Academy» ЖМ өкілдері қатысты.

Форумда келесі жұмыс бағыттары белгіленді:

1. Орындалуы үшін материалдық сыйақы берілуі тиіс, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бөлімшелер мен қызметкерлердің сіңірген еңбегіне байланысты өлшемдердің үлесін арттыру.
2. Жоғары қауіптілікпен байланысты жұмыстар үшін есепке алу және жұмысқа наряд рұқсаттарды беру процестерін цифрлық форматқа көшіруді жеделдету.
3. Қызметкерлердің жарақаттану қаупін азайтуға байланысты алдын алу шараларын күшейте отырып, озумен жұмыс жасау.

4. Зиянды жағдайларда жұмыс істейтін, ауыр және дүбірлі іс-әрекет түрлерімен айналысатын қызметкерлердің санын қысқарту.
5. Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізген қызметкерлер мен бөлімшелерді мадақтау.

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІ

Компанияда «Өндірістік қауіпсіздіктің біріктірілген жүйесі» (ӨҚБЖ) автоматтандырылған жүйесі табысты жұмыс істейді, оның құрамына: ішкі бақылау, қауіпсіздік жөніндегі мінез-құлық диалогтары, оқыс оқиғаларды, төтенше жағдайларды, жеделхаттар мен бюллетеньдерді басқару, қоршаған ортаны қорғау, өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау, сауалнамалар, қауіпсіздік минуттары модульдері кіреді.

105 мыңнан астам қызметкер ӨҚБЖ пайдаланушысы болып табылады. Мобильді қосымша арқылы әрбір қызметкер өзінің немесе әріптестерінің қауіпсіздігіне ықтимал қауіп төніп тұрғанын байқаса, қауіпті жұмысты тоқтата алады. 2022 жылы бұл мүмкіндікті 638 қызметкер пайдаланды.



МОБИЛЬДІ ПЛАТФОРМАНЫҢ ЦИФРЛАРЫ

Анықталған
бұзушылықтар (ҚМД+ІБ)

82 855

Жойылған бұзушылықтар
(ҚМД+ІБ)

81 209

Жүргізілген қауіпсіздік
диалогтары

24 225

Жүргізілген тексеру
(тексеру тізімі)

45 490

Жіберілген жеделхаттар
мен бюллетеньдер

68



Өткізілген оқыту
(сағат)

38 138

Тіркелген
пайдаланушылар (адам)

105 694

Тіркелгендер саны (%)

97,6

Шығарындыларды
есептеудің
автоматтандырылған
әдістемелері

600

БК мен ЕҰ ӨҚБЖ
периметріне кіргізілген

21

ӨҚБЖ халықаралық деңгейде танылып, келесі марапаттарға ие болды:

- 2-орын — Халықаралық темір жолдар одағының (ХТЖО) «UIC DIGITAL AWARDS 2020» конкурсында «Қауіпсіздік» номинациясы бойынша;

- «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясындағы «Digital Samruk 2020» конференциясындағы «Үздік цифрлық жоба» номинациясы.



2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2023 жылы Компания қауіпсіздікті жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастырады. Қордың іс-шаралар жоспарында өндірістік қауіпсіздік, өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардың алдын алу, электр жарақаттанудың алдын алу



бойынша көзделген іс-шаралар жүзеге асырылатын болады, сондай-ақ еңбекті қорғауды насихаттау мақсатында ҚжәнеЕҚ мамандары үшін форумдар, семинарлар, озық тәжірибе мектептерін, олимпиада өткізу, оқыту, моральдық және материалдық ынталандыру жоспарланған.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

GRI 403-3, 403-10

Темір жол өндірістік жарақат алу қаупінің жоғарылауымен, қауіпті поезддар қозғалысымен және қызметкерлер арасында созылмалы аурулардың пайда болуымен байланысты. Денсаулықты қорғау және медициналық қамтамасыз ету «ҚТЖ» ҰК» АҚ әлеуметтік саясатының маңызды аспектісі болып табылады, өйткені олардың физикалық және психологиялық денсаулығына тікелей әсер етеді. Денсаулықты қорғау және медициналық қамтамасыз ету бойынша сапалы жұмыс еңбек жағдайларын жақсартуға және кәсіби жарақаттар мен аурулардың қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Өндірістегі қызметкерлердің 49%-ы ағзада органикалық және функционалдық өзгерістер тудыруы мүмкін жағдайларда жұмыс істейді және кәсіби аурулардың даму қаупі бар топқа кіреді.

Теміржол саласында зиянды және қауіпті кәсіптік факторлар кеңінен таралған: шу, діріл, ауыр жұмыс, климаттық өзгерістер, электромагниттік сәулелену, зиянды заттар, артық ақыл кернеуі, жұмыстың біркелкілігі және эмоциялық шамадан тыс жүктеме.

Компания еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік талаптарға сәйкес өндірістік объектілерде еңбек жағдайларын аттестаттауды жүргізеді. Бұл зиянды немесе қауіпті факторларды анықтау және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізу мақсатында еңбек жағдайларын бағалау бойынша іс-шаралар кешенін қамтиды.

2022 жылы өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері бойынша Компанияда зиянды, ауыр және дүбірлі жұмыс жағдайларында істейтін 48 130 қызметкер немесе «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің жалпы санының 44%-ын құрайтын 23 402 жұмыс орны анықталды (2021 жылы – 24 152).

Есеп беріліп отырған жылдағы ауыр жұмыстарда істейтін, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті қызметкерлердің өңірлер, жасы және жынысы бойынша бөлінісіндегі саны

	Жалпы саны	Соның ішінде					
		Жынысы бойынша		Жасы бойынша			
		Әйел	Ер	35 жастан кіші	36-45 жастағы	46-50 жастағы	50 жастан үлкен
Қазақстан Республикасы	48 130	3 612	44 518	14 189	13 896	11 666	8 379
Астана қаласы	396	13	383	28	198	96	74
Алматы қаласы	372	17	355	78	155	105	34
Шымкент қаласы	276	20	256	47	91	87	51
Ақмола облысы	4 132	364	3 768	932	979	1 234	987
Ақтөбе облысы	6 133	819	5 314	1 740	1 665	1 404	1 324
Алматы облысы	4 245	57	4 188	1 375	1 246	825	799
Атырау облысы	1 582	16	1 566	712	347	447	76
Шығыс Қазақстан облысы	2 400	253	2 147	933	737	441	289
Жамбыл облысы	4 269	149	4 120	957	1 354	1 047	911
Батыс Қазақстан облысы	517	19	498	123	188	96	110
Қарағанды облысы	4 661	147	4 514	1 155	1 325	1 340	841
Қостанай облысы	4 129	199	3 930	1 401	1 210	945	573
Қызылорда облысы	3 132	174	2 958	1 176	1 008	415	533
Маңғыстау облысы	2 582	193	2 389	993	755	445	389
Павлодар облысы	5 375	905	4 470	1 358	1 527	1 601	889
Солтүстік Қазақстан облысы	464	66	398	101	125	184	54
Түркістан облысы	3 465	201	3 264	1 080	986	954	445

2023 жылы жаңа технологияларды, жабдықтарды енгізу және өндірістік процестерді автоматтандыру есебінен еңбек жағдайлары ауыр және зиянды жұмыс орындарының санын 32 000-ға дейін қысқарту жоспарлануда.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАРАП-ТЕКСЕРУЛЕР

Қызметкерлер денсаулығының жағдайын динамикалық бақылау және кейін оларды сауықтыру бойынша тиімді шараларды қабылдау мақсатында жұмыс берушіге заңды түрде ауыр жұмыстарда, зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерді міндетті медици-налық қарап-тексерулерден өткізу және олардың декреттелген контингентін куәландырудан өткізуге міндет бекітілген. Сапалы және уақтылы жүргізілген медициналық қарап-тексеру кәсіби және созылмалы аурулардың дамуын алдын алуға, сондай-ақ жұмыс орнында қызметкердің денсаулығының кенеттен нашарлау, оның ішінде өліммен аяқталатын, қауіпін болдырмауға мүмкіндік береді.

Компания қызметкерлерінің жұмысқа жарамдылығын белгілеу және денсаулыққа ықтимал қауіптерді анықтау үшін медициналық қарап-тексеру жүргізіледі.

Ауысым алдындағы/сапар алдындағы медициналық қарап-тексерулер жіті және созылмалы аурулардың асқынуын, денсаулықтың функционалдық бұзылы-старын ерте анықтау және профилактикалық іс-шара-ларды жүргізу мақсатында жүргізіледі.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та 94 155 міндетті мерзімді медициналық қарап-тексерулер немесе жоспарлы қарап-тексерулердің жалпы санының 97%-ы өткізілді. Жоспардың орындалмауы қызметкерлердің жұмыстан

шығуына – 1,8%, еңбек демалысында болуына – 0,8%, еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жұмыс орнында болмауына – 0,5%, басқа себептерге – 0,1% байланысты болды.

Анықталған созылмалы ауруларға байланысты мін-детті мерзімдік медициналық қарап-тексерулердің қорытындысы бойынша тексерілген қызметкерлердің 7,2%-ына диспансерлік есепке тұру, 2,6%-на – сана-торлық-курорттық емдеу, 8,2%-на – амбулаторлық емдеу, 2,4%-на – стационарлық емдеу және тексеру ұсынылды.

Міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулер нәтижесінде анықталған сырқаттанушылық құрылы-мында жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары, бірінші кезекте артериялық гипертензия (51%) және өкпенің созылмалы обструктивті аурулары – 11,8% басым орын алады.

2022 жыл ішінде тасымалдаумен айналысатын негізгі темір жол кәсіпорындарында («ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы, «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС, «Әске-рилендірілген теміржол күзеті» ЖШС) 6 492 304 алдын ала медициналық қарап-тексерулер жүргізілді.

Қарап-тексерулердің қорытындысы бойынша қызмет-керлердің 0,02% жұмыстан шеттетілді. Қызметкерлерді жұмыстан шеттетудің негізгі себептері жүрек-қан-тамыр жүйесі аурулары, атап айтқанда 58,4% жағдайда артериялық гипертензия болды. Бұл қызметкерлердің жасына байланысты: қызметкер неғұрлым үлкен болса, соғұрлым жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының және олардың асқынуларының даму ықтималдығы жоғары болады. Шеттетілген зейнеткерлердің орташа жасы – 47,4.

Ауру топтары бойынша қызметкерлерді жұмыстан шеттету, %

Аурулар	%
Жүрек-қан тамыр жүйесі	58,4
ЖРВИ (катаральды құбылыстар, жоғары температура)	26,5
Асқазан-ішек жолдары	3,2
Стоматологиялық аурулар	4,7
Басқа аурулар	3,2
Жүйке жүйесі (люмбалгия, радикулит)	2,7
Көз аурулары	0,8

Жыл сайын әр 1000 медициналық қарап-тексеруден кейін 4-5 қызметкер ауысымнан шеттетіледі, ең көп үлес машинистер мен олардың көмекшілеріне (72,4%), поезддарды құрастырушылар мен олардың көмек-шілеріне (11,2%), вагон тексерушілеріне – 10,2%, басқа лауазымдарға – 6,2% келеді.

Созылмалы ауруларды уақтылы анықтауға жағдай жа-сайтын жыл сайынғы медициналық қарап-тексерулер, сондай-ақ ауысым алдындағы/сапар алдындағы меди-циналық куәландырудан кейін қажет болған жағдайда дер кезінде ауысымнан/сапардан шеттетулер жұмыс орнындағы қызметкерлердің жарақаттану және/немесе денсаулығының кенеттен нашарлауы оқиғаларының алдын алудың ықтимал тәсілі болып табылады.



ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ КЕНЕТТЕН НАШАРЛАУЫ

GRI 403-6

Қызметкердің жұмыс орнындағы денсаулығының кенеттен нашарлауы жалпы аурудың әсерінен өн-дірістік жарақаттанудың тіркелмеген жағдайы болып табылады.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ 27 қызметкері денсау-лығының кенеттен нашарлауынан зардап шекті, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 22,8%-ға аз (2021 жылы – 35 қызметкер). Оның ішінде 12 жағдай өліммен аяқталды (2021 жылы – 16 жағдай болған).

Неғұрлым толығырақ талдау көрсеткендей, ДКН жағдайларының 88,9% жүрек-қантамыр жүйесі ау-руларымен байланысты болды, оның ішінде 16 адам (59%) артериялық гипертензиямен ауырады. ДКН 11,9% (2 адам) жағдайында остеохондроз және артроз сияқты қимыл-тірек аппаратының аурулары себеп болды.

ДКН өліммен аяқталған жағдайларының 15%-ы ми қан айналымының жедел бұзылысымен (ҚАЖБ, инсульт), ал 85%-ы миокард инфарктымен байланысты болды.

ДКН бар қызметкерлердің орташа жасы – 48,8.

Компания қызметкерлерінің ДКН жағдайларын талдау нәтижелері көрсеткендей, 2019 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде ДКН жиілігі айтарлықтай өзгермеген: 10 000 қызметкерге жыл сайын 3-4 ДКН жағдайы пайда болады, оның 42% өліммен аяқталады.

Лауазымдары бойынша декрет тобындағы қызмет-керлерді бөлігуе болады: жол монтерлері (42%), жол-серіктер (20%), машинистер/машинист көмекшілері (24%), дрезиналардың, бульдозерлердің және жол машиналарының жүргізушілері (5,1%), атқыштар/күзетшілер (4,5%) және басқалары (4,4%). Мұны жұмысы зиянды және қауіпті факторлардың әсерімен байланысты қызметкерлер ДКН-ге көбірек ұшыра-уымен түсіндіруге болады.

ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУІПТІ АЗАЙТУ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР

2022 жылы декреттелген қызметкерлер тобының – жол монтерлері, жолсеріктер арасындағы ДКН санының азаюын «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту және еңбекті ұйымдастыруды арттыру бағдарламасы шеңберінде еңбекті автомат-тандыру бойынша шаралар қолдануымен түсіндіруге де болады, жол дистанциясының қажеттіліктері үшін 2 мотовоз және 220 шағын механикаландыру бірлігі сатып алынды. Сондай-ақ санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсарту үшін санитарлық-тұрмыстық мақсаттағы 37 модульдік ғимарат, 15 жылыну пункті, 4953 дана жиһаз және 1253 бірлік тұрмыстық техника сатып алынды және де санитарлық-тұрмыстық мақ-саттағы 94 санитарлық үй-жай жөнделді.

Еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС санитарлық-тұрмыстық мақсаттағы 310 үй-жайға жөндеу жасап, 1146 бірлік құрал-сайман сатып алды.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жолсеріктердің жасын ескере отырып, олардың жұмыс жағдайын қайта қарады. Осылайша, 50 жастан үлкен қызметкерлер үшін сапарлар ұзақтығын ескере отырып, неғұрлым жеңіл жұмыс кестесі қарастырылды. 2022 жылы жұмыс режимін өзгерту нәтижесінде жолсеріктер арасында ДКН-нің 1 жағдайы тіркелді, 2018 жылы ДКН-нан 7 жолсерік зардап шеккен болатын, оның ішінде 2 жағдай өліммен аяқталған.


Сондай-ақ есеп беріліп отырған жылы ӨКАЖ мо-бильді қосымшасына жүрек-қан тамырлары, жұқпалы аурулардың, жарақаттардың және т.б. профилак-тикасы бойынша «Қауіпсіздік минуттары» қосылды. Электр жарақаты мен қан кету кезіндегі алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету туралы бейнеро-ликтер әзірленді.



ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ ПАРАҚТАРЫ

2022 жылы 79 мыңнан астам қызметкер
3 844 млн теңге көлеміндегі ерікті медициналық
сақтандыру алды.

**2020—2022 жылдары қызметкерлердің
сырқаттануына байланысты еңбекке
жарамсыздық күндер санының динамикасы,
күн**



Ауруға байланысты еңбекке жарамсыздық күндерінің саны 943 547 күнді құрады, қызметкерлердің еңбекке жарамсыздығына әкелген негізгі аурулар жедел респираторлық вирустық инфекциялар, жіті фарингит, өзіндік ерекшеліксіз ойық жаралы колит және созылмалы панкреатит болды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ САУАЛНАМАСЫ

Есеп беріліп отырған жылы көтерген аурулардың салдарларының (COVID-19 пандемиясын ескере отырып) персоналдың жұмысына әсерін анықтау және оларды сауықтыру бойынша тиімді шараларды әзірлеу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға 17,5 мыңнан астам адам қатысты, олардың көпшілігі 40 пен 60 жас аралығындағы өндірістік персонал.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қызметкерлердің 20%-дан астамы созылмалы аурулармен ауырады және жиі суық тигеннен болатын ауруларға ұшырайды. COVID-19 байланысты 64%-ы ауырмады немесе симптомсыз ауырды, 31,1%-ы вакцинация алған, бірақ сонда да ауырып қалды, 76,8%-ы өзін нашар сезіну туралы басшылыққа хабарласпаған, 21%-ы жұмыс орнында оларға тез сауығып кетуге көмектескен шаралар туралы хабарлады, 11%-ы эмоциялық шаршау белгілерін сезінді, COVID-19 ауруына шалдыққан адамдардың 27,5%-ы хал-жағдайы нашарламай жұмысын істеп жүр, 8,1%-ы олардың жұмысқа қабілетіне әсер ететін COVID-19 қалдық белгілерін сезінеді, оның ішінде 0,8%-ы жұмысын үнемі бұрынғы көлемде жасай алмай жүр.

Сауалнама нәтижесінде арнаулы сауықтыру бағдарламаларын қажет ететін қызметкерлер арасында тәуекел тобы анықталады. Ол үшін еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары талданады, созылмалы аурулар анықталады. Санаторлық-курорттық емдеу, диспансерлік есепке алу және созылмалы ауруларды

емдеу сияқты арнаулы сауықтыру бағдарламалары әзірленуде. Салауатты өмір салты бойынша да жеке мысалдар ескеріліп, жүйелі хабарламалар өткізіліп тұрады.

2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН JAҚCARTY ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТӨНЕТІН ҚАУІПТІ АЗАЙТУ ЖОСПАРЛАРЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбек жағдайларын жақсарту және өз қызметкерлерінің денсаулығына төнетін қауіптерді азайту үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Дегенмен, біздің зерттеулеріміз осы уақытқа дейін атқарылған шаралардың жеткіліксіз екендігін көрсетіп отыр. Біз анықтаған негізгі мәселелер — медициналық қарап-тексерулердің қанағаттанарлықсыз сапасы, ауруларды анықтау деңгейінің төмендігі, қызметкерлердің денсаулығына диспансерлік бақылаудың жоқтығы және еңбек жағдайларын жақсарту мен персоналды сауықтыру іс-шараларының тиімсіздігі.

Медициналық қызметтерді көрсету жағынан анықталған проблемаларға байланысты Сатып алу санаттық стратегиясы (ССС) шеңберінде қызметтерді сатып алу жоспарлануда, ол өңірлер бойынша көзге, ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі/сапардан кейінгі қарап-тексерулер көлемін біріктіруге, ұзақ мерзімді негізде белгіленген баға бойынша сатып алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ұзақ мерзімді келісімшарттарды енгізу жеткізушілерді материалдық базаға инвестициялармен қамтамасыз етеді, бұл



білікті жеткізушілерді тартуға және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға жағдай жасайды.

Сондай-ақ 2023 жылға жоспарланған:

- персоналдың денсаулық жағдайына, оның ішінде олардың психикалық денсаулығына тұрақты мониторинг жүргізу;
- стресс көздері туралы хабардар болуды арттыру, қолдау құралдарын ұсыну, стрессті басқару бойынша тренингтер өткізу және т.б. шаралар арқылы жұмыста стресстің алдын алу және психикалық денсаулықты жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- денсаулықты ескере отырып, қызметкерлердің тәуекел тобын қалыптастыру;
- бірыңғай базаны құру арқылы медициналық қарап-тексерулерді автоматтандыру;
- декреттелген топтағы қызметкердің санаторийді өз бетінше таңдау мүмкіндігімен санаторлық-курорттық емделуге материалдық өтемақы беру;
- материалдық мадақтау арқылы барлық қызметкерлер үшін салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламаларын әзірлеу.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Тұрақты дамуды басқару	84
Экономикалық әсер ету	92
Экологиялық жауапкершілік	104
Энергия тиімділігі және энергияны үнемдеу	114
Әлеуметтік жауапкершілік	120

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

GRI 2-9, 2-12, 2-13

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Тұрақты даму саласындағы саясаты¹⁹ Компанияның тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін жетілдіру бойынша Компанияның негізгі құжаты болып табылады.

Саясат тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен қағидаттарды айқындайды, мақсаттарға қол жеткізу және тұрақты даму қағидаттарын енгізу механизмін

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тұрақты даму қағидаттары:

- ашықтық
- есеп берушілік
- айқындық
- этикалы мінез-құлық
- құрметтеу
- заңдылық
- адам құқықтарын сақтау

- сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік
- мүдделер қақтығысын болдырмау
- жеке басының үлгісі

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметінде:

- Қазақстанның транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыта отырып, ұлттық экономиканың өсуін қамтамасыз етуге;
- жаңа жұмыс орындарын құру, көлік құрамдас бөлігін қысқарту, халықтың ұтқырлығын арттыру және қайырымдылық жобаларды жүзеге асыру арқылы Қазақстан халқының өмір сүру жағдайын жақсартуға;

белгілейді, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды басқарудың тиімді жүйесін жасайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бүгінгі таңда қабылданатын шешімдердің ықтимал салдарын түсіне және сезіне отырып, экономикалық өсуді, әлеуметтік әл-ауқат пен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тұрақты даму қағидаттарына баса назар аударады.

- өз қызметкерлерінің өмірі мен жұмысы үшін ба-рынша қолайлы жағдайлар жасауға, оларды толық әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етуге және оқыту мен кәсіби біліктілігін арттыру мүмкіндігін беруге;
- қозғалыс қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге;
- жаңа технологиялар мен заманауи жылжымалы құрамды енгізуге, теміржол тасымалын дамыту арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға ұмтылады.

№5 МАҚСАТ. КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясының іргелі бағыттарының бірі – тұрақты дамуды қамтамасыз ету, бұл үш стратегиялық бастаманы:

- әлеуметтік тұрақтылықты арттыру және кадрлық әлеуетті дамытуды;
- экологиялық тұрақтылықты;
- корпоративтік басқаруды жетілдіруді жүзеге асыруды көздейді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 2-9, 2-12, 2-13

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметіне стратегиялық басшылықты қамтамасыз ету, тұрақты даму саласындағы есепті бекіту

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЯҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ КОМИТЕТІ	ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ	АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ
кадр саясаты, тағайындаулар, бағалау және сыйақы беру, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы мәселелерді қарау	«ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясының, Даму жоспарының орындалуын қарау және бақылау, «ҚТЖ» ҰК» АҚ инвестициялық стратегиясы, қаржылық тұрақтылығы бойынша ұсынымдар беру	қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, қозғалыс қауіпсіздігі, тұрақты даму, инновациялық даму саласындағы мәселелерді қарау	корпоративтік басқару жүйесінің дамуын, қаржылық есептіліктің сапасы мен сенімділігін, тәуекелдерді басқару жүйелерін, ішкі бақылау және сыртқы аудитті бақылау

БАСҚАРМА

тұрақты даму саласындағы қағидаттарды іске асыру және енгізу, тұрақты даму саласындағы қызметке мониторинг жасау

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ	ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР	БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
Біріктірілген жылдық есептің дайындалуын, тұрақты даму саласындағы ҚШК орындалуын, ESG рейтингінің алынуын бақылау	тұрақты даму саласындағы бастамалар мен іс-шараларды әзірлеу, оларды жүзеге асыру	тұрақты даму саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізу және жеке тәртіп және тиісті саясат пен стандарттарды сақтау арқылы TMM-ға қол жеткізу

19 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 мамырдағы шешімімен (протокол №8 хаттама) бекітілген.

ҰЙЫМНЫҢ ЭКОНОМИКАҒА, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖӘНЕ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІН ҚАДАҒАЛАУ

GRI 2-12, 2-13, 403-4

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма тұрақты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оның енгізілуін қамтамасыз етуі тиіс. Компанияның әрбір қызметкері ұйымның барлық деңгейінде тұрақты дамуға өз үлесін қосуы керек.

Компанияда Директорлар кеңесінің шешімімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Тұрақты даму саласындағы саясатын²⁰ бекітті, ол Компаниядағы тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін жетілдірудің негізгі құжаты болып табылады.

Саясат тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен қағидаттарды айқындайды, мақсаттарға қол жеткізу және тұрақты даму қағидаттарын енгізу тетігін белгілейді, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды басқарудың тиімді жүйесін жасайды.

Саясатқа сәйкес тұрақты дамудың тиімділігін бағалау жыл сайын жүргізіледі, ол Компания қызметінің нәтижелерін тұрақты дамудың үш: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша көрсетеді.

Бағалау нәтижелері Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің қарауына беріледі. Қорытындылар бойынша Комитет мүшелері көрсеткіштерді жақсарту бойынша тапсырмалар береді. Сонымен қатар Компанияның атқарушы органы деңгейінде тұрақты даму мәселелерін шешуді қоса алғанда, міндеттер мен өкілеттіліктер аясының нақты орналасуы белгіленді, ол келесідей:

- Басқарма Төрағасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады:**
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және қызмет үздіксіздігін басқару жүйелерін жетілдіру бойынша;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ кадр саясатының тұжырымдамасы мен стратегиясын анықтау бойынша және т.б.

- Басқарма Төрағасының стратегия және цифрландыру жөніндегі орынбасары «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін келесі бағыттар бойынша басқарады:**
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясын іске асыру жұмыстарын әзірлеу, мониторинг жасау және үйлестіру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрақты даму қағидаттарын енгізу және іске асыру мәселелерін үйлестіру және т.б.

- Басқарма Төрағасының орынбасары «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне келесі бағыттар бойынша басшылықты жүзеге асырады:**
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша қозғалыс қауіпсіздігін басқару, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жүйелерін, өрт қауіпсіздігін, өнеркәсіп қауіпсіздігін, сондай-ақ экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелерін жетілдіру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша қозғалыс қауіпсіздігі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, экологиялық қауіпсіздік, өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау;
 - төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та энергия үнемдеу және энергия тиімділігінің кешенді бағдарламаларын әзірлеу, енгізу, жаңарту және олардың орындалуын бақылау және т.б.

- Аппарат басшысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне келесі бағыттар бойынша басшылықты жүзеге асырады:**
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының кадр саясатының тұжырымдамасын әзірлеу;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ынталандыру, еңбекті нормалау және қызметін бағалау жүйелерін жетілдіру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында бірыңғай корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және енгізу;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының еңбек ресурстарын қайта құрылымдау саласындағы саясатты әзірлеу және іске асыру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында әлеуметтік саясатты белгілеу және жүзеге асыру;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және т.б.

БҰҰ ЖАҒАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ҰСТАНУШЫЛЫҚ

2012 жылдан бері «ҚТЖ» ҰК» АҚ 160-тан астам елден 15 мыңнан астам компанияны біріктіретін әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ең ірі халықаралық бастама – БҰҰ Жаһандық шартының (UN Global Compact) мүшесі болып табылады.



Осы есеп БҰҰ Жаһандық шарты шеңберіндегі прогресс туралы хабарламамыз болып табылады. Компания БҰҰ Жаһандық шартын үздіксіз қолдайтынын мәлімдейді және «ҚТЖ» ҰК» АҚ адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы БҰҰ Жаһандық шартының он қағидатын өз жұмысында басшылыққа алуға дайын екенін растайды және бұл маңызды қағидаттарды Компания қызметінің барлық аспектілеріне біріктіру жөніндегі біздің күш-жігерімізді көрсетеді.

БҰҰ Жаһандық шартының ресми сайтындағы Компанияның прогресі туралы хабарлама:



Адам құқықтары	1-қағидат	Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарының қорғалуын қолдауға және құрметтеуге тиіс.
	2-қағидат	Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
Еңбек қатынастары	3-қағидат	Іскерлік топтар бірлестіктер еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты тануды қолдауы тиіс.
	4-қағидат	Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюды жақтауы тиіс.
	5-қағидат	Іскерлік топтар балалар еңбегін толығымен жоюды жақтауы тиіс.
	6-қағидат	Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамтылу саласында кемсітушілікті жоюды жақтауы тиіс.
Қоршаған орта	7-қағидат	Іскерлік топтар экологиялық мәселелерге сақтық қағидатын ұстанып қарауды қолдауы тиіс.
	8-қағидат	Іскерлік топтар қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар көтеруі тиіс.
	9-қағидат	Іскерлік топтар экологиялық тұрғыдан қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға ықпал етуі тиіс.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	10-қағидат	Іскерлік топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, оның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы тиіс.

20 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 мамырдағы шешімімен (протокол №8 хаттама) бекітілген.



БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҮЛЕС ҚОСУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Әлемімізді өзгерту: 2030 жылға дейінгі тұрақты дамудың күн тәртібі» бағдарламасы аясында БҰҰ қабылдаған Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) барлық тұрақты даму мақсаттарын ұстанады.

Компанияның қызметін БҰҰ мақсаттарымен салыстыра отырып, біз 6 мақсатты анықтадық, соларға жұмылып, қол жеткізуге үлес қосамыз.



ТҰРАҚТЫ
ДАМУ
МАҚСАТТАРЫ

Біз елеулі үлес қоса алатын мақсаттар:



Тұрақты даму саласындағы қызметтің шешуші көрсеткіштері (ҚШК) аталған мақсаттарға қол жеткізуді бағалайды.

2020–2022 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы мақсаттарының орындалуы



LTIFR (жұмыс уақытын жоғалтумен тіркелген оқиғалар жиілігі коэффициенті)			
2020	2021	2022	
0,27	0,25	Жоспар	Дерек
		0,23	0,21



Басшылық лауазымдардағы әйелдер үлесі, %			
2020	2021	2022	
-	21	Жоспар	Дерек
		24	24



Әкімшілік персоналдың тартылу деңгейі, %			
2020	2021	2022	
81	81	Жоспар	Дерек
		61	82



Әлеуметтік тұрақтылық деңгейі, %			
2020	2021	2022	
75	72	Жоспар	Дерек
		75	65



Тасымалдау қауіпсіздігі деңгейі, оқиға./млн поезд-км			
2020	2021	2022	
1	0,81	Жоспар	Дерек
		1,05	0,7



Энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру, %			
2020	2021	2022	
-	10	Жоспар	Дерек
		100	60



Экологиялық әсер ету деңгейі, %			
2020	2021	2022	
0,641	0,630	Жоспар	Дерек
		0,620	0,619

Есеп беріліп отырған жылдың қорытындысы бойынша екі ҚШК бойынша келесі нысанаға алынған көрсеткіштерге қол жеткізілмеді:

- әлеуметтік тұрақтылық деңгейінің орындалмауы қызметкерлердің өзінің материалдық қамтамасыз етілуіне қанағаттану деңгейінің нашарлауымен байланысты.

- Энергияны үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалмауы Компанияға байланысты емес жағдайлардан, атап айтқанда: жеткізушілердің болмауынан және жеткізушілердің шарттық міндеттемелерін орындамауынан туындады.



2023 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕККЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясына өзекті сипат беру

2023 жылы Компания тұрақты даму мақсаттарын қамтитын жаңартылған 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясын қабылдайды. Стратегияға сәйкес Компания әлеуметтік тұрақтылықты жақсарту және кадрлар әлеуетін дамыту, қоршаған ортаға теріс әсерді азайту және корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін енгізу арқылы ESG қағидаттарын өз қызметіне енгізуді жалғастырады.

Ұзақ мерзімді келешекте басым міндеттер айқындалады: парниктік газдар шығарындыларын азайту, гендерлік теңдікке қол жеткізу, санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсарту, оқыту сапасын арттыру, қызметкерлерді ынталандыру және т.б.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбек қауіпсіздігі мәселелеріне және нөлдік жарақаттану жағдайын жасауға бұдан былай да көбірек көңіл бөлетін болады.

Бұдан басқа, Стратегия аясында Компания корпоративтік басқарудың тәсілдері мен қағидаттарын жетілдіруді, ашықтықты арттыруды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсаттарына қол жеткізуді жалғастырады.

ESG рейтингін растау

Компания өз алдына ESG бағалауын жақсарту мақсатын қояды. 2023 жылы ESG рейтингін растау үшін халықаралық рейтингтік агенттіктің сарапшылары тартылады.

Осы мақсатта Компания 2022 жылы ESG рейтингін тағайындау нәтижесінде алынған ұсынымдарды ескере отырып, ESG рейтингін жақсарту бойынша жол картасын әзірледі.

TCFD стандартын енгізу

ESG ақпаратын ашып көрсетудің айқындығын арттыру шаралары аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ TCFD (Task Force on Climate-related Financial Disclosures) Климатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашып көрсету жөніндегі мақсатты тобының ұсынымдарына сәйкес есептілік жүргізу стандарттарын енгізуді жоспарлап отыр.

Осы мақсатта 2023 жылы жұмыс тобы климаттың өзгеруінің Компанияның операциялық қызметіне және оның қаржылық нәтижелеріне әсерін талдау бойынша жұмыс жүргізеді. Талдау нәтижелерін келесі есеп берілетін кезеңдерде ұсыну жоспарлануда.

Кадр саясатына өзекті сипат беру

Бірқатар стратегиялық міндеттерді, оның ішінде қызметтің тиімділігін, еңбек өнімділігін арттыруға және қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, IR және ESG қағидаттарын енгізуге бағытталған міндеттерді іске асыру мақсатында 2023 жылы Кадр саясатына өзекті сипат беру жұмысы жүргізіледі.

ESG РЕЙТИНГІ



Анықтама үшін: ESG рейтингі — бұл бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін, сондай-ақ компаниядағы корпоративтік басқару тәуекелдерін бағалау.

ESG рейтингі инвесторлар үшін инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде стратегиялық құрал болып табылады және компанияның ұзақ мерзімді кезеңдегі тұрақтылығын анықтау үшін оның тәуекелдері мен мүмкіндіктерін анықтауға көмектеседі.

Есеп беріліп отырған жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа алғаш рет ESG рейтингі берілді.

«Moody's ESG Solutions» рейтинг агенттігі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа (теориялық 100 балдан) 57 балл ESG бағасын берді, бұл Moody's шкаласы бойынша екінші ең жоғары баға болып табылатын «A2» тұрақтылық рейтингіне сәйкес келеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың әрбір ESG компоненті бойынша бағалауы:

- экологиялық — 53 балл;
- әлеуметтік — 59 балл;
- корпоративтік басқару — 57 балл.

Берілген ESG бағасы Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметінің жоғары тиімділігін дәлелдейді және Компанияның ESG факторларын өзінің бизнес жобаларына кіріктіруге күшті дайындығы мен қабілетін көрсетеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Moody's ESG Solutions» пікірі бойынша ең жоғары көрсеткіштерге ие компаниялардың ТОП-25%-ына кірді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

GRI 3-3, 201-1

«ҚТЖ» ҰК» АҚ экономиканың көптеген салаларына көлік қызметін көрсетіп және Қазақстанның әртүрлі өңірлері мен елді мекендері арасындағы байланысты қамтамасыз етіп, ұлттық экономиканы, жұмыс істеу өңірлерін және қоғамды дамытуда маңызды рөл атқарады.

Біздің Компанияның ең маңызды оң үлестеріне:

- жүк тасымалы, оның ішінде мұнай-газ, көмір, металлургия және ауыл шаруашылығы сияқты әртүрлі салалардағы өндірістік және коммерциялық кәсіпорындардың шикізаты мен дайын өнімдерін

тасымалдау экономиканың дамуына ықпал етеді және тауарлар экспортының көлемін арттырады;

- Қазақстанның әртүрлі өңірлері арасындағы байланысты қамтамасыз ететін және туризм мен демалысты дамытуға ықпал ететін жолаушылар тасымалы;
- жұмыс орындарымен қамтамасыз ету;
- салықтарды төлеу арқылы ел бюджетіне қомақты түсімдерді қамтамасыз ету;
- қызметкерлерге еңбекақы төлеу және оларды дамыту;
- инвестициялар және басқа салымдар жатады.

ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

2020–2022 жылдары жасалған және бөлінген тікелей экономикалық құн²¹

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгерістер 2021/2020, %	Өзгерістер 2022/2021, %
Жасалған тікелей экономикалық құн					
Кірістердің барлығы, млрд теңге	1 256,7	1 368,5	1 555,5	8,9	13,7
Бөлінген тікелей экономикалық құн					
Шығыстардың барлығы, млрд теңге	1 240,5	1 249,4	1 520,6	0,7	21,7
Сақталған экономикалық құн					
Жалғыз акционерге жататын таза пайда, млрд теңге	16,2	119,1	34,9	633,6	–70,7

21 Басқарушылық есептіліктен алынған деректер

МЕМЛЕКЕТТЕН АЛЫНҒАН ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК

GRI 201-4

Пайыздық мөлшерлемені мемлекеттің субсидиялауы

2020 жылдың мамырында «ҚТЖ» ҰК» АҚ ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетімен кезінде инфрақұрылымды жаңғыртуға, локомотивтер мен жүк вагондары паркін жаңартуға тартылып, жұмсалған, 2019 жылы жылдық 11,5% купондық мөлшерлеме бойынша шығарылған және 2017 жылы шығарылған 780 000 000 АҚШ доллары көлеміндегі еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеу үшін пайдаланылған, 307 194 млн теңге сомасындағы облигациялар бойынша купондық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау туралы шарт жасасты. Шартта субсидиялау сомасын «Магистральдық теміржол желісін және темір жол көлігінің жылжымалы құрамын дамыту үшін шығарылған тасымалдаушының облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша қарастырылуы тиіс деген талап көзделген. Бағдарлама «Теміржол көлігі туралы» Заңға сәйкес тасымалдаушы мәртебесіне ие барлық көлік компаниялары үшін қолжетімді болғандықтан, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы аталған Бағдарлама бойынша қаржыландыруды қаржылық кірістің құрамындағы мемлекеттік субсидия ретінде қарастырады.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Бағдарламада көзделген 29 183 млн теңге көлеміндегі мемлекеттік субсидиялардан түскен кірісті қаржылық кірістер құрамында таныды.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-пен жасалған жалға беру шарттары

2020 жылдың қарашасында «KTZ Express» АҚ жалпы құны 51 692 млн теңгені құрайтын және 15%-дық жылдық мөлшерлемесімен саны 2 000 бірлік вагон-платформаларды жалдау шартын жасасты, оның ішінде 10%-дық жылдық мөлшерлемені мемлекет субсидиялайды. Негізгі қарызды төлеу бойынша жеңілдік кезеңі – 2 жыл. «KTZ Express» АҚ жалға алушы ретінде әрекет етеді.

2022 жыл ішінде осы шарт шеңберінде «KTZ Express» АҚ саны 457 бірлік вагон-платформаларды алды, 32 жылдық мерзімге 10 546 млн теңге көлеміндегі пайдалану құқығы түрінде активтерді және 15 жылдық мерзімге 4 777 млн теңге көлеміндегі жалдау міндеттемесін таныды.

2022 жылдың желтоқсанында «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Жолаушы вагондарын сатып алу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде жалпы құны 8 318 млн теңге және пайыздық мөлшерлемесі жылдық 1,5%-ды құрайтын саны 11 бірлік жолаушылар вагонын жалдау шартын жасады. Негізгі қарызды төлеу бойынша жеңілдік кезеңі – 6 жыл. «Жолаушылар тасымалы» АҚ жалға алушы ретінде әрекет етеді.




2022 жылдың желтоқсанында осы шарт шеңберінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ саны 5 бірлік жолаушылар вагонын алды, 28 жыл мерзімге 3 364 млн теңге көлеміндегі пайдалану құқығы түрінде активтерді және 20 жыл мерзімге 2 151 млн теңге көлеміндегі жалдау міндеттемесін таныды.

Салық аударымдары

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еліміздегі ең ірі салық төлеушілердің бірі болып табылады, есеп беріліп отырған жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Қазақстан Республикасының бюджетіне төлеген салықтары мен басқа да міндетті төлемдерінің сомасы 148 849,8 млн теңгені құрады (2021 жылы – 140 402,8 млн теңге болған).

2020–2022 жылдарындағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ салық аударымдары, млн теңге



2022 жылғы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері отбасы мүшелерінің саны, адам

Өңірлер	Оның ішінде	
	отбасы мүшелері, адам	кәмелет жасына толмаған балалар, адам
БАРЛЫҒЫ	285 129	152 893
Астана қаласы	23 809	10 898
Алматы қаласы	13 270	4 748
Шымкент қаласы	7 784	3 967
Ақмола облысы	16 788	8 922
Ақтөбе облысы	29 372	16 110
Алматы облысы	19 038	11 436
Қарағанды облысы	28 877	15 621
Жамбыл облысы	21 562	12 462
Батыс Қазақстан облысы	3 649	1 751
Шығыс Қазақстан облысы	15 897	8 974
Солтүстік Қазақстан облысы	3 181	1 569
Атырау облысы	14 249	7 938
Павлодар облысы	16 151	7 638
Қызылорда облысы	19 371	10 831
Түркістан облысы	13 627	8 508
Маңғыстау облысы	15 916	9 436
Қостанай облысы	14 328	7 006
Абай облысы	2 171	1 508
Жетісу облысы	5 912	3 403
Ұлытау облысы	177	167

ЖАНАМА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕР

GRI 203-2

Компанияның қызметі экономикалық өрістер мен салаларға әр түрлі әсер етеді. Мысалы, ол жүк тасымалын жүзеге асырады, бұл тасымалға тәуелді салаларға, сондай-ақ өнеркәсіптік және коммерциялық кәсіпорындарға әсер етеді. Бұдан басқа, ыңғайлы және жылдам көлікке қолжетімділікті қамтамасыз ету азаматтардың өмір сүру сапасын арттырады.

Компания ұйымдастырған туристік поезддар өңірдегі туризмді және онымен байланысты қызметтерді дамытуға ықпал етеді. Көлік инфрақұрылымын дамыту жаңа жұмыс орындарын ашуға және жұмыс істеу өңірлерінің экономикалық әл-ауқатын жақсартуға да ықпал етеді.

Неғұрлым арзан әрі сенімді теміржол көлігі экспорттың дамуына және экспорттаушы компаниялардың кірісін ұлғайтуға ықпал етеді. Бұдан басқа, Компания өз қызметкерлерінің сатып алу және тұтынушылық шығындары арқылы елдегі басқа секторлар мен салаларға айтарлықтай әсер етеді. Ол мердігерлік компанияларда қосымша жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз етеді, бұл олардың қызметкерлері үшін табыс пен жалақыны, сондай-ақ ел бюджетіне қосымша салық түсімдерін жасайды.

Сондай-ақ Компания өз қызметкерлерінің отбасы мүшелерін жұмыспен, еңбекақымен және әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету арқылы оларға жанама экономикалық әсер етеді.



САТЫП АЛУ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

GRI 2-6, 3-3, 204-1

«ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржол маршруттарының қалыпты жұмысын қолдау және жолаушылар мен жүктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстар мен материалдармен тұрақты және уақтылы қамтамасыз етудің аса маңызды қажеттілігін түсінеді. Осыған байланысты Компания сатып алуға жауапкершілікпен қарауға ерекше мән береді, бұл бізге Компанияның қажеттіліктерін тиімді және уақтылы қанағаттандыруға, жеткізушілермен өзара іс-қимылды жақсартуға және сатып алу қызметін бақылауға мүмкіндік береді. Бұл Компанияға қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасына кепілдік беруге, сондай-ақ жолаушылар мен жүктердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сатып алу қызметін жүзеге асыру кезінде Компания «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қор Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қорға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі Қор мен ұйымдардың сатып алу тәртібін басшылыққа алады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ сатып алуы туралы барлық ақпарат Компанияның




<http://www.railways.kz> корпоративтік сайтында, сондай-ақ



<http://www.zakup.sk.kz> мамандандырылған сатып алу порталында орналастырылған және барлық ықтимал жеткізушілер үшін қолжетімді. Электрондық сатып алу жүйесін енгізу арқасында сатып алу процесінің тиімділігі айтарлықтай артып, процестің ашықтығы біраз жақсарды. Жүйе сатып алу процесін дәлірек бақылауға және ықтимал жеткізушілермен өзара іс-қимылды жақсартуға мүмкіндік береді.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың жеткізушілермен жасаған шарттар сомасы 736 153 млн теңгені құрады, оның ішінде бәсекелестік сатып алу үлесі 52,4%, холдингішілік кооперация 37,1%, бір көзден сатып алу 10,5% болды.

2020 және 2022 жылдары сатып алу тәсілдері бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың сатып алуы, млрд теңге



2020–2022 жылдары өңірлер бойынша бөлінісінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың сатып алуы, млн теңге

	2020	2021	2022
Жалпы қорытынды, млн теңге	603 266	691 267	736 153
Қазақстан Республикасы	548 218	670 882	730 401
Астана қаласы	413 013	534 089	541 118
Алматы қаласы	42 089	44 014	40 177
Шымкент қаласы	2 799	6 977	17 309
Ақмола облысы	4 000	3 945	58 560
Ақтөбе облысы	5 009	4 130	5 183
Алматы облысы	7 043	8 555	7 282
Атырау облысы	2 201	1 644	2 351
Шығыс Қазақстан облысы	7 031	5 313	3 956
Жамбыл облысы	3 055	6 039	9 223
Батыс Қазақстан облысы	1 010	451	852
Қарағанды облысы	20 243	20 879	15 533
Қостанай облысы	2 003	2 481	3 750
Қызылорда облысы	1 089	1 064	2 455
Маңғыстау облысы	3 680	11 639	3 719
Павлодар облысы	13 005	15 034	12 709
Солтүстік Қазақстан облысы	9 039	855	1 475
Түркістан облысы	11 909	3 773	4 577
Абай облысы	-	-	130
Жетісу облысы	-	-	34
Ұлытау облысы	-	-	8
Резидент еместер	55 048	20 385	5 752

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУЫ GRI 3-3. 204-1

Компания жергілікті жеткізушілер мен мердігерлерді қолдау арқылы жергілікті бизнесті дамытуға ұмтылады, бұл жергілікті экономиканың дамуына ықпал етеді және өңір тұрғындары үшін қолайлы экономикалық және әлеуметтік орта жасайды.

Осы саясатты жүзеге асыру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірқатар шараларды қолданады:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарушы құрамына, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарына жыл сайын «Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі» деген уәждемелік көрсеткіш белгіленеді;
- отандық тауар өндірушілермен ұзақ мерзімді шарттар жасалады;
- жаңа өндірістерді құру арқылы жаңа өнім өндірісі құруды ынталандырылады, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған өндірістердің өнім номенклатурасы кеңейтіледі, бәсекеге қабілетті отандық өнім қамтамасыз етіледі;

- басымдық беріледі — сатып алу тауар өндірушілер мен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектердің ұйымдары арасында өткізіледі, олар үшін бірқатар басқа да артықшылықтар қарастырылған: тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуден, шартты орындаудан, аванстық төлемді қайтарудан босату, 5 жұмыс күні ішінде есеп айырысу, баға тең болған кездегі артықшылық және т.б., сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету мен электрондық өнеркәсіп өнімдерін өндірушілер арасында сатып алу жүргізіледі;
- жобалау-құрылыс құжаттамасы бар құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу кезінде жұмыстар мердігерінің тауарды тауар өндірушілерден міндетті түрде сатып алуы туралы талап белгіленеді.


2022 жылы сатып алудағы жергілікті қамту үлесі: тауарларда 69%, жұмыстар мен қызметтерде 95% болды. 2021 жылмен салыстырғанда ұлғаю тиісінше 6,2 және 3,3%-ға болды.



2020–2022 жылдардағы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі, %

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	Өзгерістер 2021/2020, %	Өзгерістер 2022/2021, %
Тауарлар	64	65	69	1,6	6,2
Жұмыстар мен қызметтер	92	92	95	0	3,3

2020–2022 жылдардағы офтейк шарттар, млрд теңге



Жергілікті бизнесті қолдау аясында 2022 жылы жалпы сомасы 5,19 млрд теңгеге офтейк шарттар жасалды. Бұл офтейк шарттарды жасаудың мақсаты — келесі нәтижелерге қол жеткізу: жаңа кәсіпорындарды құру, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту, жаңа жұмыс орындарын

ашу, жергілікті қамту деңгейін арттыру, инвестицияларды, салық түсімдерін ұлғайту және кәсіпкерлік субъектілерінің дамуын ынталандыру.

Санаттық сатып алу

Санаттық басқару шығындарды және сыртқы ортаны санат бойынша егжей-тегжейлі талдау, сатып алудың оңтайлы тәсілдерін анықтау арқылы сатып алу қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2022 жылы санаттық сатып алу көлемі 230 млрд теңгеден асты. 18 санаттық сатып алу стратегиясын жүзеге асырудан түскен нақты пайда 4 млрд теңгеден асты.

Бұл стратегиялар сонымен қатар жергілікті жеткізушілерді дамытуға, ТЖҚ сапасын арттыруға, сатып алу рәсімдерінің еңбек сыйымдылығын төмендетуге және қамтамасыз етудің сенімділігі мен уақтылығын арттыруға бағытталған.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 3-3, 205-1, 205-2, 205-3

Теміржол компаниясындағы сыбайлас жемқорлық әртүрлі нысандарда болуы мүмкін, оның ішінде пара алу, параға жығу, лауазымдық өкілеттіліктерін асыра пайдалану және басқа да заңсыз әрекеттер. Оның салдары ауыр болып, адамдар өмірі мен ел экономикасының әртүрлі салаларына әсер етуі мүмкін.

Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық көрсетілетін қызметтер сапасының нашарлауына, заңдар мен қауіпсіздік стандарттарының бұзылуына әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде апаттар мен жазатайым оқиғаларға апарып соғуы мүмкін. Бұдан басқа, сыбайлас жемқорлық жолаушылар мен жүк иелері шығындарының артуына әкелуі мүмкін, өйткені сыбайлас жемқорлық схемалары билеттер бағасы мен тарифтерді көтеруге, сондай-ақ инвестиция мен экономикалық өсуге кедергі жасау арқылы ел экономикасына зиян келтіруі мүмкін.

Компанияның басым міндеті — Компанияның тұрақты даму жолына елеулі кедергі болып табылатын, экономикалық өсуді төмендететін, бәсекелестікті бұрмалайтын, елеулі құқықтық және репутациялық тәуекелдермен байланысты болғандықтан инвесторлардың сеніміне нұқсан келтіретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.


«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және оны жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді, сондай-ақ Компаниядағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін белгілейтін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бекітілген.

Компанияның Директорлар кеңесіне комплаенс бақылау жүйесін құру және оның тиімді жұмыс істеуіне көмектесу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында Комплаенс қызметі жұмыс істейді.


Комплаенс қызметінің негізгі міндеттері:

- реттеуші талаптарды белгілеу және комплаенс тәуекелдерін бағалау;
- Компания мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы, этика және комплаенс мәселелері бойынша оқытушы іс-шаралар мен тренингтер өткізу;
- комплаенс рәсімдерін әзірлеу және енгізу;
- жедел байланыс желісін қоса алғанда, құпия ақпараттандыру арналарының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу, сондай-ақ түзетуші шараларды әзірлеу және қабылдануын қамтамасыз ету;
- CEO-1, CEO-2 лауазымдарына үміткерлерді үлестілігінің және мүдделер қақтығысының бар/жоғына тексеру;
- Компанияның еншілес ұйымдарының басқару органдарына және атқарушы органдарына үміткерлерді үлестілігінің және мүдделер қақтығысының бар/жоғын тексеру;
- бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алуды, сондай-ақ санаттық сатып алу стратегияларын келісу;
- Компания Басқармасы мен Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылған барлық материалдарды келісу.

Комплаенс қызметінің 2022 жылғы жұмыс қорытындысы:



ЖЕДЕЛ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІ БОЙЫНША ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕР



243 үміткер тексерілді. 2021 жылы қыркүйек айынан бастап 26 үміткер тексерілді

Комплаенс қызметі Директорлар кеңесінің қарауына комплаенс тәуекелдерін бағалау туралы жылдық есепті, оның ішінде комплаенс тәуекелдерінің тізілімі мен картасын, оларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ өз қызметі туралы тоқсан сайынғы есептерді ұсынып тұрады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтеу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Комплаенс қызметі «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының іс-әрекетімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізеді.

2022 жылы қалдық тәуекелді бағалау кезінде (2021 жылы 46 негізгі тәуекел болған) бірнеше факторлар ескерілді, оның ішінде 2021 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау, жедел байланыс желісіне түскен хабарламалар, БАҚ және әлеуметтік желілердегі жарияланымдар, сондай-ақ тексеру, қызметтік тергеп-тексерулер актілері және бизнес процестері иелерімен сұхбаттар.

Жүргізілген бағалау негізінде 2022–2023 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімі мен картасы қалыптастырылды. Тізілімге сатып алуға, персоналды басқаруға, қызметтерді көрсетуге, инвестициялық қызметке, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына және Компания қызметінің басқа салаларына қатысты 47 сыбайлас жемқорлық тәуекелі енгізілген. Анықталған тәуекелдерді ба-



Персоналды іріктеу және жалдау жөніндегі комиссиялардың отырыстарына қатысу



Ұзақ мерзімді келісім-шарттар тексерілді



10 еншілес ұйымның 6-ында комплаенс бақылаушылар тағайындалды



Бір көзден 65 сатып алу келісілді (сомасы 5 млрд теңгеден артық 700-ден астам номенклатуралық позиция)



рынша азайту мақсатында ішкі құжаттарды әзірлеу және жаңарту, бақылау рәсімдерін енгізу бойынша іс-шаралар жоспары, бизнес процестері мен іскерлік операцияларды автоматтандыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, этика және мінез-құлық бойынша міндетті оқу мен тестілеуден өту әзірленді.

Сондай-ақ есеп беріліп отырған жылы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен бірлесіп сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілді. Талдаудың жалпы нәтижелері көрсеткендей, сыртқы талдау барысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері комплаенс тәуекелдерді бағалау шеңберінде анықталғандармен сәйкес келеді.

Комплаенс қызметі «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірледі. Сондай-ақ Компания қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен тиімдірек күресу үшін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен өзара іс-қимыл тетігін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде.




ЖЕДЕЛ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та құпия ақпараттандыру және этика мен комплаенс мәселелері бойынша алаңдаушылық білдіру үшін жедел байланыс желісі жұмыс істейді. Арна сыбайлас жемқорлық, ұрлық, бухгалтерлік есеп бұзушылықтары, тең емес жалдау және еңбек жағдайлары, денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған ортаға төнетін қауіп-қатер, операциялық қызметтің бұзылуы және ақпараттың ағып кетуі/жойылуы туралы алаңдаушылық білдіру үшін қол жетімді.

Жедел байланыс желісінің әкімшісі — тәуелсіз ұйым — «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС.

Соңғы үш жылда Компаниядағы жедел байланыс желісі құпия ақпараттандыру арнасы ретінде жоғары тиімділік пен сенімділікті көрсетті. 2022 жылы барлығы 254 хабарлама тіркелді.

2019–2022 жылдары жедел байланыс желісіне түскен хабарламалар саны



2022 жылы осы арна арқылы, әсіресе Компанияның контрагенттері/клиенттері тарапынан түскен хабарламалар санының айтарлықтай артуы байқалды: мұндай хабарламалардың үлесі екі есеге өсті, хабарламалардың жалпы санының 2021 жылғы 22%-дан 2022 жылғы 41%-ға дейін.

2022 жылы жедел байланыс желісіне түскен хабарламалардың мәртебесі

	Барлығы	Қаралмай қалдырылғаны	Қаралғаны	Расталғаны	Расталмағаны
Хабарламалар саны	254	20	234	57	177

Расталған хабарламалар бойынша келесі ден қою шаралары қолданылды:

- 15 оқиға бойынша материалдар тергеп-тексеру үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жолданды;
- келесі тәртіптік шаралар қолданылды:

- сөгіс (соның ішінде қатаң) — 29;
- ескерту — 9;
- төменгі лауазымға ауыстыру — 5;
- еңбек қатынастарын тоқтату — 12;
- контрагенттермен шартты бұзу — 3;
- жұмысқа қайта алу — 1.



КЕМСІТУШІЛІК ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ТҮЗЕТУ ШАРАЛАРЫ

GRI 406-1

Есеп беріліп отырған кезеңде құпия ақпараттандыру арналары арқылы, соның ішінде Жедел байланыс желісі арқылы, кемсітушіліктің ықтимал жағдайлары туралы 6 арыз-өтініш түсті. Барлық арыз-өтініштер қаралып, тексеру нәтижесінде алты оқиғаның екеуінде кемсіту фактісі расталды. Бұл оқиғалар қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ қызметкерлердің қызметін жыл сайынғы бағалау кезінде құқықтарының бұзылуына байланысты.

Сатып алу кезіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

2022 жылы Комплаенс қызметі ұзақ мерзімді келісім-шарттарды тексеріп, шарттарды жасау және орындау кезіндегі бұзушылықтарды анықтады. Локомотив бригадаларын жеткізу бойынша көлік қызметтерін жеткізуші бірнеше рет шарттық міндеттемелерді бұзған, бірақ онымен жасалған шарт ұзартыла берген, бұл шарттың жалпы сомасының ұлғаюына және оның күшінде болу мерзімінің ұзаруына әкелген. Сонымен қатар көлік қызметтерін жеткізушінің тапсырыс беруші қызметкерлерінің Кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары тұлғасындағы тапсырыс берушімен үлестілігі белгіленді. Тексеру нәтижесінде аталған шарт бұзылып, жаңа тендерлік рәсімдер жарияланды.

Жолаушылар поезының жабдығы қызметтерін сатып алу бойынша санаттық сатып алу стратегияларының (бұдан әрі — CCC) ұзақ мерзімді шарттарында да екі жеткізушінің бір-бірімен үлестілігі анықталды, бұл сатып алу тәртібі мен рәсімдерінің талаптарына сәйкес рұқсат етілмейді. Нәтижесінде сатып алу рәсіміндегі бұзушылықтарды анықтау және CCC жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бойынша түзетуші шараларды

әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды.

Жалпы, 2022 жылы Комплаенс қызметі 65 сатып алу бойынша материалдарды қарады, олардың барлығы тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің 700 астам номенклатуралық позициясын сатып алуды қамтыған, бұл ретте 5 сатып алу бойынша материалдар бәсекелестік сатып алу тәсілін таңдау туралы ұсыным беріліп, қабылданбаған.

Жұмысқа қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

2022 жылы Комплаенс қызметінің қызметкерлері персоналды іріктеу және жалдау жөніндегі конкурстық комиссиялардың отырыстарына қатысты.

Осы жұмыс аясында «Жолаушылар тасымалы» АҚ-тың «Экспресс» филиалы Алматы учаскесінің жолсеріктері бос орындарына үміткерлерді іріктеу кезінде тестілеу процесі мен конкурстық комиссия отырыстарын ұйымдастыруға қатысты 122 бұзушылық фактісі анықталды.





Анықталған бұзушылықтар кәсіби білім деңгейін анықтау бойынша тестілеу процесіне, сондай-ақ конкурстық комиссия отырыстарын дұрыс ұйымдастырмауға қатысты.

Түзетуші шаралар ретінде Адами ресурстарды басқару департаментімен үміткерлерді тестілеу және үміткерлермен конкурстық комиссия өткізу бөлігінде конкурстық іріктеу рәсімдерін қайта қарау бойынша жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ тестілеу жүргізу үшін мамандандырылған кабинеттерді пайдалану мәселесі қарастырылуда.

Бұдан басқа, 2022 жылы Комплаенс қызметі Адами ресурстарды басқару департаментінің рекрутингтік блогымен бірлесіп, Компаниялар тобында рекрутинг процесінің жол картасы мен тәуекелдер картасын әзірледі.

2022 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, этика және мінез-құлық мәселелері бойынша оқытылған қызметкерлер саны

Тақырыптар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Этика және мінез-құлық кодексі
Барлығы	2 025	1 631
Орталық аппарат, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары	86	84
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС	1 247	1 025
«Кедентранссервис» АҚ	522	522
«АТСП» ҰК» АҚ	67	-
«Жолаушы локомотивтері» ЖШС	103	-

ЗАҢДАР МЕН ҚАҒИДАЛАРДЫ ОРЫНДАУ

GRI 2-27, 206-1

Заңдар мен қағидаларды орындау Компания қызметінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Компания қауіпсіздік, экологиялық стандарттар, тұтынушылардың құқықтары, еңбек қатынастары және өз қызметінің басқа аспектілеріне қатысты барлық тиісті заңдар мен қағидаларды орындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Комплаенс қызметі нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, этика және мінез-құлық мәселелері бойынша оқыту семинарларын тұрақты түрде өткізеді, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 3 мыңнан астам қызметкер оқытылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және этика мен комплаенс саласындағы ҚТЖ негізгі хабарламаларын тарату мақсатында келесілер әзірленді:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесінде орналастырылған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» мен «Этика және мінез-құлық кодексі» тақырыптары бойынша электронды онлайн оқыту курсы. Бұл жүйе адам факторын жоққа шығаратын оқытудың соңында тыңдаушылардың білімін тексеруді автоматтандыруды қарастырады;
- KTZ HSE корпоративтік мобильді қосымшасында орналастырылған «Комплаенс» модулі. Модульде этика мен комплаенс мәселелері бойынша ішкі құжаттар және ақпараттық презентациялар бар, сондай-ақ ол жедел байланыс желісіне бір түрту арқылы қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Комплаенс қызметі сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және тәртіп әдебі мәселелері бойынша тұрақты негізде кеңес беру-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Кеңес беру мен түсіндіру сауалдарға жазбаша жауаптар түрінде де, қызметкерлер жеке өзі немесе телефон арқылы жүгінген кезде ауызша да беріледі.

2022 жылы ақшалай айыппұлдар есептелген оқиғалардың жалпы саны (еншілес ұйымдарды қоспағанда) – 65, ескерту түріндегі ақшалай емес санкциялар қолданылған – 3 оқиға болды. Айыппұл сомасы 59,5 млн теңге болды.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен оның филиалдары 2022 жылы 204 рет әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл сомасы 19,3 млн теңге болды.



Оқиғалардың басым бөлігі кеден заңнамасының талаптарын бұзуға («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 528-бабы) қатысты болған.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ пен оның филиалдары 2022 жылы әкімшілік жауапкершілікке 156 рет тартылды, айыппұл сомасы 58,1 млн теңгені құрады.

Оқиғалардың басым бөлігі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнама талаптарын және гигиеналық нормативтерді бұзуға («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 425-бабы), сондай-ақ Жүктерді, жолаушыларды, багажды және жүк-багажды теміржол көлігімен тасымалдау қағидасын бұзуға («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 571-бабы) қатысты болған.

«Қазтеміртранс» АҚ 2022 жылы «ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті» РМК сұраған ақпаратты уақтылы бермеу фактісі бойынша 3,4 млн теңге айыппұл сомасында 1 рет әкімшілік жауапкершілікке тартылды – өкімді орындамау немесе оны толық көлемде орындамау, монополияға қарсы органға белгіленген мерзімдерде ақпарат ұсынбау немесе ақпаратты толық көлемде ұсынбау, монополияға қарсы органға шынайы емес және (немесе) жалған ақпарат беру, монополияға қарсы органның тергеп-тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларының үй-жайлар мен аумаққа кіруіне кедергі жасау («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 162-бабы).

«KTZ Express» АҚ 2022 жылы әкімшілік жауапкершілікке 53 рет тартылды, кеден заңнамасын бұзу («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 535, 538-баптары), адвокаттық қызметке кедергі жасау («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 668-бабы) фактісі бойынша айыппұл сомасы 1,7 млн теңгені құрады.

«Кедентранссервис» АҚ пен оның филиалдары 2022 жылы әкімшілік жауапкершілікке 34 рет тартылды, айыппұл сомасы 3,4 млн теңге болды.

Оқиғалар шынайы емес есептілікті берумен және есептілікті жүргізу тәртібін сақтамаумен («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 539-бабы), кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзумен («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 522-бабы), техникалық регламенттерде белгіленген талаптарды қоспағанда өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзумен немесе орындамаумен («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 410-бабы), сондай-ақ жұмыстарды қауіпсіз жүргізу қағидаларын бұзумен (Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 298-бабы) байланысты болды.

Бәсекеге қарсы мінез-құлық

Есеп беріліп отырған жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС қатысушы ретінде сәйкестендірілген, бәсекелестікке қарсы мінез-құлық пен монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтар бойынша сотқа түскен қуылымдардың саны 5 іс болды (оның ішінде 2 аяқталған, 3 аяқталмаған).



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

GRI 3-3

Теміржол көлігі бірнеше факторларға байланысты экологиялық таза көлік түрі болып табылады. Біріншіден, теміржол поезддары отынды тиімді пайдаланудың арқасында атмосфераға зиянды заттарды аз шығарады. Екіншіден, теміржол көлігі автомобиль және әуе көлігіне қарағанда аз шу шығарады, бұл темір жол маңындағы флора мен фаунаға әсерді азайтады. Бұдан басқа, теміржол поезддары бір мезетте үлкен көлемде жүктерді тасымалдай алады, бұл жолдағы көлік құралдарының санын және атмосфераға зиянды шығарындыларды азайтады.

Алайда теміржол көлігінің де қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетінін айта кеткен жөн. Ластанудың негізгі көзі – атмосфераға көмірқышқыл газы, азот оксидтері, күкірт және басқалары сияқты әртүрлі зиянды заттарды шығаратын отынды пайдалану. Бұдан басқа, компаниялар қалдықтар мен ағынды суларды шығара алады, ал табиғи өңірлер арқылы өтетін жолдар экожүйелерге зиян тигізуі мүмкін. Теміржол поезддары сонымен қатар темір жол маңында тұратын жануарлар мен адамдарға зиянды айтарлықтай шу деңгейін тудыруы мүмкін.

Өзінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ экологиялық қауіпсіздік нормативтерін сақтауды, экологиялық таза тепловоздарды пайдалануды, парниктік газдар шығарындыларын, ағынды суларды және қалдықтарды азайтуды қамтитын шараларды, сондай-ақ қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерлерді тұрақты бақылауды және жоюды жүзеге асырады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ


Компанияның экологиялық менеджмент жүйесі ISO 14001 стандартының талаптарына сәйкестігі бойынша сертифицирталған. Стандарт кәсіпорында экологиялық менеджмент жүйесін (ЭМЖ) енгізуге қойылатын талаптарды белгілейді. ISO 14001 сертификаты Компанияда өндірістік процестердің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға және қалпына келмейтін ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталып енгізілген ЭМЖ бар екенін растайды.

2022 жылы «Фирма «Интерсертифика-ТЮФ совместно с ТЮФ Тюринген» ЖШҚ сертифицирталу органының аудиторлары жүргізген «ҚТЖ» ҰК» АҚ бақылау аудитінің нәтижелері Компанияның экологиялық менеджмент жүйесінің ISO 14001:2015 «Экологиялық менеджмент жүйелері» халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады.


ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЭМИССИЯЛАР

Қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға Компания табиғи ресурстарды ұтымды тұтыну, ластаушы заттардың шығарындыларын, төгінділерін дәйекті азайту, қалдықтардың пайда болу көлемдерін азайту және оларды қайта пайдалану, сондай-ақ энергия үнемдейтін технологияларды қолдану есебінен қол жеткізеді.


2020–2022 жылдардағы қоршаған ортаға эмиссиялар динамикасы, мың тонна



Ластаушы заттардың эмиссия үлесі, %



2020–2022 жылдардағы ластаушы заттар шығарындыларының, төгінділерінің көлемдері, тонна



■ шығарындылар
■ төгінділер

Ескертпе. 2021 жылғы БЖЕ-де көрсеткіш 6 265 тоннаға тең болды. Осы БЖЕ-де көлем «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің есептік деректері түзетілгендіктен өзгерді.

Есеп беріліп отырған жылы ластаушы заттардың апатты және ретсіз төгілуіне жол берілген жоқ.

Қауіпті жүктерді тасымалдаудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және қауіпті жүктердің жол жүріп келе жатқанда ағып кетуіне жол бермеу шараларын қолдану мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2022 жылға арналған Қауіпті жүктердің жол жүріп келе жатқанда ағып кетуін болдырмау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекітті.

Сонымен бірге экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және экологиялық тәуекелдерді бағалау рәсімін жүргізу кезінде топырақтың ластануы маңызды экологиялық аспект болып табылатыны анықталды.

Осыған байланысты топырақты қорғау және ластануының алдын алу шаралары жүргізілуде. Топырақтың ластануымен күресу үшін әртүрлі өңірлердегі еңбек қауіпсіздігі және экология инспекциясының мамандары жоспарлы тексерулер жүргізеді. 2022 жылы тексерулер Маңғыстау, Қызылорда, Павлодар, Семей, Қостанай, Ақтөбе, Жамбыл және Орал өңірлерін қамтыды. Тексерулер нәтижесінде топырақтың ластануы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы нұсқама актілері рәсімделеді.

Жауапты тұлғалардың төтенше жағдайларға, оның ішінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдарында қауіпті жүктердің ағып кетуін жоюға дайындығын қамтамасыз ету үшін арнайы тактикалық оқу-жаттығуларды өткізу жоспарлары әзірленіп, бекітілді. Бұл оқу-жаттығулар қауіпті жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау кезіндегі төтенше жағдайларды жою дағдыларын үйретеді. 2022 жылы осындай оқыту Ақжайық станциясында (Атырау филиалы) өткізілді. Сондай-ақ экологиялық қауіпсіздік бойынша оқыту аясында оның тақырыптарының бірі топырақтың ластануының алдын алу және жою талаптары болды, 1 107 қызметкер оқытылды.

2022 жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдарында поезд құрамындағы цистерналардан қауіпті жүктердің ағыуының 38 оқиғасы және вагондардың рельстен шығып кетуінің 1 оқиғасы тіркелді. Өткен жылдың сәйкес кезеңінде поезд құрамындағы цистерналардан қауіпті жүктің ағыуының 46 оқиғасы және вагондардың рельстен шығып кетуінің 1 оқиғасы тіркелді.


Жүк түрлері бойынша ағып кетудің ең көп саны дизельдік отынмен (соның ішінде авиациялық) 19 оқиға, бензинмен 10 оқиға, қышқылмен 4 оқиға, керосинмен 2 оқиға және газойль, сутегі асқын тотығы, кен және цементмен әрқайсысы 1 оқиға байланысты болды.

Вагон-цистерналардың төменгі ағызу құрылғыларынан қауіпті жүктердің ағып кетуінен жол жүріп келе жатқанда вагондарды ағытып алу оқиғалары жүк жөнелтушілерге есептеуге жатқызылды. Сонымен бірге Компанияға қауіпті жүктердің ағып кету фактілері тіркелген жоқ.


Цистерналардағы қауіпті жүктердің ағыуының негізгі себептері болып төменгі ағызу құрылғысының клапан соташығы тығыз жабылмағаны, үстіңгі кіріс және шығыс клапандарының толып кетуі және цистернаның ағызу құрылғысының тығыздағыш сақинасының ақаулығы ретінде анықталды.

Қауіпті жүктердің ағып кетуі салдарынан топырақтың ластануын жою аясында ластанған топырақты кесу және әрі қарай кәдеге жарату жұмыстары жүргізілді. Кесуден кейін тарту жолдарына жаңа қиыршық тас салу жүргізіледі.

2020—2022 жылдардағы экологиялық төлемдер динамикасы, млн теңге




2020—2022 жылдардағы экологиялық бұзушылықтарға айыппұлдық экономикалық санкциялар динамикасы, млн теңге



Ескертпе. 2021 жылғы БЖЕ-де 2021 жылғы көрсеткіш 1,4 млн теңгеге тең болған. Осы БЖЕ-де Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінен экономикалық залал үшін өтемақыны қайтару туралы ұйғарым түсуіне байланысты 2021 жылғы экологиялық бұзушылықтар үшін айыппұл санкцияларының мөлшері 0 теңгеге өзгертілді.

2020—2022 жылдардағы табиғат қорғау қызметіне жұмсалған шығындар динамикасы, млн теңге




Табиғат қорғау іс-шараларына жұмсалған шығындар құрылымы, %




Есеп беріліп отырған жылы 1 107 қызметкер экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша оқытылды.

2020—2022 жылдарда экологиялық қауіпсіздік бойынша оқытылған қызметкерлер саны, адам



2020—2022 жылдардағы ішкі бақылау жүргізу барысында Компаниямен қоршаған ортаны қорғау саласындағы стандарттар мен нормалар талаптары бойынша анықталған және жойылған бұзушылықтар саны, бұзушылықтар



Компанияның ішкі бақылау барысында анықталған талаптарды бұзу құрылымы, %



КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

GRI 201-2

Климаттың өзгеруі — климаттың өзгеруімен және оның салдарымен күресу үшін шаралар қабылдауды талап ететін жаһандық төтенше жағдай. Теміржол көлігі мен оның инфрақұрылымы климаттың өзгеруінен айтарлықтай зардап шегуі мүмкін.

Климаттың өзгеруі тәуекелдерін басқару тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі аясында жүзеге асырылады.

Климаттың өзгеруі бірқатар қаржылық тәуекелдерге, соның ішінде теміржол инфрақұрылымына залал келтіруі мүмкін ірі климаттық апаттарға әкелуі мүмкін, бұл оны қалпына келтіру және жөндеу үшін айтарлықтай шығындарды талап етуі мүмкін. Бұдан басқа, ауа-райының өзгеруі жүк және жолаушылар тасымалы көлемінің төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл Компанияның кірістеріне теріс әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, климаттың өзгеруімен күресу шаралары теміржол компаниясы үшін отын құнының өсуіне әкелуі мүмкін, бұл оның операциялық шығындарына әсер етеді.

Осы тәуекелдердің барлығы Компанияның қаржылық жағдайына, оның операциялық пайдасына және жалпы табыстылығына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық тәуекелдерді талдауды TCFD (Task Force on Climate-related Financial Disclosures) ұсынымдарына сәйкес 2023 жылы жүргізу жоспарлануда.

Теміржол көлігі үшін климаттың өзгеруі тәуекелдері:

Тасқындар. Жауын-шашын мен өзен ағынының ұлғаюынан туындаған су деңгейінің көтерілуіне байланысты теміржол жолдары, көпірлер мен өткелдер зақымдалуы мүмкін, бұл Компанияның жұмысын тоқтатуға апарып соғады. Және де бұл жолдардың, темір жолдардың, көпірлердің, тоннельдердің, су бұру жүйелерінің, телекоммуникациялар мен қозғалысты басқару жүйелерінің пайдалану-техникалық жай-күйінің нашарлауына, жөндеу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу қажеттілігінің артуына әкелуі мүмкін. Жауын-шашын мен су тасқынының көбеюі салдарынан ауа райына байланысты апаттардың саны артуы мүмкін, сондай-ақ көлік желілері жұмысында кешігулер мен тоқтап қалулар орын алуы мүмкін.

Дауылдардың күшеюі. Дауылдық желдер порт нысандарын зақымдауы (мысалы, крандар мен жүк терминалдары), темір жолдарды зақымдап және поезддар қозғалысына кедергі келтіріп, теміржол көлігінің жұмысын қиындатуы мүмкін.

Ыстық жоғары температуралар. Жоғары температуралар теміржол инфрақұрылымына залал келтіруі және поезддар жылдамдығын баяулатуы мүмкін. Аномальды ыстық кезеңдер инфрақұрылымның физикалық беріктігі мен төзімділігіне және оның маңызды функцияларын орындау қабілетіне әсер етуі мүмкін, бұл дүлей апаттық өрттерді және егіннің іркілісін тудырады, су тапшылығына әкеледі, азық-түлікті сақтауды қиындатады және энергия желілеріне қосымша жүктеме түсіреді. Бұл ретте темір жолдардың деформациясы және олардың жер төсемінің көбуі мүмкін, бұл поезддардың қозғалыс жылдамдығының шектелуіне байланысты ұзақ кідірістер қауіпін төндіреді.

Қарлы дауылдар. Климаттың өзгеруі неғұрлым күшті және жиі қарлы дауылдарға әкелуі мүмкін, бұл теміржол поезддарының қозғалысын қиындатуы мүмкін. Қатты қарлы борандар жағдайында темір жолдарды тазарту қиынға соғады, бұл поезддардың кешігуіне әкелуі мүмкін. Сондай-ақ қар темір жолдарда жиналып, жолдардың деформациясын тудыруы мүмкін, бұл поезддар қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін.

Қолданылатын шаралар

Магистральдық теміржол желісі объектілерін қолайсыз ауа райы жағдайынан қорғаныш орман екпелерімен қорғау мақсатында Компанияда үш филиал жұмыс істейді: Астана, Алматы, Ақтөбе қорғағыш орман екпелері дистанциялары. Қорғағыш орман екпелерінің жалпы ауданы 63 207 гектарды құрайды.

Орман екпелерінің қорғағыш қасиеттері мен төзімділігін сақтау мақсатында филиалдар орман екпелерін ағымдағы күтіп-баптауды жүзеге асырады (кесу жұмыстары, қоқыстан тазарту, жолақ аралық аралықтарды жырту), сондай-ақ өрт маусымында «ҚТЖ» ҰК» АҚ инфрақұрылым объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тармақ жолағы мен орман екпелерін жырту жұмыстарын жүргізеді.

Ықтимал су тасқынының алдын алу мақсатында жыл сайын Жолдар мен жасанды құрылыстарды сең мен тасқын суларын өткізуге дайындау жоспары әзірленіп, іске асырылады. Осы жоспар шеңберінде әртүрлі іс-шаралар жүргізіледі, оған бұрғылау және жару, бөгеттер мен су қоймаларын тексеру, шой тастарды жинау және оларды платформаларға тиеу, жасанды құрылыстарды қардан тазарту жұмыстары, сондай-ақ шайылуға қарсы поезддарды құрастыру және басқа да шаралар кіреді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалында қармен күресудің жедел жоспары бекітіліп, оның шеңберінде қар жинау, қар тазалау техникасының 284 бірлігі сынақтан өтіп, бекітілген, станция

жолдары мен бағыттама бұрмаларын тазалаумен айналысу үшін 10 мыңнан астам қызметкер белгіленген. Және де 57 км қар қоршаулары жөнделді, 11 866 бірлік қар қалқандары сатып алынды.

Каспий теңізінің тайыздану қаупі

Каспий теңізінің тайыздануы — Ақтау теңіз сауда порты ауданындағы жағалаулық экосистемеге елеулі әсер ететін күрделі табиғи-климаттық қауіп.

Каспий теңізінің тайыздануы Каспий маңы елдерінің порттары арқылы өтетін транзиттік және экспорттық жүк тасымалына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Су деңгейінің төмендеуі арналардың тереңдігін шектеуі мүмкін, бұл үлкен кемелердің өтуін қиындатады және тасымал көлемдерін азайтады. Бұл сондай-ақ жүк тасымалына жұмсалатын шығындардың ұлғаюына, соның ішінде неғұрлым қымбат және баяу айналмалы бағыттарға, сондай-ақ тауарларды жеткізу уақытының ұзағырақ болуына әкелуі мүмкін.

Каспий теңізінің тайыздану қаупінің салдарын азайту үшін келесі шаралар қабылданады:

- бөтен заттарды көтере отырып, сүңгуірлердің айлақтарды және 20 метр қашықтықтағы айлақтар бойындағы теңіз түбін тексеруі;
- «АТСП» ҰК» АҚ теңіз түбінің оқшауланған өңірлерінде жинау және тазалау жұмыстарын жүргізу;
- жұмыстарды өндіру бойынша әзірленген жобаға сәйкес бөтен заттарды көтерумен Ақтау портының айлақтары бойымен 18 метр жолақты теңіз түбін тазалау;
- төрткілдеш көрсеткіштері арқылы теңіз деңгейін күнделікті бақылау.

2023 жылы тәуекелді азайту шараларын жалғастыру және Ақтау порты акваториясының түбін тереңдету бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жоспарлануда. Ол жерді ойып алу көлемін, жұмыстар жүргізу технологиясын, құрылыстың сметалық құнын анықтауды, экологиялық шығарындыларды бағалауды және экологиялық залалды өтеуді қамтитын болады.

2023—2025 жылдар аралығында Ақтау портының шамамен 80 гектар су акваториясында құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілетін болады. Бұл жұмыстардың нәтижесі теңізде жүзу қауіпсіздігін арттыратын және кемелерді толық тиеу мүмкіндігін жақсартатын тереңдету объектісі болады.

ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

GRI 305-1, 305-2, 305-5

Қазір әлемде Климаттың өзгеруі жөніндегі Париж келісімінің талаптарын қанағаттандыру үшін көміртек бейтараптығына қол жеткізу маңызды болып тұр. Осы келісімді ратификациялаған Қазақстан Республикасы декарбонизацияланған экономиканы дамытуға өзінің бейілділігін көрсетуді жалғастыруда.

2020 жылдың желтоқсанында Қазақстан 2060 жылға қарай көміртек бейтараптығына қол жеткізу мақсатын жариялады, осылайша жаһандық температураның 1,5-2 градусқа көтерілуін бақылау жөніндегі Париж келісімі бойынша өзінің міндеттемелерін растады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2060 жылға қарай Қазақстанның көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі бастамасын қолдау үшін Компания көміртек ізін азайту бойынша жұмыс жүргізуде.

2022 жылы Компанияның Басқармасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың төмен көміртекті дамуының 2060 жылға дейінгі тұжырымдамасын қабылдады.²²

Біздің мақсатымыз — көлік қызметтеріне өсіп келе жатқан қажеттілікті қанағаттандыра отырып, теміржол көлігін тұрақты және экологиялық таза ету.

Компания энергия тиімділігін арттыру, қайта жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, темір жолдарды электрлендіру және экологиялық таза отын түрімен жүретін локомотивтерді енгізу бойынша шараларды жүзеге асыру арқылы көміртек ізін азайтуды мақсат етіп отыр.

Компанияның көміртек ізі тікелей және жанама энергетикалық шығарындыларды қамтиды.

- Тікелей парниктік газдар шығарындылары жылжымалы көздердің (тепловоздар, дрезиналар, автомобильдер) және тұрақты тұтынушылардың (қазандар, қазандықтар, пештер) жұмыс істеуі нәтижесінде пайда болады.
- Жанама энергетикалық шығарындылар Компанияның бөгде энергия көздерінен сатып алатын және тұтынатын отынды пайдалануымен байланысты.

Парниктік газдар шығарындыларының негізгі көздері:

- локомотивтер;
- автокөлік;
- арнайы техника;
- газбен, дизельдік отынмен, көмірмен, электр энергиясымен жұмыс істейтін қазандықтар;
- пешпен жылытылатын ғимараттар.


22 «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2022 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен (№02/49 хаттама) бекітілген.

2022 жылы парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі 5 672,9 мың тоннаны құрады, оның ішінде тікелей шығарындылар – 2 388,6 мың тонна, жанама – 3 284,3 мың тонна. 2021 жылмен²³ салыстырғанда шығарындылар көлемі 2,5%-ға өсті, бұл ретте тікелей парниктік газдар шығарындыларының өсімі 4,7%-ды, жанама энергетикалық газдардікі 1%-ды құрады және тартым қажеттіліктеріне электр энергиясын тұтынудың өсуімен байланысты болды.

Энергия шығынының арту себебі жүк және жолаушылар тасымалы көлемінің 4,9%-ға ұлғаюымен түсіндіріледі.

Парниктік газдардың шығарындылары туралы ақпаратты ашу үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың операциялық бақылауындағы Компанияның еншілес ұйымдары қамтылды. Егжей-тегжейлі ақпарат [Ақпарат ашу периметрі](#) бөлімінде берілген.

2018–2022 жылдардағы парниктік газдар шығарындыларының динамикасы (1, 2-аумақ), мың тонна CO₂-бал.



Тікелей парниктік газдар шығарындыларын есептеу GHG Protocol басшылығында көрсетілген тәсілге сәйкес және Климаттың өзгеруі жөніндегі Ғарышкерлердің үкіметаралық тобының Парниктік газдардың ұлттық түгендеулерінің басшылық қағидаттарын қолданып жүргізілді, 2006. Метан мен азоттың шала тотығының мәндерін CO₂ баламасының тоннасына аударған кезде Тараптар Конференциясының 2013 жылғы 10 қарашадағы 24/CP.19 шешімінің III қосымшасына сәйкес қабылданған Жаһандық жылыну әлеуетінің ағымдағы мәндері қолданылды

(метан – 25, азоттың шала тотығы – 298). Жанама ПГ шығарындыларын есептеу үшін 2 GHG Protocol Scope 2 Guidance 2-аумақ жөніндегі басшылықта көрсетілген тәсіл қолданылады, ал ПГ шығарындыларының меншікті коэффициенттері Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 шілдедегі №260 бұйрығымен бекітілген Экономиканың реттелетін секторларындағы коэффициенттердің бенч-марктар тізбесіне сәйкес қабылданды.

Парниктік газдар шығарындыларының түрлері бойынша динамикасы


	2021	2022	Өзгерістер 2022/2021, %
CO ₂ , мың тонна CO ₂	2 059	2 158	4,8
CH ₄ , тонна CO ₂ бал.	3 211	3 067	–4,5
N ₂ O, тонна CO ₂ бал.	218 785	227 800	4,1

Компанияда биомассаны өртеуден немесе оның ыдырауынан болатын шығарындылар, сондай-ақ ГФК, ПФК, SF6, NF3 шығарындылары жоқ.

CO₂ шығарындылары қарқындылығының көрсеткіші өндіріс бірлігіне парниктік газдардың атмосфераға үлестік жалпы шығарындыларының қатынасын көрсетеді.

2019–2022 жылдардағы CO₂ шығарындыларының қарқындылығы

GRI 305-4



Парниктік газдар шығарындыларымен қатар отынның жануы нәтижесінде эмиссия көздерінде (дизельдік отын, сұйытылған газ, мазут, табиғи газ, көмір)

атмосфераға азот (NOx) және күкірт оксидтері (SO₂) шығарылады, бұл да ластануға әкеледі және климаттың өзгеруіне ықпал етеді.

2022 жылдағы стационарлық көздерден шығатын SO₂, NOx шығарындылары, мың тонна

GRI 305-7

Ластанушы заттардың шығарындылары	Көлемі
NOx	0,34
SOx	0,68
Қатты бөлшектер	2,37
CO	1,42
Ұшпа органикалық қоспалар	0,25
Ауаның қауіпті ластанғыштары	5,1
Күшті органикалық ластанғыштар	0,0
ЖИЫНТЫҒЫ	5,1

Атмосфераға шығарылатын ластанушы заттардың шығарындыларын біріктіру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 6 қарашадағы шешімімен бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың және оның еншілес ұйымдарының экологиялық менеджмент жүйесінің басшылығы есептілігінің нысандары қолданылды.

Ластанушы заттарды есептеу келесі әдістемелерге сәйкес жүргізілді:

1. Түрлі өндірістердің атмосфераға шығаратын зиянды ластанғыштардың шығарындыларын есептеу жөніндегі әдістемелер жинағы. Алматы, КазЭ-КОЭКСР, 1996 ж., 2-тармақ. Бу шығару өнімділігі 30 т/сағ-қа дейін қазандықтарда отынды жаққан кезде зиянды ластанғыштардың шығарындыларын есептеу.

2. Мұнай өнімдерін (мұнай базалары, АЖС) және басқа сұйықтықтар мен газдарды сақтау мен сатуды жүзеге асыратын кәсіпорындардың шығарындыларын есептеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ҚР Қоршаған орта министрінің 2011 жылғы 29 шілдедегі №196-ө бұйрығы).

3. Дәнекерлеу жұмыстары кезінде атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларын есептеу әдістемесі (меншікті шығарындылардың мәндері бойынша). РНД 211.2.02.03-2004. Астана, 2005.

4. Металдарды механикалық өңдеу кезінде атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларын есептеу әдістемесі (меншікті шығарындылардың мәндері бойынша). РНД 211.2.02.06-2004. Астана, 2005.
5. Теміржол көлігі кәсіпорындарындағы атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларын есептеу әдістемесі (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі №100-п бұйрығына 21-қосымшаның 5.2-т.).

6. Автокөлік кәсіпорындарындағы атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларын есептеу әдістемесі (3-тарау) (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі №100-п бұйрығына 3-қосымша).

7. Лак-сыр материалдарын жаққан кездегі атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларын есептеу әдістемесі (меншікті шығарындылардың мәндері бойынша). РНД 211.2.02.05-2004. Астана, 2005.

8. Ұйымдастырылмаған қайнар-көздерден шығарындылар нормативтерін есептеу әдістемесі (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 12 маусымдағы №221-Г бұйрығына 8-қосымша).

23 2021 жыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Төмен көміртекті дамуының 2060 жылға дейінгі тұжырымдамасы бойынша ПГ шығарындылары үшін негізгі жыл болып табылады.

Бекітілген әдістемелер бойынша атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын есептеу негізінде «Атмосфералық ауаны қорғау туралы есеп» (№ 2-ТП ауа нысаны) жасалады, оның кезеңділігі ҚР Статистика агенттігінің бұйрығымен белгіленген. Есептік нысанда нормативтік мәндермен салыстырылған ластаушы заттардың көлемі бойынша деректер арту/азаю себептерін талдай отырып ұсынылады. Жылына 1 рет «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары мен еншілес ұйымдары 2-ТП (ауа) нысаны бойынша есеп ұсынады.

Компания жыл сайын өзінің көміртек ізін азайту бойынша іс-шаралар жүргізеді. Маңызды шаралардың бірі – парниктік газдар шығарындыларын азайтуға көмектесетін жылжымалы құрамның жаңа түрлеріне көшу. Атап айтқанда, Компания ескі үлгілерге қарағанда ластаушы заттарды 2,2 есе аз бөлетін «ЭВОЛЮШН» сериялы тепловоздарды енгізуде. 2022 жылы 20 электровоз, 28 ТЭЗ3АС магистральды тепловозы және 2 ТЭМ11А маневрлік тепловозы енгізілді.

Бұдан басқа, Компания ластаушы заттардың шығарындыларын азайтатын және бактериялық ластануды болдырмайтын аралас жылыту жүйесі мен жабық дөретханалары бар жаңа жолаушылар вагондарын сатып алуда. 2022 жылы осындай 67 вагон сатып алынды.

Компания сонымен қатар қазандықтарда газ тәрізді отынға көшіп, өндірістік ғимараттарын электрмен жылытуға қосуда, бұл стационарлық көздерден ластаушы заттардың шығарылуын азайтуға көмектеседі. Осы мақсаттарда 2024 жылға дейінгі Батыс өңіріндегі теміржол көлігі нысандарын газдандыру

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУЫНЫҢ 2060 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША МАҚСАТТАР

Тұжырымданың іс-шараларын іске асыру шеңберінде 2030 жылға дейінгі кезеңде тікелей шығарындыларды CO₂ 1,8 млн тоннасынан 1,3 млн тоннасына дейін, немесе 2020 жылғы деңгейден 25%-ға азайту

(жылыту) бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген, онда қоршаған ортаға шығарындыларды азайту мақсатында 9 бірлік нысанды газдандыру көзделген, бұл CO₂ шығарындыларын 3 014,8 тоннаға азайтуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, есеп беріліп отырған кезеңде Компания климаттың өзгеруіне теріс әсерді азайтуға бағытталған бірнеше іс-шараларды жүзеге асырды.


Біздің экологиялық бастамаларымыздың бірі «Батареяны тапсыр – кірпіні құтқар» акциясы болды, оның аясында біз 1 688 кг пайдаланылған батареяларды сәтті жинадық, оның 1 486 кг кәдеге жаратуға және мамандандырылған кәсіпорындарға өтеулі және өтеусіз негізде сатуға берілді. Біздің бөлімшелерде пайдаланылған батареяларды жинауға арналған 1 257 қорап орнатылған.

Және де есеп беріліп отырған жылы экологиялық жағдайды жақсарту және аумақты абаттандыру мақсатында «Ағаш отырғыз – көміртегі ізін азайт» экологиялық акциясы өткізілді. Барлығы 5 808 ағаш отырғызылып, 500 астам гүлзарлар жасалды.

Бұдан басқа, 2022 жылдың маусымында Шымкент қаласында Халықаралық экологтар күніне орайластырылған «Экологиялық және радиациялық қауіпсіздік» тақырыбында семинар өтті. Семинар барысында жаңа ҚР Экологиялық кодексінің енгізілуіне байланысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормаларды сақтау, экологиялық нормалау қағидаттары туралы мәселелер талқыланды. Сондай-ақ ішкі бақылауды ұйымдастыру және экологиялық талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті арттыру мәселелері қарастырылды.

жоспарлануда. Бұл ретте энергияны ауыстыру іс-шараларын іске асыру болмаған жағдайда, ол поезддар тартуында дизельдік отын шығынының ұлғаюы себепінен 16%-ға артады.

Көміртегі ізінің динамикасы (CO₂ тікелей шығарындылары), млн тонна




«ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Төмен көміртекті дамудың 2060 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасын іске асырудың негізгі іс-шаралары

№	Іс-шаралар	Саны, бір.	Көміртек ізінің (CO ₂) азаюы, мың тонна
2030 жылға дейін			
1	Жүк тепловоздары паркін жаңарту	150	194,9
2	Теміржол желілерін электрлендіру*	820	165
3	Жолаушылар тепловоздары паркін жаңарту	99	61
4	Сұйытылған табиғи газдағы/аккумулятордағы локомотивтерді енгізу**	77	29
5	Маневрлік тепловоздар паркін жаңарту	50	13,3
6	Көмір қазандықтарын жаңғырту	124	5,1
7	Қазандықтарды дизельдік отыннан газға ауыстыру	25	0,9
Барлығы			469
2030 жылдан кейін			
8	Аккумуляторлық батареялардағы автокөлікті енгізу (мысалы, Tesla)**	2 377	28,9
9	Аккумуляторлық батареялардағы маневрлік тепловоздарды енгізу	420	126,7
			155,6

* электрлендіру іс-шарасы АЭС-тан электр энергиясын өндіру жағдайында өзекті болады
** СТГ іс-шарасы пилоттық жобаны іске асырудың нәтижесі мен мерзіміне байланысты

2030 жылға дейінгі көміртегі ізін азайтудың негізгі іс-шаралар үлесі



ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасындағы энергия ресурстарының ең ірі тұтынушысы болып табылады. Дизельдік отынды тұтынудың 30%-ға дейін және электр энергиясын тұтынудың 4%-ға дейін Компанияның үлесіне келеді.

Компания тиімді жүк тасымалын және теміржол көлігі инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз етіп, ел экономикасында шешуші рөл атқарады.

Алайда жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуына әкеліп соғады, бұл өз кезегінде адам денсаулығына және экожүйеге, оның ішінде адамның таза суға, ауаға және топыраққа экологиялық құқықтарына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Өз кезегінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ өзінің жағымсыз әсерін азайту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп, шығарындылар мен энергия тұтынуды азайту саясатын жүзеге асыру арқылы тиімділікті үздіксіз арттыруға ұмтылады.

Энергетикалық менеджмент жүйесі

Компания жыл сайын энергетикалық менеджмент жүйесі саласында ISO 50001:2018 стандарттарының талаптарына сәйкестігіне сараптама жасау мақсатында сыртқы аудиттен өтеді.

Энергетикалық менеджмент жүйесі Компанияның біріктірілген менеджмент жүйесіне кіреді және магистральдық теміржол желісі, жүк және жолаушылар тасымалы қызметтерін көрсету процестерінде энергия тиімділігін арттыруға бағытталған.

«Интерсертифика – ТЮФ совместно с ТЮФ Тюринген» ЖШҚ компаниясының халықаралық аудиторларынан 2022 жылы алынған сертификат ISO 50001:2018 стандартының қағидаттарына сәйкестігін растау болып табылады.

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

GRI 302-4, 302-5

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ кемінде 5 жылда бір рет міндетті энергия аудитінен өтеді. Нәтижесінде отын-энергетикалық ресурстарға жыл сайынғы шығындарды азайтуға ықпал ететін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру шаралары әзірленеді.

Мәселен, 2019 жылы жүргізілген энергия аудиті негізінде Компания Энергия тиімділігі және энергия үнемдеудің 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған іс-шаралар жоспарын бекітті, онда шамамен 3 160 тонна шартты отынды немесе 2018 жылдың деңгейіне қатысты ОЭР тұтынудың жалпы көлемінің 2,6%-ы сақтау мақсатында энергия ресурстарын азайту жоспарлануда. Ақшалай есептегенде жалпы үнемдеу шамамен 868 млн теңгені құрайды.

2022 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру іс-шараларын іске асыру нәтижесінде 300 тонна шартты отын немесе 14 246,1 ГДж үнемделді, олар: жарықтандыру шамдарын ауыстыру, терезелерге төмен эмиссиялық үлдірді орнату, жылыту құрылғыларының артындағы қабырғаларға жылуды шағылыстыратын экрандар орнату, жаңа техника мен жабдықтарды енгізу, жылу жүйелерін жаңғырту.

Компанияда енгізілген энергетикалық менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында 2016 жылғы 17 наурызда № 291-ЦЗ бұйрығымен Энергетикалық талдау әдістемесі бекітілді, соның негізінде отын-энергетикалық ресурстардың жұмсалыуына тұрақты талдау жүргізіледі.

Компанияның 2022 жылғы жалпы энергия шығыны 41 185,7 мың ГДж болды, бұл 2021 жылғы деңгейден 3,5%-ға, немесе 1 425,9 мың ГДж-ға жоғары. Энергия шығынының өсуі себебі жүк және жолаушылар тасымалы көлемінің 4,9%-ға ұлғаюымен түсіндіріледі.

2020–2022 Жылдардағы ОЭР тұтыну

GRI302-1

Көрсеткіш	2020		
	Барлығы	пайдалану-өндірістік (тартымдық емес) қажеттіліктерге	тартым қажетті-ліктеріне (жылу тартымы және электр тартымы)
Электр энергиясы, мың кВт	3 402 814,38	413 590,32	2 989 224,07
Дизельдік отын, тонна	561 019,13	31 827,33	529 191,80
Көмір, тонна	59 141,93	59 141,93	–
Мазут, тонна	4 981,51	4 981,51	–
Табиғи газ, мың м³	6 791,64	6 791,64	–
Бензин, тонна	8 167,27	8 167,27	–
Сұйытылған мұнай газы, тонна	34,74	34,74	–
Барлық ОЭР түрлерінің жиынтығы, мың ш.о.т.	1 296,09	161,08	1 135,00
Барлық ОЭР түрлерінің жиыны, мың ГДж	38 659,30	5 407,44	33 251,86

Көрсеткіш	2021		
	Барлығы	пайдалану-өндірістік (тартымдық емес) қажеттіліктерге	тартым қажетті-ліктеріне (жылу тартымы және электр тартымы)
Электр энергиясы, мың кВт	3 300 203,80	416 953,58	2 883 250,22
Дизельдік отын, тонна	598 624,35	23 228,27	575 396,09
Көмір, тонна	57 176,52	57 176,52	–
Мазут, тонна	5 151,60	5 151,60	–
Табиғи газ, мың м³	7 067,30	7 067,30	–
Бензин, тонна	6 155,64	6 155,64	–
Сұйытылған мұнай газы, тонна	33,34	33,34	–
Барлық ОЭР түрлерінің жиынтығы, мың ш.о.т.	1 334,32	145,36	1 188,96
Барлық ОЭР түрлерінің жиыны, мың ГДж	39 759,82	4 925,79	34 834,03

Көрсеткіш	2022		
	Барлығы	пайдалану-өндірістік (тартымдық емес) қажеттіліктерге	тартым қажетті-ліктеріне (жылу тартымы және электр тартымы)
Электр энергиясы, мың кВт	3 336 365,29	395 064,99	2 941 300,30
Дизельдік отын, тонна	621 162,22	35 055,88	586 106,34
Көмір, тонна	69 654,00	69 654,00	–
Мазут, тонна	4 390,72	4 390,72	–
Табиғи газ, мың м³	6 664,18	6 664,18	–
Бензин, тонна	6 593,74	6 593,74	–
Сұйытылған мұнай газы, тонна	38,31	38,31	–
Барлық ОЭР түрлерінің жиынтығы, мың ш.о.т.	1 378,40	166,76	1 211,63
Барлық ОЭР түрлерінің жиыны, мың ГДж	41 185,74	5 687,54	35 498,20

Ескертпе. «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарын қамту ұлғайтылғандықтан, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Кедентранс-сервис» АҚ, «KTZ Express» АҚ, «Теміржолсу» АҚ, «Құрық порты» ЖШС, «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ енгізілгендіктен 2020 және 2021 жылғы деректер түзетілді.

Көрсеткіштерді есептеу үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Энергетикалық менеджмент жүйесі жөніндегі басшылық, ISO 50001:2018 халықаралық стандарты, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Энергетикалық талдау әдістемесі пайдаланылды.

Қайта есептеу коэффициенттері Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансын жасау бойынша әдісте-мелік ұсыныстарға, Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес пайдала-нылды.

2020–2022 жылдардағы жұмыс бірлігіне ОЭР үлестік шығынының тиімділігі, кг.ш.о./10 мың т. км. брутто

Көрсеткіш	2020	2021	2022	Өзгеріс 2021/2020, %	Өзгеріс 2022/2021, %
Жұмыс бірлігіне ОЭР үлестік шығы-нының тиімділігі, кг ш.о./10 мың т. км брутто	28,8	30,1	29,3	4,3	–2,5
Жүк және жолаушылар тасымалының көлемі, млрд ткм брутто	429,1	423,1	443,6	–1,4	4,9

Энергия сыйымдылығы

GRI302-3

Компания жүк айналымына (кг.ш.о./т.км.брутто) жатқызылған шартты есептеуде отын-энергетикалық ресурстардың (ОЭР) үлестік шығынына негізделген энергия тиімділігі көрсеткішін пайдаланады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша компанияның энергия сыйымдылығы 29,3 кг.ш.о. құрады, бұл 2015 жылғы базалық көрсеткіштен 13,8%-ға жоғары.

Компанияда ОЭР пайдалану тиімділігін бағалау теміржол саласында шартты отын тоннасымен өл-шенетін өнім (жұмыс) бірлігіне отын-энергетикалық ресурстардың нақты шығынын өлшеу арқылы жүзеге асырылады. Энергия тиімділігінің көрсеткіші энергия ресурстарының нақты шығынының тасымалданатын жүк көлеміне қатынасы ретінде анықталады.

2023 жылға және орта, ұзақ мерзімді келешекке арналған жоспарлар

«ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Төмен көміртекті даму жөніндегі 2023–2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын 2023 жылы іске асыру жоспарланған, оның ішінде аккумуляторлық маневрлік локомотив жобасын әзірлеу, маги-стральдық локомотивтерде сұйытылған табиғи газды пайдаланудың пилоттық жобасын енгізу, сондай-ақ тепловоздарды газ-мотор отынына ауыстыру сияқты отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайту іс-шаралары қарастырылған. Өлемдік технологиялық прогрестің дамуына байланысты болашақта сутегі технологияларын қолдану қарастырылуы мүмкін.

Қалдықтарды басқару

GRI306-1

Теміржол саласында әртүрлі қалдықтар бар, соның ішінде теміржол вагондарын, теміржол стнациялары мен жолдарын жөндеу және қызмет көрсету қал-дықтары, теміржол желілерін пайдалану қалдықтары. Қалдықтарда металдар, пластик және басқа матери-алдар сияқты зиянды заттар болуы мүмкін, қоршаған ортаға әсерін болдырмау үшін оларды дұрыс кәдеге жарату керек. Сондықтан теміржол саласындағы


қалдықтарды басқару және кәдеге жарату тұрақты дамудың маңызды элементі болып табылады.

Компанияның филиалдары мен еншілес ұйымдарында жұмыс істеу барысында тұрмыстық қатты қалдықтар, металл сынықтары, пайдаланылған майлар, авто-мобиль шиналары, люминесцентті шамдар және басқа да материалдар сияқты өндірістік және тұтыну қалдықтары пайда болады.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та 59,1 мың тонна қалдық пайда болды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 3%-ға аз.

2020–2022 жылдардағы қалдықтар көлемі, тонна

GRI306-3



Компания қалдықтары туралы деректер «Эколо-гиялық қауіпсіздік» бірыңғай есепке алу модулінде жинақталады, мұнда құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдардың қызметкерлері тоқсан сайын қалдықтарды тіркеу журналын толтырады.



Компанияда пайда болатын негізгі қалдықтар:

- құрамында сынап бар қалдықтар;
- ағаш қалдықтары;
- құрамында мұнай бар қалдықтар;
- дәнекерлеу электродтарының күйіктері;
- тұрмыстық қатты қалдықтар, соның ішінде күл, аумақ қоқысы, қағаз, картон және басқа матери-алдар;
- қара металл сынықтары;
- пайдаланылған қорғасын аккумуляторлар батаре-ялары;
- пневматикалық шиналар;
- лак-бояу құралдарының қалдықтары;
- пайдаланылған майлар;
- күл және шлак қалдықтары.

GRI 306-2

Қалдықтарды басқару бойынша жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына, «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарындағы Қал-дықтарды басқару қағидасына сәйкес айқындалады.

Қалдық түзушілер қалдықтар пайда болған кезден бастап лицензия негізінде қалдықтарды қайта өңдеу немесе жою жөніндегі операцияларды жүзеге асы-ратын тұлғалардың меншігіне өткенге дейін оларды қауіпсіз қолдану үшін жауапты.

GRI 306-1, 306-5

Компания қалдықтарды кәдеге жарату және көму бойынша коммуналдық қызметтермен және қызмет жеткізушілермен шарттар жасайды.

Полигонға әкетілетін қалдықтарды азайту және қор-шаған ортаға әсерді төмендету мақсатында Компания қалдықтарды бөлек жинау, одан әрі кәдеге жарату және мүдделі ұйымдарға тапсыру жұмыстарын жүр-гізеді.

Өткен 2022 жылы Компания өтеулі негізде 6 млн теңге сомасында 89 077 кг қалдықтарды үшінші тұлғаларға тапсырды, оның ішінде:

2022 жылы бөгде ұйымдарға тапсырылған қалдықтар



Қалдықтарды бөлек жинау және пластикті қайта өңдеу мәдениетін дамыту аясында 2022 жылғы 1 ақпаннан бастап «Солтүстік» өңірлік филиалында пластик пен қаңылтыр құтыларды қабылдау пункті жұмыс істеп тұрғанын атап өткен жөн, мұнда әрбір поезд сапарының қалдықтары жинастырылады және кейін қайта өңдеуге тапсырылады. Қайталама шикізатты тапсырғаны үшін сыйақыны өнімді қайта өңдеуге тапсырған қызметкерлер алады. Бұдан басқа, «Жолаушылар тасымалы» АҚ бастама-сымен 722 580 теңгеге 144 516 дана пластик және 21 254 теңгеге 10 627 дана қаңылтыр құты өткізілді.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРАЛУАНДЫҚТЫ САҚТАУ

Биологиялық әралуандық мәселелерін басқару

Биологиялық әралуандықты қорғау Компанияның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, оған жоспарлау мен құрылыстан бастап теміржол нысан-дарын пайдалануға дейінгі әр кезеңде қоршаған ортаға әсерді бағалау арқылы назар аударылады. Қоршаған ортаға әсерді бағалау қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін кез келген шаруашылық немесе басқа қызмет түрі үшін міндетті болып табылады.

Жобаларды іске асыру тәуекелдерін талдау үшін тиімді құралдар, оның ішінде әлеуметтік және эко-логиялық тәуекелдерді талдау пайдаланылады. Жүр-гізілген қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері ескеріліп, қоршаған ортаға және адам денсаулығына ең аз зиян келтіретін нұсқа таңдалады. Жоба тәуе-келдерін анықтау және бағалау жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде тұрақты негізде жүзеге асырылады. Атмосфералық ауаға, жер үсті және жер асты суларына, ландшафттарға, жер ресурстары мен топырақ жамылғысына, биологиялық алуан түрлілікке және басқа факторларға әсері бағаланады.

Есеп беріліп отырған жылы жүк поезы теміржол көпірінде келе жатқанда апат орын алып, соның сал-дарынан мыс-мырыш кендері мен үйінді қож тиелген 6 вагон Ертіс өзеніне құлаған.

Ертіс өзеніне келтірілген экологиялық залалды жою үшін қалпына келтіру бағдарламасы әзірленіп, оның аясында келесі жұмыстар жүргізілді:

- теміржол вагондарының қосалқы бөлшектерін және металл сынықтарын кейіннен кәдеге жаратумен аумақтан тазалау;
- жағалау сызығынан төгілген жүкті әкету және кәдеге жарату;
- аумақты төгілген жүк қалдықтарынан тазарту және оны кәдеге жарату;

- сұңгуірлерді тарта отырып топогеодезиялық ізде-стіру жұмыстарын жүргізу;
- судың сапасын ауыр металдардың бар-жоғына зерттеу. Сынамаларды іріктеу нәтижесінде ауыр металдардың артық мөлшері табылмады, көрсет-кіштері қалыпты шектерде тұр.

Бұдан басқа, биологиялық әралуандықты сақтау мақсатында апат орнында балық шаруашылығына келтірілген залалды бағалау жүргізілді. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша 2023 жылы балық шаруашылығына залал мен шығынның алдын алу мақсатында Өскемен су қоймасының балық өсіру шаруашылығы учаскесіндегі су қоймасына балықтар тұқымын жіберу жоспарлануда.

ЖЕТКІЗУШІНІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

GRI 308-1, 308-2

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде Компания жеткізушілерге қажетті іс-шара-ларды орындау және қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәсе-лелері бойынша Қазақстан Республикасының норма-тивтік құқықтық актілерін сақтау талаптарын қояды.

Компанияда «ҚТЖ ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымда-рында мердігерлік ұйымдардың жұмыстар орында-уындағы қауіпсіздікті басқару» корпоративтік стан-дарты қабылданған, оған Компанияның заңнамалық және жергілікті актілерін сақтау міндеттемелері, мердігерлердің қызметкерлерімен қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша бағдарлау жиналыстары мен кіріспе нұсқамалықтар өткізу, сондай-ақ олардың сақталуын бақылау кіреді.

Сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шарттардың үлгілерінде жеткізушілерге Қазақстан Республи-касының қоршаған ортаны қорғау туралы заңна-масының нормаларын сақтау, сондай-ақ олардың жұмыс жүргізілген, қызмет көрсетілген аумақтағы қоршаған орта объектілеріне келтірілген техногендік әсердің теріс салдарын жою жөніндегі міндеттемелер белгіленген.

Бұдан басқа, Қор жеткізушілерді, мердігерлерді және серіктестерді бағалау үшін ESG критерийлерін әзірлеу жұмысын жүргізеді. Осы критерийлер бекітіл-геннен кейін жеткізушілер экологиялық критерийлер арқылы таңдалады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

GRI 3-3

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ең ірі жұмыс беруші болып табылады және өз қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайына және кадрлық әлеуетті дамытуға үлкен көңіл бөледі.

Компания әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын ұстанады және келесіге:

- өз қызметкерлерінің өмірі мен жұмысы үшін барынша қолайлы жағдайлар жасауға, оларды толық әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етуге, оқыту мен кәсіби біліктілігін арттыру мүмкіндігін беруге;
- жаңа жұмыс орындарын құруға, көлік құрамдас бөлігін қысқартуға, халықтың ұтқырлығын арттыруға және қайырымдылық жобаларын жүзеге асыру арқылы Қазақстан халқының өмір сүру жағдайын жақсартуға ұмтылады.

Бұдан басқа, Компания адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарын ұстанады, соның ішінде:

- жұмыс істеу құқығы — заңнаманы сақтау, жұмыс орындарын беру, лайықты еңбекақыны, жұмыс орнында қауіпсіздік пен денсаулықты қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыс уақыты мен демалыс күндерін сақтау;
- әлеуметтік қамтамсыз ету құқығы — әлеуметтік жеңілдіктерді, оның ішінде медициналық сақтандыруды, ақылы еңбек демалысын және басқа да әлеуметтік кепілдіктерді беру;
- теңдік және кемсітпеу құқығы — жынысына, жасына, ұлтына, дініне және басқа да белгілерге байланысты теңдік және кемсітпеушілік қағидаттарын сақтау;
- оқу және біліктілігін арттыру құқығы — қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттыруға мүмкіндіктер беру;

- денсаулықты қорғау мен қауіпсіздік құқығы — қажетті қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуді және еңбекті қорғау бойынша оқытуды қоса алғанда, жұмыс орнында қауіпсіздік пен денсаулықты қорғауды қамтамасыз ету;
- жеке тұлғаны құрметтеу құқығы — қызметкерлердің жеке басын құрметтеу және олардың құқықтары мен бостандықтарын зорлық-зомбылықтан, кемсітушіліктен немесе қысым көрсетуден қорғау.

КАДР САЯСАТЫ

Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін 2019 жылдың қыркүйегінде Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2019–2029 жылдарға арналған жаңа Кадр саясатын бекітті.

Кадр саясаты Компанияда және оның еншілес ұйымдарында 2029 жылға дейін адам ресурстарын басқару функциясын дамытудың негізгі тәсілдерін, қағидаттарын, талаптары мен бағыттарын айқындайтын іргелі құжат болып табылады.

КОМПАНИЯ ПЕРСОНАЛЫ

GRI 2-7. 401-1, 405-1

2022 жылдың соңында Компания қызметкерлерінің тізімдік саны 113 769 адамды болды (2021 жылы — 112 581 адам болған). 2022 және 2021 жылғы қызметкерлердің тізімдік санында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

2020–2022 жылдардағы қызметкерлердің тізімдік саны, жынысы бойынша бөлінісінде, адам

	2020	2021	2022
Барлығы, оның ішінде:	119 071	112 581	113 769
Әйелдер	27 658	26 400	26 350
Ерлер	91 413	86 181	87 419

2020–2022 жылдардағы қызметкерлердің тізімдік саны, санаты бойынша бөлінісінде


	2020	2021	2022
Барлығы, оның ішінде:	119 071	112 581	113 769
Әкімшілік-басқарушы персонал	8 939	7 876	7 108
Өндірістік персонал	110 132	104 705	106 661

Компаниядағы негізгі жас тобы — жасы 31-ден және 50-ден үлкен қызметкерлер. 30 жастан кіші жас қызметкерлердің үлесі ең аз — персоналдың жалпы санының 15,1% құрайды.

2020–2022 жылдардағы қызметкерлердің тізімдік саны, жасы бойынша бөлінісінде

	2020	2021	2022
Барлығы, оның ішінде:	119 071	112 581	113 769
30 жастан кіші	22 869	17 929	17 233
31-50 жастағы	63 228	62 835	63 864
50 жастан үлкен	32 974	31 817	32 672

Есеп беріліп отырған кезеңдегі қызметкерлер, жасы бойынша бөлінісінде, %



30 жастан кіші 31-50 жастағы 50 жастан үлкен

Компания қызметкерлерінің басым көпшілігі (87,4%) ұзақ мерзімді шарттар бойынша жұмыс істейді, ал 12,6% мерзімді шарттар талаптарымен жұмысқа орналастырылған.

Толық жұмыспен қамтылу талаптарымен 99,7%, ішінара жұмыспен қамтылу талаптарымен 0,3% жұмысқа орналастырылған.

Шарттардың мерзімі мен қызметкерлердің жұмыспен қамтылуы еңбек заңнамасына және Компанияның ішкі жергілікті актілеріне сәйкес белгіленеді.

2020–2022 жылдардағы жұмыспен қамтылу түрі бойынша персоналдың тізімдік саны, адам

Өңірлер	Тұрақты қызметкерлер		Уақытша қызметкерлер		Толық жұмыспен қамтылған қызметкерлер		Ішінара жұмыспен қамтылған қызметкерлер	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Астана қаласы	5 521	3 542	1 228	489	6 745	4 027	4	4
Алматы қаласы	4 365	1 527	359	155	4 702	1 641	22	41
Шымкент қаласы	1 790	443	150	36	1 940	479	0	0
Павлодар облысы	4 579	1 901	888	259	5 449	2 156	18	4
Алматы облысы	5 935	1 567	1 013	210	6 943	1 775	5	2
Қызылорда облысы	4 924	886	510	37	5 431	919	3	4
Ақтөбе облысы	7 479	2 250	789	179	8 263	2 411	5	18
Атырау облысы	3 197	1 136	410	111	3 605	1 243	2	4
Маңғыстау облысы	4 016	1 000	213	64	4 224	1 057	5	7
Ақмола облысы	4 687	1 451	1 108	193	5 770	1 617	25	27
Шығыс Қазақстан облысы	4 736	1 414	1 034	165	5 764	1 565	6	14
Жамбыл облысы	5 876	1 133	802	71	6 673	1 198	5	6
Батыс Қазақстан облысы	1 038	392	139	35	1 176	421	1	6
Қарағанды облысы	8 117	2 653	1 426	274	9 528	2 891	15	36
Қостанай облысы	4 273	1 569	1 167	162	5 436	1 714	4	17
Солтүстік Қазақстан облысы	602	51	258	37	860	88	0	0
Түркістан облысы	3 346	486	344	28	3 688	508	2	6
Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде	1 090	436	10	8	1 100	444		
БАРЛЫҒЫ	75 571	23 837	11 848	2 513	87 297	26 154	122	196



GRI 2-8

Еңбек ресурстарын қайта құрылымдау тәсілдерін жетілдіру шеңберінде жүргізілетін қызметкерлер санын оңтайландыру және еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында, сондай-ақ еңбек дауларын шешуге байланысты әлеуметтік тәуекелдерді азайту мақсатында ҚР еңбек заңнамасын ескере отырып, 2022 жылы Компания аутстаффингті енгізді. Аутстаффинг референт хатшылардың деңгейінде енгізілді (24 бірлік), бұл Компа-

нияда тиімді іс жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.


GRI 401-1

Еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны есеп беріліп кезеңде 14 447 адам болды (соның ішінде 11 894 адам Компаниядан кетті, 2 553 адам «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы ішінде трансферді жүзеге асырды), бұл 2021 жылғы деңгейден 20,6%-ға төмен (2021 жылы – 18 185 адам).

Компаниядан кеткен қызметкерлер саны, санаты бойынша бөлінісінде, адам


Өңірлер	30-ға дейін		30-дан 50-ге дейін		50-ден үлкен	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Барлығы	3 204	635	5 381	1 433	3 056	738
Астана қаласы	503	176	761	468	232	149
Алматы қаласы	212	55	293	118	148	31
Шымкент қаласы	17	1	57	20	35	12
Павлодар облысы	223	46	484	113	231	88
Алматы облысы	282	44	458	83	209	33
Қызылорда облысы	115	10	221	15	176	20
Ақтөбе облысы	320	36	417	70	254	37
Атырау облысы	82	22	171	36	113	16
Маңғыстау облысы	62	12	126	20	76	12
Ақмола облысы	211	57	356	80	279	64
Шығыс Қазақстан облысы	221	29	387	84	261	42
Жамбыл облысы	213	22	381	62	227	44
Батыс Қазақстан облысы	45	7	79	13	43	9
Қарағанды облысы	351	61	597	144	304	67
Қостанай облысы	232	41	404	72	274	63
Солтүстік Қазақстан облысы	36	11	36	20	38	5
Түркістан облысы	69	4	122	10	122	31
Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде	10	1	31	5	34	15

Есеп беріліп отырған кезеңде Компаниядан кеткен қызметкерлер, гендерлік белгісі бойынша бөлінісінде, %



■ Ерлер ■ Әйелдер

Есеп беріліп отырған кезеңде Компаниядан кеткен қызметкерлер, жасы бойынша бөлінісінде, %



■ 30 жастан кіші ■ 31-49 жастағы ■ 50 жастан үлкен

2020–2022 жылдардағы кадрлар айналымы, %

	2020	2021	2022
Коэффициенті	8,2	11,1	12,7


Ескерту. Кадрлар айналымы коэффициенті (қызметкердің бастамасы, зейнеткерлік жасқа толуы, Компанияның бастамасы, қайтыс болуы және т.б. бойынша) барлық жұмыстан босатылғандар санының қызметкерлердің орташа санына қатынасын ескереді. 2021 жылы коэффициент тек өз бастамасы бойынша жұмыстан босатылғандарды есепке алды, 2022 жылы барлық жұмыстан босатылғандар саны есепке алынды.

2022 жылы Компанияға жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны, жынысы, жасы және өңірі бойынша бөлінісінде, адам **GRI 401-1**

Өңірлер	30-ға дейін		30-дан 50-ге дейін		50-ден үлкен	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер
Барлығы	4 842	845	6 318	1 502	1 735	388
Астана қаласы	772	222	843	399	299	94
Алматы қаласы	401	79	534	117	251	67
Шымкент қаласы	28	9	40	14	5	2
Павлодар облысы	300	64	481	120	138	40
Алматы облысы	510	73	568	91	79	10
Қызылорда облысы	139	5	198	23	36	6
Ақтөбе облысы	332	49	391	100	92	14
Атырау облысы	175	34	216	47	45	11
Маңғыстау облысы	114	20	144	30	14	3
Ақмола облысы	331	57	455	97	165	33
Шығыс Қазақстан облысы	304	42	543	88	118	12
Жамбыл облысы	349	21	378	41	63	10
Батыс Қазақстан облысы	57	12	78	16	20	3
Қарағанды облысы	504	84	643	160	172	28
Қостанай облысы	383	64	461	108	195	49
Солтүстік Қазақстан облысы	12	0	99	8	0	4
Түркістан облысы	114	3	171	23	37	2
Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде	17	7	75	20	6	0


2022 жылы жұмысқа алынған қызметкерлер саны 15 630 адам, олардың ішінде 13 038 адам – сырттан жұмысқа жалданған, 2 592 – іштен жұмысқа жалданған.

Есеп беріліп отырған жылы Компанияға қабылданған қызметкерлер саны, гендерлік белгісі бойынша бөлінісінде, %



■ Ерлер ■ Әйелдер

Есеп беріліп отырған жылы Компанияға қабылданған қызметкерлер саны, жасы бойынша бөлінісінде, %



■ 30 жастан кіші ■ 31-49 жастағы ■ 50 жастан үлкен

2022 жылы бала күтімі бойынша демалыс алуға құқығы болған қызметкерлердің жалпы саны, адам

GRI 401-3

	Ерлер	Әйелдер	ЖИЫНТЫҒЫ
Бала күтімі бойынша демалыс алуға құқығы болған қызметкерлердің жалпы саны	87 399	26 370	113 769
Бала күтімі бойынша демалысты алған қызметкерлердің жалпы саны	307	4 686	4 993
Бала күтімі бойынша демалыс аяқталған соң есеп беріліп отырған кезеңде жұмысқа қайтып келген қызметкерлердің жалпы саны	139	1 988	2 127
Бала күтімі бойынша демалыс аяқталған соң (2021 жылы) жұмысқа қайтып келген және жұмысқа қайтып келген соң 12 ай бойы жұмысын жалғастырып жатқан қызметкерлердің жалпы саны	103	2 661	2 764
Бала күтімі бойынша демалыс аяқталған соң 2022 жылы жұмысқа қайтуы тиіс болған қызметкерлер саны	161	2 197	2 358
Бала күтімі бойынша демалыс аяқталған соң 2021 жылы жұмысқа қайтып келген қызметкерлер саны	111	2 772	2 884
Жұмысқа қайтып келу коэффициенті, %	86,3	90,5	90,2
Тұрақтау коэффициенті, %	92,8	96	95,8


ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жынысына, жасына, нәсіліне, ұлтына, мүгедектігіне және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан өз қызметкерлеріне жұмысқа орналасу және кәсіби даму мүмкіндіктеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Әрбір қызметкердің өз әлеуетін дамыту және жаңа білім мен дағдыларды алу үшін біліктілігін арттыруға және оқуға тең мүмкіндіктері бар.

Компанияда гендерлік айырмашылықтарға байланысты негізгі жалақы мен сыйақы төлеу жүйесінде

Есеп беріліп отырған кезеңдегі қызметкерлер, гендерлік белгісі бойынша бөлінісінде, %



2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та басшы әйелдер үлесі басқарушы персоналдың жалпы санының 24%-ын құрады (2021 жылы – 21%).

2022 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-та мемлекет қатысатын компаниялардың басқарушы органдарындағы әйелдер үлесін арттыру бойынша «Гендерлік теңдік» модульдік бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама стратегиялық ойлау, қаржылық талдау, тұрақты даму және жеке тиімділік сияқты көшбасшылық құзыреттерді дамытуға бағытталған. Барлығы бағдарламаға корпоративтік орталықтың, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары мен еншілес ұйымдарының 13 басшы әйелі қатысуда.


Сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та гендерлік тепе-теңдікті орнату мақсатында 2023–2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді, оған гендерлік тепе-теңдік бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу, бейресми әйелдер қауымдастығын құру, әйелдер

айырмашылықтар жоқ. Еңбекақы лауазымына сәйкес белгіленеді, бір лауазымда жұмыс істейтін ерлер мен әйелдер Компанияда еңбекақы төлеу ережелеріне сәйкес бірдей еңбекақы мен басқа да төлемдерді алады.

Гендерлік құрам

Компания қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, персоналдың гендерлік белгісі бойынша құрылымының негізгі үлесін ерлер құрайды – жалпы санның 76,8%. Әйелдердің үлесі 2022 жылы 23,2% болды.

Басшы қызметкерлер, гендерлік белгісі бойынша бөлінісінде, %



арасында мұрагерлер пулын дамыту, сондай-ақ әйелдер көшбасшылығы мен гендерлік тепе-теңдікті ілгерілетуге бағытталған тәуелсіз ұйымдармен және бірлестіктермен өзара іс-қимыл кіреді.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмыспен қамтамасыз етеді. Компанияда барлығы 1 046 адам жұмыс істейді, оның ішінде мүгедектік тобы бойынша: 1-топ – 7 адам, 2-топ – 189 адам, 3-топ – 850 адам.

Мүмкіндігі шектеулі қызметкерлер атқаратын негізгі лауазымдар – электр механигі, жол өткелі кезекшілері және т.б.

Есеп беріліп отырған кезеңдегі ерлер мен әйелдердің базалық жалақы деңгейі GRI 405-2

	Әкімшілік персонал ²⁴	Өндірістік персонал ²⁵
әйелдердің, теңге	268 000	78 773
ерлердің, теңге	268 000	78 773

МАТЕРИАЛДЫҚ ЫНТАЛАНДЫРУ

Әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудың, өмір сүру деңгейін арттырудың және әлеуметтік-экономикалық жағдайды нығайтудың негізгі факторларының бірі болып табылатын қызметкерлерді материалдық ынталандыру мәселесі Компания үшін маңызды болып табылады.

2022 жылы қызметкерлерді материалдық ынталандыруды жақсарту бойынша бірқатар шаралар жүзеге асырылды, оның ішінде:

- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап өндірістік персоналдың еңбекақысын саралап арттыру жүргізілді, бұл ретте жұмысшы мамандықтарының еңбекақысы 25%-дан 41%-ға дейін өсті;
- учаскелік коэффициенттерден облыстық коэффициенттерге көшу екі кезеңде (2022 жылғы 1 шілдеден және 15 қазаннан бастап) жүзеге асырылды, бұл бір облыс шегінде учаскелік өңірлік коэффициенттерді максималды қолданыстағы коэффициент деңгейіне дейін көтеруге мүмкіндік берді. Еңбекақы өсімі орташа есеппен 7% болды;
- рейтингтік бағалау нәтижелері бойынша үздік нәтиже көрсеткен «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының өңірлік филиалдарының қызметкерлеріне көтермелеу төленді;

- еңбекке қатысу коэффициентін (ЕҚК) пайдалана отырып, өндірістік персоналға ағымдағы сыйақы беру жүйесінің таралуын көбейту бойынша жұмыс жүргізілді. Ағымдағы сыйақы жүйесі өндірістік персоналдың 54%-ын қамтыды. Бұдан басқа, 46 станцияда қозғалыс шаруашылығы (жүк айналымының ұлғаюы, тасымалдың өзіндік құнының төмендеуі) бойынша бизнес нәтижелері үшін прогрессивті сыйлықақы беру жүйесінің пилоттық жобасы енгізілді;
- жылдың қорытындысы бойынша қызметкерлерге, оның ішінде бала күтімі демалысында болғандарға, ұзақ мерзімді демалыста жүргендерге 1 ЕТЖМ көлемінде сыйлықақы төленді; ведомстволық марапаттарға берілетін төлемдер мөлшері 2 есеге ұлғайтылды;
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнін мерекелеу аясында Компания қызметкерлеріне біржолғы сыйлықақы төленді;
- кәсіби мереке – Көлік қызметкерлері күні, Республика күні және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай біржолғы сыйлықақылар төленді.

Қолданылған шаралардың нәтижесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша орташа айлық еңбекақының 2021 жылмен салыстырғанда 37%-ға өсуі қамтамасыз етілді.

Санаты бойынша бөлінген орташа айлық еңбекақы деңгейі, теңге

	2020	2021	2022
Әкімшілік-басқарушы персонал	345 763	417 192	525 578
Алдыңғы жылмен салыстырғандағы өсім, %	9	20,7	26
Өндірістік персонал	192 649	236 287	329 206
Алдыңғы жылмен салыстырғандағы өсім, %	10	22,7	39

Қызметкерлердің жынысы бойынша ең төменгі жалақы деңгейінің есеп беріліп отырған кезеңдегі белгіленген ең төменгі жалақы деңгейіне арақатынасы GRI 202-1

Ең төменгі жалақы	
әйелдердің, теңге ²⁶	66 612
ерлердің, теңге ²⁷	66 612
ең төменгі жалақы мөлшері ²⁸	42 500

24 «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппараты менеджері (13-грейд) жалақысының мөлшері.
25 «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тазалаушысы (2-разряд) жалақысының мөлшері.
26 «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тазалаушысы жалақысының мөлшері (2-разряд).
27 «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тазалаушысы жалақысының мөлшері (2-разряд).
28 «2021–2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 2 желтоқсандағы №379-VI Заңында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшері.

ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ

GRI 404-3

Әкімшілік-басқару персоналының қызметін бағалау барлық құрылымдық бөлімшелерде, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарында жыл сайын жүргізіледі.

Компанияда қызметкерлердің қызметіне баға беру күнтізбелік жыл бойы жүргізіледі және ол мақсаттарды қоюды, ұдайы мониторингті, нәтижелілікті бағалауды, ұдайы кешенді бағалауды және нәтижелілік қорытындылары бойынша қызметкерлерге ұдайы және сындарлы кері байланыс беруді қамтиды.

Есеп беріліп отырған жылы 2022 жылдың қорытындысы бойынша Компания қызметкерлерінің қызметін кешенді бағалаудың қорытындысы шығарылды. Бағалау қызметкерлердің 91%-ын, оның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының 88,8%-ын, филиалдарының 95,9%-ын, еншілес ұйымдарының 83%-ын қамтыды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Кадрлық резервті қалыптастыру және ротациялау қағидасына²⁹ сәйкес, 2022 жылғы

қызметті бағалау қорытындысы бойынша кадрлық резервке 609 қызметкер енгізілді.

- 2022 жылы 54 резервист келесі тақырыптар бойынша оқудан өтті:
1. «Re-born: Көшбасшылардың жаңадан жасалуы».
 2. «Басқару дағдылары: Жүйе және жеке тұлғаның әсер етуі».

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та 3 қызметкер Президенттік жастар кадрлық резервінде тұр. Есеп беріліп отырған жылы резервисттердің бірі «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша ротацияланды.


2022 жылы құзыреттерге баға беру және қызметкерлердің лауазымына сәйкестігі дәрежесін анықтау шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та 360 градус әдісі бойынша баға беру жүргізілді.

Бағалаумен 15 басқарушы қызметкерді және Директорлар кеңесіне есеп беретін 26 қызметкерді қоса алғанда, 41 қызметкер қамтылды.


Есеп беріліп отырған кезеңнің соңында қызметті кешенді бағалаумен қамтылған қызметкерлер саны, жынысы мен санаты бойынша бөлінісінде, адам

	2020	2021	2022	Өзгерістер 2021/2020, %	Өзгерістер 2022/2021, %
БАРЛЫҒЫ	2 415	3 067	2 994	27,0	–2,4
Әйелдер	1 371	1 697	1 581	23,8	–6,8
Ерлер	1 044	1 370	1 413	31,2	3,1

Кадрлық резервке кіргізілген қызметкерлер саны, адам



Ротацияланған қызметкерлер саны, адам



ЖАС МАМАНДАР

Компания жас мамандарды дамытуға көп көңіл бөледі, бұл жаңа идеялар мен тәсілдерді енгізу арқылы кадрлық әлеуетті жаңартуға, кадр тапшылығын жеңуге және жастарды қолдау мен дамытуда әлеуметтік жауапкершілікті көрсетуге мүмкіндік береді. Біз жастардың оқуына, кәсібі өсуіне және жұмыспен қамтылуын арттыруға мүмкіндік береміз.

«Жас Темір» бағдарламасы

2022 жылы Компания «Жас Темір» атты жас мамандарды дамытудың жаңа бағдарламасын іске қосты.

«Жас Темір» жас мамандарды дамыту бағдарламасының мақсаты — Компанияның даму болашағын ескере отырып, Компанияны теміржол профиліндегі жас білікті мамандармен қамтамасыз ету және үздік тәлімгерлік тәжірибелерін енгізу.

Үміткерлерді іріктеу әлеуметтік желілерде хабарландырулар жариялау, теміржолшы мамандықтары бар ЖОО-да ақпараттық жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Бес кезеңнен тұратын конкурстық іріктеуден кейін теміржол саласының жоғары оқу орындарының 5 түлегі іріктелді. «Жас Темір» бағдарламасы аясында жас мамандар «ҚТЖ» ҰК» АҚ тобында 5 айлық 3 ротациядан өтеді. Барлық ротацияларды сәтті аяқтағаннан кейін жас мамандар «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа жұмысқа орналастырылады. Ротациялардың қорытындысын шығару 2023 жылға жоспарланған.

Жаңа қызметкерлерді бейімдеу

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жаңа қызметкерлерді бейімдеу бағдарламасы жаңа қызметкерлерді ұжымға және ұйым мәдениетіне тезірек және тиімдірек кіріктіруді, олардың командадағы рөлдері мен жауапкершілігін түсінуін, сондай-ақ Компанияда қолданылатын процестермен және рәсімдермен танысуын қамтамасыз етуге арналған.

Жаңа қызметкерлерді бейімдеу қызметкерлерді Компанияның өндірістік қызметіне тартуды арттыруға, корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті қалыптастыруға, Компаниядағы әлеуметтік және ұйымдастыру-экономикалық еңбек жағдайларын түсінуге көмектесуге, ұзақ мерзімді еңбек қатынастарын орнатуға және жұмыстың бірінші жылындағы қызметкерлердің айналымы пайызын азайтуға бағытталған іс-шаралар кешенінің көмегімен жүзеге асырылады.

Жаңа қызметкерлер үшін «Welcome book» әзірленген, оның аясында олар Компанияның құрылу және даму

тарихымен, миссиясымен, корпоративтік құндылықтарымен, құрылымымен, комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарымен, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесімен және басқа аспектілермен танысады. Оларға сондай-ақ блокнот, қалам және бокал кіретін имидждік жинақтар беріледі.

Бейімдеу курсы қашықтан оқыту және тестілеу жүйесінде онлайн курстар бөлімінде орналастырылған.

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

GRI 404-2

Оқыту және кәсіби дамыту Компанияның табысты жұмысының негізгі элементтері болып табылады. Олар қызметкерлердің мансаптық өсуіне және кәсіби құндылығын арттыруға ықпал ететін кәсіби дағдыларды, жеке қасиеттерді және көшбасшылық қабілеттерді дамытуды қамтиды.

Қызметкерлерді оқытуға және дамытуға инвестиция жасау қызметкерлердің өнімділігі мен адалдығын арттырудың тиімді жолы болып табылады, бұл өз кезегінде Компания жұмысының нәтижелерін жақсартады. Оқыту және дамыту қызметкерлерге білімдерін арттыру және кәсіби өсу үшін жаңа мүмкіндіктер береді, бұл олардың сенімін, ынталандырылуын және жұмысқа қанағаттануын арттырады.


Компания өз қызметкерлерінің кәсіби, жеке-іскерлік және басқарушылық құзыреттерін дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді. Қазіргі уақытта Компанияда еліміздің әртүрлі өңірінде орналасқан бес оқу орталығы бар. Оқу орталықтарының базасында 2022 жылы 22 102 қызметкер оқытылды (2021 жылы – 22 671 қызметкер), ал есеп беріліп отырған жылы оқытылған қызметкерлердің жалпы саны 41 295 қызметкер (2021 жылы – 34 812 қызметкер), жалпы сомасы 1,7 млрд теңге (2021 жылы – 1,49 млрд теңге) болды.

Компанияда 50-ден артық жоғары білікті ішкі жаттықтырушы бар, олар өз салаларында сарапшы болып табылады. 2022 жылы ішкі жаттықтырушылар қақтығыстарды басқару, сабырлылық, тиімді коммуникациялар, клиенттерге бағдарлану, цифрлық дағдылар, тиімділікті басқару және т.б. сияқты жеке-іскерлік тақырыптар бойынша 5 600 қызметкерді оқытты.

Сондай-ақ есеп беріліп отырған жылы ішкі жаттықтырушылар Компанияның 20 991 қызметкері үшін еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы «Рұқсатнама құжаты», «Нұсқамалықтар», «Мердігер ұйымдардың қауіпсіздігін басқару» және «Қауіпсіздік мінез-құлығы диалогы 2» бағдарламалары бойынша: онлайн оқыту өткізді.

29 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 26 наурыздағы шешімімен бекітілген.

Есеп беріліп отырған кезеңде оқытылған қызметкерлер, бағыттар бойынша бөлінісінде %




- Компанияның оқу орталықтарындағы кәсіби оқыту
- бөгде ұйымдарда біліктілікті арттыру
- тіл үйрету (ағылшын тілі)

Бұдан басқа, Компанияның 3 146 қызметкері этика және комплаенс мәселелері бойынша оқытылды, оның ішінде қашықтықтан оқыту жүйесінде 1 326 қызметкер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбы бойынша, 1 098 қызметкер «Іскерлік этика кодексі» тақырыбы бойынша оқытылып, тестілеуден өтті.

«Мүмкіндік» дамыту бағдарламасы аясында қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесінде жұмыстан босатылатын қызметкерлерге арналған курс орналастырылды, ол келесі тақырыптарды қамтитын 3 модульден тұрады, мысалы, «Жаңа бизнесті мем-

Есеп беріліп отырған кезеңде оқытылған қызметкерлер, гендерлік белгі бойынша бөлінісінде %



- Ерлер
- Әйелдер

лекеттік қолдау құралдары. Электрондық қызметтер порталы», «Мемлекеттік сатып алу. Тіркелуден алғашқы шарттарға дейін», «Тұлғалық өсу өмірдегі табыстың себебі ретінде», «Келіссөздер жүргізудің тәжірибелік дағдылары», «Кәсіпкердің құқықтық сауаттылық негіздері. Барлығын қалай дұрыс жасау керек?», «Кәсіптік бағдар. Мамандық таңдау негіздері», «Жаңа бастап жүрген кәсіпкерлерге арналған салық», «Ақшаны басқару. Қалай сақтау және көбейту керек?», «Түйіндемені қалай жазу керек» және т.б.

GRI 404-2

Есеп беріліп отырған кезеңдегі жынысы және санаты бойынша бір қызметкерге жұмсалған оқыту сағаттарының орташа саны

GRI 404-1

Персоналды оқыту	Жоғары менеджмент	Әкімшілік-басқарушылық персонал	Өндірістік персонал	Қызмет көрсетуші персонал
Әр санат пен жынысы бойынша қызметкерлерді оқытуға жұмсалған жалпы сағаттар саны	303	196 846	2 783 069	0
Әр санат пен жынысы бойынша қызметкерлерді оқытуға жұмсалған жалпы сағаттар саны (тізімдік қызметкерлердің орташа саны)	110	7 108	106 661	0
Әр санат пен жынысы бойынша бір қызметкерді оқытуға жұмсалған жалпы сағаттардың орташа саны	2,75	27,69	26,09	0
Персоналды оқыту	Әйелдер		Ерлер	
Әр санат пен жынысы бойынша қызметкерлерді оқытуға жұмсалған жалпы сағаттар саны	246 662		2 733 556	
Әр санат пен жынысы бойынша қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік қызметкерлердің орташа саны)	26 364		87 515	
Әр санат пен жынысы бойынша бір қызметкерді оқытуға жұмсалған сағаттардың орташа саны	9,36		31,24	

«ШЕБЕРЛЕР ҚАЗЫНАСЫ» КОРПОРАТИВТІК ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ



Әрдайым өзгеріп тұратын жағдайларда тұрақты дамуды, өндіріс тиімділігінің өсуін қамтамасыз ететін Компанияның әрбір қызметкерінің кәсіби және жеке әлеуетін көтеру мақсатында 2022–2024 жылдарға арналған қызметкерлерді оқыту сапасын арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Жоспар аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының кәсіби құзыреттер матрицасы (ШЧ, ПЧ, ЭЧ) және 200 шеберге арналған «Шеберлер қазынасы» корпоративтік оқыту бағдарламасы әзірленіп, бекітілді.

Оқыту бағдарламасының мақсаты – өндірістік оқыту сапасын, өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру, Компанияның бизнес басымдықтарын түсінуді жақсарту, тиімді коммуникация құралдарын анықтау, салауатты атмосфераны құру және қызметкерлерді дұрыс ынталандыру.

«Шеберлер қазынасы» нәтижелері бойынша өндірістік оқыту шеберлерін ынталандыру жүйесі енгізілді, цифрлық дағдыларды пайдалана отырып техникалық сабақтарды өткізудің 20 жаңа бағдарламасы, сыйлықақы беру көрсеткіштері әзірленді, жұмыс уақытынан тыс техникалық сабақтарға қатысқаны үшін өтемақы қарастырылған.

«WOW!HR KAZAKHSTAN 2022» МАРАПАТТАРЫ



2022 жылы ТМД-дағы ең ірі «WOW!HR KAZAKHSTAN 2022» персоналды басқару жөніндегі бизнес-сыйлықақыда қазақстандық компаниялардың 12 жобасы ұсынылды, олардың арасынан «ҚТЖ» ҰК» АҚ жобалары үздік деп танылды.

«SAVE» (қызметкерлердің әл-ауқаты) номинациясында «Тартымды оңтайландыру» жобасы жеңімпаз атанды, оның аясында қызметкерлерді зейнеткерлікке ерте шығару бағдарламасы жүзеге асырылды.

Ал «DIGITAL SOLUTIONS» номинациясы бойынша HR талдамасының сапалы деректеріне жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ету, жедел және басқарушы шешімдерді қабылдау үшін құрылған «Ықшам HR дашбордтары (HR талдамалық деректерін визуализациялау)» жобасы жеңімпаз атанды.

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, Компания қызметкерлерінің, Компания қызметінің өңірлеріндегі тұрғындардың және жалпы қоғамның өміріне әлеуметтік жауапкершілікпен қатысу бойынша ерікті міндеттемелерді қабылдайды.

Компания өз қызметкерлеріне әртүрлі жеңілдіктерді қамтитын әлеуметтік пакетті қамтамасыз етеді, кәсіби және тұлғалық даму үшін жағдай жасайды. Бұдан басқа, Компания жастар саясатына, салауатты өмір салтын насихаттауға ерекше көңіл бөліп, ауқымды қайырымдылық науқанын өткізеді. Зейнеткерлер мен қызметкерлердің отбасыларына да айтарлықтай қолдау көрсетіледі.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға жұмсалған шығыстар 26%-ға өсіп, 14,6 млрд теңгені құрады (2021 жылы – 11,6 млрд теңге болған), оның ішінде:

- зейнеткерлікке шыққандарға зейнетақыға үстемелер мен біржолғы жәрдемақылар 460 млн теңге сомасында;
- зейнеткерлердің денсаулығын жақсартуға және қолдауға берілетін қаражат 269 млн теңге көлемінде;
- қызметкерлерге сауықтыруға берілетін материалдық көмек 878 млн теңге көлемінде;
- қызметкерлерге бала туған жағдайда берілетін жәрдемақы 717 млн теңге көлемінде;
- мүгедек балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған қызметкерлерге берілетін жәрдемақы 49 млн теңге сомасында;
- некені тіркеуге байланысты қызметкерлерге төленетін жәрдемақы 76 млн теңге сомасында және т.б.

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ

GRI 402-1

Салалық келісім мен 2021–2023 жылдарға арналған Ұжымдық шарт шеңберінде қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау, еңбекақы төлеу, еңбекті қорғау, қызметкерлер мен олардың балаларының денсаулығын жақсарту мен демалысын қамтамасыз ету бойынша қосымша нормалар мен ережелер, сондай-ақ басқа да әлеуметтік кепілдіктер белгіленеді.

Ұжымдық шартта барлық қызметкерлерге медициналық көмек көрсету, қызметкерлер мен зейнеткерлерге арналған санаторлық-курорттық сауықтыру, балалардың жазғы сауықтыру демалысы, мүгедектердің емделуіне және күтіміне жұмсалған шығындарды өтеу және т.б. көзделген.

Ұжымдық шартта Компанияның келесі міндеттемелері жазылған:

- әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы нормаларды сақтау;
- Компаниядағы қызметкерлерге, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге, мүгедектерге, сондай-ақ өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардан зардап шеккендерге материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік кепілдіктер беру;
- жастарға, қызметкерлердің отбасыларына әлеуметтік кепілдіктерді, оның ішінде Компания қызметкерлері балаларының жазғы демалысын және сауықтыруын қамтамасыз ету.

Бұдан басқа, Ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес қызметкерлерге және олардың өкілдеріне Компания қызметіндегі персоналдың еңбек жағдайына әсер ететін елеулі өзгерістер туралы хабарламалар жіберу туралы Компанияның міндеттемелері қарастырылған (бос тұру жариялау туралы – күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей, құрылымдық бөлімшені тарату туралы – бір айдан кешіктірмей). Штат ұлғайтылған кезде штатты азайту бойынша жұмыстан босатылған (соңғы алты айда) қызметкерлерге бос жұмыс орындары туралы хабарланады.

GRI 2-30

2022 жылдың қорытындысы бойынша ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің үлесі 97,5% болды.

Бұл ретте қызметкерлердің ұжымдық шарттарға енгізілмеген еңбек жағдайлары ҚР Еңбек кодексінде белгіленеді. Жұмысқа алу мен еңбекке ақы төлеу шарттары жұмыс берушінің жекелеген жергілікті актілерінде реттеледі. Айырмашылығы жұмыс берушінің жергілікті актілерінде ескертілмеген кейбір әлеуметтік жеңілдіктерде болады.

КӘСІПОДАҚТАР

Компания «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігімен тығыз ынтымақтасады.

2021 жылы Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, басқа да теміржол көлігі ұйымдары мен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі арасында 2021–2023 жылдарға арналған Әлеуметтік-еңбек мәселелері жөніндегі салалық келісімге қол қойылды.

Салалық келісім ұжымдық шарттарға енгізуге міндетті болып табылатын, қызметкерлерге, олардың отбасыларына және зейнеткерлерге ең төменгі әлеуметтік кепілдіктерді белгілейді. Келісім тараптары жұмыс берушілер мен қызметкерлердің осы кепілдіктерді кеңейту құқықтарын шектемейді.

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі мен Компания осы Келісімді әлеуметтік серіктестіктің негізгі құжаты деп мойындайды. Ол теміржол саласы ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыруға, өмір сүру деңгейін көтеруге және қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған келісілген әлеуметтік-еңбек саясатын жүргізудің жалпы қағидаттарын белгілейді.

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің міндеттері мен қызметінің кепілдіктері Компанияның ұжымдық шартында қарастырылған.

2022 жылы Кәсіподақпен бірлесіп Ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі комиссияның 5 отырысы өткізілді. Осы отырыстар нәтижесінде келесі жақсартулар енгізілген екі қосымша келісімге қол қойылды:

- метеорологиялық ақпарлар болмайтын станциялар мен разъездерде қиын метеорологиялық жағдайларда жұмыс үшін қосымша төлемдерді уәкілетті басшылар қол қойған актілер негізінде қолдануға рұқсат етіледі;
- қызметкерлердің баланың туылуына, асырап алынуына байланысты ақылы әлеуметтік демалысты (3 жұмыс күні) пайдалана алатын кезеңді 1 айдан 1 жылға дейін ұлғайту;

- кез келген жастағы баланы асырап алуға байланысты материалдық көмек төлеу;
- жылына бір рет «Турист» класындағы вагонның жол жүру құны бойынша «Бизнес» класындағы вагондарда темір жолда жүру шығындарын өтеу мүмкіндігі;
- балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған қызметкерлерге 1 қыркүйекке қарай материалдық көмек төлеу кезінде мектеп оқушыларының санына қойылатын шектеуді алып тастау;

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қордың Әлеуметтік өзара іс-имыл және коммуникациялар орталығы Компаниядағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін анықтайтын әлеуметтік тұрақтылық индексіне зерттеу жүргізеді. 2022 жылы Компанияның әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіші 65% болды, бұл былтырғы 72%-бен салыстырғанда нашарлау болып табылады.

Көрсеткіштің нашарлауы қызметкерлердің өзінің материалдық қамтамасыз етілуіне қанағаттану деңгейіне байланысты болды.

Зерттеу нәтижелері бойынша Компания алдағы жылға әлеуметтік тұрақтылық деңгейін және қызметкерлердің тартылуын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарында белгіленген, дамуды қажет ететін салаларда шаралар қабылдауда.

2023 жылы Компания мен оның еншілес ұйымдары әлеуметтік тұрақтылық деңгейін және қызметкерлердің тартылуын жақсарту үшін жайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, ынталандыру құралдарын енгізу және жұмыс ұжымдарында салауатты әрі сындарлы қарым-қатынастарды сақтау бойынша жұмыс істейтін болады.

ПЕРСОНАЛДЫ ЖҰМЫСТАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН БОСАТУ

Әлеуметтік шиеленісті тудырмай персоналды жеңіл қысқарту мақсаттарына қол жеткізу үшін 2020 жылы Персоналды жұмыстан әлеуметтік жауапкершілікпен босату бағдарламасы қабылданды.

Бағдарламаның мақсаты – Компания қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру шеңберінде қызметкерлер мен Компания үшін ең қолайлы және экономикалық негізделген құралдар арқылы еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Зейнеткерлікке ерте шығу бағдарламасы осындай құралдардың бірі болды. Зейнеткерлікке ерте шығу бағдарламасы Компания қызметкерлерінің ерікті түрде мерзімінен бұрын зейнетке шығуы арқылы персонал санын ауыртпалықсыз оңтайландыруға бағытталған. ҚР заңнамасына сәйкес зейнеткерлік жас басталғанға дейін 5 және одан аз жыл, ерекше жағдайларда 6 және одан аз жыл қалған қызметкерлер Бағдарламаға қатысушы бола алады және лауазымдық жалақысы мен еңбек өтіліне қарай өтемақы ала алады.

2022 жылы 1 242 бірлік санын оңтайландыру кезінде барлығы 1 062 қызметкер босатылуға тиіс еді, оның ішінде 48 адам Зейнеткерлікке ерте шығу бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдаланды. 973 адамды құрайтын босатылған персоналдың негізгі бөлігі «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында жұмысқа орналастырылды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының жұмыстан босатылған қызметкерлеріне өтемақы төлеу қағидаларына және «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарында штатты немесе қызметкерлер санын оңтайландыру кезінде персоналды босату әдістемесіне сәйкес өтемақы төлеумен 20 адам босатылды.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТ

«Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық көмек көрсету бойынша бірыңғай саясатын жүзеге асырады.

Компания салауатты өмір салтын, жастар саясатын насихаттауға және корпоративтік еріктілер қызметі арқылы аз қамтылған азаматтар мен халықтың осал топтарына көмек көрсетуге бағытталған бағдарламаларды белсенді түрде жүзеге асырады. Бұл қызметкерлердің қоғам мен қоршаған ортаның дамуына үлес қосуына мүмкіндік беріп қана қоймай, әріптестер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға да септігін тигізеді.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының мыңнан астам корпоративтік еріктілері бірқатар акциялар мен іс-шараларды, соның ішінде:

- мемлекеттік, ұлттық мерекелерді және кәсіби мереке — Көлік қызметкерлері күнін мерекелеуді;
- Балаларды қорғау күні, Білім күні және Қарттар күніне орай мерекелік іс-шараларды;
- шалғайдағы станциялар мен жол айырықтарында тұратын көп балалы отбасылар үшін «Балаларды мектепке жинайық» акциясын;
- Жаңа жыл қарсаңында ерекше балаларға арналған «Балалар тілектері шыршасы» акциясын;

- саланың жалғызбасты ардагерлері мен зейнеткерлері үшін «Азық-түлік себеті» және «Қысқа арналған тұрмыстық көмір» акциясын өткізді.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 40-тан астам қызметкерінің сырқаттануына, жазатайым оқиғаларға және басқа да жағдайларға байланысты материалдық қолдау сұраған өтініштеріне жауап ретінде Әлеуметтік саясат департаменті оларға қажетті көмек көрсетті. Осы мақсаттарға қаражат жинау үшін корпоративтік почта арқылы хабар таратылды және «Қазақстан теміржолшысы» газетінде Компанияның басқа қызметкерлерінен ерікті қайырымдылыққа шақыру бар мақалалар жарияланды. Бұл шаралар мұқтаж қызметкерлерге көмек көрсету үшін қомақты қаражат жинауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ 2022 жылы 10 күндік экологиялық челлендж басталды, оған біздің Компанияның 300-ден астам қызметкері қатысты. Ағаш отырғызу, су мен электр энергиясын үнемдеу, қоқысты сұрыптау және бір реттік ыдыс-аяқтарды пайдаланудан бас тарту шаралары жүргізілді. Бұл акция біздің қызметкерлер арасында кең қолдау тауып, экологиялық мәселелерге және болашақ ұрпақтар үшін планетамызды сақтауға назар аударды.

Қызметкерлердің қайырымдылық қызметінің маңызды аспектісі — қайырымдылық негіздегі жұмыс. Есеп беріліп отырған жылы 15-тен астам қан тапсыру акциясы өткізілді, онда теміржолшылар өз еркімен донор болды. 300-ден астам қызметкер 100 литрден артық қан тапсырып, қоғамымыздың жалпы әл-ауқатына зор үлес қосты.

Еріктілер жұмсаған адам/сағаттың жалпы көлемі 20 мыңнан астам адамды құрады.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАМҚОРЛЫҚ

Жұмыс істемейтін зейнеткерлерге әлеуметтік қолдау көрсету үшін Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Теміржол ардагерлерінің орталық кеңесі қызмет етеді.

Осы бағдарлама аясында қызметкерлер науқас және жалғызбасты зейнеткерлердің үйіне, ауруханаға барып, атаулы даталармен құттықтап, кеңес беру, түсіндіру және іс-тәжірибе көмегін көрсетеді.

Бұдан басқа, Компания жұмыс істемейтін зейнеткерлерге жыл сайынғы тегін жол жүруді, санаторлық-курорттық емделуді, 70, 80, 90 және 100 жасқа толғанда біржолғы материалдық көмекті қамтитын әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етеді, сондай-ақ Әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді қарау жөніндегі



комиссияның шешімі бойынша Көлік қызметкерлері күні және Жеңіс күні сияқты мерекелерге орай материалдық көмек береді.

Есеп беріліп отырған кезең ішінде 9 500 астам қызметкер мен зейнеткер денсаулығын жақсартты, оның ішінде 3 500-ден астам қызметкер «ҚТЖ — Жүк тасымалы» ЖШС қарамағындағы Сәкен Сейфуллин атындағы санаторий-профилакторийде санаторлық-курорттық сауықтырудан өтті.

ЖАС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАМҚОРЛЫҚ

Компания жас қызметкерлердің кадрлық әлеуетін дамытуға ерекше көңіл бөледі және осы мақсатта корпоративтік жастар саясатын жүзеге асырады.

Жастар саясаты бағдарламасы кәсіби дағдыларды жақсартуға, корпоративтік рухты көтеруге, жастарды тарту және бейімдеу жүйесін дамытуға, оларды мәселелерді шешуге қатыстыруға, рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге және салауатты өмір салты мен спортты насихаттауға бағытталған.

Жастар саясаты аясында «ҚТЖ 100 жас тұлғасы» және «Жас үздік маман» бағдарламалары жүзеге асырылуда.

2022 жылы Компания жастарының құштарлығын арттыру мақсатында «КТК фестивалі», «Теміржол аруы-2022» байқауы, «Теміржол білгірлері» интеллектуалды ойындары сияқты бірқатар корпоративтік іс-шаралар өткізілді және Компанияның youtube арнасында «ГалстукOFF» жобасы басталды.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ 24 мемлекетті біріктіретін Халықаралық теміржолшы спортшылар одағының (USIC) мүшесі болып табылады және USIC іс-шараларына, сондай-ақ Одақ конгресіне белсенді қатысады.

2022 жылы салауатты өмір салтын және дене шынықтыруды насихаттау мақсатында Компания барлық өңірлерде 15 мыңнан астам адамды қамтыған 322 спорттық іс-шара өткізді.

Бұдан басқа, жергілікті атқарушы және бөгде ұйымдар ұйымдастырған 281 спорттық шараға 3 мың теміржолшы қатысты. Спорт секцияларына 19 мыңнан астам қызметкер қатысады. Өндірістік гимнастикамен 8,5 мыңнан астам қызметкер айналысады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі.....	138
Жалғыз акционер	142
Директорлар кеңесі	143
Басқарма	160
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	170
Ішкі аудит қызметі	180
Корпоративтік омбудсмен	184
Мүдделер қақтығысын басқару	186

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқару жүйесі Компанияның қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін процестер жиынтығы, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер және мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар жүйесі болып табылады.

Корпоративтік басқару қағидаттары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқару органдарының құзыреттері Компанияның Жарғысында нақты белгіленген және бекітілген.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысының жаңа редакциясы³⁰ бекітілді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысын өзгерту корпоративтік басқару процестерін бюрократсыздандыру, Жарғыға тұрақты түрде түзетулер енгізуді қажет етпейтін икемді тұжырымдарды енгізу мақсатында жүзеге асырылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысының шешуші өзгерістері «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау бөлігінде Директорлар кеңесі мен Басқарманың құзыретін қайта бөлуге қатысты.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі³¹ Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі құжаттарына және «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформация бағдарламасына сәйкес әзірленген. Кодекс Қазақстанда және әлемде қабылданған корпоративтік басқару тәжірибелерін ескереді, Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделген қағидаттарды бекітеді.

Кодекстің мақсаттары — корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету және тиісті корпоративтік басқару стандарттарына бейілділікті растау. Кодекс Компанияның корпоративтік басқару жүйесі негізделген қағидаттарды бекітеді. Директорлар кеңесі Компанияда Кодекс ережелерінің орындалуын қадағалауды жүзеге асырады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ

Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес Корпоративтік хатшы «Comply or explain» («Бұзба немесе түсіндір») тәсілін қолдана отырып, Компанияның оның қағидаттары мен ережелерін бұзбауы бойынша Кодексті жыл сайын талдап тұрады.

Кодекс ережелерінің орындалуын бақылау «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне жүктеледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы 2022 жылға

арналған есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№4 хаттама) бекітілді.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Компания іс жүзінде Кодекс ережелерінің 88%-ын бұзбайды, Кодекс ережелерінің тағы 4%-ы ішінара бұзылмайды, ережелерінің 1%-ы бұзылады³² және Кодекс ережелерінің 7%-ы Компанияға қолданылуға жатпайды.

Корпоративтік басқару кодексін бұзбау

Кодекстің тарауы	Бұзылмайды	Ішінара бұзылмайды	Бұзылады	Қолданылуға жатпайды
Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ қарау	54%	2%	2%	41%
Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі	93%	4%	1%	2%
Тұрақты даму	100%	—	—	—
Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	90%	8%	2%	—
Ашықтық	97%	6%	—	—

2023 жылы Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі ережелерінің бұзылмауын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырады.

30 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жалғыз акционерінің 2022 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№29/22 хаттама) бекітілген
31 Жалғыз акционердің 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№22/15 хаттама) бекітілген.

32 Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін орындау бойынша жұмыс бұдан әрі жалғасатын болады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

2022 жылы Компания корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруді жалғастырды, осылайша корпоративтік басқару жүйесін сыртқы тәуелсіз диагностикалау қорытындысы бойынша алынған ұсынымдарды ескере отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022–2023 жылдарға арналған жоспары³³ әзірленіп, бекітілді.

Есеп беріліп отырған жылы Жоспарды жүзеге асыру аясында келесі іс-шаралар атқарылды:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары қызметінің мәселелері бөлігінде құзыреттерді бөлу жағынан Директорлар кеңесі мен Басқарманың құзыреттерін қайта бөлуді қарастыратын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысының жаңа редакциясы³⁴ бекітілді;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарын басқару және өзара іс-қимыл жасау саясатының жаңа редакциясы³⁵ бекітілді;
- Қордың ұсынымдары бойынша дайындалған күн тәртібінің жаңа үлгісі және шешімдер жобаларына түсіндірме жазбалары кіретін Директорлар кеңесі мен оның Комитеттеріне материалдарды дайындау жөніндегі басшылықтың жаңа редакциясы³⁶ бекітілді;

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының төмен көміртекті дамуының 2060 жылға дейінгі тұжырымдамасы³⁷ әзірленіп, бекітілді;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ стратегиялық кадрлық резервінің сабақтастық жоспары³⁸ бекітілді;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту жоспары³⁹ бекітілді;
- Компанияның сату арналары арқылы алынған клиенттердің дербес деректерін қорғау бөлігінде Компанияның ішкі бақылауларының жеткіліктігін талдау мен бағалау және т.б.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылауды «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру жоспарлануда.

33 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 16 наурыздағы шешімімен (№3 хаттама) бекітілген.
34 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жалғыз акционерінің 2022 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№29/22 хаттама) бекітілген.
35 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№7 хаттама) бекітілген.
36 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 8 шілдедегі шешімімен (№11 хаттама) бекітілген.
37 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен (№02/49 хаттама) бекітілген.
38 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қазандағы шешімімен (№14 хаттама) бекітілген.
39 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен (№12 хаттама) бекітілген.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 2-9



ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Жалғыз акционер – Қор жоғарғы басқару органы болып табылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ акцияларының 100%-ы Жалғыз акционер – Қорға тиесілі болғандықтан заңнамамен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша барлық шешімдерді Жалғыз акционер жеке дара қабылдайды және олар жазбаша түрде рәсімделуге жатады.

Жалғыз акционер басқаруды «Акционерлік қоғамдар туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Жалғыз акционердің өкілеттіліктеріне Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Директорлар кеңесі мен Басқарма Төрағасын тағайындау, жылдық қаржылық есептілікті бекіту және т.б. кіреді.

2022 жылы Жалғыз акционер келесі мәселелерді қарады:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің жаңа редакциясын бекіту туралы (2022 жылғы 17 наурыздағы № 17/22 хаттама);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы (2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/22 хаттама, 2022 жылғы 27 мамырдағы № 29/22 хаттама);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы (2022 жылғы 19 мамырдағы № 27/22 хаттама);
- 2021 жылға арналған таза кірісті бөлу тәртібі туралы (2022 жылғы 19 мамырдағы № 27/22 хаттама);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың және оның лауазымды тұлғаларының 2021 жылғы әрекеттері бойынша Жалғыз акционердің өтініштері туралы (2022 жылғы 19 мамырдағы № 27/22 хаттама);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысының жаңа редакциясын бекіту туралы (2022 жылғы 27 мамырдағы № 29/22 хаттама) және т.б.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданады. Директорлар кеңесі Компанияның қауіпсіз, табысты және тұрақты дамуын қамтамасыз етуде, сондай-ақ ұзақ мерзімді акционерлік құнды құруда басты рөл атқарады. Директорлар кеңесі Компания қызметінің басым бағыттарын айқындайтын оның Даму стратегиясын, ұзақ мерзімді жоспарлар мен негізгі қызмет бағдарламаларын бекітеді, тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастырудың жалпы қағидаттары мен тәсілдерін белгілейді.

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Компанияның Жарғысымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және ұтымдылық пен тиімділік қағидаттарына сүйене отырып, жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспары мен отырыстар жүргізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

GRI 2-10, 2-11

Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау процесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Корпоративтік басқару кодексінде және Компанияның Жарғысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде Компания мүддесі үшін және тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімін сақтау маңызды.

Директорлар кеңесінің мүшелерін үміткерлердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде Жалғыз акционер сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның бүкіл құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Компанияның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі ескеріледі.

Тек жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Компанияның Басқарма Төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Компанияның Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына тоғыз директор, оның ішінде төрт тәуелсіз директор кіреді. Директорлар кеңесінің Төрағасы тәуелсіз директор болып табылады. Директорлар кеңесі мүшелерінің Компанияның акциялары/үлестес компаниялардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестері жоқ, сондай-ақ Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің жарғылық капиталындағы акциялары/қатысу үлестері жоқ.

Директорлар кеңесінің Төрағасы және оның рөлі

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жалпы басшылығына жауап береді, Директорлар кеңесінің оның негізгі функцияларын толық және тиімді жүзеге асыруын, Директорлар кеңесінің мүшелері, Жалғыз акционер мен Басқарма арасында сындарлы диалог құрылуын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ұмтылатын, ішкі және сыртқы сын-қатерлерге дер кезінде және тиісті кәсіби деңгейде жауап бере алатын кәсіби мамандардың біртұтас командасын құруға ұмтылуы тиіс.

Директорлар кеңесі Төрағасының рөлін атқару үшін кәсіби біліктілік пен тәжірибеден басқа, көшбасшылық, ынталандыра білу, әртүрлі көзқарастар мен тәсілдерді түсіне білу, қақтығыстарды шеше білу сияқты арнайы дағдылар қажет.

Тәуелсіз директорлар және олардың рөлі

Компания Директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорлардың санына қатысты Кодекстің талаптарын сақтайды, оған сәйкес тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-ға дейінін құрайды.

Тәуелсіз директорларды таңдау кезінде Жалғыз акционер мен Компания үміткерлерді тәуелсіз директорлар лауазымына конкурстық негізде іздеу және іріктеу рәсімін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпоративтік басқару кодексінің, Компания Жарғысының және Жалғыз акционердің жергілікті актілерінің талаптарын басшылыққа алады.

Тәуелсіз директорлар Ю.И.Лавриненко, Н.З.Аханзарипов, Дж.(Й.)МакКэй, У.Вокурка Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәуелсіздік критерийлеріне сәйкес келеді. Осылайша, осы тәуелсіз директорлар қабылдаған шешімдерге айтарлықтай әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қандай да бір қарым-қатынастар немесе жағдайлар жоқ.

Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттері

Директорлар кеңесінің мүшелері теміржол саласы, қаржы, инвестициялар, тәуекел менеджменті, корпоративтік басқару, персоналды басқару, тұрақты даму, трансформация және цифрландыру саласындағы едәуір жұмыс тәжірибесі мен білімін қоса алғанда, шешуші шешімдерді қабылдау үшін барлық қажетті құзыреттерге ие.

Директорлар кеңесінің құрамы дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімін қамтамасыз етеді, бұл қызмет нәтижелерін және қаржылық ахуалды жақсартуға бағытталған объективті және тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері біліктілігін арттыру мақсатында жыл сайын оқытылады. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру қажеттілігі өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша анықталады. Сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту корпоративтік басқаруды диагностикалау қорытындысы бойынша алынған ұсынымдар негізінде қалыптастырылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің 2019 жылғы 8 маусымдағы (№8 хаттама) шешімімен бекітілген Директорлар кеңесі мүшелерінің негізгі құзыреттерінің матрицасына сәйкестігін тексеру үшін 2022 жылы өткізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытудың 2022–2023 жылдарға арналған жоспары бекітілді.

Жоспарға сәйкес 2022 жылдың желтоқсанында Директорлар кеңесінің мүшелері «Комплаенс және тәуекел менеджментінің өзекті мәселелері» тақырыбы бойынша (ICA Халықаралық комплаенс қауымдастығының авторлық бағдарламасы бойынша) оқудан өтті.

2023 жылы Директорлар кеңесінің мүшелерін тұрақты даму, IT және қызметтің басқа да негізгі бағыттары бойынша оқыту жоспарлануда.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

GRI 2-18

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің, комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау жыл сайын және тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып, кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі.


Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қызметін жақсарту үшін бағыттарды белгілеуге және шараларды ұсынуға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде ескеріледі.

2022 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдарының Директорлар кеңестерінің қызметін бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады.

Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау шеңберінде келесі іс-шараларды өткізу жоспар-

Директорлар кеңесінің құрылымы, %

GRI 2-9



Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа жасы


56 жас

лануда, олардың нәтижелері Директорлар кеңесінде қаралады және тиісті есепте көрсетіледі:

- Директорлар кеңесі қызметінің 13 негізгі компонентін қамтитын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сауалнама жүргізу;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та қолданыстағы корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды талдау;
- 2022 жылғы қорытынды бойынша Директорлар кеңесінің қызметіне статистикалық талдау жасау;
- Директорлар кеңесі Төрағасының, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесімен сұхбаты;
- Директорлар кеңесі мүшелерінің өзара бағалауы.


Директорлар кеңесінің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау туралы 2022 жылғы қорытындылар бойынша есеп қалыптастырылады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің гендерлік араландығы, %





Директорлар кеңесі мүшелерінің жасы, %



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Есеп беріліп отырған кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер орын алды:


2022 жылғы 18 ақпаннан бастап Б.О.Ақшолоқовтың, А.Н.Кравченконың және Е.Б.Жанәділдің Директорлар кеңесі мүшесі ретіндегі өкілеттіліктері мерзімінен бұрын тоқтатылды (Қор Басқармасының 18.02.2022-дегі № 12/22 шешімі);

2022 жылғы 18 ақпанда Жалғыз акционер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесінің мүшелері болып Е.Қ.Бердіғұлов, Н.Н.Нұрбаева және Ғ.Қ.Ауғанов сайланды (Қор Басқармасының 18.02.2022-дегі № 12/22 шешімі);


2022 жылғы 8 сәуірде К.Шомоди Директорлар кеңесінің құрамынан шықты (ҚР заңнамасына сәйкес берілген өтініші негізінде);

2022 жылғы 27 мамырда Ю.И.Лавриненко Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды (Қор Басқармасының 27.05.2022-дегі № 29/22 шешімі).

Директорлар кеңесі мүшелерінің азаматтығы, %



Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі, %



Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің құрамында болуының орташа мерзімі – 1,6 жыл.

2022 жылдың соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі келесі құрамда болды: **GRI 2-9**

ТАӨ	Сайланған күні	Өкілеттілік мерзімі	Өкілеттілігі аяқталатын күн
Тәуелсіз директорлар			
Ю.И.Лавриненко	27.05.2022	Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі аяқталғанға дейін	07.10.2024
Н.З.Аханзарипов	07.10.2021	3 жыл	07.10.2024
Дж.(Й.)МакКей	07.10.2021	3 жыл	07.10.2024
У.Вокурка	07.10.2021	3 жыл	07.10.2024
Жалғыз акционер мүдделерінің өкілдері			
Е.Қ.Бердіғұлов	18.02.2022	Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі аяқталғанға дейін	07.10.2024
Н.Т.Байдәулетов	07.10.2021	3 жыл	07.10.2024
Н.Н.Нұрбаева	18.02.2022	Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі аяқталғанға дейін	07.10.2024
Ғ.Қ.Ауғанов	18.02.2022	Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі аяқталғанға дейін	07.10.2024
Басқарма Төрағасы			
Н.Е.Сауранбаев	07.10.2021	3 жыл	07.10.2024



ЮРИЙ ИВАНОВИЧ ЛАВРИНЕНКО

Директорлар кеңесінің Төрағасы
Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына
2022 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1945
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:
Ленинград теміржол көлігі инженерлері институты, «Темір жолдарды пайдалану» мамандығы;
КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясы, Мәскеу қаласы, «Қоғамдық-саяси қатынастар теориясы» мамандығы.

Еңбек қызметі:
Кәсіби жолын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та парк бойынша кезек-шіден басшы лауазымдарға дейін өтті.
Өртүрлі жылдары Шығыс Қазақстан облысының әкімі, Ақмола облысы әкімінің орынбасары, Қазақстан

Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі, Басқарушы директор – «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры, «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС, «Қамқор-Менеджмент» ЖШС бас директоры қызметтерін атқарған.
2010–2015 жылдары – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің кеңесшісі;
2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «KAZLOGISTICS» көліктік және логистикалық ұйымдар мен қауымдастықтар одағы» ЗТБ (Қазақстан көлік қызметкерлері одағы) Төралқа Төрағасының орынбасары.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



НҰРЛАН ЕРМЕКУЛЫ САУРАНБАЕВ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Басқарма Төрағасы

Директорлар кеңесінің құрамына
2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1967

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті,
«Экономика» мамандығы.

Еңбек қызметі:

Әртүрлі жылдары «Қазақстан темір жолы» РМК-да,
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та басшылық қызметтерді,
«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры, ҚР
Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі,
ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, ЭКСПО-2017
Халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру
комитетінің басшысы қызметтерін атқарған.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

2017—2018 жылдары — Оңтүстік Қазақстан облысы
Шымкент қаласының әкімі.

2019—2021 жылдары — ҚР Президенті Әкімшілігінің
Мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық
жұмыс бөлімінің меңгерушісі.

2021 жылғы сәуірден қазіргі уақытқа дейін — «ҚТЖ»
ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы.



НҰРЖАН ТӘЛІПҰЛЫ БАЙДӘУЛЕТОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі,

Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі

Директорлар кеңесінің құрамына
2018 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1960

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

Мәскеу теміржол көлігі институты, Ресей Федерациясы,
теміржол көлігіндегі тасымалдау процестерін басқару.

Еңбек қызметі:

Кәсіби жолын «Қазақстан темір жолы» РМК-да поезддар
құрастырушыдан басшы лауазымдарға дейін өтті.

Әртүрлі жылдары ҚР Көлік және коммуникация мини-
стрлігі Теміржол көлігі департаментінің директоры; ҚР
Көлік және коммуникация вице-министрі; ҚР Көлік және
коммуникация министрлігі Қатынас жолдары комитетінің
Төрағасы қызметтерін, Қорда басшы қызметтерді
атқарған.

2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін — «Қазақте-
леком» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

2021 жылдан қазіргі уақытқа дейін — «Эйр
Астана» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



ЕРНАТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ БЕРДІҒҰЛОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі,

Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі

Директорлар кеңесінің құрамына
2022 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1987

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

University of Toronto, Канада, «Мемлекеттік саясат және
халықаралық қатынастар» мамандығы;

«Операциялар өнімділігін басқару және бизнес
өнімділігін басқару» дипломы (CIMA);

University of Warwick, Ұлыбритания, Бизнесі
әкімшілендіру магистрі, MBA.

Еңбек қызметі:

2010—2018 жылдары «Семізбай-У» ЖШС бизнесті
әкімшілендіру бөлімінің бас маманы, «Самұрық-
Қазына» АҚ Басқарушылық есеп беру жүйесін енгізу
жөніндегі жобаның менеджері, Басқарма Төрағасының
кеңесшісі (қаржы-экономикалық мәселелер бойынша),
«Самұрық-Энерго» АҚ аналитикалық қолдау, страте-

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

гиялық даму, жобаларды басқару департаменттерінің
директоры қызметтерін атқарған;

2018—2019 жылдары — «Самұрық-Қазына» АҚ Актив-
терді басқару дирекциясының талдаушысы;

2019—2021 жылдары — «Whiteshield Partners» халықа-
ралық консалтинг компаниясының жоба жетекшісі;

2021 жылдан 2022 жылғы ақпанға дейін —
«Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия, тұрақты даму және
цифрлық трансформация жөніндегі тең басқарушы
директоры;

2022 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін —
«Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия және активтерді
басқару жөніндегі басқарушы директоры.



НӘЗИРА НҰРТІЛЕУҚЫЗЫ НҰРБАЕВА

Директорлар кеңесінің мүшесі,

Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі

Директорлар кеңесінің құрамына
2022 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1975

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

Қазақ мемлекеттік менеджмент академиясы, «Қаржы
және несие» мамандығы;

UW Wisconsin-Platteville Richland университеті, АҚШ,
«Іскерлік әкімшілік» мамандығы.

Еңбек қызметі:

1998-2020 жылдары «Lukoil Overseas Services Ltd.»
компаниясында аға салық кеңесшісі; кеңесші, аға
кеңесші, аға менеджер, салық және заң қызметтері

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

бөлімінің директоры, «PricewaterhouseCoopers» ком-
паниясының Атырау қаласындағы кеңсесінің басшысы
қызметтерін атқарған.

2020—2021 жылдары — серіктес, «Deloitte» компания-
сының салық және заң қызметтері бөлімі;

2021 жылғы сәуірден қазіргі уақытқа дейін —
«Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директоры, Басқарма мүшесі.



ҒИБРАТ ҚАЙРАТҰЛЫ АУҒАНОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі,

Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі

Директорлар кеңесінің құрамына
2022 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1988

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

«АРНА» Көкшетау экономикалық колледжі, «Қаржы» мамандығы;
Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Қаржы»; мамандығы;
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, «Мұнай-газ ісі» мамандығы;
Гуманитарлық-техникалық академия, «Экономика және бизнес магистрі» мамандығы.

Еңбек қызметі:

Өртүрлі жылдары «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының «Инженерлік орталық» филиалы еңбекті жоспарлау және нормалау бөлімінің инженері, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Еңбекақы төлеу және еңбекті нормалау департаментінің, «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті» ЖМ жетекші маманы,

«ҚазГерМұнай» БК» ЖШС Адами ресурстарды басқару департаментінің еңбекті нормалау жөніндегі жетекші инженері қызметтерін атқарған;

2017—2020 жылдары — «Ембімұнайгаз» АҚ Персоналды басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының орынбасары;

2020—2021 жылдары — «Қаражанбасмұнай» АҚ Персоналмен жұмыс істеу департаментінің директоры;

2021—2022 жылдары — Қордың Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры;

2022 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін — Қордың қоғаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



УЛЬФ ВОКУРКА

Директорлар кеңесінің мүшесі

Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1962

Азаматтығы: Германия Федеративті Республикасы

Білімі:

Мартин Лютер атындағы университет (Германия);
КСРО СІМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ), «Халықаралық қатынастар» факультеті.

Еңбек қызметі:

«Deutsche Bank AG», «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ, «Metzler Asset Management GmbH» компанияларында жұмыс істеген.

Өртүрлі жылдары «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы; ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық шетелдік инвесторлар кеңесі қауымдастығының Төрағасы және Басқарма мүшесі; «Қазкоммерцбанк» АҚ Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі, «Цеснабанк» АҚ Басқарма Төрағасы қызметтерін атқарған.

2019 жылдан қазіргі уақытқа дейін — «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «KEGOC» АҚ, «АХҚО әкімшілігі» АҚ және «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ тәуелсіз директоры.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



НҰРЛАН ЗАМАНБЕКҰЛЫ АХАНЗАРИПОВ

Директорлар кеңесінің мүшесі

Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына
2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1965

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

Семей технологиялық институты, Шәкәрім атындағы Семей университеті, «Бухгалтер-экономист», «Есеп және аудит» мамандықтары;

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, MBA, Іскерлік әкімшілендіру мастері;

Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, «Геофизика» мамандығы.

Еңбек қызметі:

Мұнай-газ саласында басшы қызметтерді атқарған, «АНК» Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының Басқарушы кеңесінің, «KAZENERGY» қауымдастығы Са- раптамалық кеңесінің және Ресей Федерациясы Тәуелсіз директорлар қауымдастығының (АНД РФ) мүшесі болған; «АльфаБанк Қазақстан ЕБ» АҚ, «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ, «Арикет» жоғары технологиялар қоры» АҚ, «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ Тәуелсіз директоры — Директорлар кеңесінің мүшесі болған.

Қазіргі уақытта — «KEGOC» АҚ және «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



ДЖОН (ЙАН) МАККЕЙ

Директорлар кеңесінің мүшесі

Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына
2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1955

Азаматтығы: Великобритания

Білімі:

Стирлинг университеті, Білім беру және ағылшын тілін зерделеу;

Жанжалдарды реттеу және басқару жөніндегі серти- фикат, Core Solutions, Эдинбург;

Стирлинг университеті Менеджмент мектебінің құрметті профессоры.

Еңбек қызметі:

Үлкен жұмыс тәжірибесі бар (2006 жылдан бастап): «Lothian Buses Ltd.», «Critiqom Ltd.» компанияларының

Директорлар кеңестері, NHS UK Еңбекақыны тексеру органы, Шотландия колледждері, Эдинбург колледжі, Шотландия бойынша Ofcom Консультативтік комитеті, Security Industry Authority және т.б.

2012 жылдан қазіргі уақытқа дейін — «Otherhand Ltd» компаниясының құрылтайшысы-директоры.

2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін — Стирлинг уни- верситеті Менеджмент мектебінің Халықаралық кеңесі Директорлар кеңесінің мүшесі; «Police Negotiating Board & SPCF» тәуелсіз төрағасы.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

2022 жылы Директорлар кеңесі жоспар 7 отырыс болғанда 17 отырыс, оның ішінде бетпе-бет түрде 13 отырыс, сырттай дауыс беру түрінде 4 отырыс өткізді.

2022 жылы өткізілген Директорлар кеңесінің отырыстарында Компания қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша 210 мәселе қаралды.

Есеп беріліп отырған жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелер

Мәселелер санаты	Мәселелер саны	Қаралған мәселелер
Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің мәселелері	39	- Комплаенс қызметінің, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік омбудсменнің қызметі туралы есеп - Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы және оның Аппараты туралы ережеге толықтыруларды бекіту - Комплаенс қызметі басшысының, Ішкі аудит қызметі басшысының, Корпоративтік хатшының және Корпоративтік омбудсменнің қызметін бағалау парағын бекіту
Стратегиялық мәселелер	35	- Ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясын бекіту «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік стратегиясын бекіту - Даму жоспарын (Бизнес-жоспарды) бекіту
Есеп беру	29	- Басқарма Төрағасының есебі; «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ кешенді қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайы туралы есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдері туралы біріктірілген есеп
Корпоративтік басқару	21	- Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарын бекіту «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарын басқару және өзара іс-қимыл жасау саясатының жаңа редакциясын бекіту «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысының жаңа редакциясын бекіту «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің комитеттеріне материалдар дайындау жөніндегі басшылықты бекіту
Мәмілелерді жасау мәселелері	19	Нәтижесінде құны активтердің баланстық құнының жалпы көлемінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлік иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәміле жасау
Ішкі құжаттарды бекіту	17	- Өкілдік туралы ережені бекіту «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі бекітетін құжаттар тізбесін бекіту
Кадрлар мәселелері	17	- Басшы қызметкерлердің ынталандырушы қызметінің шешуші көрсеткіштерінің карталарын бекіту «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымының Бас директорын (Басқарма Төрағасын) тағайындау (сайлау)
Басқа мәселелер	33	- Ақпараттық технологиялардың кейбір мәселелері бойынша - Жекешелендіру және дивестициялар бағдарламаларын іске асыру туралы ақпарат



Есеп беріліп отырған кезеңде Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы

ТАӘ	Есеп беріліп отырған кезең	Отырыстарға қатысуы	
			%
К.Шомоди , Директорлар кеңесінің Төрағасы – Тәуелсіз директор	01.01.2022 – 08.04.2022	6/6	100
Ю.И.Лавриненко , Директорлар кеңесінің Төрағасы – Тәуелсіз директор	27.05.2022 – 31.12.2022	8/8	100
Н.Е.Сауранбаев , Директорлар кеңесінің мүшесі – Басқарма Төрағасы	01.01.2022 – 31.12.2022	14/17	82
Н.Т.Байдәулетов , Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі	01.01.2022 – 31.12.2022	17/17	100
Б.О.Ақшолақов , Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі	01.01.2022 – 18.02.2022	0/2	–
А.Н.Кравченко , Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі	01.01.2022 – 18.02.2022	0/2	–
Е.Б.Жанәділ , Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі	01.01.2022 – 18.02.2022	0/2	–
Е.Қ.Бердіғұлов , Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі	18.02.2022 – 31.12.2022	12/15	80
Н.Н.Нұрбаева , Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі	18.02.2022 – 31.12.2022	12/15	80
Ғ.Қ.Ауғанов , Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі	18.02.2022 – 31.12.2022	10/15	67
Н.З.Аханзарипов , Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор	07.10.2022 – 31.12.2022	17/17	100
У.Вокурка , Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор	07.10.2022 – 31.12.2022	16/17	94
Дж. (Й.)МакКей , Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор	07.10.2022 – 31.12.2022	17/17	100

Директорлар кеңесінің қазіргі мүшелері

Есеп беріліп отырған жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа алғандағы отырыстарға қатысуы – 89%.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру және корпоративтік басқару құрылымын жетілдіру мақсатында Директорлар кеңесі жанынан төрт комитет құрылды:

- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегия және қаржы комитеті;
- Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті;
- Аудит жөніндегі комитет.

Комитеттердің негізгі міндеті – өз құзыретіндегі мәселелерді алдын ала жан-жақты зерделеу және Директорлар кеңесіне негізделген және теңгерімді шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар дайындау.

Комитеттердің құрамына Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреттері мен дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелері кіреді.

Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі олар туралы тиісті ережелермен реттеледі. Комитеттер туралы ережелерге сәйкес, Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіз директорлар ғана сайлана алады, басқа комитеттердің құрамында тәуелсіз директорлар көпшілікті құрауы тиіс. Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары – тәуелсіз директорлар.

Комитеттер мүшелерінің шақыруы бойынша комитеттердің отырыстарына «Самұрық-Қазына» АҚ Көлік және коммуникациялар департаментінің директоры Т.С.Шәріпов кезең-кезең қатысып тұрды, бұл Компанияның барлық мүдделі тараптарының мүдделерін анағұрлым толық түсінуді қамтамасыз етіп және анағұрлым ұғынған әрі теңгерімделген шешімдер қабылдай отырып, комитеттердің жұмыс тиімділігін қосымша арттыруға мүмкіндік берді.

Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері

Комитет	Міндеттер
Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет	Кадр саясаты, тағайындаулар, қызмет нәтижелерін бағалау, сыйақылар және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы мәселелерді қарау
Стратегия және қаржы комитеті	Стратегиялық даму мәселелерін, қаржылық тұрақтылыққа қатысты мәселелерді және инвестициялық стратегия мен активтерді басқару саласындағы мәселелерді қарау
Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы мәселелерді, пайдалануға және Компанияның операциялық қызметіне, қоршаған ортаны қорғауға, қозғалыс қауіпсіздігіне, тұрақты дамуға қатысты мәселелерді қарау
Аудит жөніндегі комитет	Қаржылық есептілік, сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері, корпоративтік басқару, ішкі аудит, сондай-ақ комплаенс функциялары саласындағы мәселелерді қарау

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы және 2022 жылғы отырыстарға қатысуы


ТАӘ	Есеп беріліп отырған кезең	Отырыстарға қатысуы	
		%	
Дж. (Й.)МакКей Комитет Төрағасы	01.01.2022 – 31.12.2022	8/8	100
А.Н.Кравченко Комитет мүшесі	01.01.2022 – 04.03.2022	0/2	–
У.Вокурка Комитет мүшесі	01.01.2022 – 31.12.2022	8/8	100
Н.З.Аханзарипов Комитет мүшесі	01.01.2022 – 31.12.2022	8/8	100
Ғ.Қ.Ауғанов Комитет мүшесі	04.03.2022 – 31.12.2022	6/6	100

Комитеттің қазіргі мүшелері

Комитеттің 2022 жылғы қызметі

2022 жылы ТСК 8 отырысы өткізіліп (жоспар – 7 отырыс), онда 87 мәселе қаралды.

ТСК есеп беріліп отырған жылы қараған мәселелері, %



2022 жылы ТСК келесі құжаттарды қарап, мақұлдады:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Кадр саясатын іске асыру шеңберіндегі HR мәселелері бойынша есептер;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің жаңа редакциясы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ стратегиялық кадрлық резервінің сабақтастық жоспары;
- Өз қызметінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне, Корпоративтік омбудсменге және Корпоративтік хатшыға есеп беретін лауазымдарға, сондай-ақ CEO-1, CEO-2 лауазымдарына персоналды іздеу және іріктеу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар;
- 2024 жылға дейін босату жоспарланған кадрларды әлеуметтік жауапкершіліктен жұмыстан босату бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар және т.б.

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ КОМИТЕТІ

Стратегия және қаржы комитетінің құрамы және 2022 жылғы отырыстарға қатысуы

ТАӘ	Есеп беріліп отырған кезең	Отырыстарға қатысуы	
			%
У.Вокурка Комитет Төрағасы	01.01.2022 – 31.12.2022	14/15	93,3
К.Шомоди Комитет мүшесі	01.01.2022 – 08.04.2022	3/3	100
Н.З.Аханзарипов Комитет мүшесі	01.01.2022 – 31.12.2022	15/15	100
Н.Т.Байдәулетов Комитет мүшесі	01.01.2022 – 31.12.2022	15/15	100
Б.О.Ақшолоқов Комитет мүшесі	01.01.2022 – 04.03.2022	0/2	–
Е.Б.Жанәділ Комитет мүшесі	01.01.2022 – 04.03.2022	0/2	–
Ю.И.Лавриненко Комитет мүшесі	14.06.2022 – 31.12.2022	8/8	100
Е.Қ.Бердіғұлов Комитет мүшесі	04.03.2022 – 31.12.2022	7/13	53,8
Н.Н.Нұрбаева Комитет мүшесі	04.03.2022 – 31.12.2022	10/13	76,9

Комитеттің қазіргі мүшелері

Комитеттің 2022 жылғы қызметі

2022 жылы СҚК 15 отырысы өткізіліп (жоспар – 7 отырыс), онда 125 мәселе қаралды.

СҚК есеп беріліп отырған жылы қараған мәселелері, %



2022 жылы СҚК келесі құжаттарды қарап, мақұлдады:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысының жаңа редакциясы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарын басқару және өзара іс-қимыл жасау саясатының жаңа редакциясы;
- 2029 жылға дейінгі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясын іске асыру туралы есеп;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобынан шығарылуға жататын стратегиялық емес активтердің тізбесі;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарының үлгілік жарғыларын бекіту;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2022–2026 жылдарға арналған Даму жоспарына түзетулер;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қазынашылық портфелінің негізгі параметрлерін бекіту;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2026 жылға дейінгі ақпараттық қауіпсіздік стратегиясы және т.б.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің құрамы және 2022 жылғы отырыстарға қатысуы


ТАӘ	Есеп беріліп отырған кезең	Отырыстарға қатысуы	
			%
К.Шомоди, Комитет Төрағасы	01.01.2022 – 14.06.2022	2/2	100
Ю.И.Лавриненко, Комитет Төрағасы	14.06.2022 – 31.12.2022	4/4	100
Дж. (Й.)МакКей, Комитет мүшесі	01.01.2022 – 31.12.2022	8/8	100
Н.Т.Байдәулетов, Комитет мүшесі	01.01.2022 – 31.12.2022	8/8	100
Е.Қ.Бердіғұлов, Комитет мүшесі	04.03.2022 – 31.12.2022	4/7	57

Комитеттің қазіргі мүшелері

Комитеттің 2022 жылғы қызметі

2022 жылы ҚҚОҚК 8 отырысы өткізіліп (жоспар – 6 отырыс), онда 49 мәселе қаралды.

ҚҚОҚК есеп беріліп отырған жылы қараған мәселелері, %



2022 жылы ҚҚОҚК келесі құжаттарды қарап, мақұлдады:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Төмен көміртекті дамуға көшу жөніндегі 2060 жылға дейінгі кезеңге арналған іс-шаралар жоспары;
- 2021 жылдың, 2022 жылғы 1-тоқсанның, 1-жарты жылдықтың және 9 айдың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ кешенді қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайы туралы есептер;

- 2021 жылдың, 2022 жылғы 1-тоқсанның, 1-жарты жылдықтың және 9 айдың қорытындысы бойынша операциялық көрсеткіштердің орындалуы туралы есептер;
- Өліммен аяқталатын жазатайым оқиғалармен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп;
- Компанияның тұрақты дамуының тиімділігін бағалау әдістемесі және т.б.

GRI 2-16

Қозғалыс қауіпсіздігін елеулі түрде бұзу оқиғалары және өліммен аяқталатын жазатайым оқиғалар әрбір оқиғаны жан-жақты талдауды талап етеді және олар туралы ақпарат Компанияның жоғары басшылығының назарына жеткізіледі.

Атап айтқанда, Директорлар кеңесі жанындағы Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетіне мұндай оқиғалар мен олар бойынша қабылданған шаралар туралы жүйелі түрде хабарланып отырады.

Комитет отырысында өліммен аяқталатын жазатайым оқиғалар, жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуі және олар бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат жан-жақты қаралады. Есеп беріліп отырған жылы 6 оқиға бойынша 4 мәселе қаралды. Сонымен бірге тоқсан сайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша Кешенді қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың жағдайы туралы есепті қарау кезінде материалдарға жазатайым оқиғалар туралы анықтама міндетті түрде қоса беріледі.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит жөніндегі комитеттің құрамы және 2022 жылғы отырыстарға қатысуы


ТАӘ	Есеп беріліп отырған кезең	Отырыстарға қатысуы	
			%
Н.З.Аханзарипов, Комитет Төрағасы	01.01.2022 – 31.12.2022	11/11	100
К.Шомоди Комитет мүшесі	01.01.2022 – 14.06.2022	3/3	100
Дж.(Й.)МакКей, Комитет мүшесі	01.01.2022 – 31.12.2022	11/11	100
У.Вокурка, Комитет мүшесі	01.01.2022 – 31.12.2022	11/11	100

Комитеттің қазіргі мүшелері

Комитеттің 2022 жылғы қызметі

2022 жылы АК 11 отырысы өткізіліп (жоспар – 8 отырыс), онда 105 мәселе қаралды.

АК есеп беріліп отырған жылы қараған мәселелері, %



2022 жылы АК келесі құжаттарды қарап, мақұлдады:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатына толықтырулар мен өзгерістер;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту сала-сындағы саясаты;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің комитеттеріне материалдарды дайындау жөніндегі басшылықтың жаңа редакциясы және т.б.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ КОМПАНИЯМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

Стратегияны сәтті іске асыру мақсатында Компанияның барлық басқару органдары ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасайды және тұрақты диалогты қолдайды.

2022 жылы Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің бастамасымен оның ішінде еншілес ұйымдардың басшыларымен тұрақты негізде кездесулер мен отырыстар өткізілді. Директорлар кеңесінің мүшелері Компания мен Қордың бизнесті трансформациялау тобы ұйымдастырған жұмыс кездесулеріне тұрақты түрде қатысты.

2022 жылы желтоқсанда Директорлар кеңесінің мүшелері Компанияның өндірістік қауіпсіздік блогының бастамасымен өткен Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі IV халықаралық форумға қатысты.

2022 ЖЫЛДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕССИЯЛАРЫ

2022 жылғы 16 қыркүйекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің қатысуымен жыл сайынғы стратегиялық сессия өтті. Сессияның негізгі тақырыбы «ҚТЖ» ҰК» АҚ трансформациясының бағыттары мен алдын ала жоспарларын талқылау болды.

Сессия барысында Компанияның қызметіне қатысты мәселелер қаралды, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың көлік-логистикалық компания болып трансформациялануы бойынша алдын ала деректерге талдау жүргізілді, Компанияны трансформациялаудың бағыттары мен алдын ала жоспарлары талқыланды.

Стратегиялық сессияның қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері бірқатар өзекті мәселелерді көтеріп, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та трансформация процесін одан әрі жүзеге асыру бойынша тапсырмалар берді.

БАСҚАРМА

GRI 202-2

Директорлар кеңесі мүшелерінің
орташа жасы

49 жас

Басқарма алқалы атқарушы орган ретінде ұйымның күнделікті қызметіне басшылық жасайды және оның Стратегияға, Даму жоспарына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Басқарманың негізгі міндеттері — Компания қызметінің стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу, Компанияның қаржы-шаруашылық саясатын іске асыру, оның ағымдағы шаруашылық қызметінің маңызды мәселелері бойынша шешімдерді әзірлеу және оның бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру, бақылау жүйесі мен тәуекелдер мониторингі жүйесінің тиімділігін арттыру, Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

Басқарма Компанияның ұзақ мерзімді құнын өсіруге және тұрақты дамытуға ұмтылады.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ


«ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысына сәйкес Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады. Басқарма Төрағасын тағайындау және оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз акционердің құзыретіне жатады.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2022 жылы Басқарма құрамында келесі өзгерістер орын алды:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 9 ақпандағы шешімімен М.А.Жүзбаеваның, Е.А. Жанғауловтың өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Басқарма мүшелерінің жасы, %



- 30-40 жас - 1
- 41-50 жас - 3
- 51-ден жоғары - 4

2022 жылдың соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы келесі құрамда болды:

ТАӨ	Лауазымы
Н.Е.Сауранбаев	Басқарма Төрағасы
Қ.Е.Әлмағамбетов	Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары
Ә.М.Ахметжанов	Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының стратегия және цифрландыру жөніндегі орынбасары
С.Ж.Кеулімжаев	Басқарма мүшесі, Аппарат басшысы
Д.Ә.Көшеров	Басқарма мүшесі, Қаржы жөніндегі басқарушы директор
Б.П.Орынбасаров	Басқарма мүшесі, Өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директоры
Е.Х.Қойшыбаев	Басқарма мүшесі, Логистика жөніндегі басқарушы директоры
Е.Қ.Нағаспаев	Басқарма мүшесі, Жаңа жобалар жөніндегі басқарушы директоры



НҰРЛАН ЕРМЕКУЛЫ САУРАНБАЕВ

Директорлар кеңесінің мүшесі,

Басқарма Төрағасы

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1967

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, «Экономика» мамандығы.

Еңбек қызметі:

Өртүрлі жылдары «Қазақстан темір жолы» РМК-да, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та басшылық қызметтерді, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі, ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, ЭКСПО-2017 Ха-

лықаралық мамандандырылған көрмесінің ұйымдастыру комитетінің басшысы қызметтерін атқарған.

2017—2018 жылдары — Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімі.

2019—2021 жылдары — ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық жұмыс бөлімінің меңгерушісі.

2021 жылғы сәуірден қазіргі уақытқа дейін — «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы.



ҚАНАТ ЕСМҰХАНҰЛЫ ӘЛМАҒАМБЕТОВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2018 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1962

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

Алматы теміржол көлігі инженерлері институты, «Темір жолдарды пайдалану» мамандығы;

М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, «Теміржол көлігіндегі экономика және менеджмент» мамандығы.

Еңбек қызметі:

Кәсіби жолын «Қазақстан темір жолы» РМК-да поезддар құрастырушыдан басшы лауазымдарға дейін өтті.

Өртүрлі жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Ақмола тасымалдау бөлімшесі» филиалының директоры, «Қазтеміртранс» АҚ Вице-президенті, Президенті, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тасымалдау процесі жөніндегі басқарушы директоры, Пайдалану жұмысы жөніндегі басқарушы директоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің кеңесшісі қызметтерін атқарған.

2015—2018 жылдары — «KAZLOGISTICS» көліктік және логистикалық ұйымдар мен қауымдастықтар одағы» ЗТБ Бас директоры.

2018 жылғы желтоқсаннан қазіргі уақытқа дейін — «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.



ӘНУАР МҰРАТҰЛЫ АХМЕТЖАНОВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1975

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы;

Джонс Хопкинс университеті, «Халықаралық қаржы» мамандығы.

Еңбек қызметі:

Өртүрлі жылдары «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Самұрық-Қазына» холдингі» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС-де басшы қызметтерді; Қарағанды облысы әкімінің өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, индустрияландыру және инвестиция мәселелері жөніндегі орынбасары; ҚР Президенті

Әкімшілігінің инспекторы; ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Жауапты хатшысы қызметтерін атқарған.

2020—2021 жылдары — ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі бірінші вице-министрі.

2021 жылғы шілдеден 2022 жылғы ақпанға дейін — «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының трансформация және цифрландыру жөніндегі бірінші орынбасары.

2022 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін — «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының стратегия және цифрландыру жөніндегі орынбасары.



СЕРІК ЖЕТКЕРГЕНҰЛЫ КЕУЛІМЖАЕВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1966

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

Халықтар достығы орденді Ростов медицина институты, «Медициналық профилактикалық жұмыс», «Медициналық қызметті жалпы ұйымдастыру» мамандықтары.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Мұнай, газ және көмірдің химиялық технологиясы» мамандығы.

Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, Корпоративтік басқару жоғары мектебі (DBA).

Еңбек қызметі:

Өртүрлі жылдары «PricewaterhouseCoopers» консалтинг компаниясының бас менеджері болып жұмыс істеді, жеке компанияларда, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-та басшы қызметтер атқарды.

2021 жылғы сәуірден 2022 жылғы ақпанға дейін — «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі орынбасары.

2022 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін — «ҚТЖ» ҰК» АҚ Аппарат басшысы.



ДАЙЫР ӘДІЛБЕКҰЛЫ КӨШЕРОВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2018 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1977

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

Индиана университеті, қаржы бакалавры;

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Халықаралық экономика» мамандығы.

Еңбек қызметі:

Өртүрлі жылдары «Интергаз Орталық Азия» АҚ директорының орынбасары, корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры, «ҚазТрансОйл» АҚ Қаржы директоры, корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ Экономика және қаржы

жөніндегі басқарушы директоры, Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

2018 жылғы желтоқсаннан 2022 жылғы ақпанға дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының қаржы жөніндегі орынбасары.

2022 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қаржы жөніндегі басқарушы директоры.



БАУЫРЖАН ПАЗЫЛБЕКҰЛЫ ОРЫНБАСАРОВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1970

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

Алматы теміржол көлігі инженерлері институты, «Теміржол көлігіндегі тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы.

Еңбек қызметі:

Еңбек жолын Батыс Қазақстан темір жолы Қызылорда теміржол станциясының жол кезекшісі болып бастаған. Өртүрлі жылдары теміржол саласында түрлі қызметтер атқарған; «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарушы директоры – Бас инженері, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Пайдалану жұмысы жөніндегі басқарушы директоры; «Қазтеміртранс» АҚ Президентінің міндетін атқарушы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті, Бас инженері.

2017–2018 жылдары – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Инфрақұрылымдық жобалар жөніндегі вице-президенті;

2018–2020 жылдары – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Инфрақұрылым жөніндегі басқарушы директоры – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры.

2020–2021 жылдары – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының инфрақұрылым жөніндегі орынбасары – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры.

2022 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директоры.



ЕРЛАН ХАМАРДИНҰЛЫ ҚОЙШЫБАЕВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1985

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

American University in Dubai, Бакалавриат, «Қаржы және банк ісі» мамандығы;

Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, магистратура, «Логистика» мамандығы;

Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік басқару академиясы, MBA.

Еңбек қызметі:

Өртүрлі жылдары ҚР Қаржы министрінің көмекшісі, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Инвестициялық жобалар департаментінің директоры, «Көлік логистикасын

дамыту ұлттық орталығы» АҚ Вице-президенті, «Көлік қызметтері орталығы» АҚ Президенті.

2015–2018 жылдары – «KTZ Express» АҚ Логистика жөніндегі вице-президенті.

2018–2019 жылдары – «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2019–2021 жылдары – Қостанай облысы әкімінің орынбасары.

2021 жылдан бастап 2022 жылғы ақпанға дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының логистика жөніндегі орынбасары.

2022 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Логистика жөніндегі басқарушы директоры.



ЕРСАЙЫН ҚАЙЫРҒАЗЫҰЛЫ НАҒАСПАЕВ

Басқарма мүшесі

Басқарма құрамына 2021 жылдан бері кіреді.

Туған жылы: 1980

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы.

Еңбек қызметі:

Өртүрлі жылдары ҚР Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар комитеті өңірлік халықаралық жобалар департаментінің атташесі, ҚР РФ-дағы Елшілігінің атташесі (Мәскеу қаласы); ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік саясаты және халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары; «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» РМҚ аппарат басшысы, ҚР Премьер-Министрі орынбасарының

кеңесшісі; Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан әкімінің орынбасары; Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімі; Астана қаласы әкімінің экономика және қаржы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

2015 жылы – «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма Төрағасы.

2016–2020 жылдары – «Новострой Астана» ЖШС директорының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары.

2021 жылғы сәуірден 2022 жылғы ақпанға дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры.

2022 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ жаңа жобалар жөніндегі басқарушы директоры.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ГЕНДЕРЛІК БЕЛГІСІ БОЙЫНША ӘРАЛУАНДЫЛЫҒЫ

Компания Басқармасының құрамы тек ер адамдардан тұрады. Біз Компанияны басқаруға әйелдерді қосу қажеттілігін мойындаймыз, бұл Басқарма мүшелерінің дағдылары мен тәжірибесінің әралуандығына ықпал етеді.

2023 жылы Компанияда гендерлік тепе-теңдікті орнату бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту жоспарлануда, онда мықты кәсіби дағдылары бар және мансапты жоғары деңгейде жалғастыруға дайын менеджменттің орта буынындағы әйелдердің өзіндік әлеуетін қалыптастыру, әйелдер мен ерлердің даму мүмкіндіктерінің ашық және айқын критерийлерін қамтамасыз ету үшін тиімділік көрсеткіштеріне тікелей қатысты тәлімгерлік бағдарламаларын бастау, оқыту бағдарламаларын жүргізу, қосымша әлеуметтік жеңілдіктерді енгізу мүмкіндігін қарастыру және т.б. көзделген.

БАСҚАРМАНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 50 отырысы өтіп, онда 354 мәселе қаралды.

Есеп беріліп отырған кезеңде Компания Басқармасы операциялық қызмет, Даму стратегиясын іске асыру мәселелерін, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін және т.б. қарады.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы келесі құжаттарды бекітті:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Бірыңғай цифрлық терезе (БЦТ)/SM» жобасының тұжырымдамасы:

- Күнделікті және (немесе) апта сайын қажетті тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесі (тендер жарияланған күннен бастап тендер нәтижелері бойынша шарт жасалғанға дейінгі кезеңге арналған);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жұмысқа қабылдау және кейбір лауазымдарға ауыстыру қағидасы;
- «Жүк тасымалы процестерін басқаруды цифрландыру (ЖТПБ/TMS)» жобасының тұжырымдамасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесі жөніндегі басшылық;
- «Орта мерзімді және қысқа мерзімді (жылдық) жоспарлау және бюджеттеу» процесінің регламенті;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының мүлдіктік және өзге де заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау кезіндегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру регламенті;
- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының ESG рейтингін жақсарту жөніндегі 2022–2023 жылдарға арналған жол картасы;

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ валюталық тәуекелді хеджирлеу, міндеттемелердің ұлғаюын бекіту, (2002 ISDA Master Agreements) ISDA 2002 Бас келісімдері шеңберінде растауларға (Confirmations) қол қою арқылы мәмілелер жасау стратегиясы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігі аудиті шеңберінде жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл регламенті;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ ақша қозғалысы қағидасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму тұжырымдамасы және т.б.

КОМПАНИЯНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ СЫЙАҚЫСЫ

GRI 2-19, 2-20

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма мүшелеріне жылдық жұмыс нәтижелері бойынша сыйақы төлеу «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 шілдедегі шешімімен бекітілген (№ 5 хаттама) Басшы қызметкерлерге, Корпоративтік омбудсмен аппаратының, Корпоративтік хатшы аппаратының, Ішкі аудит қызметі және Комплаенс қызметі қызметкерлеріне еңбек ақысын және сыйлықақы төлеу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған Қағида келесі қағидаттарға:

- сыйақының «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне сәйкес келетін міндеттерді орындаумен өзара байланысына;
- сыйақы мөлшерінің «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігіне негізделген.

Компания қызметкерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің/Аудит жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша лауазымдық жалақы шегінде Директорлар кеңесі белгілейді. Қызметкердің біліктілік талаптары жоғарылаған жағдайда жалақы ең төменгі мөлшерден жоғары белгіленуі мүмкін. Еңбек шартында еңбек ақысын төлеудің ерекше талаптары ретінде рәсімделетін лауазымдық жалақылар схемасынан жеке ауытқулар болуы мүмкін.

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде қызметкерге екі лауазымдық жалақы мөлшерінде үстеме төленеді. Толық емес жұмыс күнімен жұмыс істейтіндер үшін үстеме пропорционалды түрде төленеді. Басшы қызметкерлерге ұлттық мереке – Тәуелсіздік күніне және кәсіби мереке – Көлік қызметкерлері күніне 10 ЕТЖМ-нен аспайтын, белгіленген мөлшердегі біржолғы сыйлықақылар төленуі мүмкін.



Есеп беріліп отырған кезеңдегі жұмыс нәтижелері бойынша сыйақылар қол жеткізілген табыстарды материалдық ынталандыру және қызметтің негізгі көрсеткіштері негізінде жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді де, қызметтің корпоративтік және функционалдық көрсеткіштерін (ҚШК) орындаудың қорытынды нәтижелілігінің және нақты көрсеткіштері негізінде есептеледі.

Нақты мәндері мен сыйақы мөлшерінің есептеулері бар қызметтің шешуші көрсеткіштерінің карталарын жауапты бөлімше белгіленген тәртіппен Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің және Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына ұсынады.

2022 жылы ҚШК-ға ESG көрсеткіштері: тасымалдау қауіпсіздігі, LTIFR, ESG рейтингін алу жоспарының орындалуы, тауарларды/жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі енгізілді.

2022 жылы корпоративтік ҚШК орындалуы:

ҚШК атауы	Өлш.бір.	2022		ҚШК орындалуы
		Жоспар	Дерек	
Таза кіріс	млн теңге	–36 391	34 887	Жоспардан асып түсті
Тасымалдау қауіпсіздігі	оқиға/млн поезд-км.	1,05	0,7	Жоспардан асып түсті
LTIFR (жұмыс уақытын жоғалтумен тіркелген оқиғалар жиілігі коэффициенті)	коэффициент	0,26	0,2	Жоспардан асып түсті
Қаржылық сауықтыру	коэффициент	K1=7,00 K2=1,89 K3=1,27	K1=5,28 K2=2,32 K3=1,22	Жоспардан асып түсті
ESG рейтингін алу жоспарын іске асыру	%	80	96	Жоспардан асып түсті
«Достық-Мойынты» жобасын қаржыландыру көздерін пысықтау	күні	4-тоқсан	4-тоқсан	Жоспар орындалды
Тауарларды/жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	74	90	Жоспардан асып түсті

Есеп беріліп отырған кезеңдегі жұмыс нәтижелері бойынша сыйақы тұрақты сипатқа ие емес және орташа еңбекақыны есептеу кезінде есепке алынбайды.

Басшы қызметкерлерге сыйақы төлеу туралы шешімді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі қабылдайды.

Компания Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері Жалғыз акционердің ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді. Директорлар кеңесі мүшелеріне тек

белгілі мөлшердегі сыйақы төленеді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттеріне қатысқаны үшін сыйақы қарастырылмаған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы мен Директорлар кеңесі мүшелеріне еңбекақыны қоса алғанда 2022 жылы төленген сыйақының жалпы сомасы 577 млн теңге болды.

2023 жылғы корпоративтік ҚШК

ҚШК атауы	Өлшем бір.	2023
		Жоспар
Таза кіріс	млн теңге	123 068
Тасымалдау қауіпсіздігі	оқиға/млн поезд-км	1,04
Өндірістік қауіпсіздік деңгейі	Коэффициент/%	A1=0,17
		A2=0,08
		A3=26
		A4=91
Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	65
ESG рейтингі	балл	58
Қаржылық сауықтыру	коэффициент	K1=5,45
		K2=2,89
		K3=1,64
Көміртегі ізі	%	–2,5

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Бас компанияның кез келген орналастыруға қатысуы туралы ақпарат

2022 жылғы 4 шілдеде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2022 жылғы 14 маусымдағы № 10 хаттама) сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ 1 (бір) жай акциясы жарияланған акциялар саны шегінде орналастыру бағасы 239 265 541 теңге болып орналастырылды, төлемді Жалғыз акционер «ҚТЖ» ҰК» АҚ жарғылық капиталына 239 265 541 теңге сомасындағы мүлікті (теміржол жылжымалы құрамына арналған үшін қос доңғалақтар түріндегі жылжымалы мүлікті) беру арқылы жасады.

- 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша:
- жарияланған жай акциялар саны – 502 040 458;
 - орналастырылған жай акциялар саны – 496 692 666;
 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ жарғылық капиталы 1 086 324 359 541 теңге болды.

Дивидендтер

Дивидендтік саясаттың мақсаты – Қор мен Компания мүдделерінің тепе-теңдігін, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу талаптары мен тәртібін анықтаудағы тәсілдің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету.

Көрсеткіштер	2020	2021	2022
Жай акцияға келетін (залал)/пайда (теңге)	33	240	70
Бір акцияның баланстық құны (теңге) ⁴¹	2 218	2 470	2 853

41 Акциялардың баланстық құны KASE талаптарына сәйкес есептеледі.

Дивидендтік саясаттың негізгі қағидаттары:

- Қор акцияларының пакеті бойынша Қорға дивидендтердің көпіндендірілген төленуін қамтамасыз ету;
- Қордың және Қор тобы компанияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- Қор қызметін қаржыландыруды, оның ішінде жаңа қызмет түрлерін және Қор қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- Компаниялардың даму шығындарын, оның ішінде инвестициялық қызметін қаржыландыру қажеттілігі болып табылады.

2022 жылы Қор Басқармасы Акционерге 2021 жылға дивидендтер төлемеу туралы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа қатысты шешім (2022 жылғы 19 мамырдағы № 27/22 хаттама) қабылдады.

Акцияға шаққандағы негізгі пайданы есептеу кезінде бір акцияға шаққандағы пайда жыл ішінде шығарылған жай акциялардың орташа алынған саны негізінде есептеледі. Компанияда молайту әсері бар құралдардың жоқ болуына байланысты жай акциялар мен молайту әсері бар жай акциялар бойынша сомалар тең.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «компаниялар тобы») қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – ХҚЕС) талаптарына, оның ішінде ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» талаптарына сәйкес келеді.

Компания ХҚЕС-тағы өзгерістерді компаниялар тобының қаржылық есептілігіне әсері бойынша жүйелі түрде қарастырады, талдайды және сәйкестендіреді.

Компаниялар тобының кезеңді, бухгалтерлік кітаптарды жабу және есептілікті дайындау процесінің уақтылы болуын қамтамасыз ету үшін келесілер: Кезеңді жабу регламенті, Жедел қаржылық және басқарушылық есептілікті дайындау және қалыптастыру регламенті, Компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігін біріктіру және дайындау регламенті бекітілген және сақталады.

Компания ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте ашып көрсетілген ақпараттың бақылау тізбесін әзірледі. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде компаниялар тобы тиісті құрылымдық бөлімшелермен және еншілес ұйымдармен қаржылық есеп беруде ашып көрсетілген ақпаратты тексеру және бекіту процесін енгізді. Компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ететін оқиғалар мен әдеттегі емес операцияларға талдау жасалады.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының қаржылық есептілікті дайындау және сыртқы аудит жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсыну бойынша тиімді жұмысын ұйымдастыру мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудиті шеңберіндегі Жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл жасау регламенті бекітілді.

Басшылық компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару үшін бекітеді, Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті алдын ала мақұлдайды және кейіннен Директорлар кеңесі мен Акционердің бекітуіне жатады.

2022 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін «Делойт» ЖШС жүргізді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жыл сайын сыртқы аудитордың объективтілігі мен тәуелсіздігі мәселесін, сондай-ақ сыртқы аудиторға төленуге тиісті сыйақы мәселесін қарайды. «Делойт» ЖШС Аудит жөніндегі комитетті Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексін және компаниялар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігі аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес компаниялар тобына қатысты тәуелсіздікті сақтау туралы хабарлады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдерді басқару Компанияның стратегиялық жоспарлауы және корпоративтік басқару, сондай-ақ оның қаржылық тұрақтылығын сақтау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі негізгі құжаты – «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты⁴².
Компанияда тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) енгізу COSO үлгісіне сәйкес жүзеге асырылады.

Компаниядағы тәуекелдерді басқару процесінің негізгі қағидаттары:

басшылықтың бейілділігі және ынталандыру	жүйелену, құрылымдылық және уақтылылық	шешім қабылдау бөлігі
мақсаттарға қолжеткізуге ықпал ету	жетілдіру және дамыту	ашықтық және тартылу
барлық ұйымдастыру процестерінің құрамдас бөлігі		


ТБКЖ Компания құнының өсуі, оның табыстылығы мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізуге бағытталған. ТБКЖ барлық маңызды тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және бақылауға, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шараларды қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады.

Компанияда тәуекелдерді басқарудың және барлық басқару деңгейлерінде тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуінің сатылас процесі құрылған. Әрбір лауазымды тұлға шешім қабылдау кезінде тәуекелдердің дұрыс қарастырылуын қамтамасыз етеді. Тәуекелдер тәуекелдің туындау ықтималдылығы мен оның әсерін ескеретін сапалық және сандық құралдарды пайдалана отырып бағаланады.

- ТБКЖ жұмыс істеуі өзара байланысты жеті процесті:
- мақсаттар қоюды;
 - тәуекелдерді басқаруды;
 - тәуекелдерді/тәуекел факторларын сәйкестендіруді;
 - мониторинг пен есептілікті;
 - тәуекелдерді/тәуекел факторларын бағалау мен талдауды;
 - ақпараттандыру мен коммуникацияны;
 - ішкі ортаны құруды қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару процесінің жоғарыда аталған компоненттерін жүзеге асыру «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында тиісті «ең жоғары деңгейде үнді» орнатуға, тәуекелдер туралы хабардар болу мен ақпаратылықтың жоғары деңгейіне, тәуекелдер/тәуекел факторлары иелерінің жауапкершілігіне, тәуекелдерді белсенді басқаруға және уақтылы есеп беруге негізделген тәуекел мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі «үш қорғаныс бағыты» моделіне негізделген.



42 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қазандағы шешімімен (№ 14 хаттама) бекітілген.

Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үшін жауапты құрылымдық бөлімше бар, ол тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмысын ұйымдастырады, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жергілікті нормативтік актілердің әзірленуін және жаңартылуын қамтамасыз етеді, тәуекелдерді анықтау және бағалау жағынан басқа құрылымдық бөлімшелерге әдістемелік қолдау көрсетеді және ұсынымдар береді.

Тәуекелге тәбет

Компанияның тәуекелге тәбеті оның шеңберінде Компания қойылған стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізе алатын тәуекелді ұстаудың өзіндік деңгейін сипаттайды, сондай-ақ Компания қабылдауға дайын күрделі тәуекелдер/тәуекел факторлары деңгейінің жоғарғы шегін белгілейді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру тәуекелдердің іске асырылуын болдырмауға және тәуекелдердің іске асырылуы салдарын азайтуға бағытталған іс-шараларды жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Алдын алу іс-шаралардың орындалуы туралы есептер тұрақты негізде жасалып тұрады. Компанияның жоғары басшылығы тәуекелдерді басқаруға үнемі және тікелей қатысады. Тоқсан сайын Компанияның Директорлар кеңесі үшін негізгі тәуекелдер, іске асырылған тәуекелдер, тәуекелдерді азайту бойынша қабылданған алдын алу және реактивті шаралар туралы, болжамды тәуекелдер туралы ақпаратты ашып көрсетумен тәуекелдерді басқару жөніндегі біріктірілген есептер жасалады.

Тәуекелдерді бағалау тәуекелдердің әрқайсысының тәуекелдер картасындағы орнына сәйкес жүзеге асырылады:

	Ең жоғары басымдыққа ие тәуекелдер, олардың іске асырылуынан болатын ықтимал залал 75-100%, 3 млрд теңге және одан көп болады;
	Басымдығы бойынша екінші тәуекелдер, олардың іске асырылуынан болатын залал 50-75%, 1-3 млрд теңге шегінде қалады;
	Басымдығы бойынша үшінші тәуекелдер, олардың іске асырылуынан болатын залал 25-50%, 0,5-1 млрд теңге шегінде қалады;
	0-25% және 0,2-0,5 млрд теңге шегіндегі тәуекелдер.

ТБКЖ дамыту және жетілдіру бойынша іс-шаралар

Компания ТБКЖ-ні тұрақты түрде жетілдіріп тұрады және тәуекелдерді басқарудың нормативтік-әдістемелік базасын үнемі жақсартып тұрады.

2022 жылы Компанияның іске асырғаны:

- Компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- Қорды ақпараттандыру мақсатында апта сайынғы есеп беру және Компанияның негізгі оқиғалары мен тәуекелдері туралы деректерді ұсыну форматы енгізілді;
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаментінің қызметкерлері еншілес ұйымдардың тәуекел менеджерлерімен оқыту семинарларын өткізді.


2023 жылға арналған тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту жоспарлары:

- тәуекел мәдениетін одан әрі дамыту;
- тәуекелдерді басқару бойынша ІНҚ жаңарту;
- тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу;
- тәуекел үйлестірушілерін оқыту.

ТӘУЕКЕЛДЕР

Жыл сайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ тізілімі мен тәуекелдер картасы әзірленіп, бекітіледі. Тәуекелдер картасы әсер ету және ықтималдық аймақтарына бөлінген. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2022 жылға арналып бекітілген тәуекелдер тізіліміне сәйкес 58 тәуекел сәйкестендірілді және бағаланды:
қызыл аймақта – 20 тәуекел;
қызғылт аймақта – 19 тәуекел;
сары аймақта – 16 тәуекел;
жасыл аймақта – 3 тәуекел.

2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ТЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ



- АЗҒАНТАЙ ТӘУЕКЕЛ
- ОРТАША ТӘУЕКЕЛ
- ЕЛЕУЛІ ТӘУЕКЕЛ
- КҮРДЕЛІ ТӘУЕКЕЛ

КҮРДЕЛІ ТӘУЕКЕЛДЕР

ЖҮК АЙНАЛЫМЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ	
CTR-1	Республикаішілік жүк айналымының көлемі
CTR-3	Экспорттық жүк айналымының көлемі
CTR-5	МАТП-тегі ауыстырып тиеу жұмысына байланысты тәуекелдер
CTR-7	Жүк вагондарымен жүргізілетін операцияларға байланысты тәуекелдер
ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ	
PTR-1	Мемлекеттік субсидияларды алмау/толық алмау тәуекелі
PTR-2	Жолаушылар ағынының азаюы
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ (SUPER RISK)	
ER-1	Вагондармен, фитингтік платформалармен операциялар жүргізу
ER-2	Карантин шараларын енгізу салдарынан жолаушылар айналымының төмендеуіне байланысты кірістердің азаюы
ER-3	ҚХР-ға жүк қабылдауға уақытша тыйым салудың енгізілуі
ЕЛДІК ТӘУЕКЕЛ	
STR-1	Жүк айналымы мен жолаушылар айналымына теріс әсер ету тәуекелдері
STR-2	Навигациялық пломбыларды қолдану
ТАРИФТІК ТӘУЕКЕЛ	
RTR-1	Магистральдық теміржол желісінің реттелетін тарифі
RTR-2	Локомотив тартымы қызметтерінің реттелетін тариф
ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ	
FX-1	Активтер мен міндеттемелер теңгерімі
FX-2	Валюталық келісімшарттар
МАКРО ТӘУЕКЕЛ	
MR-1	Инфляция тәуекелдері
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ	
OR-3	Жүк қозғалысындағы локомотив паркінің тапшылығы
OR-10	Жүк қозғалысындағы вагон паркінің артылуы
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТӘУЕКЕЛ	
IR-1	Жолдың үстіңгі құрылысының тозуы
ЖОБАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	
PIR-1	Инвестициялардың құнсыздану тәуекелі
КЕЛІСІМШАРТТЫҚ ТӘУЕКЕЛ	
CCR-1	Келісімшарттарды мәжбүрлеп орындату тәуекелі
CCR-9	Жеткізуші – «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС-нің рельстердің сатып алу бағасын ұлғайтуы
ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТӘУЕКЕЛІ	
HTR-3	Компания қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп
HR ТӘУЕКЕЛДЕРІ	
HR-3	Қызметкерлер тарапынан әлеуметтік наразылық

КҮРДЕЛІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АЗАЙТУ ШАРАЛАРЫ

Тәуекел	Тәуекелдің атауы	Іс-шаралар
CTR	ЖҮК АЙНАЛЫМЫНЫҢ АЗАЮ ТӘУЕКЕЛДЕРІ	- Жүктерді контейнерлендіру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру. - Балама бағыттарды дамыту (ТХКМ). - Жүк жөнелтушілерге қолайлы тарифтік шарттарды ұсыну. - Жүк поездарының учаскелік жылдамдығын арттыру. - Вагондарды тиеу шептерінен/шептеріне алу/беру уақытын азайту. - Вагон паркін тиімді пайдалану үшін жүк тасымалының маусымдылығын жоспарлау.
FX	ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ	Тұрақты валютадағы қарыз үлесін азайту, кредит портфелін қайта құрылымдау
MR	МАКРО ТӘУЕКЕЛ ИНФЛЯЦИЯ ТӘУЕКЕЛДЕРІ	- Мемлекеттік субсидияларды қажетті көлемде бөлу. - Локомотив тартымына арналған реттелетін тарифті көтеру туралы өтінішті уақтылы беру.
FR	ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ҚЫМБАТТАУЫ	- Ковенанттарды сақтау. - Қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау.
OR	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ	- Инвестициялық жобалардың орындалмау тәуекелін азайту жөніндегі іс-шараларды орындау. - Көрсетілетін қызметтерге тарифтерді ағымдағы шығындарды және күрделі салымдардың қажетті көлемін жабуды. қамтамасыз ететін деңгейге дейін уақтылы көтеру. - Күрделі салымдар жоспарына сәйкес локомотив паркін күрделі жөндеу. - Вагондар паркін тиімді пайдалану.
IR	ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТӘУЕКЕЛ	- Күрделі жөндеу жоспарына сәйкес жолды күрделі жөндеу. - Жолды ағымдық күтіп-ұстау.
HTR	ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТӘУЕКЕЛІ	- Қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін бақылау. - Қауіпсіздік мінез-құлығы диалогына үйрету. - Қауіпсіз еңбек тәсілдеріне үйрету. - Ақаулы машиналар мен механизмдерді пайдалануға тыйым салу. - Машиналар мен механизмдерді уақтылы жөндеу, техникалық қызмет көрсету, тексеру.
HR	HR ТӘУЕКЕЛДЕРІ	- Негізгі өндірістік персоналды корпоративтік ынталандыру жүйесін енгізу. «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығы» филиалы негізінде еңбек ресурстарын қайта құрылымдау орталығын құру. - Зейнеткерлікке ерте шығу бағдарламасын іске асыру. - Жұмысқа қабылдауды және табиғи кему және сырттан жалдауды барынша азайту (сырттан жалдауға мораторий) арқылы босатылған адамдарды жұмысқа орналастыруды орталықтандыру.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компанияның Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатына ESG тәуекелдеріне қатысты толықтырулар енгізілді.

Саясатқа сәйкес тұрақты даму шеңберінде Саясатты іске асырудың барлық кезеңдерінде Компания экологиялық, әлеуметтік және басқару тәуекелдеріне (бұдан әрі – ESG тәуекелдері) ерекше назар аударады.

Компанияның ESG тәуекелдерін басқару келесі элементтерден тұрады:

- 1) тиімді ТБКЖ және ІБ үшін қажетті корпоративтік басқаруды қабылдау;
- 2) Компанияның бизнес-контекстін және стратегиясын түсіну;
- 3) ESG тәуекелдерін сәйкестендіру;
- 4) ESG тәуекелдерін бағалау және саралау;
- 5) ESG тәуекелдеріне жауап беру реакциясы;
- 6) ESG тәуекелдеріне шолу және қайта қарау;
- 7) коммуникация және ESG тәуекелдері туралы есептілік.

ESG тәуекелдерін азайту шаралары

Тәуекелдің атауы	Іс-шаралар
HR ТӘУЕКЕЛДЕРІ	
ҚР Еңбек кодексін бұзу	HR қызметінің қызметкерлерін оқыту бағдарламаларын іске асыру. «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы» (КФҚО) филиалы негізінде кадрлық іс жүргізуді орталықтандыру.
Жұмысқа қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық	КФҚО филиалының базасында іздеу және іріктеу процесін толық орталықтандыру. Бірінші басшылардың оларға бағынышты адамдар жасаған сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жауапкершілігін белгілеу. Бос лауазымдарға қызметкерлерді қабылдау рәсімін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялау бойынша белсенді ақпараттық жұмыс жүргізу. Конкурстық рәсімдер жүргізудің ашықтығына, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың бар-жоғына назар аудара отырып, бос лауазымдарға үміткерлер арасында сауалнама жүргізу. Компанияның жаңадан қабылданған қызметкерлері ұсынған білім туралы құжаттарының түпнұсқалығын растау үшін білім беру ұйымдарына тоқсан сайын сауалхаттар жіберу. Персоналды жұмысқа алу және іріктеу процесіне қатысатын жауапты қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру жөніндегі семинарлар мен басқа да іс-шараларды тұрақты негізде өткізу.

Тәуекелдің атауы	Іс-шаралар
Қызметкерлер тарапынан әлеуметтік наразылық	Қызметкерлер тарапынан әлеуметтік наразылық – пайда болу ықтималдығы жоғары: - еңбекақының төмен болуына байланысты Қолданылатын шаралар: 2021–2025 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша еңбекақыны көтеру шарттары мен мөлшерлері туралы шешімдерді әзірлеу жөніндегі комиссия шеңберіндегі жұмыс. Жол монтерлері мен бригадирлеріне, жолсеріктерге ЕҚК бойынша сыйлықақы беру, сондай-ақ салалық жарыстардың нәтижелері бойынша сыйлықақы беру. Еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған Негізгі өндірістік персоналды ынталандырудың корпоративтік жүйесін енгізу. Қызметкерлерге айнаымалы сыйақы төлеу үшін Еңбекақы қорының резервтерін қалыптастыру. - қызметкерлер санын оңтайландыруға байланысты Қолданылатын шаралар: Зейнеткерлікке ерте шығу бағдарламасын іске асыру. Жұмысқа қабылдауды және табиғи кему және сырттан жалдауды барынша азайту (сырттан жалдауға мораторий) арқылы босатылған адамдарды жұмысқа орналастыруды орталықтандыру. Персоналды көшіру бойынша қосымша әлеуметтік шараларды енгізу (ротация, басқа өңірлерге ауыстыру кезінде). Жұмыспен қамту орталығының ұсынымы бойынша персоналды, оның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тан тыс сұранысқа ие кәсіптерге қайта даярлау және қайта даярлау бағдарламасы Зейнеткерлікке ерте шығуға болатын жастан кіші жұмыстан босатылған қызметкерлерге арналған өтемақы құралдары. Жалпыға қызмет көрсету орталығының қызмет көрсету аймақтарын кеңейту. «ҚТЖ» ҰК» АҚ периметрінде аутстаффингті іске қосу. Жұмыстан босатылған қызметкерлерді барынша жұмысқа орналастыру. - жұмыс жағдайларына және жергілікті басшылардың қызметтік жағдайын асыра пайдаланғанына байланысты Қолданылатын шаралар: «Қолайлы еңбек жағдайлары» бағдарламасын іске асыру, атап айтқанда: - желідегі санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту және тұрмыстық техникамен қамтамасыз ету, бірінші кезекте, ашық ауада жұмыс істейтін қызметкерлер үшін; - желіні кеңсе тауарларымен уақтылы қамтамасыз ету мәселесін шешу; - санаторлық-курорттық сауықтыру тиімділігін арттыру; - жазатайым оқиғалар кезінде қосымша төлемдер бойынша құралдар енгізу. Желілік басшыларды аттестациялауды өткізіп, кейіннен ротациялау. Қызметкерлерден алық-салық алуды жою бойынша коммуникациялық науқандарды өткізу.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Каспий теңізі деңгейінің төмендеу қаупі	Теңіз түбін тереңдету іс-шараларын жүргізу. Тереңдік өлшеу (батиметрия).
Климаттың физикалық параметрлерінің өзгеруіне байланысты тәуекелдер	Атмосфералық ауаны қорғауға, су және жер ресурстарын қорғауға бағытталған жыл сайынғы іс-шараларды іске асыру. - Табиғат қорғау қызметін басқару жүйесінің болуы. - Қоршаған ортаға әсер ету мониторингін қамтамасыз ету есебінен қоршаған ортаға эмиссияларды төмендету.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) ТБКЖ ажырамас бөлігі болып табылады. ІБЖ COSO моделін пайдаланады және келесі өзара байланысты бес компонентті қамтиды:

- бақылау ортасы;
- тәуекелдерді бағалау;
- бақылау рәсімдері;
- ақпарат және коммуникациялар;
- мониторинг.

ІБЖ үш шешуші саладағы Компанияның мақсаттарына жетуіне орынды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған:

- операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- толық және шүбәсіз қаржылық есептілікті дайындау;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.

ІБЖ бизнес процестерді талдауға, Компания қызметіне тән процес деңгейіндегі тәуекелдерді уақтылы айқындауға және талдауға, сондай-ақ осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін анықтауға және талдауға бағытталған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Ішкі бақылау жүйесі жөніндегі басшылығына сәйкес⁴³ 2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы және еншілес ұйымдары: «АТСП» ҰК» АҚ-тың, «Кедентранссервис» АҚ-тың, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-тың, «Қазтеміртранс» АҚ-тың, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің, «Құрық порты» ЖШС-нің, «КТZ Express» АҚ-тың «Түсім», «Қазынашылық» процесі бойынша тәуекелдер мен бақылау матрицалары әзірленіп, бекітілді.

Компанияның еншілес ұйымдары мен «Магистральдық желі дирекциясы» және «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалдарының бизнес процестерін саралау матрицалары мен күнтізбелік жоспар-графиктері бекітілді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау процесіне қатысты ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары, құрылымдық бөлімшелері және еншілес ұйымдары жүзеге асыратын басқарудың барлық деңгейлерін, ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.

Қаржылық есептілікті жасау кезінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімді әрі тиімді жұмыс істеуі «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің тартылуын және тұрақты өзара іс-қимыл жасауын талап етеді.

Компанияның жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасауға қатысты ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі бірыңғай негізгі сипаттамаларға ие:

- кешенділік: ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі Компанияның филиалдары мен еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін жасау кезінде жұмыс істейді және бақылау рәсімдері қаржылық есептілік жасау процестерінің барлық деңгейлерінде орындалады;
- жұмыстың үздіксіздігі: ақпаратты қалыптастыруда ішкі бақылау жүйесінің тұрақты және тиісті түрде жұмыс істеуі, бұл объективтіліктен кез келген ауытқуларды дер кезінде болдырмауға және айқындауға мүмкіндік береді;
- жауапкершілік: ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің барлық субъектілері Компанияның ішкі және ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген өз өкілеттіліктері шегінде бақылау рәсімдерінің тиісті түрде орындалуына жауапты болады;
- ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың есеп берушілігі — ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысатын әрбір тұлғаның тапсырмалар мен міндеттерді сапалы әрі уақтылы орындауын жоғары тұрған қатысушы бақылайды;
- әдіснамалық базаның бірлігі — барлық құрылымдық бөлімшелер, еншілес және тәуелді ұйымдар үшін стандарттарды қолданудың біртұтас тәсілі;



- өзін-өзі бақылау/алдын ала ескерту: ішкі бақылау жүйелері өзін-өзі бақылауы тиіс. Кейбір жүйелер өзін-өзі бақылауды автоматты түрде орындайды, басқалары мерзімді тексерулерді қажет етеді. Бақылау жүйелері тексеру немесе аудитке тәуелді болу үшін емес, автоматты ескертулерді қамтамасыз ету үшін орнатылуы тиіс;
- үздіксіз даму және жетілдіру — ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдері кемшіліктер мен жақсарту салаларын үнемі айқындауға, сондай-ақ тиісті түзету іс-шараларын қолдануға бағытталуы тиіс.

Қаржылық есептілікті және шоғырландырылған есептілікті қарау кезіндегі ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі

Қаржылық есептіліктің шүбәсіздігі мен уақтылы жасалмау тәуекелдерінің жүзеге асуын болдырмау мақсатында бизнес процестерді бақылау рәсімдерін әзірлеу қажет. Бақылау рәсімдері құжатталған болуы және тәуекелдерді барабар қамтуды қамтамасыз етуі тиіс. Бизнес процестің елеулі тәуекелдері мен

бақылау рәсімдері Тәуекелдер мен бақылау матрицасына енгізіледі.

Басқарманың 2022 жылғы 22 шілдедегі шешімімен (№02/27 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесі жөніндегі басшылықтың жаңа редакциясы бекітілді.

Компанияның аталған Ішкі бақылау жүйесі жөніндегі басшылығына сәйкес 2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының және еншілес ұйымдардың: «АТСП» ҰК» АҚ, «Кедентранссервис» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «Құрық порты» ЖШС, «КТZ Express» АҚ «Түсім», «Қазынашылық» процесі бойынша тәуекелдер мен бақылау матрицалары әзірленіп, бекітілді.

Компанияның еншілес ұйымдары мен «Магистральдық желі дирекциясы» және «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалдарының бизнес процестерін саралау матрицалары мен күнтізбелік жоспар-графиктері бекітілді.

43 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы шешімімен (№02/27 хаттама) бекітілген.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі — «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын, ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын, бағалауды жүзеге асыратын, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қызметін жақсарту бойынша кеңес беретін «ҚТЖ» ҰК» АҚ бөлімшесі.

Ішкі аудит қызметінің 2022 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарында 20 аудит объектісін қамтитын 15 аудиторлық тапсырманың орындалуы қарастырылып, олар толық көлемде орындалды.

2022 жылы орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша 317 ұсыным берілді, оның 158-ін немесе 50%-ын аудит объектілері орындады, 41-і немесе 13%-ы орындалу үстінде, 118 ұсыным бойынша орындау мерзімі әлі басталған жоқ.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің екінші қорғау желісі шеңберінде ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 сияқты халықаралық менеджмент жүйесі стандарттарының талаптарына сәйкестігіне Компанияның басқару жүйесінің ішкі аудиті жүргізіледі. 2022 жылы жүргізілген

ішкі аудит нәтижесінде халықаралық стандарттар талаптарына 18 сәйкессіздік анықталып, 13 ұсыным берілді. Халықаралық стандарттарға сәйкес, кез келген сәйкессіздік жақсартудың әлеуеті болып табылады. Әрбір бұзушылық бойынша себептерді талдау жұмыстары жүргізіліп, түзетуші шаралардың жоспарлары әзірленіп, жүзеге асырылды.

2023 жылға арналған жоспарлар

Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған жылдық аудит жоспарына⁴⁴ 24 объектіні қамтитын 15 аудиторлық тапсырма кіреді.

2023 жылы ішкі аудиттің басым бағыттары:

- активтерді басқару (НҚ мен ТМҚ пайдалану тиімділігі);
- АТ жобаларын жүзеге асыру;
- кірістерді қалыптастыру;
- дебиторлық берешекті есепке алу және кінәрат-талап жұмысы;
- көрсетілетін қызметтердің сапасы және қызметті жақсарту шаралары;
- персоналды басқару.

ШАҒЫМДАР БЕРУ ТЕТІКТЕРІ

GRI 2-25, 2-26


Біз қызметкерлер мен басқа мүдделі тараптар арасындағы ашықтық пен тікелей байланысты бағалаймыз. Біздің мүдделі тараптарды басқару рәсімінің маңызды элементі — диалог алаңдарын және шағымдарды беру арналарын құру.

Компания жағымсыз әсерлерді жоюда ынтымақтасу үшін шағымдар мен өтініштерді қарау тетіктерін әзірледі. Олар адам құқықтары мен жауапты іскерлік тәртіппен қоса, Компанияның оларға тигізуі мүмкін ықтимал және нақты теріс әсерлері туралы алаңдаушылық білдіруге мүмкіндік береді.

Осы тетіктер шеңберінде қызметкерлер мен басқа тұлғалар корпоративтік этика мәселелері бойынша кеңес сұрай алады және/немесе корпоративтік этиканы, адам құқықтарын нақты және күдікті бұзу, тең емес жұмысқа қабылдау және еңбек жағдайлары, Компания қызметкерлері немесе лауазымды тұлғалары жасаған жымқыру, сыбайлас жемқорлық, денсаулыққа, қауіпсіздік пен қоршаған ортаға төнетін қатер туралы хабарлай алады.

44 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен (№16 хаттама) бекітілген

Компания қызметкерлерінің өтініштері мен шағымдарына арналған байланыс арналары:



Басқа мүдделі тұлғалардың өтініштері мен шағымдарына арналған байланыс арналары:



КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

Компанияда этикалық стандарттар мен нормаларды қалыптастыру және қолдау мақсатында Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Этика және мінез-құлық кодексін (2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 14 хаттама) бекітті.

Этика және мінез-құлық кодексі корпоративтік мәдениетті жетілдіруге бағытталған және ашық әрі адал бизнес жүргізу қағидаттарын, жарияланған құндылықтарға негізделген этика мен мінез-құлық стандарттары мен нормаларын, сондай-ақ Компанияның миссиясы мен стратегиясын қарастырады.

Кодекске сәйкес Компания кадрлық шешімдерді қабылдау кезінде объективтілік пен адалдық қағидаттарын ұстанады. Қызметкерлерді жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде комплаенс тәуекелдерін жоққа шығару үшін Компания тиімді бақылау рәсімдерін енгізеді. Компания ұжымда барлық қызметкерлер өзара сыйластық қарым-қатынасын құратын, өзін дұрыс және кәсіби ұстайтын еңбек жағдайлары мен климатты жасауға ұмтылады. Сондықтан Компания кемсітушіліктің ешбір түріне, соның ішінде діні, нәсілі, этносы, жынысы, жасы және басқа да белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді. Компания қорлайтын, агрессивті немесе дұшпандық мінез-құлықтың кез келген түріне тыйым салады.

Кодекс ережелері лауазымына қарамастан «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылады.

Компаниямен өзара әрекеттесетін немесе Компанияға өкілдік ететін іскерлік серіктестер, клиенттер, жеткізушілер және басқа үшінші тұлғалар Кодекстің ережелерін сақтауы тиіс.

Кодекс ашық құжат болып табылады және мүдделі тараптардың танысуы үшін Компанияның корпоративтік веб-сайтында орналастырылған:



<http://www.railways.kz>

Комплаенс қызметі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің назарына «ҚТЖ ҰК» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің Кодексті сақтау тәжірибесі туралы ақпаратты тоқсан сайын ұсынады.

КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕН

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Корпоративтік омбудсмені туралы ережеге сәйкес Омбудсменнің негізгі функцияларына келесілер:

- Компания мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері, қызметкерлер тобы, жеткізушілері, клиенттері арасындағы қақтығыстардың ерте кезеңінде алдын алуға және шешуге жәрдемдесу;
- Компания мен оның еншілес ұйымдарында Іскерлік этика кодексінің қағидаттары мен ережелерін ұстануға жәрдемдесу;
- Компания мен оның еншілес ұйымдарының жергілікті актілерін талдау, сондай-ақ Компания мен оның еншілес ұйымдарының әлеуметтік-еңбек мәселелерін реттейтін жергілікті актілерін әзірлеуге және мерзімді қайта қарауға қатысу;
- Компания мен оның еншілес ұйымдарының басшылығына, сондай-ақ еңбек немесе әлеуметтік қақтығысқа қатысушыларға ауызша немесе жазбаша сұрау салу арқылы қажетті ақпаратты алуға жәрдемдесу;
- еңбек немесе әлеуметтік қақтығысқа қатысушыларға қақтығыс жағдайларына байланысты мәселелер бойынша кеңес беру;

- Компанияның Директорлар кеңесіне және Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетіне жылына кемінде бір рет қызмет нәтижелері туралы есеп беру;
- еңбек және әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу мақсатында Омбудсмен қарастыратын Компания мен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің, қызметкерлер тобының, жеткізушілерінің, клиенттерінің өтініштерін талдау және жалпылау;
- корпоративтік омбудсмендер институтының үздік әлемдік тәжірибелерін зерделеу және енгізу жатады.

Есеп беріліп отырған кезеңде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік омбудсмені кеңсесіне 275 адамнан ауызша және жазбаша өтініш, оның ішінде жедел байланыс желісі арқылы 223 өтініш және Омбудсмен кеңсесіне 52 өтініш түсті.

Есеп беріліп отырған жылы Корпоративтік омбудсмен кеңсесіне түскен мәселелер, %



Келіп түскен 275 өтініштің қаралуда жатқаны – 13, қаралғаны – 262, оның ішінде басқа құрылымдық бөлімшелерге жіберілгені – 11, кері қайтарылып, қараусыз қалдырылғаны – 11.

Тікелей қаралған 240 өтініштің нәтижелілігі 91,6% болды. Өтініштердің 59-ы қанағаттандырылды, 100-іне түсініктеме берілді, 81-ін қанағаттандырудан бас тартылды.

Қақтығыс жағдайларының алдын алу мақсатында қызметкер – Компания, клиент – Компания қатынасында қарама-қайшылықтарды тудыратын факторларды зерделеу және анықтау, қолданыстағы заңнама бойынша кеңес беру және түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

2022 жылы бұл жұмыс тәртіптік іс-тәжірибедегі істердің жай-күйін бақылауды зерделеу, еңбек, тұрғын үй және басқа да заңнама мәселелері бойынша, оның ішінде қызметкерлердің өтініштері бойынша және еңбек ұжымдарымен кездесулер бойынша, Компанияның медиаторлар пулының қатысуымен әлеуметтік және еңбек мәселелерін шешу бойынша ұсынымхаттар жолдау, сондай-ақ жергілікті актілерді, ал кейбір жағдайларда заңнамалық актілерді де жаңарту бойынша ұсыныстар енгізу арқылы жүзеге асырылды.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

GRI 2-15



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та «ҚТЖ» ҰК» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу саясаты⁴⁵ бекітілген, ол келесіні:

- этика мен комплаенс мәселелері бойынша Заңның және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын;
- мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттарын;
- мүдделер қақтығысын уақтылы және толық анықтау тетіктерін;
- мүдделер қақтығысын реттеудің тәртібі мен ықтимал шараларын;
- Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілігін қарастырады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарындағы жұмысқа қабылдау және кейбір лауазымдарға ауыстыру қағидасына⁴⁶ сәйкес ұйымдастырушылық-басқарушылық және әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындауға байланысты бос лауазымдарға үміткерлер үлестестігінің және мүдделер қақтығысының бар-жоғына міндетті түрде тексерілуі тиіс.

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарындағы басшы қызметкер лауазымдарына 243 үміткерге қатысты мүдделер қақтығысына тексеру жүргізілді.

Тексерулер нәтижесінде Комплаенс қызметі кейбір бұзушылықтарды анықтады, осылайша басшы қызметкер лауазымына 61 үміткердің ішінде мүдделер қақтығысы айқындалды. Бір үміткердің бизнестегі практикалық тәжірибесі болмаған, бір үміткерге қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыс фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалып, ақтауға жатпайтын негіздер бойынша тоқтатылған. Сондай-ақ басшы қызметкер лауазымына бір үміткер бұрын қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

9 үміткерге қатысты теріс ақпараттық фон анықталды.

45 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 6 мамырдағы шешімімен (№7 хаттама) бекітілген.

46 «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 13 шілдедегі шешімімен (№02/26 хаттама, №1 мәселе) бекітілген.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Тәуелсіз аудитор есебі.....	191
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп.....	198
Пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп.....	200
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп.....	201
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	204
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер.....	206

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ
БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») басшылығы Компанияның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») деп аталады) 2022 ж. 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның аталған күні аяқталған жыл іші шоғырландырылған қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен капиталдағы шоғырландырылған өзгерістерін шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес жариялаған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес дайындауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау барысында басшылық:

- есеп саясаты қағидаттарын дұрыс таңдауға және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырмалығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- Топтың барлық кәсіпорындарында ішкі бақылаудың тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ХҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті жергілікті заңнамаға және ХҚЕС-ке сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шараларды қабылдауға; және
- қаржылық және өзге де асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық
2023 ж. 13 наурызда бекітті, Компанияның Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті алдын
ала мақұлдады және оны кейіннен Директорлар Кеңесі мен Акционер бекітуі тиіс.

Deloitte.

சென்னை-2017
 20-12-2017
 20-12-2017
 20-12-2017

1er + 1777] 75H 74 40
 2e + 1777] 258 23 41
 3e + 1777] 258 23 41

ТЭУЕЛСЭ АУДИТОР ЕСЕБЭ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне және Акционеріне

Πίκρ

Біз 2022 ж. 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, 2022 ж. іші шоғырландырылған пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы, шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы және шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерімен, сонымен қатар шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі қағидаларына қысқаша шолудан тұратын «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕСК») шығарған Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес осы күні ақталған жыл іші шоғырландырылған қаржы нәтижелері мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз бухгалтерлерге орналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне («Кодекс») сәйкес және Қазақстан Республикасында шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жетімсізді әрі тиісті болып табылады.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл біздің кәсіптік пайымдамамызға сәйкес, ағымдағы кезең іші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілігіне біздің аудиттің мәліметінде және де осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында жалпы сипатта қаралған және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдіреміз.

[illegible]

© 2021 TCO «Беларусь». Беларуская мова на Беларусі.

Топ басшылығы атынан:

Д.Ә. Көшеров
Қаржы жөніндегі басқарушы
директор

2023 ж. 13 наурыз

Е.Б. Станкова
Бас бухгалтер

2022 ж. 13 наурыз

Неге біз мәселені аудит үшін негізгі деп санаймыз?

Аудит барысында не жасалды?

Негізгі құралдардың және гудвилдің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтердің құнсыздану индикаторлардың бар-жоғын бағалайды. Егер мұндай индикаторлар бар болса немесе гудвилдің құнсыздануын жыл сайынғы тестілеу қажет болса, Топ активтердің өтелетін құнын бағалайды.

Көбінесе инфрақұрылым объектілері мен жылжымалы құрамнан тұратын Топтың негізгі құралдары Топтың жиынтық активтерінің 81% құрайды. Басшылық бүкіл Топ ақша ағындарын өндіретін бір бірлік болып табылатынын анықтады, бұл басшылықтан маңызды пайымдауларды қолдануды талап етті.

Топ басшылығы 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыртқы және ішкі ақпарат көздерін пайдалана отырып, құнсыздану индикаторларының бар-жоғын бағалады, бұл басшылықтан елеулі пайымдаулар қолдануды талап етті. Талдау нәтижесінде Топ басшылығы 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ақша ағындарын өндіретін бір бірліктің құнсыздану индикаторлары ретінде қарала алатын 2022 ж. болған қандай да бір оқиғаларды немесе мән-жайларды анықтаған жоқ. Дегенмен, гудвилдің болуына байланысты Топ ақша ағындарының болжамы негізінде пайдалану құндылығын есептеу арқылы анықталған ақша ағындарық өндіретін бірліктің өтелетін құнын бағалады.

Қолдану құндылығы басшылықтың активтерді пайдаланудан болатын болашақ ақша ағындарын бағалауын, осындай болашақ ақша ағындарының сомалары мен уақыт ішінде таралудың ықтимал ауытқуларды және субъективті болып табылатын басқа да жорамалдарды көрсетеді.

Біз келесі рәсімдерді жүргіздік:

> басшылықтың ақша ағындарын өндіретін бір бірлікті анықтауының негізділігін бағаладық,

> негізгі құралдардың құнсыздану индикаторларының бар-жоғына Топтың талдауын мұқияттылығы мен толықтығына, сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сәйкестігін тексердік,

> басшылық ұсынған талдаумен ақпараттың бірізділігін бағалау үшін, сондай-ақ құнсыздану индикаторларының болуын бағалауға елеуетті әсер етуі мүмкін ақпаратты сәйкестендіру үшін Топ басшылығымен талқылаулар өткіздік, басшылықтың ішкі коммуникациясымен және Директорлар кеңесі шешімдерінің хаттамаларымен таныстық,

> пайдалану құндылығын есептеу үшін қолданылған әдіснама мен басшылық пайдаланған модельдің ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сәйкестігін бағаладық,

> дисконттау мөлшерлемесін анықтауда қолданылған жорамалдарға талдау жүргіздік және бағалау бойынша мамандарымызды тәртіп отырып, осы мөлшерлемені қайта есептедік,

> дисконт мөлшерлемесін, болжамды айырбас бағамын, тарифтік мөлшерлемелердің күтілетін өсуін, нақ айналымының өсу қарқынын, сондай-ақ активтерді қолдауға және ауыстыруға арналған күтілетін нүрделі шығындарды қоса алғанда, елеулі жорамалдарға қатысты алынған ақпарат пен дәлелдемелердегі сәйкессіздіктерге талдау жасадық.

Негізгі құралдар мен гудвилдің жалпы сомасының маңыздылығына және жоғарыда сипатталған кәсіби пайымдардың мәніне және олардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке елеуетті әсеріне байланысты негізгі құралдар мен гудвилдің құнсыздануы аудиттің негізгі мәселесі болып табылады деп айқындадық. 4 және 6-ескертулерді қараңыз.

> Топтың тарихи деректеріне, нарықтық болжамдарына, Топтың ақша ағындарының болжамына негізделген түсім мен операциялық пайданың өсуіне қатысты жорамалдарды қоса алғанда, ақша ағындарын болжау үшін қолданылатын жорамалдарға сыни баға бердік. Біз сондай-ақ басшылықтың бұрынғы болжамдарының дәлдігін, болжамдарда пайдаланылған жорамалдардың негізділігін және олардың Директорлар кеңесі бекіткен жоспарларға сәйкестігін тексердік.

> шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексердік.

Өтімділігі және қызмет үздіксіздігі қағидаты

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері ағымдағы активтерінен 118,431 млн. теңгеге асып кетті. Ағымдағы міндеттемелерге есепті күннен кейін 12 ай ішінде өтелуі тиіс 256,506 млн. теңге сомасындағы қарыздар кіреді.

15-ескертуде көрсетілгендей, ЕҚКДБ мен HSBC Continental Europe (бұрын – «HSBC Франция») банктерінен алынған балажстық құны тиісінше 9,627 млн. теңге және 69,197 млн. теңге ұзақ мерзімді несиелердің талаптарында белгілі бір ковенанттар қарастырылған, олардың сақталмауы кредиторларға борышты мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығын береді.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты, Топтың өтімді активтерінің жеткіліктілігін бағалауға және оның ағымдағы міндеттемелерін уақтылы өтеу қабілетіне қатысты басшылықтың сыни пайымдаулары қажет. Басшылықтың осы мәселеге қатысты жоспарлары 2 және 31-ескертулерде ашып көрсетілген.

Қызмет үздіксіздігі туралы жорамалдың жарамдылығы туралы тұжырым шоғырландырылған қаржылық есептілікке тұтастай әсер етуін ескере отырып, осы мәселе біздің аудит үшін негізгі деп айқындалды.

Біздің қызмет үздіксіздігі қағидатын қолдануға қатысты аудиторлық рәсімдеріміз көбінесе басшылықтың қолданған жорамалдары мен жасаған тұжырымдарын сыни бағалауға бағытталды және төмендегілерді қамтыды:

> активтер мен міндеттемелердің ағымдағы және ұзақ мерзімді ретінде жіктелу дұрыстылығын тексердік,

> Топтың қабылданған міндеттемелері мен қолжетімді қаржыландыруын бағалап, басшылық жоспарлары ағымдағы және күтілетін экономикалық ортаны тиісті түрде көрсететініне көз жеткізе отырып, басшылық дайындаған қызмет үздіксіздігі қағидатының, сондай-ақ ағымдағы міндеттемелерді өтеу жоспарларының қолданылуын бағалауға талдау жүргіздік,

> қажет болған шамада Топтың өтімділігін және қызмет үздіксіздігі бойынша позицияны жақсарту үшін басшылыққа қолжетімді жеңілдету шараларын бағалады, оның ішінде мұндай әрекеттердің басшылықтың ықпал ету саласында болуын қарастырды,

> Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне күмән тудыруы мүмкін қаржылық және операциялық индикаторларды қоса алғанда, ағымдағы және күтілетін оқиғалар мен шарттарға талдау жүргіздік,



> Топтың өтімділігіне және міндеттемелерді өтеу қабілетіне, оның ішінде қарыздарға қызмет көрсету және оларды уақтылы өтеу үшін операциялық қызметтен ақша ағындарының жеткілікті деңгейін өндіру қабілетіне, сондай-ақ шетел валюталарының бағамдары өзгерістерінің міндеттемелер мен түсім сомаларына әсеріне ыңпал ететін ақша қаражатының қозғалысының ең соңғы болжамына және басшылықтың теріс болжамды сценарийлеріне талдау жүргіздік,

> қаржыландырудың қолжетімділігін растайтын құжаттарды, оның ішінде кредиттік желісімдерді, қаржы институттарымен хат алмасуды, Директорлар кеңесі шешімдерінің хаттамаларын және Акционердің қолдау хатын тексердік,

> кредиттік шарттардың және тиісті қаржылық және қаржылық емес ковенанттардың талаптарын талдадық,

> есепті күнгі жағдай бойынша қаржылық ковенанттарды математикалық дәлдігіне қайта есептедік,

> Топтың қызметіне әсер етуі мүмкін жағымсыз жағдайлар мен оқиғаларды көрсететін сыртқы факторларды бағаладық, және

> шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашып көрсетілген ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексердік.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепте бар ақпаратты қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілігі пен ол туралы біздің есебімізді қамтымайды. Болжалды түрде, жылдық есеп бізге осы аудитор есебі күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа тарамайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты міндетіміз — бізге ұсынылған кезде жоғарыда аталған өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктің бар-жоқтығы және өзге ақпаратта басқа да ықтимал елеулі бұрмалаушылықтардың болуы туралы мәселені қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, біз ол туралы корпоративті басқару үшін жауапты тұлғаларды хабардар етуіміз тиіс.

Басшылықтың және корпоративті басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, аләйда басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративті басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік — сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;

- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Толтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертуге жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Толтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін, Топ ішіндегі ұйымдардың қаржы ақпаратына немесе олардың қызметіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Толтың аудитін басқару, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өз аудиторлық пікірімізге толықтай жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарын сақтағанымыз көрсетілетін және бұл тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелерден ағымдағы кезең іші қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған, демек, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудан болатын қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түсетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді есебімізде сипаттаймыз.



Ольга Белоногова
Жоба бойынша серіктес
Қазақстан Республикасының
білікті аудиторы
2019 ж. 13 тамыздағы
№МФ – 0000865
біліктілік нұәлігі



Жангир Нұрыбаев
«Делойт» ЖШС
бас директоры

Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметпен айналысуға
№0000015 мемлекеттік лицензия,
сериясы МФЮ – 2,
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2006 ж. 13 қыркүйекте берген

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
2023 ж. 13 наурыз

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(млн. теңгеде)

	Ескерту- лер	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	3,241,505	3,038,289
Гудвил		15,520	15,520
Материалдық емес активтер		14,416	16,481
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	7	165	895
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	7	28,634	26,793
Кейінге қалдырылған салық активтері	18	63	145
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	8	200,967	164,572
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		3,501,270	3,262,695
Ағымдағы активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	9	266,956	178,000
Тауар-материалдық қорлар	10	45,029	42,401
Өтелетін ҚҚС		37,809	34,417
Сауда дебиторлық берешек	11	14,773	23,248
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша актив		3,065	6,644
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		2,139	3,945
Басқа да ағымдағы активтер	12	79,056	52,784
		448,827	341,439
Сатуға арналған активтер	13	45,825	-
Ағымдағы активтер жиыны		494,652	341,439
Активтер жиыны		3,995,922	3,604,134
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	14	1,086,324	1,086,085
Хеджирлеу резерві	14	-	(51,997)
Шетел валютасын қайта есептеуден резерв		12,138	9,925
Бөлінбеген пайда		348,377	214,574
Акционер капиталы		1,446,839	1,258,587
Бақыламайтын үлестер		15,853	13,855
Капитал жиыны		1,462,692	1,272,442

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
(млн. теңгеде)

	Ескерту- лер	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	15	1,430,825	1,361,403
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	18	357,491	308,300
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	17	37,406	37,083
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	38,861	34,443
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	21	55,564	54,497
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		1,920,147	1,795,726
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	15	256,506	215,809
Сауда кредиторлық берешек	19	117,207	116,531
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	20	119,393	95,310
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	14,221	25,355
Төленетін басқа да салықтар		22,540	17,250
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	17	6,213	9,100
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	21	76,972	56,611
		613,052	535,966
Сатуға арналған активтерге тікелей қатысты міндеттемелер	13	31	-
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		613,083	535,966
Міндеттемелер жиыны		2,533,230	2,331,692
Капитал мен міндеттемелер жиыны		3,995,922	3,604,134

Топ басшылығы атынан:

Д.Ә. Көшерөв
Қаржы жөніндегі
басқарушы директор
2023 ж. 13 наурыз


Е.Б. Станкова
Бас бухгалтер

2023 ж. 13 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ПАЙДА МЕН ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

	Ескерту- лер	2022 ж.	2021 ж.
Түсім және басқа да кірістер			
Жүк тасымалынан түсім	22	1,283,513	1,184,271
Жолаушылар тасымалынан түсім	22	88,421	57,256
Мемлекеттік субсидиялар	5	38,205	39,235
Басқа да кірістер	23	71,326	47,775
Түсім және басқа да кірістер жиыны		1,481,465	1,328,537
Өткізудің өзіндік құны	24	(1,204,233)	(980,898)
Жалпы пайда		277,232	347,639
Жалпы және әкімшілік шығыстар	25	(93,063)	(90,777)
Қаржылық кіріс	26	61,099	17,847
Қаржылық шығындар	26	(144,860)	(126,268)
Бағам айырмасынан шығын	31	(34,143)	(11,147)
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	7	8,547	10,826
Қаржылық активтердің және клиенттермен жасалған шарттар бойынша активтердің құнсыздануы		(5,702)	(131)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануы		(617)	(1,934)
Басқа да пайда мен шығындар		(69)	8,688
Салық салуға дейінгі пайда		68,424	154,743
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	18	(31,541)	(34,132)
Жыл іші пайда		36,883	120,611
Табыс салығы шегерілгеннен кейінгі өзге жиынтық кіріс:			
Кейіннен пайда мен шығындар құрамына қайта жіктеуге жатпайтын баптар:			
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді қайта бағалау	17	4,214	345
Келесі кезеңдерде кейіннен пайда немесе шығындар құрамына қайта жіктеуге жатпайтын баптар:			
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша таза (шығын)/пайда	14	(2,445)	823
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша шығынды жыл ішіндегі пайда құрамына қайта жіктеу	14, 22	54,442	-
Шетелдік бөлімшені есептілік валютасына қайта есептеуден бағам айырмалары		2,213	1,137
Жыл іші өзге жиынтық кіріс		58,424	2,305
Жыл іші жиынтық кіріс жиыны		95,307	122,916
Келесілерге тиесілі жыл іші пайда:			
Акционерге		34,887	119,085
Бақыламайтын үлестерге		1,996	1,526
		36,883	120,611
Келесілерге тиесілі жиынтық кіріс:			
Акционерге		93,309	121,390
Бақыламайтын үлестерге		1,998	1,526
		95,307	122,916
Акцияға шаққандағы пайда, теңгеде	27	70	240

Топ басшылығы атынан:
Д.Ә. Көшеров
Қаржы жөніндегі басқарушы
директор
2023 ж. 13 наурыз

Е.Б. Станкова
Бас бухгалтер

2023 ж. 13 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(млн. теңгеде)

	Ескерту- лер	2022 ж.	2021 ж.
Операциялық қызмет:			
Жыл іші пайда		36,883	120,611
Пайда мен шығындарда көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар		31,541	34,132
Келесілерге түзету:			
Тозу және амортизация		145,946	140,846
Қаржылық шығындар	26	144,860	126,268
Қаржылық активтердің және клиенттермен жасалған шарттар бойынша активтің құнсыздануы		5,702	131
Қаржылық емес активтердің құнсыздануы		617	1,934
Қаржылық кіріс	26	(61,099)	(17,847)
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге төленетін сыйақы және қызметкерлерге төленетін басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша шығыстар	24, 25	9,143	6,113
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	7	(8,547)	(10,826)
Бағам айырмасынан шығын	31	34,143	11,147
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша шығынды жыл ішіндегі пайда құрамына қайта жіктеу	14, 22	54,442	-
Басқасы		13,351	748
Айналым капиталындағы және баланстың басқа да баптарындағы өзгерістерге дейінгі операциялық кіріс		406,982	413,257
Сауда дебиторлық берешектің өзгеруі		(5,032)	(19,372)
Тауар-материалдық қорлардың өзгеруі		379	(2,647)
Басқа да ағымдағы және ұзақ мерзімді активтердің өзгеруі (оның ішінде өтелетін ұзақ мерзімді ҚҚС)		(76,159)	10,916
Сауда кредиторлық берешектің өзгеруі		20,219	20,679
Төленуі тиіс басқа да салықтардың өзгеруі		3,706	(12,864)
Басқа да міндеттемелердің және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердің өзгеруі		32,929	25,902
Қызметкерлерге төленетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің өзгеруі		(7,493)	(3,041)
пайыздарға және корпоративтік табыс салығын төлеуге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты		375,531	432,830
Төленген пайыздар		(118,930)	(119,450)
Алынған пайыздар		8,631	8,893
Төленген корпоративтік табыс салығы		(2,889)	(5,706)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		262,343	316,567
Инвестициялық қызмет:			
Негізгі құралдар үшін төленген аванстарды қоса алғанда негізгі құралдарды сатып алу		(340,353)	(256,843)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім		122	3,427
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсім		1,932	2,330
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер		7,675	5,743
Бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды сатып алу		(70)	(4,752)
Басқасы		(1,606)	127
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(332,300)	(249,968)

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
(млн. теңгеде)

	Ескерту- лер	2022 ж.	2021 ж.
Қаржылық қызмет:			
Қарыздар алу	15	1,137,878	125,839
Қарыздарды өтеу	15	(956,465)	(156,007)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	15	(17,334)	(12,274)
Басқасы		(2,397)	(1,619)
Қаржылық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты		161,682	(44,061)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы		91,725	22,538
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	9	178,000	155,407
Шетел валютасында деноминацияланған ақша қаражаты мен оның баламаларының баланстарына валюта бағамдары өзгерісінің әсері		(2,691)	64
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің өзгеруінің әсері		(2)	(9)
Жыл аяғындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	9	267,032	178,000
Ақшалай емес операциялар:			
Банк жеткізушіге тікелей аударған қарыз қаражаты есебінен негізгі құралдарды сатып алу	15	5,706	27,705

Топ басшылығы атынан:

«КТЖ» ҰАҚ

Д.Ә. Көшерба
Қаржы жөніндегі
басқарушы директор

2023 ж. 13 наурыз

Е.Б. Станкова
Бас бухгалтер

2023 ж. 13 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(млн. теңгеде)

	Жарғылық капитал	Хеджирлеу резерві	Шетел валюталарын қайта есептеуден резерв
2021 ж. 1 қаңтарына	1,082,299	(52,820)	8,788
Жыл іші пайда	-	-	-
Жыл іші өзге жиынтық кіріс	-	823	1,137
Жыл іші жиынтық кіріс жиыны	-	823	1,137
Акциялар шығару (14-ескерту)	3,786	-	-
Басқа да салымдар (14-ескерту)	-	-	-
Еншілес ұйымды есептен шығару (14-ескерту)	-	-	-
2021 ж. 31 желтоқсанына	1,086,085	(51,997)	9,925
2022 ж. 1 қаңтарына	1,086,085	(51,997)	9,925
Жыл іші пайда	-	-	-
Жыл іші өзге жиынтық кіріс	-	51,997	2,213
Жыл іші жиынтық кіріс жиыны	-	51,997	2,213
Акциялар шығару (14-ескерту)	239	-	-
Басқа да салымдар (14-ескерту)	-	-	-
2022 ж. 31 желтоқсанына	1,086,324	-	12,138

Бөлінбеген пайда	Акциянердің капиталы	Бақыламайтын үлестер	Капитал жиыны
88,858	1,127,125	11,480	1,138,605
119,085	119,085	1,526	120,611
345	2,305	-	2,305
119,430	121,390	1,526	122,916
-	3,786	-	3,786
6,286	6,286	-	6,286
-	-	849	849
214,574	1,258,587	13,855	1,272,442
214,574	1,258,587	13,855	1,272,442
34,887	34,887	1,996	36,883
4,212	58,422	2	58,424
39,099	93,309	1,998	95,307
-	239	-	239
94,704	94,704	-	94,704
348,377	1,446,839	15,853	1,462,692



Топ басшылығы атынан:

Д.Ә. Көшеров
Қаржы жөніндегі басқарушы
директор

2023 ж. 13 наурыз

Е.Б. Станкова
Бас бухгалтер

2023 ж. 13 наурыз

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «соңғы Акционер») қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасында (бұдан әрі – «ҚР») теміржол саласындағы мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі холдингтік компанияны ұйымдастыру мақсатында құрылған. Компания 2002 ж. 15 мамырда тіркелген. Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») қызмет нәтижесін көрсетеді. Компанияның тіркелген офисінің мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 6.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Акционер») Компанияның жалғыз акционері болып табылады.

Топ ҚР-да мемлекеттік теміржол жүйесін пайдалануды жүк және жолаушылар тасымалы қызметін көрсету арқылы, магистральдық теміржол желісі қызметін көрсету арқылы және теміржол инфрақұрылымын жөндеу мен ұстау, модернизациялау арқылы жүзеге асырады. ҚР-сының теміржол саласын реттеу шеңберінде мемлекет магистральдық теміржол желісі қызметіне, сондай-ақ теміржол көлігімен жүк тасымалы қызметіне және әлеуметтік-маңызды бағдарлар бойынша жолаушылар тасымалына тарифтерді белгілейді (ҚР Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес), жолаушылар тасымалын жүзеге асырудағы шығыстардың бөлігін мемлекет субсидиялайды. Жүк тасымалындағы реттелетін тарифтердің деңгейі тасымалданатын жүктің түріне қарай ерекшеленеді. Халықаралық транзиттік қатынаста жүктерді тасымалдау тарифі, сондай-ақ жүктерді контейнерлерде тасымалдауды мемлекет реттемейді.

ҚР Ұлттық экономика министрілігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі – «ТМРК») 2021-2025 жж. арналған магистральдық теміржол желілерінің қызметтеріне тарифтерді бекітті. Жүктерді тасымалдау қызметтеріне магистральдық теміржол желісінің қызметтері үшін: жолдың электрлендірілмеген учаскелерінде тепловоздар үшін; жолдың электрлендірілген учаскелерінде электровоздар үшін тарифтерді саралау; сондай-ақ локомотивтік тарту қызметтері үшін: тепловоздық тарту және электровоздық тартуға ажырату енгізілді. 2022 ж. 16 қазаннан бастап ТМРК жүктерді тасымалдау қызметтеріне тарифтердің ұлғайтылуына келісті, нәтижесінде 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде ұлғаю орта есеппен 14.67% құрады. Саралау есебімен жүктерді вагондар мен контейнерлерде тасымалдауға тарифтер деңгейінің ұлғаюы 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші орта есеппен 6.2% құрады (2021 ж.: 13%).

2022 ж. 1 шілдеден бастап ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігі тұлғасындағы уәкілетті орган облысаралық бағыттарда жүретін әлеуметтік маңызды бағдарларда жолаушылар тасымалы бойынша тарифтердің 7% артуын келісті (2021 ж.: 7%).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Операциялық орта

Дамушы елдердің нарықтары, соның ішінде ҚР нарығы, дамыған нарықтардың тәуекелдерінен өзгеше экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге ұшырайды. ҚР-да бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеріп, еркін талқылануы мүмкін. ҚР келешек даму бағыты едәуір дәрежеде мемлекеттің салықтық және кредиттік-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси жағдайдың өзгерістеріне байланысты.

ҚР мұнай мен газды үлкен көлемде өндіріп, экспортқа шығаратынына байланысты, ҚР экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағаларының өзгерістеріне ерекше сезімтал. Экономиканың жағдайына сондай-ақ ірі инфрақұрылымдық жобаларға және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған әртүрлі бағдарламаларына мемлекеттік шығыстар да елеулі әсер етеді.

2022 ж. қаңтардың басында ҚР-да жаппай наразылықтар басталып, жаппай тәртіпсіздіктерге ұласты. 2022 ж. 15 қаңтарға қарай ҚР жағдай тұрақтанды және билік органдарының бақылауына алынды. Бұл оқиғалар Топтың операциялық қызметіне елеулі әсер еткен жоқ.

2022 ж. басында Ресей Федерациясы (бұдан әрі – «Ресей») мен Украина арасындағы әскери-саяси шиеленіс ұшыға түсті. Нәтижесінде бірқатар елдер Ресей мен Беларуське қарсы экономикалық санкциялар енгізді, соның ішінде жаңа инвестицияларға тыйым салу, ірі қаржы институттары мен бірқатар мемлекеттік кәсіпорындармен өзара әрекеттесуді оқшаулау шаралары қабылданды.

2022 ж. Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы баррель үшін 101.8 АҚШ долларын құрады (2021 ж.: баррель үшін 68.63 АҚШ доллары). 2022 ж. қорытындысы бойынша алдын ала бағалауға сәйкес, ҚР-ның жалпы ішкі өнімінің («ЖІӨ») өсімі жылдық мәнде 3.1% құрады. 2022 ж. желтоқсанда елдегі инфляция жеделдеп, жылдық есептеуде 20.3% құрады (2021 ж. желтоқсанда инфляция жылдық есептеуде 8.4% құраған).

2022 ж. ішінде сыртқы факторлардың ҚР-ның экономикасына теріс әсерін төмендету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі («ҚРҰБ») базалық мөлшерлемені +/- 1.0 т.т. дәлізбен жылдық 10.25%-дан 16.75%-ға дейін көтерді, сондай-ақ 2022 ж. бірінші жартысында шетел валюталарына қатысты теңгенің айырбас бағамын қолдау үшін валюта нарығында интервенциялар жүзеге асырылды.

Алайда геосаяси тәуекелдердің болашақта өзгеруіне және олардың ҚР-ның экономикасына әсеріне қатысты белгісіздік бар.

Топ басшылығы ҚР-дағы және әлемдегі экономикалық және саяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді қадағалап, жақын болашақта Топ бизнесінің тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін қажетті деп есептейтін шараларды қабылдайды. Топтың валютада көрсетілген міндеттемелері бар, тиісінше, айырбас бағамының өсуі кезінде бағам айырмашылығынан шығын артады. Жалпы алғанда, Топ оның бизнесі мен операцияларына ағымдағы өзгерістерден елеулі теріс әсер күтпейді, себебі халықаралық (транзиттік) қатынастарды қоса алғандағы жүк теміржол қозғалысы ҚР да, бірқатар басқа елдерде де тоқтатылған жоқ. 2022 ж. ішінде транзиттік және экспорттық бағыттағы жүк айналымының көлемі өткен жылмен салыстырғанда ұлғайды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Алайда болған оқиғалардың салдары және олармен байланысты болашақ өзгерістер Топтың қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.

Мемлекет Топтың құрылымына бақылау жүргізе отырып, ҚР-сындағы теміржол қызметінің ұзақ мерзімді саясатын айқындайды. ҚР-сының теміржол саласы 1997 ж. бастап қайта құрылымдау барысында. Ол жүк тасымалы және инфрақұрылымды бөлу, реттеушілік ортаны өзгерту және салаға инвестицияларды тарту үшін жағдай жасауға бағытталған.

ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес, 2022 ж. соңында ҚР көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 ж. дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі – «Тұжырымдама») әзірленіп, ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілді, ол Топты Ұлттық көлік-логистикалық компанияға айналдыруды, логистикалық құзыреттерді арттыруды, инфрақұрылымды дамытуды және шетелдегі коммерциялық қызметті күшейтуді, теміржол қызметі нарығын әрі қарай ырықтандыру есебімен тарифтік саясатты өзгертуді, цифрландыруды енгізуді және салаға жеке инвестицияларды тартуды көздейді.

Топтың 2029 ж. дейінгі даму стратегиясын іске асыру Тұжырымдаманы ескере отырып жалғастырылатын болады. Бұл ретте Топ қызметтің тиімділігін арттыру, баламалы маршруттарды қоса алғанда, транзиттік тасымалдарды дамыту, жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасына сәйкес корпоративтік портфель құрылымын оңтайландыру, Топтың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне кепілдік беру, сондай-ақ Топтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес жариялаған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Қызмет үздіксіздігі қағидаты

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі қызметтің үздіксіздігі жорамалы негізінде дайындалған. Қызметтің үздіксіздігі Топ жақын болашақта өзінің активтерін сату мен міндеттемелерін өтеуді өзінің негізгі шаруашылық қызметі барысында жүзеге асыруын шамалайды. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 118,431 млн. теңгеге үлкен (2021 ж. 31 желтоқсан: 194,527 млн. теңге). 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы міндеттемелер 256,506 млн. теңге сомасындағы қарыздарды қамтиды, олар есепті күннен кейін он екі ай ішінде өтелуі тиіс. Сонымен қатар, 2022 ж. басында ҚР-да жаппай наразылықтар болды, 2022 ж. ақпанда сыртқы геосаяси жағдай аясында негізгі шетел валюталарына қатысты теңге айтарлықтай құнсызданды. Осы оқиғалардың Топ қызметіне әсері 1-ескертуде сипатталған. Бұл ретте 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші пайда 36,883 млн. теңгені құрады (2021 ж.: 120,611 млн. теңге), ал операциялық қызметтен ақша қаражатының түсімі 262,343 млн. теңгені құрады (2021 ж.: 316,567 млн. теңге).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ басшылығы ақша қаражатына деген қажеттілігін, соның ішінде алынған несиелерді өтеу міндеттемелерін және даму жоспарын бағалады. Топ ірі инвестициялық жобаларды операциялық қызметтен түскен ақша қаражатынан басқа ҚР Үкіметінен алынған капитал есебінен және сыртқы несиелер есебінен тарихи қаржыландырды. ҚР-сының транзиттік әлеуетін іске асыру мақсатында Топ транзиттік жүктердің қосымша көлемдерін тарту және мультимодальдық тасымалдар нарығына ықпал ету саласын кеңейту жөнінде шаралар қабылдауды жалғастыруда. Топ басшылығы есепті күннен кейін он екі ай ішінде өтеуге жататын несиелерді қайта қаржыландыру мақсатында инвесторлармен келіссөздер жүргізуде, олардың оң шешімі жоғары ықтимал деп бағаланады.

Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды бағалау кезінде басшылық сондай-ақ Топтың қаржылық жағдайын, күтілетін болашақ қаржылық нәтижелерді және қызметтен түсетін ақша ағындарын, несиелерді, қолжетімді кредиттік қаражатты және өзінің инвестициялық сипаттағы міндеттемелерін, тарифтердің күтілетін ұлғаюын, валюта бағамдарын, сондай-ақ Топ тап болатын басқа да тәуекелдерді назарға алды. Бұдан басқа, Топ Акционерден Топқа жақын болашақта ұзақ мерзімді қаржылық және операциялық қолдау көрсету ниеті мен қабілетіне қатысты қолдау хатын алды. Топтың өтімділігін жақсарту үшін басшылыққа қолжетімді жеңілдету шараларын ескере отырып, тиісті талдау жүргізгеннен кейін басшылық Топтың операциялық қызметті жалғастыру және өз міндеттемелерін өтеу үшін жеткілікті ресурстары бар деген (31-ескертуді) және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қызметтің үздіксіздігі қағидатын қолдану орынды деген қорытындыға келді.

Құнды анықтау негізі

Есепті күнге бағалау немесе әділ құнмен есепке алынатын кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік тарихи құн қағидаты негізінде дайындалған.

Шоғырландыру қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның қаржылық есептілігін және Компания мен 29-ескертуде тізімі көрсетілген оның еншілес ұйымдары бақылайтын кәсіпорындардың қаржылық есептілігін қамтиды. Елеулі ықпалы бар Топ инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады. Топтың компаниялары арасындағы барлық операциялар, сальдо және өткізілмеген пайда мен шығындар шоғырландыру кезінде алынып тасталынады.

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») берілген. Топтың функционалдық валютасы теңге болып табылмайтын шетел кәсіпорындарының активтері мен міндеттемелері есептік күнге бағам бойынша аударылады, егер айырбастау бағамдары жыл ішінде айтарлықтай өзгермеген болса, пайда немесе шығындар жыл іші орташа бағам бойынша аударылады, әйтпеген жағдайда мәмілелер жасалған күнгі айырбас бағамдары қолданылады. Қайта есептеу бойынша туындайтын бағам айырмалары өзге жиынтық кірісте есепке алынады. Шетелдік ұйымдар есептен шығарылған кезде аталған шетелдік ұйымдарға тиесілі барлық жинақталған бағам айырмалары пайда мен шығындарда танылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Теңге ҚР-сынан тыс жерде толық айырбасталатын валюта болып табылмайды. Топтың функционалды валютасынан басқа валютадағы (шетелдік валютадағы) операциялар Қазақстандық қор биржасы (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгілеген операцияны жасау күніне нарықтық бағам бойынша ескеріледі. ҚҚБ сессиясында сауда-саттық өткізілмеген шетелдік валюталар бойынша валюталардың айырбастау бағамын ҚР-сының Ұлттық Банкі Reuters ақпараттық агенттігінің арналары бойынша алынған баға белгілеуге сәйкес АҚШ долларына кросс-бағамды қолданып есептейді.

Шетелдік валюталарда берілген ақша активтері мен міндеттемелер есептік күндегі бағам бойынша ұйымның функционалды валютасына қайта есептеледі. Операция жасалған күннен кейін айырбастау бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар пайда мен шығындарда көрсетіледі. Әділ құны бойынша шетелдік валюталарда берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын белгілеу күніндегі қолданыстағы бағам бойынша теңгеге қайта есептеледі. Шетелдік валютада тарихи құны бойынша берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер қайта есептелмейді. Пайда мен шығындарға тиесілі бағам айырмашылығынан шығын/кіріс пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жеке көрсетілген.

Келесі кестеде шетел валютасының теңгеге айырбастау бағамдары көрсетілген:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан	2022 ж. іші орташа өлшемді бағам	2021 ж. іші орташа өлшемді бағам
АҚШ доллары	462.65	431.80	460.48	426.03
Еуро	492.86	489.10	484.22	503.88
Швейцария франкі	501.19	473.15	482.60	466.13
Ресей рублі	6.43	5.76	6.96	5.79

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау

Ағымдағы жылы Топ 2022 ж. 1 қаңтарынан басталатын және одан кейінгі жылдық кезеңдерге қатысты әрекет ететін ХҚЕСК шығарған төменде көрсетілген ХҚЕС стандарттарына және түсініктемелерге түзетулерді қолданды. Оларды қолдану осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген ашып көрсетулерге немесе сомаларға елеулі әсер еткен жоқ.

- ХҚЕС (IFRS) 3 «Тұжырымдамалық негіздерге» сілтемелер» түзетулері;
- ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар — басшылықтың ниеттеріне сәйкес негізгі құралдарды пайдаланғанға дейін өндірілген өнімді сатудан түсетін түсімдер» түзетулері;
- ХҚЕС (IAS) 37 «Ауыртпалықты шарттар — Шартты орындауға арналған шығындар» түзетулері;
- «ХҚЕС жыл сайынғы жақсартулары, 2018-2020 жж.» ХҚЕС (IFRS) 1 «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші қолдану», ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары», ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» және ХҚЕС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы» түзетулері;

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік бекітілген күні Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген келесі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданбады:

Стандарттың атауы және түсіндірмес	Төмендегілерден кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қолданылады
ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» (2020 ж. маусымдағы ХҚЕС (IFRS) 17 түзетулерін қоса алғанда)	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 (түзетулер) – «Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе енгізу»	Күнін ХҚЕСК белгілейді
ХҚЕС (IAS) 1 – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС (IFRS) «Есеп саясаты жөнінде ақпаратты ашу» №2 практикалық ұсыныстарға түзетулер	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 8 «Бағалау мәндерін анықтау» түзетулері	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 12 «Табыс салығы» - «Бір операция нәтижесінде пайда болған активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған табыс алығы» түзетулері	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IFRS) 16 «Кері жалдаумен сату операциясы шеңберінде жалдау бойынша міндеттеме» түзетулері	2024 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 «Ковенттары бар ұзақ мерзімді міндеттемелер» түзетулері	2024 ж. 1 қаңтар

Көрсетілген стандарттар мен түзетулер күшіне енгеннен кейін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейтіні күтілуде.

Есеп саясатының негізгі қағидалары

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозуды және құнсызданудан болған шығындарды шегергеннен кейінгі нақты шығындар бойынша есепке алу моделі бойынша көрсетіледі. Тозуды есептеу актив пайдалану үшін қолжетімді болған сәттен басталады.

Кейінгі шығындар

Активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде шығындалатын негізгі құралдарға күнделікті техникалық қызмет көрсету шығыстары (активті жақсы қалпында ұстау үшін жүргізілетін техникалық қызмет көрсету бойынша тұрақты жұмыстар), сондай-ақ жөндеуге шығыстар (техникалық тексеру, техникалық қызмет көрсетуге келісімшарттар және т.б.) олардың пайда болуына қарай пайда немесе шығын құрамында танылады.

Активті ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» сәйкес тану үшін қажетті сипаттамаларды қанағаттандыратын шығындар ғана капиталдандырылады.

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс негізгі құралдарды сатып алуға және құрылыс кезінде келтірілген тікелей қатысты ауыспалы үстеме шығыстарды тиісті бөлуді қоса алғанда, салуға тікелей байланысты шығындарды қамтиды. Аяқталмаған құрылыстың ағымдағы құны құнсызданудан болған шығындарды тану қажеттілігі тұрғысынан тұрақты түрде қайта қаралып отырады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Жалдау шарттары

Топ жалға алушы ретінде

Белгілі бір кезең ішінде өтеу орнына Топқа сәйкестендірілген активтің (оны ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» анықтайтындай) пайдаланылуын бақылау құқығы берілетін шарттарға (немесе шарттардың жекелеген компоненттеріне) қатысты Топ пайдалану құқығы нысанындағы активті және тиісті міндеттемені жалдауды бастау күніне таниды. Шарттардың жалданбайтын компоненттері өзге орынды стандарттарға сәйкес есепке алынады.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» сәйкес Топ жалдауды танудан босатуды жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға арналған опционды қамтымайтын жалдау шарттарына, индекске немесе мөлшерлемеге байланысты емес ауыспалы жалдау мөлшерлемесімен жалдау шарттарына, сондай-ақ құны төмен (2 млн. теңгеден кем) активтерді жалдау шарттарына қолданады. Қысқа мерзімді жалдауды және құны төмен активтерді жалдауды Топ жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде таниды.

Жалдау басталған күні Топ осы күні әлі жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген (ағымдағы) құны бойынша жалдау бойынша міндеттемені бағалайды. Дисконттау, егер оларды оңай анықтауға болатын болса, жалдау шарттарында салынған мөлшерлемелерді қоспағанда, Топтың қосымша қарыз қаражатын тартудың пайыздық мөлшерлемесін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Топ жалдау бойынша міндеттемені төмендегі жағдайларды әр кез қайта бағалайды (және пайдалану құқығы нысанында тиісті активті тиісті түзетулер енгізеді):

- жалдау мерзімі өзгерсе немесе елеулі оқиға, не өзгеріс сатып алу опционын орындалуын бағалауда өзгертуге әкеп соққан жағдайларда өзгеріс болса және бұндай жағдайда жалдау бойынша міндеттеме қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау жолымен қайта бағаланады.
- жалдау төлемдері индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне немесе кепілдік берілген тарату құны бойынша күтілетін төлемнің өзгеруіне байланысты өзгерсе және осы жағдайларда жалдау бойынша міндеттеме өзгермеген дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау жолымен қайта бағаланады (егер жалдау төлемдерінің өзгеруі құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру салдары болып табылмаса, бұл жағдайда қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесі пайдаланылады).
- жалға алу шарты модификацияланса және жалдау шартын өзгерту жеке жалдау шарты ретінде ескерілмесе және бұл жағдайда жалдау бойынша міндеттеме модификацияланған жалдау шартын жалдау мерзімі негізінде қайта қарастырылған қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау жолымен қайта бағаланады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Жалдау басталған күнге Топ пайдалану құқығы нысанындағы активті жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалау шамасын, жалдау басталған күнгі немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып, осындай күнге дейінгі жалдау төлемдерін, жалға алушы шеккен кез келген бастапқы тікелей шығындарды қамтитын бастапқы құн бойынша бағалайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтерді кейіннен есепке алуға қатысты меншігінде тұрған активтерге қатысты қолданылатын есеп саясаты қолданылады, оның ішінде тозуды және амортизацияны есептеуге, сондай-ақ құнсыздану мәніне тексеруге қатысты.

Пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив мынадай кезеңдердің неғұрлым қысқа мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады: активті пайдалы қолданудың болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі. Егер жалдау шарты базалық активке меншік құқығын берсе немесе пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны Топтың сатып алу жөніндегі ниетін көрсетсе, пайдалану құқығы нысанындағы тиісті актив базалық активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде амортизацияланады.

Топ жалдау бойынша міндеттемелерді қаржылық жағдай туралы жеке есепте жеке бапта ұсынады (16-ескерту), ал пайдалану құқығы нысанындағы активтер, егер олар меншігінде болса, яғни негізгі құралдар (6-ескерту) және материалдық емес активтер құрамында болғандағы сияқты, тиісті базалық активтер ұсынылатын баптарда ұсынылады.

Топ жалға беруші ретінде

Топ негізгі құралдардың кейбір объектілеріне қатысты жалға беруші ретінде жалдау шарттарын жасайды (6 және 23-ескертулер).

Топ жалға беруші болып табылатын жалдау қаржылық немесе операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдау шарттарына сәйкес жалға алушыға меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар іс жүзінде өткен жағдайларда жалдау шарты қаржылық жалдау шарты ретінде жіктеледі. Жалдаудың барлық өзге түрлері операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдаудан түскен кіріс жалдау мерзімі ішінде желілік негізде танылады.

Қарыздар бойынша шығындар

Топ сыныпталатын активтерді сатып алумен, салумен және өндірумен тікелей байланысты несиелер бойынша шығындарды, сондай-ақ осы активтің құнының бір бөлігін капиталдандырады.

Топ ортақ мақсатқа тартылған несиелерді олардың сыныпталатын активті алу үшін тікелей жұмсалған шығындарының көлемінде ғана капиталдандырады. Капиталдандыру мөлшерлемесі ретінде активтерді сатып алуға тікелей байланысты қарыздарды есептемегенде, Топтың сыныпталатын активтерінің салынуы мен өндіруін қаржыландыру үшін бағытталған қарыз шығындары бойынша орташа өлшемді мәні алынады. Бұл ретте, егер тиісті сыныпталған актив болжамды пайдалануға дайын болған соң қарыз өтелмеген болып қалған жағдайда, капиталдандыру мөлшерлемесін есептеген кезде бұндай қарыз жалпы мақсатта тартылған қарыздар құрамына енгізіледі.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Оларды сыныпталатын активтерге пайдалану күтілетін жекелеген қарыздардың уақытша инвестицияларынан алынған инвестициялық кіріс капиталдандыруға жарамды қарыздар бойынша шығындардан шегеріледі.

Қарыздар бойынша шығындар сондай-ақ пайыздарды төлеуге арналған шығындарды түзету болып есептелетін шамада шетел валютасымен несие алу нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмаларды қамтиды. Нәтижесінде, бағамдық айырмаларды ескере отырып, шетел валютасында көрсетілген қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындар, егер қарыз функционалдық валютада көрсетілсе, капиталдандырылатын қарыздар бойынша шығындар сомасынан аспауға тиіс. Бағамдық айырманың кез келген асып кетуі пайда немесе шығындарда көрсетіледі.

Несиелер бойынша барлық өзге шығындар олар туындайтын кезеңдегі пайда немесе шығын құрамында танылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн немесе өткізудің таза құнының ең кіші мәні бойынша бағаланады. Өзіндік құнға қорларды жеткізуге және болжамды пайдалану үшін қажетті жағдайға келтіруге байланысты жұмсалған шығындарды қамтиды. Өткізудің таза құны аяқтауға жұмсалған шығындарды және өткізуге жұмсалатын бағалау шығындарын шегергенде кәдімгі қызмет барысында қорларды өткізу құнын бағалауды білдіреді. Қорларды өндіріске босату кезінде, өткізу және өзге де есептен шығару кезінде оларды бағалау орташа өлшемді құны бойынша жүргізіледі.

Қаржы құралдары

Қаржы активтері мен міндеттемелері Топ тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша тарап болған кезде Топтың қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетіледі.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады.

Барлық танылған қаржы активтері кейіннен амортизацияланған құны немесе қаржы активтерін басқару жөніндегі Топтың бизнес-моделі және қаржы активтерінің ақша ағындарының шарттық сипаттамалары негізінде әділ құны бойынша бағаланады.

Бұл ретте:

- мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар және мұндай ақша ағындары негізгі соманы және ол бойынша пайыздарды төлеуді ғана қамтиды, әдетте, кейіннен амортизацияланған құны бойынша бағаланады;
- мақсаттары шартта көзделген ақша ағындарын алу және қарыз құралын сату болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын үлестік құралдар және мұндай ақша ағындары негізгі сома мен ол бойынша пайыздарды төлеуді ғана қамтиды, кейіннен өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады (ӨЖКАӘҚБ); және
- барлық басқа борыштық инвестициялар мен үлестік инвестициялар кейіннен пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланады (ПШАӘҚБ).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Ағымдағы жылы Топ ӨЖКАӘҚБ және амортизацияланған құны бойынша бағалау критерийлеріне сәйкес келетін борыштық құралдарға инвестицияларды ПШАӘҚ бойынша жіктеген жоқ.

Кейіннен амортизацияланған құны бойынша немесе ӨЖКАӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар құнсыздану мәніне бағаланады (4-ескерту).

Бастапқы танудан кейін барлық қаржы міндеттемелері тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша немесе ПШАӘҚ бойынша бағаланады.

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы міндеттемесінің елеусіз модификациясынан туындайтын кіріс немесе шығыс пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі. Кіріс немесе шығыс модификациялау күніне баланстық құны мен қаржы құралының бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданып дисконттай отырып, шартта көзделген жаңа талаптарға сәйкес болашақ ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Елеулі модификация есепке алуда бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде көрсетілуі тиіс.

Туынды қаржы құралдары

Топ валюталық тәуекелді басқару үшін туынды қаржы құрал – валюталық свопты қолданады.

Туынды қаржы құралдар бастапқыда шарт жасалған күнгі әділ құны бойынша бағаланады және кейіннен әрбір есепті күнгі әділ құны бойынша қайта бағаланып отырады. Нәтижесінде алынған пайда немесе шығындар тікелей пайда мен шығындар құрамында танылады, бірақ туынды құрал хеджирлеу құралы ретінде анықталып, осы сапада тиімді болған жағдайда пайда мен шығындар құрамында тану мерзімі хеджирлеу қатынастарының сипатына байланысты болады.

Әділ құны оң туынды қаржы құралдары қаржы активі ретінде танылады, ал әділ құны теріс туынды қаржы құралдары қаржылық міндеттеме ретінде танылады. Туынды қаржы құралдары, егер құралдың қалған қолданылу мерзімі 12 айдан асса және оны сату немесе өтеу алдағы 12 ай ішінде күтілмеген жағдайда ұзақ мерзімді активтерде немесе ұзақ мерзімді міндеттемелерде көрсетіледі. Басқа туынды қаржы құралдары қысқа мерзімді активтерге немесе қысқа мерзімді міндеттемелерге енгізіледі.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

Ұзақ мерзімді активтер және есептен шығарылатын активтер топтары, егер олардың баланстық құны өндірістік қызметте пайдалану барысында емес, сату кезінде өтелетін болса, сатуға арналған ретінде жіктеледі. Егер ұзақ мерзімді актив (немесе есептен шығатын активтер тобы) өзінің ағымдағы жай-күйінде сатылуы мүмкін болса және жіктеу күнінен бастап 12 ай ішінде сатудың жоғары ықтималдығы бар болса, осы шарт орындалды деп есептеледі. Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтер (және есептен шығарылатын активтер топтары) екі шаманың ең азы бойынша бағаланады: алдыңғы баланстық құны және сатуға шығындарды шегергендегі әділ құны.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Активті сатуға арналған ретінде жіктелуі тоқтатылуы тиіс болған кезде Топ жіктеу критерийлерінің қанағаттандырылуы тоқтаған кезең ішінде жалғасатын қызметтен пайда немесе шығынның құрамына активтің баланстық құнын талап етілетін түзетулерді қамтиды. Егер сатуға арналған ретінде жіктелуі тоқтатылған есептен шығарылатын топ немесе актив еншілес ұйым, бірлескен операциялар, бірлескен кәсіпорын, қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен кәсіпорындағы не қауымдастырылған ұйымдағы қатысу үлесі болып табылса, онда активті сатуға арналған ретінде жіктеу сәтінен бастап барлық кезеңдер іші қаржылық есептілік тиісті түрде түзетіледі.

Капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты шығындар ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа капитал түсімінің сомасынан шегеру ретінде көрсетіледі. Жарғылық капиталға барлық ақшалай емес салымдарды тәуелсіз бағалаушы беру күніндегі жағдай бойынша әділ құны бойынша бағалайды.

Топ орналастыруды заңды тіркеуді жүзеге асырмаған орналастырылатын жай акциялар үшін алынған қаражат мұндай түсімдер жарғылық капиталға көшірілетін тіркеу сәтіне дейін қосымша төленген жарғылық капитал ретінде танылады.

Басқа да салымдар

Топ Акционермен активтерді алу, нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздар бойынша әділ құнға дейін түзету сияқты операцияларды және Топтың жарғылық капиталында қосымша үлес алуға әкелмейтін өзге операцияларды жүргізеді. Топ бұндай операцияларды капитал арқылы бөлінбеген пайда құрамында көрсетеді.

Басқа да бөлулер

Бөлу, егер Топ ақша қаражатын немесе ақшалай емес активтерді Акционерге/соңғы Акционерге өтеусіз негізде беруді міндеттенгенде және мұндай міндеттеменің сомасы сенімді бағалануы мүмкін болғанда капиталдың құрамында танылады. Бөлу қолданылатын жерде кейінге қалдырылған салықтың кез келген тиісті әсерін шегере отырып, капитал құрамында танылады.

Хеджирлеу есебі

Топ туынды қаржы құралдарын және туынды емес қаржы құралдарын (валюталық тәуекелдер бойынша) қоса алғанда, әділ құнды хеджирлеу, ақша ағындарын хеджирлеу немесе шетелдік бөлімшеге таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары ретінде хеджирлеудің жекелеген құралдарын білдіреді. Болашақ мәмілелер міндеттемелері бойынша валюталық тәуекелді хеджирлеу құралдары ақша ағындарын хеджирлеу құралдары ретінде есепке алынады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ хеджирлеу құралдары мен хеджирленетін бап арасындағы қатынастарды тәуекелдерді басқару және хеджирлеу стратегиясына сәйкес оларды белгілеу сәтінен бастап құжатпен ресімдейді. Бұдан басқа, хеджирлеу қатынастарын белгілеу сәтінде және одан әрі Топ хеджирленетін тәуекелге жататын хеджирленетін бапқа байланысты әділ құнның немесе ақша ағындарының өзгерістерін өтеу тұрғысынан хеджирлеу құралының тиімділігін тұрақты түрде құжаттайды.

Ақша ағындарын хеджирлеу

Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары ретінде белгіленген және тану критерийлерін қанағаттандыратын қаржы құралдарының әділ құны өзгерістерінің тиімді үлесі өзге жиынтық кірісте көрсетіледі және ақша ағындарын хеджирлеу резервінің бабы бойынша жинақталады. Ақша ағындарын хеджирлеу құралдарының әділ құны өзгерістерінің тиімсіз үлесі есепті кезеңдегі пайданың немесе шығынның құрамына енгізіледі және қаржылық шығындар жолы бойынша көрсетіледі.

Өзге жиынтық кірісте бұрын танылған сомалар хеджирленетін бап пайдаға немесе шығынға әсер еткен кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына, хеджирленетін бапты шығынға жазу көрсетілген жолға қайта жіктеледі.

Хеджирлеуді есепке алу:

- а) Топ хеджирлеу қатынасын тоқтатқан кезде,
- ә) хеджирлеу құралының әрекет ету мерзімі аяқталған кезде, ол сатылған, бұзылған немесе орындалған кезде, немесе
- б) қаржы құралы хеджирлеу құралы ретінде есепке алу талаптарын қанағаттандыруды тоқтатқан күні тоқтатылады.

Өзге жиынтық кірісте танылған және капиталда жинақталған өзгерістер бұрын ықтималдығы жоғары ретінде қарастырылатын мәміле нәтижелерімен бір уақытта пайда немесе шығын құрамына есептен шығарылады. Егер бұрын ықтималдылығы жоғары деп қаралған мәмілені жүзеге асыру енді күтілмесе, өзге жиынтық кірісте жинақталған сәйкес өзгертулер бірден пайда немесе шығынға жатқызылады.

Мемлекеттік субсидиялар

Мемлекеттік субсидиялар субсидияны алу үшін қажетті барлық шарттар орындалатынына және субсидия алынатынына жеткілікті сенім пайда болған кезде танылады.

Мемлекеттік субсидиялар субсидиялармен өтелетін шығындарды пайдада және шығында танумен бір мезгілде жүйелі негізде пайда мен шығындарда танылады. Атап айтқанда, Үкімет Топтың ҚР-сындағы әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша жолаушыларды тасымалдау шығыстарын ішінара жабу үшін мемлекеттік гранттар түрінде субсидиялар алуға құқығы бар деп қаулы етті. Мемлекеттік субсидиялар осы субсидиялар әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша тасымалдаушылардың шығыстарын жабуға жатқызылатындай кезеңдер ішінде тұрақты негізде танылады.

Келтірілген шығындарды, шығыстарды өтейтін немесе болашақ шығындарға байланысты емес қаржылық көмек түрінде берілген мемлекеттік субсидиялар оларды алу құқығы туындайтын кезеңнің кірістеріне жатады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Түсім

Түсім сатып алушыларға уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді беруді Топ оның күтулері бойынша көрсетілген тауарларға немесе қызметтердің орнына алуға құқығы бар өтеу мөлшерінде көрсету деп танылады. Түсім қосылған құн салығын (бұдан әрі – «ҚҚС») және жеңілдіктерді шегеріп көрсетіледі.

Жүк тасымалдары бойынша қызмет көрсетуден түскен түсімді есепке алу

Жүк тасымалдары бойынша қызмет көрсетуден түсім уақыт ішінде танылады. Есепті күнге қызметтердің орындалу дәрежесін бағалау әдісі ретінде есепті күнге көрсетілген қызметтер көлемінің тасымалдау бойынша қызметтердің жалпы көлеміне пайыздық арақатынасы пайдаланылады.

Қызметтер сатып алушылармен жасалған шарттарда келісілген айлық көлемнің 100% алдын ала төлем шартымен ұсынылады. Әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомалары қысқа мерзімді болып табылады және ақша қаражаты түскен күні алынған аванстар ретінде сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер құрамында көрсетіледі.

Республикаішілік, халықаралық экспорттық және транзиттік қатынастарда жүк тасымалдау қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған аванстар сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер құрамында тасымалдау басталған кездегі болашақ кезеңдердің кірістері ретінде көрсетіледі. Қызмет көрсету шамасына қарай болашақ кезеңдердің кірістері есепті кезеңнің кірістері ретінде танылады.

Топтың сатып алушыларымен жасалған шарттарында сатып алушыға уәде етілген қызметтерді беру мен сатып алушының осы қызметтерді төлеу сәті арасындағы уақыт аралығы қысқа болғандықтан қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ.

Жүктерді тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифіне уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы ТМРК бұйрық қолданылатын шарттарда тұтынылған қызметтің көлеміне байланысты жеңілдіктер көзделген. Бұл қызметтерден түскен түсім шегерімдердің бағалау мөлшерін шегергенде, келісімшартта көрсетілген баға негізінде танылады. Жеңілдіктер сомасын бағалау үшін Топ күтілетін құн әдісін пайдаланады.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанға жеңілдік беру бойынша контрагенттерге міндеттеме сомасы жоқ.

Топ жүк тасымалдарынан түскен түсім құрамында операция жасау қызметтерінен түскен түсімді көрсетеді және есепті күнге қызмет көрсету процесінің аяқталуына қарай операция жасау қызметтерінен түскен түсімді таниды, себебі қызмет көрсету жөніндегі міндеттеме уақыт ішінде орындалады, ал сатып алушы бір мезгілде Топтың көрсетілген міндеттерді орындауына байланысты пайданы оның орындалуына қарай алады және тұтынады. Сатып алушыға қызметтің орындалу дәрежесін бағалау әдісі ретінде Топ есепті күнге көрсетілген қызметтер көлемінің тасымалдау жөніндегі қызметтердің жалпы көлеміне пайыздық арақатынасын пайдаланады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Жылжымалы құраммен операция жасау қызметтері, әдетте, сатып алушылармен шарт бойынша міндеттемелер құрамында алынған аванстар ретінде көрсетілетін алдын ала төлем шарттарында ұсынылады.

Топ тасымалдау процесіне байланысты қосымша алымдар мен жүк тасымалынан түскен басқа да кірістер уақыт ішінде танылады деген тұжырым жасады.

Жолаушылар тасымалынан түскен түсімді есепке алу

Жолаушылар тасымалынан түскен түсім сатып алушының есепті күнге сапарының аяқталу дәрежесі бойынша уақыт ішінде танылады. Билеттерді сатудан түскен сомалар сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер ретінде ескерілетін болашақ кезеңдер кірістерінің құрамында көрсетіледі, олар жолаушы жөнелтілген кезден бастап кірістерге жатады. Әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомасы алу сәтіндегі аванстар құрамында көрсетіледі. Жолаушыларды тасымалдауға және билеттерді жазып беруге арналған өтінімдерді алу шамасына қарай күтілетін есептік кіріске шамамен тең аванс сомалары болашақ кезеңдердің кірістеріне көшіріледі. Болашақ кезеңдердің кірістері жолаушы жөнелтілген сәттен бастап кірістерге ұқсас жатқызылады.

Жолаушылар тасымалы қызметтері әдетте бірнеше сағат/күн ішінде аяқталады. Осының алдындағы тәжірибені талдау есепті күнгі ауыспалы түсім елеулі емес екенін көрсетті.

Өзге де кірістер

Өзге кірістерге алынған айыппұлдар, тауарларды, материалдар мен металл сынықтарын сатудан, сондай-ақ жүктерді ауыстырып тиеу және кемелерге қызмет көрсету бойынша өзге де қызметтерді ұсыну кіреді.

Қызмет көрсетуден түскен өзге де кірістер қызмет көрсету шамасына қарай уақыт ішінде танылады. Егер Топ кезең ішінде орындау міндетін орындамаса, демек, орындау міндеті белгілі бір уақыт кезеңінде орындалады (тауарларды, материалдарды және металл сынықтарын және басқалар сатудан түскен кірістер).

Клиентке уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді беру мен клиенттің төлеуі арасындағы кезең бір жылдан асатын елеулі келісімшарттарды есепке алу кезінде Топ мәміленің бағасын ақшаның уақытша құнына түзетеді.

Кері жалдаумен сату операциялары

Топ кері жалдаумен сату операцияларында активті беруді, егер беру ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» талаптарына сай келсе ғана сату ретінде ескереді.

ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес, егер жалға алушы-сатушы сатуды мойындайтын болса, жалға алынатын активті пайдалану құқығы жалға алушы-сатушы сақтайтын пайдалану құқығымен байланысты активтің алдыңғы баланстық құнының бөлігі ретінде бағаланады. Сатушы-жалға алушы сатып алушы-жалға берушіге берілген құқықтарға жататын пайданың немесе шығынның сомасын ғана таниды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Егер жалға алушы-сатушының активті табыстауы активті сату ретінде есепке алу үшін ХҚЕС (IFRS) 15 талаптарын қанағаттандырмаса, жалға алушы-сатушы табысталған активті тануды жалғастырады және ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» қолданып, өткізуден түскен түсімдер мөлшеріндегі қаржылық міндеттемені мойындайды.

4. ЕЛЕУЛІ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК КӨЗДЕРІ

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау шоғырландырылған қаржылық есептілігінде есептік күндегі активтер мен міндеттемелердің алынған сомаларына, әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттың ашылуына, есептік кезең бойындағы табыс пен шығынның есептілікке алынған сомаларына әсерін тигізетін пайымдауларды және субъективті бағалаулар мен жорамалдарды Топ Басшылығымен қолдануын көздейді. Осы бағалар тарихи білімге немесе маңызды факторларға негізделгеніне қарамастан, нақты нәтижелер осы субъективті бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Есеп саясатын қолданған кезде пайдаланылған елеулі пайымдаулар

Топтың есеп саясатын қолданған кездегі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға елеулі әсер еткен елеулі пайымдаулардан басқа, бағалауда белгісіздік орын алған елеулі пайымдаулар төменде көрсетілген.

Бақылауды анықтау

Топ бақылайтын ұйымдар еншілес ұйымдар болып табылады. Топ еншілес ұйымды инвестиция нысанына қатысуынан өзгермелі кіріске байланысты шығынға ұшырағанда немесе ондай кірісті алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестициялар нысанына қатынасты ықпал өзінің билігін жүзеге асырумен кіріске иелік ету мүмкіндігі болса ғана бақылайды. Еншілес ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері шоғырландырылған қаржылық есептіліктің құрамына Топ еншілес ұйымға бақылау алған күннен бастап, бақылау тоқтаған күнге дейін енгізіледі. Еншілес ұйымдардың есеп саясаты олардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру керек болған жағдайда өзгертілетін. Еншілес ұйымдардағы бақыланбайтын үлеске тиесілі шығындар толық көлемде бақыланбайтын үлестер шотына дебеттік сальдоның («дефицит») пайда болуына әкеліп соқтырса да жатқызылады (29-ескерту).

Акционермен сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Акционер Компанияға өз меншігіндегі «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ акцияларының 100%-ын басқаруға берді, компанияға қызметті басқару және осы акциялар пакетіне билік ету бойынша кең өкілеттіктер берді. Компания «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ны еншілес ұйым ретінде таныды, өйткені шарт оған осы кәсіпорынның маңызды қызметін жеке дара басқаруға және дивидендтер алуға практикалық мүмкіндік береді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Пайыздық мөлшерлемесі нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен қарыздар

Топ ұқсас қарыздар үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлемемен Акционерден/соңғы Акционерден қарыздар алады. Бұл қарыздар бастапқыда қарыз қаражатын тартумен байланысты шығыстар есебімен алынған ақша қаражатының әділ құны болып табылатын құн бойынша есепке алынады. Топ осы қарыздардың әділ құнын (амортизацияланған құнын) ҚР теміржол саласындағы монополист ретіндегі Топтың мәртебесін және 100%-дық мемлекеттік меншікті ескере отырып, мерзімдері ұқсас ұзақ мерзімді мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мөлшерлемелерді пайдалана отырып есептейді және капитал құрамындағы қарыздың әділ құнына дейін (тиісті кейінге қалдырылған салықты шегергенде) түзетуді таниды. Ұқсас мерзімдер болмаған жағдайда, Топ көбірек сәйкес келетін нарықтық мөлшерлемені Топ алған қарыз мерзіміне экстраполяциялайды. Бастапқы танудан кейін қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

Топ қарыздарды алу кезінде нарыққа барлық қатысушылар үшін мемлекет белгілеген белгілі бір өлшемдерге сәйкес келетін пайыздық мөлшерлемесі нарықтықтан төмен мемлекеттік қарыздардан пайданы Топ мемлекеттік субсидия ретінде есепке алады. Өзге жағдайларда Топ осы қарыздарды соңғы Акционермен операциялар ретінде қарайды және нарықтық бағадан төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздар бойынша әділ құнға дейінгі түзетулерді капитал құрамында есепке алады.

Сатуға арналған деп жіктелген активтер

ҚР Үкіметі «2021-2025 жж.-ға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарын» (бұдан әрі – «Жоспар») 2020 ж. бекітті. Жоспарға сәйкес Топ басшылығы өткізуге жататын Топтың еншілес ұйымдарының, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарының тізбесін бекітеді. ХҚЕС (IFRS) 5 «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» активті сату бойынша басшылықтың жоғары ықтималдылықпен шешімді қабылдауды талап етеді. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ басшылығы белгілі бір активтер мен міндеттемелерді ХҚЕС (IFRS) 5 критерийлеріне сәйкес келетін кәсіпорындарға қатысты, сатуға арналған есептен шығарылатын топтар деп жіктеген (13-ескерту).

Ақша қаражатын өндіретін бірлікті анықтау

Топ барлық сегменттерді ақшы қаражатын өндіретін біртұтас бірлік (бұдан әрі – «АҚӨБ») деп қарастырады, себебі ағымдағы Топтың операциялық моделінде әр сегменттің ақша ағындары жеткілікті дәрежеде тәуелсіз болып табылмайды. Теміржол инфрақұрылымы біртұтас болып табылады және жүк және жолаушылар көлігі қызметіне бөлінбейді, сондықтан да жүк және жолаушылар бағыты бойынша алынған ақша ағындарының инфрақұрылымын жүк және жолаушылар бағытына объективті түрде бөлуге болмайды. Жүктерді тасымалдау тарифтерінің реттеу ерекшеліктерін, сондай-ақ жолаушылар тасымалын кросс-субсидиялау қажеттілігін ескере отырып, теміржол инфрақұрылымы тәуелсіз ақша ағындарын өндіре алмайды, тиісінше Топ бір АҚӨБ ретінде қарастырылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

ҚР Үкіметі Компанияның соңғы Акционері ретінде Топтың белгілі бір кәсіпорындарын жекешелендіру жоспарын бекітті, оны іске асыру нәтижесінде Топтың бизнес-бірліктері арасында өзара әрекеттесудің жаңа схемалары әзірленеді. Топтың қайта құрылу үдерісінің аяқталмағанына байланысты бұл ықтимал оқиғалар ағымдағы жылы АҚӨБ анықтаған кезде назарға алынған жоқ. АҚӨБ анықтаудағы кейінгі өзгерістер Топ активтерінің баланстық құнына ықпал етуі мүмкін.

Негізгі құралдардың құнсыздануының индикаторларын талдау

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің болуын бағалау кезінде Топ сыртқы және ішкі ақпарат көздерін қарастырады. Топ басшылығы қандай да бір оқиғалар немесе мән-жайлардағы өзгерістер активтердің баланстық құны өтелмеуі мүмкін екенін көрсететінін анықтау үшін сыртқы және ішкі ақпарат көздерін қарады.

Активтердің құнсыздану индикаторларының болуын айқындау: теміржол индустриясының күтілетін өсіндегі өзгеріс, болжамды ақша ағындары, болашақта қаржыландыру қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық ескіру, қызметтер көрсетуді тоқтату, орын ауыстыруға арналған ағымдағы шығындар және шарттардың басқа да өзгерістері сияқты факторлардың көп санына негізделеді.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ негізгі құралдардың құнсыздануының жоғарыда көрсетілген сыртқы және ішкі индикаторларының болуын бағалады, атап айтқанда пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі, жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда нақты көрсеткіштердің орындалуын талдау, сондай-ақ транзиттік бағыттағы жүк айналымы бойынша көлемдерді және транзиттік бағыттағы тариф Швейцария франкімен белгіленгендіктен, теңгенің Швейцария франкіне бағамының өзгеруіне талдау жүргізді.

Сыртқы және ішкі факторлардың әрқайсысы құнсызданудың индикаторы болып табылуын не табылмауын бағалау басшылықтың елеулі пайымдауын талап етеді. Басшылықтың негізгі пайымдауы геосаяси жағдай және дәстүрлі көлік-логистикалық тізбектер үзілген жағдайда елдің транзиттік әлеуетін дамыту трансконтиненталдық сауданы жандандырудың негізгі факторы болып табылатындығына негізделеді. 2022 ж. ішінде транзиттік қатынастағы жүк тасымалының іс жүзіндегі көлемі мен түсім жоспарланған көрсеткіштерден асып түсті, ал 2022 ж. желтоқсанда ҚР-да теміржол саласын одан әрі дамытуды көздейтін Тұжырымдама бекітілді.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания басшылығы 2022 ж. болған, біртұтас АҚӨБ құнсыздану индикаторы ретінде қарастырылуы мүмкін қандай да бір оқиғаларды анықтаған жоқ.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен қаржылық келісімдер шарттарын есепке алу

«Жолаушылар тасымалы» АҚ және «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС еншілес ұйымдары тұлғасындағы Топ жолаушылар вагондары паркін жаңарту үшін соңғы Акционердің жалпы бақылауындағы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен сатып алу-сату және қаржылық лизинг туралы бірқатар үш жақты шарттарын жасасты. Осы шарттарға сәйкес, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ 100% алдын ала төлем негізінде оларды меншікке сатып алу және кейіннен «Жолаушылар тасымалы» АҚ қаржылық жалға беру үшін «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС жолаушылар вагондарын шығаруды қаржыландырады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ басшылығы «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасындағы өзара қарым-қатынас бөлігінде транзакция Топтың деңгейінде активті сату ретінде есепке алу үшін ХҚЕС (IFRS) 15 «*Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім*» талаптарына жауап бермейді, себебі вагондарды бақылау «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ға ауыспайды, Топта қалады.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ вагондар өндірісін қаржыландырады, бірақ кейіннен пайдалану тәсілін анықтау және активтен қалған барлық пайданы алу қабілетіне шектеу қойылған. Тиісінше, Топ ХҚЕС (IFRS) 9 «*Қаржы құралдары*» сәйкес қаржылық міндеттеме (несие) ретінде «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ алдындағы міндеттемені, ал жолаушылар вагондары мен аяқталмаған өндірісті ХҚЕС (IFRS) 16.103 «*Жалдау*» сәйкес меншік құқығындағы негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс объектілері ретінде таниды (3-ескерту).

Қаржыландыру жеңілдікті мөлшерлемелер бойынша бөлінгендіктен және мұндай шарттар тек қана ҚР Үкіметінің жекелеген Қаулысы негізінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар вагондары паркін жаңартуды қаржыландыру үшін көзделгендіктен, Топ осы транзакцияларды соңғы Акционермен операциялар ретінде қарайды және басқа да салымдар ретінде бөлінбеген пайда құрамында капитал арқылы нарықтағыдан төмен мөлшерлеме бойынша алынған несиелер бойынша әділ құнға дейін түзетулерді көрсетеді (14 және 15-ескертулер).

Бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері

Төменде есепті кезеңнің соңына болашаққа қатысты негізгі пайымдау және бағалаудағы белгісіздіктің басқа негізгі көздері көрсетілген. Бұлардың келесі есепті жылы актив мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі әсер етуінің ықтималдылығы жоғары.

Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және гудвилдің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының бар болуына тексеру жүргізеді.

Егер мұндай индикаторлар бар болса, активтердің өтелетін құны бағаланады және активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Активтердің баланстық құны өтелетін құнынан артық болған жағдайда құнсыздану танылады. Өтелетін құн екі мәннің: өткізу шығынын шегергендегі активтердің әділ құны мен пайдалану құнының ең үлкені ретінде белгіленеді. Пайдалану құнын бағалау кезінде ақша қаражатының есептік келешек ағындары, Топ басшылығының пікірінше, ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активтерге тән тәуекелдерді көрсететін капиталдың орташа өлшенген құны негізінде есептелген салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін (WACC мөлшерлемесі) қолданып олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Өтелетін бағалау құнындағы өзгеріс қосымша құнсыздануға немесе оның болашақ кезеңдерде қалпына келуіне әкелуі мүмкін.

Басшылық гудвилдің өтімділігін 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жыл сайын немесе біртұтас АҚӨБ құнсыздану индикаторлары пайда болған кезде әр кез бағалайды.

Ақша ағындарын бағалау көптеген, соның ішінде ең жақсы қолжетімді дәлелдерді қолдана отырып, операциялық және қаржылық субъективті факторларды қамтиды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ ақша ағындарын болжау кезеңін 10 жыл деңгейінде қолданды, себебі Топ 10 жылдық кезеңге арналған жалпы даму стратегиясын жасайды және осы стратегия шеңберінде болжамдар жасайды, мұндай тәуелділік өткен кезеңдерде байқалғандықтан, ҚР және көршілес өңірлердің ЖІӨ өсу қарқынына негізделген жүк айналымы көлемінің өсуін болжамға қояды. 10 жылдық көкжиекте ЖІӨ өсу қарқыны бойынша болжамдардың болуын ескере отырып, Топ басшылығы 10 жылдық кезең ішінде ақша ағындарын сенімді түрде болжай алады деп есептейді. Болжамды кезеңде пайдаланылған магистральдық теміржол желісіне қол жеткізу үшін тарифтердің деңгейі ТМРК 2021-2025 жылдарға бекіткен тарифтерге негізделген, келесі кезеңдерде тарифтер инфляцияның болжамды деңгейін ескере отырып түзетілді. Транзит бойынша кірістілік мөлшерлемесі швейцария франкінің теңгеге болжамды бағамы негізінде түзетілді. Болжамнан кейінгі кезеңдегі ұзақ мерзімді өсу қарқыны 4% құрады.

Тест кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар жоспарланған сұраныс көлемі мен транзиттік қатынастағы жүк тасымалы өсуінің тарихи динамикасы негізінде тасымалдаудың неғұрлым ықтимал көлемін, оның ішінде транзит көлемін көрсетеді.

Қаржылық жорамалдарға тарифтердің болжамды деңгейі мен өсуіне, ұсынылатын жеңілдіктерге, сондай-ақ транзиттік қатынаста тасымалдаудан түсетін түсім көрсетілетін швейцария франкіне қатысты теңгенің болжамды бағамына байланысты елеулі бағалаулар кіреді. Топтың пайдалану құндылығын есептеуде қолданылған дисконттау мөлшерлемесі (WACC) 12.61% құрады.

Топ басшылығы 2022 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша гудвилдің өтелетін құны оның баланстық құнынан асып түседі деген қорытындыға келді.

Топ сезімталдыққа талдау жүргізді және негізгі жорамалдардың жеке-жеке негізді ықтимал өзгерістері және қалған параметрлер өзгеріссіз болғанда негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және гудвилдің әділ құны баланстық құнына тең болады деген қорытындыға келді:

- *Жүк тасымалдарының көлемі* – есептік көрсеткішпен салыстырғанда көлемдердің 12.53% - ға төмендеуі;
- *Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)* – дисконттау мөлшерлемесін 12.61%-дан 14.58%-ке дейін ұлғаюы.

Алайда, жоғарыда аталған негізгі жорамалдардың әрқайсысының өзгерістері бұдан елеулі болса немесе бірнеше факторлар бір мезгілде теріс әсер еткен жағдайда Топтың ұзақ мерзімді активтерінің баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болуы мүмкін, бұл болашақта құнсыздануды тану қажеттілігіне әкелуі мүмкін.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

ҚҚС өтеу

Әрбір есепті күндегі жағдай бойынша Топ халықаралық тасымалдар бойынша қызметтер көрсетуден туындаған ҚҚС өтелмейтін сомасына қатысты резервті бағалайды. Топ сатып алушыларға ҚҚС қоя алмайды және сәйкесінше бұл соманы салық органдарынан алғаннан кейін ғана іске асыра алады. Топ өзінің салық департаментінен алынған ҚҚС бойынша күтілетін қайтару туралы ақпаратты, мемлекеттік салық органдарымен хат алмасуды, сондай-ақ оны өтеуге қатысты тарихи деректерді қарайды. ҚҚС өтеудің нақты сомасы Топтың бағалау сомасынан өзгешеленуі мүмкін, бұл болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 37,809 млн. теңге сомасына қайтарылатын ҚҚС қысқа мерзімді актив құрамында жіктелген. Топ аталған соманы салық органдары 2023 ж. қайтарады немесе ҚҚС бойынша міндеттемелердің болашақ сомаларына есепке жатқызылады деп күтеді.

Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы

Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде тура сызықтық әдіс негізінде есептеледі. Пайдалы қызметтің болжамды мерзімдеріне, тарату құнына байланысты бағалар, сондай-ақ тозуды есептеу әдістері әрбір есепті күнге қайта қаралады және қажет болған жағдайда түзетіледі. Кез келген түзетулер есептік бағалаудағы өзгеріс ретінде перспективалы түрде ескеріледі. Пайдалы қызмет мерзімдеріне және активтердің тарату құнына қатысты бағалар күтіліп отырған пайдалануға, жөндеу және қолдау жөніндегі бағдарламаларға, қызмет көлеміне, технологияларды жетілдіруге және қызметтің өзге де жағдайларына байланысты болады. Осы бағалардың өзгеруі нәтижесінде тозу сомасы өткен жылдары көрсетілген сомалардан айтарлықтай өзгешеленуі мүмкін.

Топ қолданатын пайдалы қызметтің бағалау мерзімдері төменде берілген (жылдарда):

Ғимараттар мен құрылыстар	10-140
Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	5-100
Машиналар мен жабдықтар	3-35
Көлік құралдары	4-40
Басқасы	2-50
Материалдық емес активтер	1-10

Салық салу

Әр түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым анық жазылмайды. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлердің алшақтық жағдайлары болуы мүмкін. Бұл ретте, салық органдары қосымша салықтарды қосымша есептеген жағдайда, айыппұл мен өсімпұлдың қолда бар мөлшері елеулі мөлшерде белгіленген; айыппұл мөлшері қосымша есептелген салық сомасының 80% - ын құрайды және өсімпұл мөлшері қосымша есептелген немесе төленбеген салық сомасының жылдық 20.94% құрайды. Нәтижесінде, айыппұлдар мен өсімпұлдар қосымша есептелген салық сомасынан асып кетуі мүмкін.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Жоғарыда көрсетілген белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер ондайлар қосымша есептелген болса, 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығыстарға жатқызылған сомадан асып кетуі мүмкін. Бағалау мен нақты төленген сомалар арасындағы айырмашылықтар, егер мұндайлар туындайтын болса, келешектегі кезеңдерде операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы

Топ 1-сатыдағы активтер үшін 12 айлық күтілетін кредиттік шығынға немесе 2 не 3-сатыдағы активтер үшін барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығынға тең сомада қаржы құралдары бойынша шығындар үшін бағалау резервін құрады. Актив бастапқы тану сәтінен бастап оның кредиттік тәуекелі айтарлықтай артқан кезде 2-сатыға өтеді. ХҚЕС (IFRS) 9-да кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауының анықтамасы жоқ. Активтің кредиттік тәуекелі айтарлықтай артқанын бағалау кезінде Топ сапалық және сандық негізделген және расталатын болжамды ақпаратты ескереді.

Топ сондай-ақ қаржылық кепілдіктер шарттары бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдегі өзгерістерге байланысты 12 ай ішінде не барлық мерзімде таниды. Күтілетін кредиттік шығындардың сомасы тиісті қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің өзгерістерін көрсету үшін әрбір есепті күнге жаңартылады.

Кредиттік тәуекелді ішкі басқару мақсаттары үшін Топ келесілерді дефолт ретінде қарайды, себебі өткен тәжірибе мынадай критерийлердің біріне сәйкес келетін қаржы активі әдетте өтелмейтін болып табылатынын көрсетеді:

- мерзімін кешіктіру: контрагенттің міндеттемелері бойынша 90 күннен астам мерзімін кешіктіру (Топтың төлемді ұзақ мерзімге кешіктіруді көздейтін дефолт критерийін пайдалану неғұрлым орынды екенін көрсететін негізделген және расталған ақпарат болған жағдайларды есепке алмағанда);
- контрагенттің сыртқы кредиттік рейтингін дефолттық D деңгейіне дейін төмендету;
- контрагенттің қаржылық қиыншылықтары нәтижесінде міндеттемелерді орындау қабілетінің болмауы (қаржы активі бойынша пайыздарды есептеуді тоқтата тұру/пайыздық мөлшерлемені төмендету, негізгі борышты шығынға жазу, қаржы активін өтеу мерзімін ұлғайту, несие құнын төмендетуге/шығынға жазуға/берешекті кешіруге әкелетін қайта құрылымдау және т.б.); немесе
- ішкі деңгейде қалыптастырылған немесе сыртқы көздерден алынған ақпарат, қарыз алушы Компанияны қоса алғанда (Топ ұстап отырған кепілді есепке алмағанда) кредиторлардың пайдасына төлемдерді толық көлемде жүзеге асырмайтынын көрсетеді.

5. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Топтың операциялық сегменттері көрсетілетін қызметтер негізінде анықталады. Топ екі есепті сегментті бөліп көрсетеді: жүк тасымалы және жолаушылар тасымалы бойынша қызметтер. Барлық өзге сегменттер, соның ішінде негізінен коммуналдық қызметтер, жүктерді тиеу мен босату және кемелерге қызмет көрсету қызметтерінен тұратын, бірлесіп сандық шектерден аспайтын сегменттер жеке ашып көрсетілмейді және «Басқаларға» біріктірілген.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ басшылығы Топтың операциялық сегменттерінің келесідей көптеген пайда көрсеткіштерін бақылайды: салық салуға дейінгі пайда, жалғасатын қызметтен жыл іші пайда және жалпы пайда. Бұл ретте жалғасатын қызметтен жыл іші пайда ресурстарды бөлу және сегменттер қызметін бағалау үшін басшылық пайдаланатын негізгі көрсеткіш болып табылады.

Топта сегментішілік сатулар бойынша белгіленген баға қалыптастыру саясаты жоқ.

	2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші					
	Жүк тасымалы	Жолаушылар тасымалы	Есептік сегменттер	Басқалары	Шоғырландыру	Жиыны
Негізгі операциялық көрсеткіштер						
Түсім және өзге кірістер						
Сыртқы сатып алушылардан тасымалдаудан түсетін түсім	1,283,513	88,421	1,371,934	-	-	1,371,934
Сегменттер арасындағы операциялардан тасымалдаудан түскен түсім	1,756	60,263	62,019	-	(62,019)	-
Мемлекеттік субсидиялар	-	38,205	38,205	-	-	38,205
Сыртқы сатып алушылардан өзге кірістер	50,792	4,519	55,311	16,015	-	71,326
Сегменттер арасындағы операциялар бойынша өзге кірістер	28,160	3,218	31,378	7,638	(39,016)	-
Түсім және өзге кірістер жиыны	1,364,221	194,626	1,558,847	23,653	(101,035)	1,481,465
Өткізудің өзіндік құны	(1,119,582)	(167,634)	(1,287,216)	(16,729)	99,712	(1,204,233)
Жалпы пайда	244,639	26,992	271,631	6,924	(1,323)	277,232
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(80,619)	(7,808)	(88,427)	(5,654)	1,018	(93,063)
Қаржылық кіріс	61,339	4,173	65,512	1,166	(5,579)	61,099
Қаржылық шығындар	(140,242)	(10,871)	(151,113)	(478)	6,731	(144,860)
Бағам айырмасынан (шығын)/пайда	(33,934)	(565)	(34,499)	113	243	(34,143)
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	8,547	-	8,547	-	-	8,547
Қаржылық активтердің және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша активтердің құнсыздануы	(5,511)	(32)	(5,543)	(153)	(6)	(5,702)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануын қалпына келтіру/(құнсыздануы)	824	(1,405)	(581)	(36)	-	(617)
Басқа пайда мен шығындар	228	75	303	(342)	(30)	(69)
Салық салынғанға дейінгі пайда	55,271	10,559	65,830	1,540	1,054	68,424
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(29,195)	(2,020)	(31,215)	(400)	74	(31,541)
Жыл іші пайда	26,076	8,539	34,615	1,140	1,128	36,883
Сегменттер туралы басқа да негізгі ақпарат						
Негізгі құралдар бойынша күрделі шығындар	333,076	28,612	361,688	508	1,889	364,085
Негізгі құралдардың тозуы	130,408	14,657	145,065	1,614	(117)	146,562

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

	2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші					
	Жүк тасымалы	Жолаушы-лар тасымалы	Есептік сегменттер	Басқалары	Шоғырлан-дыру	Жиыны
Негізгі операциялық көрсеткіштер						
Түсім және басқа кірістер						
Сыртқы сатып алушылардан тасымалдаудан түсетін түсім	1,184,271	57,256	1,241,527	-	-	1,241,527
Сегменттер арасындағы операциялардан тасымалдаудан түскен түсім	1,129	58,371	59,500	-	(59,500)	-
Мемлекеттік субсидиялар	-	39,235	39,235	-	-	39,235
Сыртқы сатып алушылардан өзге кірістер	33,334	3,022	36,356	11,419	-	47,775
Сегменттер арасындағы операциялар бойынша өзге кірістер	27,519	629	28,148	6,292	(34,440)	-
Түсім және өзге кірістер жиыны	1,246,253	158,513	1,404,766	17,711	(93,940)	1,328,537
Өткізудің өзіндік құны	(932,063)	(127,798)	(1,059,861)	(13,121)	92,084	(980,898)
Жалпы пайда	314,190	30,715	344,905	4,590	(1,856)	347,639
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(78,238)	(10,737)	(88,975)	(3,171)	1,369	(90,777)
Қаржылық кіріс	18,026	1,803	19,829	977	(2,959)	17,847
Қаржылық шығындар	(120,040)	(4,783)	(124,823)	(3,178)	1,733	(126,268)
Бағам айырмасынан (шығын)/пайда	(11,776)	577	(11,199)	(24)	76	(11,147)
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	10,826	-	10,826	-	-	10,826
Қаржылық активтердің және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша активтердің құнсыздануын қалпына келтіру/(құнсыздану)	512	(30)	482	(783)	170	(131)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануы	(1,587)	(345)	(1,932)	(2)	-	(1,934)
Басқа да пайда мен шығындар	8,323	256	8,579	109	-	8,688
Салық салынғанға дейінгі пайда /(шығын)	140,236	17,456	157,692	(1,482)	(1,467)	154,743
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(32,660)	(4,284)	(36,944)	(11)	2,823	(34,132)
Жыл іші пайда/(шығын)	107,576	13,172	120,748	(1,493)	1,356	120,611
Сегменттер туралы басқа да негізгі ақпарат						
Негізгі құралдар бойынша күрделі шығындар	344,865	183	345,048	238	11,854	357,140
Негізгі құралдардың тозуы	130,643	8,643	139,286	1,694	(5)	140,975

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топтың географиялық ақпараты

Топ әр түрлі географиялық өңірлерде сатып алушылардан кірістер алады. Төмендегі кестеде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде сатып алушылардың орналасқан жеріне негізделген кірістер туралы ақпарат көрсетілген:

Сатып алушылардың орналасқан жері	2022 ж.	2021 ж.
Қазақстан	1,440,584	1,291,832
Ресей	23,595	23,576
Басқасы	17,286	13,129
	1,481,465	1,328,537

Негізінен Топтың барлық ұзақ мерзімді активтері ҚР-сында орналасқан.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

	Теміржол жолдарының инфрақұры- лымы	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар
2021 ж. 1 қаңтарына баланстық құн	1,157,450	321,322	281,881
Сатып алулар	55	701	6,430
Жалдау бойынша түсімдер	-	122	-
Есептен шығару	(4,296)	(506)	(2,425)
Тозу бойынша шығыстар	(37,139)	(7,957)	(36,940)
Есептен шығару бойынша тозу (Құнсыздану)/құнсыздануды қалпына келтіру	4,076	317	2,323
Басқа да қозғалыстар, аударулар ¹	(618)	(13)	(131)
	86,303	(8,551)	15,764
2021 ж. 31 желтоқсанға баланстық құн	1,205,831	305,435	266,902
Бастапқы құны	1,511,717	371,214	525,167
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(305,886)	(65,779)	(258,265)
2021 ж. 31 желтоқсанға баланстық құн	1,205,831	305,435	266,902
Соның ішінде:			
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер:			
Бастапқы құны	-	1,925	37,728
Жинақталған тозу мен құнсыздану	-	(506)	(18,900)
Баланстық құны	-	1,419	18,828
Операциялық жалдау мәні болып табылатын негізгі құралдар (Топ жалға беруші ретінде)	-	184	5

¹ Басқа да қозғалыстар, аударулар сондай-ақ тауар-материалдық қорларға немесе одан аударуларды қамтиды.

Көлік құралдары	Жер	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
926,519	3,969	14,177	131,099	2,836,417
31,575	-	89	274,437	313,287
42,552	-	-	-	42,674
(4,733)	(8)	(419)	-	(12,387)
(56,858)	-	(2,081)	-	(140,975)
4,546	-	389	-	11,651
(268)	-	4	(834)	(1,860)
128,371	(1)	278	(232,682)	(10,518)
1,071,704	3,960	12,437	172,020	3,038,289
1,619,960	3,960	29,474	183,870	4,245,362
(548,256)	-	(17,037)	(11,850)	(1,207,073)
1,071,704	3,960	12,437	172,020	3,038,289
59,990	-	7,614	-	107,257
(6,991)	-	(1,857)	-	(28,254)
52,999	-	5,757	-	79,003
24,225	-	-	-	24,414

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

	Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар
2022 ж. 1 қаңтарына			
баланстық құн	1,205,831	305,435	266,902
Сатып алу	324	663	5,922
Жалдау бойынша түсімдер	-	363	-
Есептен шығару	(178)	(629)	(2,661)
Тозу бойынша шығыстар	(39,410)	(7,455)	(35,434)
Есептен шығару бойынша тозу	166	408	2,525
Құнсыздану	(92)	(40)	(112)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударулар (13-ескерту)	-	(4,347)	(791)
Басқа да қозғалыстар, аударулар ²	124,838	944	9,269
2022 ж. 31 желтоқсанға			
баланстық құн	1,291,479	295,342	245,620
Бастапқы құны	1,628,325	364,564	535,430
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(336,846)	(69,222)	(289,810)
2022 ж. 31 желтоқсанға			
баланстық құн	1,291,479	295,342	245,620
Соның ішінде:			
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер:			
Бастапқы құны	-	2,115	37,728
Жинақталған тозу мен құнсыздану	-	(598)	(28,762)
Баланстық құны	-	1,517	8,966
Операциялық жалдау мәні болып табылатын негізгі құралдар (Топ жалға беруші ретінде)	-	234	3

² Басқа да қозғалыстар, аударулар сондай-ақ тауар-материалдық қорларға немесе одан аударуларды қамтиды.

Көлік құралдары	Жер	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
1,071,704	3,960	12,437	172,020	3,038,289
1,241	7	2,532	339,433	350,122
13,910	-	686	-	14,959
(4,550)	(10)	(536)	(2,883)	(11,447)
(61,173)	-	(3,090)	-	(146,562)
4,265	-	527	-	7,891
(269)	-	(840)	(73)	(1,426)
(3)	-	(556)	(3)	(5,700)
242,726	2	(223)	(382,177)	(4,621)
1,267,851	3,959	10,937	126,317	3,241,505
1,868,356	3,959	30,943	138,141	4,569,718
(600,505)	-	(20,006)	(11,824)	(1,328,213)
1,267,851	3,959	10,937	126,317	3,241,505
73,901	-	9,219	-	122,963
(11,836)	-	(4,536)	-	(45,732)
62,065	-	4,683	-	77,231
23,005	-	-	-	23,242

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)**

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс, негізінен, «Жезқазған - Бейнеу», «19 жол айырығы - Достық» теміржол желілерін салу жобасы бойынша, Құрық портында сал кешенін салу бойынша шығындардан және теміржол жолдарының инфрақұрылымын қайта құрудың басқа да объектілері бойынша шығындардан тұрады.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың баланстық құны 11,172 млн. теңге және 19,577 млн. теңге болатын негізгі құралдары тиісінше белгілі бір қарыздар бойынша кепілдік қамтамасыз ету ретінде әрекет етті.

2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Топ 16,811 млн. теңге сомасына жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу бойынша шығыстарды есептеді (2021 ж. 31 желтоқсанда: 14,410 млн. теңге).

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде алынған несиелер бойынша капиталдандырылған шығыстардың сомасы тиісінше 5,673 млн. теңгені және 4,794 млн. теңгені құрады. Топ бойынша капиталдандырудың орташа мөлшерлемесі 3.88%-ден 8.82%-ге дейін (2021 ж.: 2.08% - дан 10.78% - ға дейін) өзгереді.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың пайдалануындағы толығымен амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы құны тиісінше 359,365 млн. теңгені және 337,592 млн. теңгені құрайды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

7. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қауымдастырылған кәсіпорынның атауы	Негізгі қызметі	Негізгі қызмет жүзеге асырылатын ел/ тіркелген елі	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
			Баланстық құны	Иелену үлесі	Баланстық құны	Иелену үлесі
«Еуразиялық теміржол бірлестігі - Бірлескен транспорттық-логистикалық компаниясы» АҚ («ЕТБ БТЛК» АҚ)	Ішкі және халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдау бойынша көлік-экспедиторлық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	Ресей Федерациясы	16,959	33.33%	12,312	33.33%
			8,502	25%	11,239	25%
«Транстелеком» АҚ	Телекоммуникациялық қызметтер	ҚР				
Халықаралық Қытай-қазақстандық логистикалық компаниясы, Ляньюнган қ.	Халықаралық мультимодальды тасымалдаулар	ҚХР	3,173	49%	3,242	49%
Басқалары			-	40-47%	-	40-47%
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар жиыны			28,634		26,793	
Бірлескен кәсіпорындар						
«KIF Warehouses (КИФ Везрхаусис)» ЖШС	Қойма операциялары және қосалқы көлік операциялары	ҚР	165	50%	895	50%
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар жиыны			165		895	

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардағы қозғалыстар төмендегідей берілген:

	2022 ж.	2021 ж.
Қауымдастырылған ұйымдар		
1 қаңтарға	26,793	21,218
Шетел валюталарын қайта есептеу	2,058	1,144
Пайдадағы үлес	8,509	10,893
Алынатын дивидендтер	(8,726)	(6,462)
31 желтоқсанға	28,634	26,793
Бірлескен ұйымдар		
1 қаңтарға	895	-
Сатып алу	-	962
Пайдадағы/(шығындағы) үлес	38	(67)
Жарғылық капиталға салымдар	58	-
Құнсыздану	(826)	-
31 желтоқсанға	165	895

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күнге аяқталатын жылдар іші елеулі жиынтық ақпарат:

	2022 ж.		
	Халықаралық Қытай- қазақстандық логистикалық компания Ляньюнган қ.	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	«Транстелеком» АҚ
Қысқа мерзімді активтер	6,176	1,084	61,012
Ұзақ мерзімді активтер	23,946	36,896	162,120
Активтер жиыны	30,122	37,980	223,132
Қысқа мерзімді міндеттемелер	1,170	11,046	114,510
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	295	35,321	83,508
Міндеттемелер жиыны	1,465	46,367	198,018
Таза активтер/ (міндеттемелер) жиыны	28,657	(8,387)	25,114
Иелену үлесі	49%	40%	25%
Топқа тиесілі таза активтер/(міндеттемелер)	14,042	(3,355)	6,279
Жинақталған құнсыздану	(10,869)	-	-
Құнсыздану есебімен Топқа тиесілі таза активтер/(міндеттемелер)	3,173	(3,355)	6,279
Жинақталған танылмаған шығын	-	(3,355)	-
Инвестициялардың баланстық құнын кәсіпорынның таза активтерінің өзгеруіне түзету (басқа акционерден жеңілдікпен алынған қарызды әділ құнына дейін түзету)	-	-	2,223
Инвестицияның баланстық құны	3,173	-	8,502
Кірістер	5,545	4,298	83,904
Пайда/(шығын) және жыл іші жиынтық кіріс/(шығын) жиыны	407	11,034	(10,950)
Пайдадағы/(шығындағы) Топтың танылған үлесі	200	-	(2,737)

қауымдастырылған кәсіпорындарға қатысты жалпы қаржылық

	2021 ж.			
	Халықаралық Қытай- қазақстандық логистикалық компания Ляньюнган қ.	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	«Транстелеком» АҚ	«Еуразиялық теміржол бірлестігі - Бірлескен транспорттық- логистикалық компаниясы» АҚ
«Еуразиялық теміржол бірлестігі - Бірлескен транспорттық- логистикалық компаниясы» АҚ	56,344	873	42,524	47,302
	66,242	38,399	156,379	48,348
122,586	30,212	39,272	198,903	95,650
	30,930	15,625	52,501	25,338
	40,778	43,068	110,340	33,375
71,708	1,415	58,693	162,841	58,713
50,878	28,797	(19,421)	36,062	36,937
33.33%	49%	40%	25%	33.33%
16,959	14,111	(7,768)	9,016	12,312
-	(10,869)	-	-	-
16,959	3,242	(7,768)	9,016	12,312
-	-	(7,768)	-	-
-	-	-	2,223	-
16,959	3,242	-	11,239	12,312
385,409	3,705	3,642	83,947	375,449
33,140	183	(831)	5,176	28,528
11,046	90	-	1,294	9,509

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

8. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Негізгі құралдар үшін төленген аванстар	101,631	104,054
Өтелетін ҚҚС	81,883	43,797
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	8,496	8,629
Басқалары	907	1,027
Шегеру: өтелмейтін ҚҚС бойынша резерв	(11,823)	(10,380)
Шегеру: негізгі құралдар үшін жеткізушілерге аванстар бойынша резерв	(1,056)	(4,362)
Басқа да қаржылық емес активтер жиыны	180,038	142,765
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	14,010	13,737
Берілген қарыздар	6,865	6,146
Қызметкерлерге несиелер	1,623	2,178
Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің және өзге де кредиттік институттардың облигациялары және өзге де борыштық бағалы қағаздар	1,399	1,262
Ұзақ мерзімді сауда дебиторлық берешек (11-ескерту)	39	47
Туынды қаржы құралы (31-ескерту)	27	-
Басқалары	571	1,663
Шегеру: берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(3,113)	(2,349)
Шегеру: басқа да ұзақ мерзімді қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындарға резерв	(492)	(877)
Басқа да қаржылық активтер жиыны	20,929	21,807
	200,967	164,572

Қолданылуы шектелген ақша қаражаты, негізінен, HSBC Continental Europe-таң бұрын - «HSBC Франция») алынған қарыздар бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған еуроодағы сомаларды білдіреді. Ақша қаражатын пайдалануға қойылған шектеу осы қарыздарды өтегеннен кейін алынады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар үшін төленген аванстар мыналарды қамтыды:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Электровоздарды жеткізу	72,753	68,036
Рельстерді сатып алу	9,959	21,356
Тепловоздарды жеткізу	9,075	4,996
Жолға бұру тетігі өнімдерін жеткізу	5,240	-
Құрық портында паром кешенін салу	649	2,244
Жүк вагондарын жеткізу	-	3,000
Басқалары	3,955	4,422
	101,631	104,054

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

9. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді банктік салымдар, теңгеде	68,187	128,371
Қысқа мерзімді банктік салымдар, Ресей рублінде	-	597
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, теңгеде	186,774	30,653
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, АҚШ долларында	7,642	13,098
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, Ресей рублінде	3,309	2,482
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, басқа валюталарда	599	1,158
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, еуроода	474	1,667
Кассадағы қолма-қол ақша	4	5
Шегеру: ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындарға резерв	(33)	(31)
	266,956	178,000
Сату үшін деп жіктелген активтерге енгізілген ақша қаражаты (13-ескерту)	76	-
	267,032	178,000

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты бойынша орташа өлшемді пайыздық мөлшерлеме теңгемен 0.22% және басқа валюталарда 1.64% құрады (2021 ж. 31 желтоқсан: теңгемен 1.75% және басқа валюталарда 1.92%).

Теңгедегі және валютадағы қысқа мерзімді банктік депозиттер Топтың ақша қаражатына қажеттілігіне байланысты үш айға және одан аз мерзімге әртүрлі мерзімге орналастырылады. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді банктік салымдар бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме 16.18%- ды құрады (2021 ж. 31 желтоқсан: тиісінше 9.18% және 8%).

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ оның байланысты тарабы болып табылатын «Қазпошта» АҚ ағымдағы шоттарында орналастырған ақша қаражаты 162,854 млн. теңгені құрады (2021 ж. 31 желтоқсан: нөл теңге) (31-ескерту). Топ ақша қаражаты мен оның баламаларының көп бөлігін банктерде және «А+»-дан «В»-ға дейінгі рейтингісі бар басқа да қаржы институттарында орналастырады. Осының негізінде Топ 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен олардың баламаларының кредиттік тәуекелі төмен деп санайды.

Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар негізінде есептелген, бұл олардың өтеу мерзіміне сәйкес келеді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

10. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Жолдың үстіңгі құрылысы материалдары	14,647	11,050
Шикізат пен материалдар	12,481	10,995
Қосалқы бөлшектер	8,311	7,129
Отын және жанар-жағармай материалдары	6,034	9,401
Құрылыс материалдары	1,478	1,278
Басқалары	3,562	3,580
	46,513	43,433
Шегеру: тауар-материалдық қорлар бойынша резерв	(1,484)	(1,032)
	45,029	42,401

11. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Сауда дебиторлық берешек	22,405	28,541
Шегеру: күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(7,593)	(5,246)
	14,812	23,295
Сауда дебиторлық берешектің ағымдағы бөлігі	14,773	23,248
Сауда дебиторлық берешектің ұзақ мерзімді бөлігі (8-ескерту)	39	47
	14,812	23,295

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алушылармен жасалған шарттар салдарынан туындаған сауда дебиторлық берешек 21,149 млн. теңгені (2021 ж. 31 желтоқсан: 26,031 млн. теңге) құрады, осындай сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындар 6,873 млн. теңгені (2021 ж. 31 желтоқсан: 3,060 млн. теңге) құрады.

12. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем	43,120	41,874
Берілген аванстар	24,821	6,777
Болашақ кезеңдер шығыстары	1,795	1,223
Басқалары	5,451	4,702
Шегеру: берілген аванстардың және басқа да ағымдағы қаржылық емес активтердің құнсыздануына резерв	(5,938)	(6,034)
Басқа да қаржылық емес активтер жиыны	69,249	48,542
Талап-тілектер, өсімпұлдар және айыппұлдар	4,136	1,721
Қызметкерлердің берешегі	1,751	1,664
Басқалары	8,120	2,973
Шегеру: басқа да ағымдағы қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(4,200)	(2,116)
Басқа да қаржылық активтер жиыны	9,807	4,242
	79,056	52,784

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

13. ЕСЕПТЕН ШЫҒАРЫЛАТЫН ТОПТЫҢ САТУҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

«Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС

2022 ж. ішінде Топ еншілес ұйымы «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты» ЖШС-ті оның құрамынан жаңа заңды тұлға – «Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС-ті бөліп, оған «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты» ЖШС мүлкінің бөлігін және жұмыскерлер штатын табыстау арқылы қайта ұйымдастырды. 2022 ж. 13 желтоқсанда Топ, еншілес ұйымы «Қазтеміртранс» АҚ тұлғасында үшінші тараппен «Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС жарғылық капиталының 100% қатысу үлесін сату-сатып алу шартын жасасты. Топ 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС активтері мен міндеттемелерін сатуға арналған есептен шығатын топ құрамында, сатуға шығыстарды шегергендегі баланстық және әділ құндардың неғұрлым азы бойынша жіктеді. Бұл еншілес ұйым Топ қызметінің маңызды бағытын білдірмейтіндіктен, Топ еншілес ұйым қызметінің қаржылық нәтижесін тоқтатылған қызмет құрамында жіктеген жоқ. Топ басшылығы мәміле есепті күннен кейін 12 ай ішінде аяқталады деп күтеді (32-ескерту).

«Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС активтері мен міндеттемелері төмендегідей ұсынылған (топішілік алып тастау есебімен):

	2022 ж. 31 желтоқсан
Активтер	
Негізгі құралдар (6-ескерту)	5,700
Ақша қаражаты мен оның баламалары	76
Басқа да ағымдағы активтер	40,049
Сатуға арналған активтер жиыны	45,825
Міндеттемелер	
Сауда кредиторлық берешек	17
Басқа да салықтар	4
Басқа да міндеттемелер	10
Сатуға арналған активтерге тікелей қатысты міндеттемелер жиыны	31
Сатуға арналған таза активтер	45,794

14. КАПИТАЛ

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал келесі түрде көрсетілген:

	Шығаруға рұқсат етілген шығарылған акциялардың саны	Шығарылған және төленген акциялардың саны	Жарғылық капитал, млн. теңге
2021 ж. 1 қаңтарға	502,040,458	496,654,806	1,082,299
Орналасытырылған акциялар	-	37,859	3,786
2021 ж. 31 желтоқсанға	502,040,458	496,692,665	1,086,085
Орналасытырылған акциялар	-	1	239
2022 ж. 31 желтоқсанға	502,040,458	496,692,666	1,086,324

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Компанияның жарғылық капиталы ақша қаражатына, негізгі құралдар нысандарына немесе акциялар үлесіне айырбастап, акциялар шығарылымдарының сериялары арқылы қалыптастырылған. Акционер дивидендтер алуға құқылы, Компанияны таратқан жағдайда Компания мүлігінің бөлігіне құқылы және Компанияның акцияларына айырбасталған Компанияның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алу артықшылығына құқылы.

Салымдар

Акцияларды шығару

2022 ж. ішінде Топ 1 акция шығарды, оның төлеміне Акционерден жалпы нарықтық құны 239 млн. теңге доңғалақ жұптарының 607 бірлігі алынды.

2021 ж. ішінде Топ 37,859 акция шығарды, оларды Акционер 3,786 млн. теңге сомаға материалдық емес активтермен төледі.

Басқа да салымдар

2022 ж. ішінде Топ нарықтық мөлшерлемеден төмен алынған қарыздар бойынша 23,676 млн. теңге сомасындағы (2021 ж.: 1 571 млн. теңге) кейінге қалдырылған салықтың әсерін шегергендегі 118,380 млн теңге (2021: 7,857 млн. теңге) сомаға әділ құнына дейін түзетуді таныды (15 және 18-ескертүлер).

Хеджирлеу резерві

2015 ж. 7 тамызда Топ Швейцария франкінде көрсетілген қызметтер көрсетуден түскен түсімнің теңгемен баламасының өзгеру тәуекелін азайту үшін ақша ағындарын хеджирлеуді жүзеге асырды. Швейцария қор биржасында 2014 ж. 20 маусымда шығарылған және 20 маусымда 2022 ж. өтеуге жататын негізгі борыш мөлшеріндегі еурооблигациялар жеке сәйкестендірілетін және сенімді бағаланатын хеджирлеу құралы болып табылған. Осы хеджирлеуге қатысты хеджирлеу объектісі швейцариялық франкпен транзиттік тасымалдардан түсетін ықтималдығы жоғары түсім, атап айтқанда 2022 ж. 1 қаңтардан бастап 20 маусымға дейінгі кезеңде алынған алғашқы сату болып табылады.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша ағындарын хеджирлеу объектісі болып табылатын халықаралық (транзиттік) қатынаста жүк тасымалынан түсім алуға байланысты хеджирлеу есебі тоқтатылды, тиісінше осы хеджирлеу құралына жататын 54,442 млн. теңге мөлшеріндегі жиынтық кейінге қалдырылған шығын өзге жиынтық шығыннан жүк тасымалынан түскен түсімге қайта жіктелді (22-ескертү).

2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 2,445 млн. теңге мөлшеріндегі тиімді бөлік хеджирлеу құралы бойынша таза шығын түрінде өзге жиынтық кірістегі хеджирлеу резервіне жатқызылды (2021 ж.: 823 млн. теңге таза пайда түрінде).

Еншілес ұйымдардың есептен шығуы

2021 ж. қаңтарда «Востокмашзавод» АҚ еншілес компанияны бақылауды жоғалту нәтижесінде Топ 849 млн. теңге сомаға бақыламайтын қатысу үлесінің есептен шығуын таныды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

15. ҚАРЫЗДАР

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын есептелген пайыздарды қоса алғанда, қарыздар:

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	Сомасы	Орташа өлшемді тиімді пайыз мөлшерлемесі (%)	Сомасы	Орташа өлшемді тиімді пайыз мөлшерлемесі (%)
Пайыздық мөлшерлемесі тұрақты қарыздар				
Алынған қарыздар	300,748		240,890	
- теңгеде	231,551	11.34	164,644	7.51
- еуроде	69,197	6.57	76,246	6.57
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,052,191		1,158,930	
- теңгеде	563,621	10.20	468,570	10.81
- АҚШ долларында	363,221	2.00	396,207	6.95
- Швейцария франкінде	125,349	3.25	207,321	3.42
- басқа валютада	-	-	86,832	8.75
Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қарыздар				
Алынған қарыздар	152,426		124,017	
- теңгеде	152,426	15.01	13,066	12.39
- Ресей рублінде	-	-	110,951	11.00
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	181,966		53,375	
- теңгеде	181,966	16.64	53,375	9.92
	1,687,331		1,577,212	
Қарыздардың ағымдағы бөлігі	256,506		215,809	
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	1,430,825		1,361,403	
	1,687,331		1,577,212	

Борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, дисконтты негізде берілген келесі қарыздардың өтелу мерзімі төмендегідей:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
1 жыл ішінде	103,431	23,743
1 жылдан 2 жылға дейін	64,263	8,269
2 жылдан 3 жылға дейін	35,363	148,969
3 жылдан 4 жылға дейін	34,863	9,627
4 жылдан 5 жылға дейін	28,920	11,390
5 жылдан астам	186,334	162,909
	453,174	364,907

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Алынған қарыздар

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

2022 ж. ішінде Топ, Компания мен еншілес ұйым «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тұлғасында, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен 2015 ж. 26 ақпанда жасалған Кредиттік желі ұсыну туралы келісім шеңберінде 14.5% - 16% аралығындағы сыйақы мөлшерлемесімен және 6 айға дейін өтеу мерзімімен 118,000 млн. теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Топ алынған қарыздарды 113,500 млн. теңге жалпы сомаға толық/жартылай мерзімінен бұрын өтеу жүргізді.

2022 ж. ішінде Топ, еншілес ұйымы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тұлғасында, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен 2022 ж. 22 қазанда жасалған Кредиттік желі ұсыну туралы келісім шеңберінде 82,310 млн. теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Қарыз бойынша пайыздар «ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% маржа» пайыздық мөлшерлемесі бойынша тоқсан сайынғы төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2032 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтеуге жатады.

2022 ж. ішінде Топ, еншілес ұйымы «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС тұлғасында, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен 2022 ж. 20 қазанда жасалған Кредиттік желі ұсыну туралы келісім шеңберінде 58,266 млн. теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Қарыз бойынша пайыздар «ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% маржа» пайыздық мөлшерлемесі бойынша тоқсан сайынғы төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2029 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтеуге жатады.

«HSBC Continental Europe»

2022 ж. ішінде еншілес ұйым «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тұлғасында Топ «COFACE» экспорттық-кредиттік агенттік кепілдігімен «HSBC Bank Plc» және «HSBC Қазақстан» ЕБ» АҚ бірлесіп HSBC Continental Europe» банкімен 2012 ж. 31 мамырда жасалған, 880,877,000 еуро жалпы сомаға жүк және жолаушылар электровоздарын сатып алуды қаржыландыру туралы Бас негіздемелік келісім және оған қосымша келісімдер шеңберінде 13,329,103 еуро (6,547 млн. теңге) (COFACE сыйлықақысын қоса алғанда) жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Қарыз бойынша пайыздар әрбір траншты игеру күніне белгіленетін EUR CIRR + маржа 0.4% пайыздық мөлшерлемесі бойынша жартыжылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2031 ж. толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс.

«Forte Bank» АҚ

2022 ж. ішінде Компания тұлғасындағы Топ «Forte Bank» АҚ-мен 2022 ж. 13 маусымда жасалған кредиттік желіні ұсыну туралы келісім шеңберінде 15.5% - 18.25% аралығындағы сыйақы мөлшерлемесімен және 3 - 6 ай аралығындағы өтеу мерзімімен 130,000 млн. теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ алынған қарыздарды 80,000 млн. теңге жалпы сомаға толық/жартылай мерзімінен бұрын өтеу жүргізді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

«Қазақстан Ситибанк» АҚ

2022 ж. ішінде Топ, еншілес ұйымы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тұлғасында, «Қазақстан Ситибанк» АҚ-мен 2009 ж. 30 қарашада жасалған Қысқа мерзімді кредиттер туралы бас келісім шеңберінде 17% пайыздық мөлшерлемен 12,650 млн. теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Негізгі борыш 2023 ж. мамырда біржолғы төлеммен өтелуге жатады.

Citibank Europe Plc

2022 ж. шілдеде Компания тұлғасындағы Топ Citibank Europe Plc-мен 2022 ж. 16 маусымда жасалған Кредиттік желі ұсыну туралы келісім шеңберінде 4.61% басталатын сыйақы мөлшерлемесімен және 3 айға дейін өтеу мерзімімен 29,999,995 АҚШ доллары (13,945 млн. теңге) жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. Топ алынған қаражатты мерзімінен бұрын өтеді.

Акционер

Компания тұлғасындағы Топ Акционермен 2022 ж. 25 мамырда жасалған кредит шарты шеңберінде 14.5% сыйақы мөлшерлемен және 2 айға дейінгі өтеу мерзімімен 30,000 млн. теңге жалпы сомаға қарыз қаражатын игерді. 2022 ж. шілдеде Топ алынған қарызды өтеді (30-ескерту).

Ұзақ мерзімді қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу

2022 ж. наурыздар Топ басшылығы «Банк ВТБ» ЖАҚ және «Сбербанк» АҚ ЕБ қарыздары бойынша тиісінше 19,400,000,000 ресей рублі (93,681 млн. теңге) және 5,064 млн. теңге мөлшерінде негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдады. 2022 ж. наурызда Топ аталған қарыздар бойынша негізгі борыш пен есептелген сыйақыны мерзімінен бұрын өтеді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар мынаны қамтыды:

	Өтеу күні	Биржалар	2022 ж.	2021 ж.
Бағасы бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздар				
АҚШ долларындағы 2%-дық еурооблигациялар (100%) ³	2025 ж. 28 қазан	KASE	363,221	-
Теңгедегі 11.5%-дық облигациялар (100%)	2034 ж. 3 қазан	KASE	308,433	308,433
TONIA Compounded 6M + 3% маржа (19%) Облигациялар (100%)	теңгемен 22 шілде	KASE	128,216	-
Теңгедегі 7.37%-дық облигациялар (100%)	2042 ж. 30 желтоқсан	KASE	94,097	-
Швейцария франкіндегі 3.25%-дық еурооблигациялар (100%)	2023 ж. 5 желтоқсан	SIX Swiss Exchange	84,925	79,713
Теңгедегі 9.25%-дық облигациялар (100%)	2024 ж. 15 қараша	KASE	76,831	76,831
Теңгедегі инфляция мөлшерлемесі +2.52% (11.02%) облигациялар (100%)	2026 ж. 25 сәуір	KASE	53,750	53,376
Теңгедегі 11.5%-дық облигациялар (100%)	2034 ж. 12 қыркүйек	KASE	41,380	41,380
Швейцария франкіндегі 3.25%-дық еурооблигациялар (104.238%)	2023 ж. 5 желтоқсан	SIX Swiss Exchange	40,424	38,400
Теңгедегі 11%-дық облигациялар (100%)	2027 ж. 23 шілде	KASE	26,184	26,184
Теңгедегі 2%-дық облигациялар (100%)	2034 ж. 20 тамыз	KASE	16,696	15,741
АҚШ долларындағы 6.95%-дық еурооблигациялар (105.521%)	2042 ж. 10 шілде	LSE/KASE	-	396,207
Швейцария франкіндегі 3.638%-дық еурооблигациялар (100%)	2022 ж. 20 маусым	SIX Swiss Exchange	-	89,208
Ресей рубліндегі 8.75%-дық еурооблигациялар (100%)	2022 ж. 7 маусым	MOEX	-	86,832
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар жиыны			1,234,157	1,212,305
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ағымдағы бөлігі			153,075	192,066
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың ұзақ мерзімді бөлігі			1,081,082	1,020,239
			1,234,157	1,212,305

Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру

2022 ж. 22 шілдеде Топ, Компания тұлғасында, айналым капиталын толықтыру мақсатында TONIA Compounded 6M + 3% маржа купондық мөлшерлемен және 2024 ж. 22 шілде өтеу мерзімімен 118,945 млн. теңге көлемінде Қазақстан қор биржасында облигацияларды шығарды. Купонды төлеу – жылына екі рет.

³ Жақша ішіндегі пайыз номиналдан облигацияларды/еурооблигацияларды орналастыру құнын білдіреді (сыйақымен / дисконтпен немесе номиналы бойынша)

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

2022 ж. ішінде Топ, Компания тұлғасында, 2012 ж. шығарылған, жалпы номиналды көлемі 1,100,000,000 АҚШ доллары (2020 ж. жартылай мерзімінен бұрын өтеуден кейін қалдығы 882,978,000 АҚШ доллары) еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мақсатымен жеңілдікті купондық мөлшерлемесі жылдық 2% және 2025 ж. 28 қазан өтеу күнімен 882,978,000 АҚШ доллары (410,903 млн. теңге) көлемінде Қазақстан қор биржасында Акционер пайдасына еурооблигацияларды шығарды (30-ескерту). Купонды төлеу – жылына екі рет. Облигациялар нарықтық мөлшерлемен төмен купондық мөлшерлемен шығарылды және әділ құны 6.6% нарықтық мөлшерлеме негізінде есептелді. Топ 21,324,515 АҚШ доллары (9,924 млн. теңге) сомаға кейінге қалдырылған салық әсерін шегергенде 106,622,574 АҚШ доллары (49,618 млн. теңге) сомасындағы әділ құнына дейін облигациялардың түзетуін басқа салымдар ретінде бөлінбеген пайда құрамында капитал арқылы таныды (14-ескерту).

2022 ж. желтоқсанда Топ, Компания тұлғасында, «Достық-Ақтоғай-Мойынты-Жарық-Жезқазған-Сексеуіл-Қандыағаш-Ақтөбе-Илецк» теміржол көлік дәлізін жаңғырту (Достық-Мойынты теміржол учаскесінің екінші жолдарын салу)» жобасын іске асыру мақсатында жылдық 7.37% купондық мөлшерлемен және 2042 ж. 30 желтоқсан өтеу күнімен Қазақстан қор биржасында Акционер пайдасына 162,859 млн. теңге көлемінде облигациялар шығарды (30-ескерту). Купонды төлеу – жылына екі рет. Облигациялар нарықтық мөлшерлемен төмен купондық мөлшерлемен шығарылды және әділ құны 13.99% нарықтық мөлшерлеме негізінде есептелді. Топ 13,752 млн. теңге сомаға кейінге қалдырылған салық әсерін шегергенде 68,762 млн. теңге сомасындағы әділ құнына дейін облигациялардың түзетуін басқа салымдар ретінде бөлінбеген пайда құрамында капитал арқылы таныды (14-ескерту).

Борыштық бағалы қағаздарды өтеу

2022 ж. қазан-қараша айларында Топ, Компания тұлғасында, жалпы номиналды көлемі 1,100,000,000 АҚШ доллары (2020 ж. жартылай мерзімінен бұрын өтеуден кейін қалдығы 882,978,000 АҚШ доллары) 2012 ж. шығарылған еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеді. Төлемдердің жалпы сомасы 901,899,483 АҚШ долларын (419,998 млн. теңге) құрады, соның ішінде 18,921,483 АҚШ доллары (8,839 млн. теңге) мөлшерінде есептелген сыйақы. Еурооблигацияларды өтеу нәтижесінде Топ 440 млн. теңге мөлшеріндегі мәміле бойынша шығындардың жете амортизацияланбаған бөлігін және 16,890 млн. теңге мөлшеріндегі сыйлықақыларды тиісінше қаржылық шығындар мен қаржылық кірістер құрамында таныды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)***Пайыздық мөлшерлемені мемлекеттік субсидиялау*

2020 ж. мамырда Топ, Компания тұлғасында, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетімен жылдық 11.5% купондық мөлшерлеменен 2019 ж. шығарылған және өз кезегінде инфрақұрылымды жаңғыртуға, локомотивтер және жүк вагондары паркін жаңартуға тартылған және пайдаланылған 780,000,000 АҚШ доллары көлеміндегі 2017 ж. шығарылған еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеу үшін пайдаланылған 307,194 млн. теңге сомаға облигациялар бойынша купондық мөлшерлеме бөлігін субсидиялауға шарт жасасты. Шартта субсидиялау сомасы «Магистральдық теміржол желісін және теміржол көлігінің жылжымалы құрамын дамыту мақсатында шығарылған тасымалдаушының облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» республикалық бюджеттік бағдарламасы (бұдан әрі – «Бағдарлама») бойынша көзделуге тиіс деген талап көзделген. Бағдарлама Теміржол көлігі туралы заңға сәйкес «тасымалдаушы» мәртебесі бар барлық көлік компаниялары үшін қолжетімді болғандықтан, Топ басшылығы аталған Бағдарлама бойынша қаржыландыруды қаржылық кірістер құрамында мемлекеттік субсидия ретінде қарастырады.

2022 ж. ішінде Топ 29,183 млн. теңге мөлшеріндегі Бағдарламамен көзделген мемлекеттік субсидиялардан кірістерді қаржылық кірістер құрамында таныды (26-ескертү).

Қарыздардың әділ құны 31-ескертуде ұсынылған.

Кредиттік келісімдер және оларды бұзу

Шығарылған борыштық бағалы қағаздармен байланысты талаптар бизнесті өзгертумен және мүлікті иеліктен алумен; басқа да заңды тұлғалармен қосылу және қауымдасумен байланысты талаптардан тұрады, алайда осы талаптармен шектелмейді. Борыштық бағалы қағаздар шығару шарттарында белгіленген дефолт оқиғасы болған жағдайда инвесторлар шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша берешекті өтеуді талап етуге құқылы.

Топ қарыздар ретінде есепке алатын «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен қаржылық лизинг шарттары шеңберінде Топ кейбір қаржылық емес талаптарды сақтауға міндетті, олар 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орындалған.

Еуропа жаңғыру және даму банкісінен алынған қарыздардың талаптары Adjusted (түзетілген) EBITDA түзетілген борыш және пайыздарды өтеу коэффициенті (Adjusted (түзетілген) EBITDA негізделген) сияқты белгілі бір қаржылық коэффициенттерді (ковенанттарды) сақтауды көздейді. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талаптар орындалған.

Қаржылық және қаржылық емес талаптарға қатысты «HSBC Continental Europe»-пен уағдаластықтар шеңберінде Топ келесі талапты сақтауы қажет: Компанияда ВВ-дан төмен емес деңгейде үш корпоративтік рейтингтің (S&P, Fitch, Moody's) кез келген екеуінің болуы. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талап орындалды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары мен міндеттемелерінің өзгеруін

	2022 ж.	
	Қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Жалдау бойынша міндеттемелер (16-ескерту)
1 қаңтарға	1,577,212	59,798
Қаржылық қызметтен ақша ағындарына байланысты өзгерістер		
Қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу	(956,465)	-
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	1,137,878	-
Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер	-	(17,334)
Қаржылық қызметтен ақша ағындарына байланысты өзгерістер жиыны	181,413	(17,334)
Басқа да өзгерістер		
Шетел валютасы айырбас бағамдары өзгеруінің әсері	30,789	383
Ақша ағындарын хеджирлеу	2,445	-
Банк жеткізушіге тікелей аударған қарыз қаражат есебінен негізгі құралдарды сатып алу	5,706	-
Жаңа жалдау шарттары	-	7,301
Нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша Акционерден/соңғы Акционерден алынған қарыздардың әділ құнына дейін түзету (14-ескерту)	(118,380)	-
Капиталдандырылатындарды қоса алғанда, пайыздар бойынша шығындар және дисконт амортизациясы	139,366	8,321
Төленген пайыздар	(113,137)	(6,438)
Басқа да өзгерістер	(18,083)	1,051
Міндеттемелерге байланысты басқа да өзгерістер жиыны	(71,294)	10,618
31 желтоқсанға	1,687,331	53,082

салыстыру

	2021 ж.		
	Қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Жалдау бойынша міндеттемелер (16-ескерту)	Жиыны
Жиыны	1,637,010	50,186	1,620,365
	(956,465)	(156,007)	(156,007)
	1,137,878	125,839	125,839
	(17,334)	-	(12,274)
	164,079	(30,168)	(12,274)
			(42,442)
	31,172	10,528	(103)
	2,445	(823)	-
	5,706	27,705	-
	7,301	-	21,411
		21,411	21,411
	(118,380)	(7,857)	-
			(7,857)
	147,687	123,093	7,414
	(119,575)	(113,757)	(7,056)
	(17,032)	(1,688)	220
	(60,676)	37,201	21,886
			59,087
	1,740,413	1,577,212	59,798
			1,637,010

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

16. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жалдау бойынша міндеттемелері келесідей:

	2022 ж.		2021 ж.	
	Жалдау төлемдері	Жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	Жалдау төлемдері	Жалдау төлемдерінің ағымдағы құны
Бір жыл ішінде	14,966	14,221	27,269	25,355
Екі жылдан бес жылды қоса алғанға дейін	39,458	23,717	36,592	22,857
Бес жылдан астам	62,242	15,144	55,996	11,586
Жиыны	116,666	53,082	119,857	59,798
Болашақ қаржылық шығындарды шегергенде	(63,584)	-	(60,059)	-
Жалдау міндеттемелерінің ағымдағы құны	53,082	53,082	59,798	59,798
12 ай ішінде өтелуі тиіс міндеттемелер сомасын шегергенде		(14,221)		(25,355)
12 айдан кейін төленуге тиісті сома		38,861		34,443

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттары

Платформа вагондар

2020 ж. қарашада Топ «KTZ Express» АҚ еншілес ұйымы тұлғасында жалпы құны 51,692 млн. теңге және пайыздық мөлшерлемесі жылдық 15%, оның ішінде жылдық 10% мемлекет субсидиялайтын, 2,000 бірлік мөлшерінде платформа вагондарды жалдау шартын жасасты. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 2 жылдық құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді.

2022 ж. ішінде осы шарт аясында Топ 457 бірлік мөлшерінде платформа вагондарды алды және 32 жыл мерзімге 10,546 млн. теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және 15 жыл мерзімге 4,777 млн. теңге мөлшерінде жалдау бойынша міндеттемені таныды.

Жолаушылар вагондары

2022 ж. желтоқсанда Топ, еншілес ұйымы «Жолаушылар тасымалы» АҚ тұлғасында, «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде жалпы құны 8,318 млн. теңге және жылдық 1.5% пайыздық мөлшерлеменен 11 бірлік мөлшерінде жолаушылар вагондарын жалдауға шарт жасасты. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 6 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

2022 ж. желтоқсанда осы шарт шеңберінде Топ 5 бірлік мөлшерінде жолаушылар вагондарын алды және 28 жыл мерзімге 3,364 млн. теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен 20 жыл мерзімге 2,151 млн. теңге мөлшерінде жалдау бойынша міндеттемені таныды.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздар сомасын есептеу 1.69% - 21.69% аралығындағы тиімді пайыздық мөлшерлемелерге негізделген (2021 ж. 31 желтоқсан: 2.5% - 21.69% аралығы).

«KTZ Express» АҚ мен «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйымдары тұлғасындағы Топтың «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттарына байланысты талаптар ерікті түрде таратуды жүзеге асыру жолымен құқықтық мәртебесін өзгерту; сомасы активтердің баланстық құнының 10-25%-ынан асатын мәмілені немесе бірнеше мәмілені жасасу; лизинг нысаналарын немесе олардың бір бөлігін қосалқы лизингке беру бойынша шектеулерге байланысты талаптарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Жалдау шарттарының талаптарында айқындалған дефолт оқиғалары басталған жағдайда лизинг беруші лизинг нысаналарын даусыз сұратуды талап етуге құқылы.

АҚШ долларымен көрсетілген басқа да жабдықтарды жалдау бойынша міндеттемелерді қоспағанда, барлық жалдау міндеттемелері негізінен, теңгемен көрсетілген.

17. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫАҚЫЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Еңбек қызметі аяқталуына байланысты төленетін сыйақылар жоспары мен қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар

ҚР заңнамасына сәйкес зейнетақылық аударымдар қызметкерлердің міндеттемесі болып табылады және Топтың көзделген міндеттемелерден басқа, қызметкерлердің алдында олар зейнеткерлікке шыққаннан кейін төлемдер бойынша не ағымдағы, не болашақ міндеттемелері жоқ.

2019 ж. ішінде Топ келесі 5 жыл ішінде қызметкерлер санын қысқарту жөніндегі жоспарларды орындау мақсатында зейнеткерлікке ерте шығу жөніндегі ережені (бұдан әрі – 1-ереже) бекітті. 1-ереже заңдарда белгіленген зейнеткерлік жасқа дейін кемінде 5 жыл қалған қызметкерлерге қолданылады.

2021 ж. ішінде Топ қызметкерлер санын қысқарту жөніндегі жоспарларды орындау мақсатында Компанияның және оның еншілес ұйымдарының босатылатын қызметкерлеріне өтемақы төлеу Ережелерін (бұдан әрі – «2-ереже») бекітті. 2-ереже лауазымдары оңтайландырудың әсеріне ұшырайтын және тараптардың келісімі бойынша еңбек шарттары бұзылған қызметкерлерге өтемақы төлеу тәртібін айқындайды.

Қызметкерлерге еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар және өзге де ұзақ мерзімді сыйақылар 1-ережеге, 2-ережеге және Компания мен оның еңбек ұжымы арасында жасалған 2021-2023 жж. арналған Ұжымдық шартқа сәйкес төленеді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Осы құжаттарға сәйкес Топ келесідей негізгі төлемдер мен жеңілдіктерді қорға айналдырылмаған жоспар шегінде жүзеге асырады:

Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар:

- зейнетке шығу кезіндегі бір жолғы жәрдем;
- 1-ережеге сәйкес саладағы жұмыс өтіліне байланысты еңбек шартын мерзімінен бұрын бұзу кезіндегі біржолғы төлем;
- қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін кемінде 70 мың теңге және айына 200 мың теңгеден аспайтын мөлшерде біржолғы тәртіппен қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткенге дейінгі барлық кезеңде немесе 1-ережеге сәйкес ай сайынғы негізде төленетін жәрдемақы;
- 2-ережеге сәйкес еңбек шарты бұзылған күннен бастап алты ай ішінде айына кемінде 70 мың теңге және 200 мың теңгеден аспайтын мөлшерде жәрдемақы;
- зейнеткерлерге мереке күндері материалдық көмек;
- зейнеткерлерге санаторлық-курорттық сауықтыруға жолдамалар ұсыну;
- зейнеткерлердің салттық қызметтеріне ақы төлеуге материалдық көмек;
- зейнеткерлерге мерейтойлық күндерге бір жолғы материалдық көмек;
- зейнеткерлерге тіс протездеу үшін шығыстарды өтеу;
- зейнеткерлерге теміржол көлігімен жол жүру ақысын төлеуге шығындарды өтеу.

Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер:

- қызметкерлерге санаторлық-курорттық емделуге материалдық көмек;
- қызметкерлерге тіс протездеу ақысының шығыстарын өтеу;
- мерейтойлық күндерге қызметкерлерді бір жолғы көтермелеу;
- қызметкерлерге теміржол көлігімен жол жүру ақысының шығындарын өтеу.

Бұл бағдарламалар қаржыландырылмайды. Топтың осы бағдарламаларға қатысты саясаты міндеттемелерді жабу үшін активтерді жинақтауды көздемейді, бағдарлама қызметкерлер тарапынан қосымша жарналарды талап етпейді.

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Қызметкерлерге сыйақылар жөніндегі міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	37,406	37,083
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	6,213	9,100
Жыл соңына міндеттемелердің жалпы сомасы	43,619	46,183

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші міндеттемелердің келтірілген құнының қозғалысы келесі түрде көрсетілген:

	2022 ж.	2021 ж.
Жыл басындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	46,183	43,456
Есепті кезең қызметтерінің құны	1,347	1,335
Өткен жылдар қызметтерінің құны	218	619
Пайыздық шығыстар	4,804	4,474
Қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда/(шығын)	2,774	(315)
Пайда мен шығындарда танылған шығыстардың жиыны	9,143	6,113
Өзге жиынтық кірісте танылған актуарлық қайта бағалау:	(4,214)	(345)
- қаржылық жорамалдардың өзгеруі	(25)	326
- тәжірибеге негізделген түзетулер	(4,219)	(353)
- демографиялық жорамалдардың өзгеруі	30	(318)
Жыл ішінде жасалған төлемдер	(7,493)	(3,041)
Жыл соңындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	43,619	46,183

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде пайда мен шығындарда танылған, еңбек қызметін аяқтау және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар жөніндегі міндеттемелер сомаларының жиыны былайша берілген:

	2022 ж.	2021 ж.
Өткізудің өзіндік құны (24-ескерту)	8,745	5,558
Жалпы және әкімшілік шығыстар (25-ескерту)	398	555
Жыл іші пайда мен шығындарда танылған жиыны	9,143	6,113

Топ міндеттемелерін есептеу Топтың қызметкерлерінің және зейнеткерлерінің саны, жасы, жынысы мен өтіл жылдары мен қызметкерлер санының өзгеруі бойынша нақты деректер, сонымен бірге өлім деңгейі бойынша жарияланып отыратын статистика деректерінің негізінде дайындалған, 1-ережені пайдалану мүмкіндігі берілетін барлық қызметкерлер оларды ең төменгі қажетті жасқа жеткен кезде, яғни заңнамамен белгіленген зейнеткерлік жасқа дейін кемінде 5 жыл бұрын пайдаланады деп күтілуде. Зейнетке шыққаннан кейін жұмыс істейтін және зейнеткерлікке шыққан бұрынғы қызметкерлер үшін орташа өмір сүру ұзақтығы ерлер үшін 14.3 жасты және әйелдер үшін 18.4 жасты құрайды.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті жасау күніндегі өзге негізгі жорамалдар төменде келтірілген:

	2022 ж.	2021 ж.
Дисконт мөлшерлемесі	10.6%	10.4%
Болашақта материалдық көмектің күтілетін жылдық өсуі	4.1%	4.2%
(орташа)	(орташа)	(орташа)
4.9%	5.3%	
Болашақта ең төмен еңбекақының күтілетін жылдық өсуі	(орташа)	(орташа)
5.5%	5.6%	
Болашақта теміржол билеттері құнының күтілетін жылдық өсуі	(орташа)	(орташа)

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Актuariй жүргізген сезімталдық талдауына сай қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің максималды жоғарлауы 7.8%-ды құрайды, бұл жағдай инфляция деңгейі 1%-ға жоғарласа орын алады.

Жоғарыда келтірілген сезімталдықты талдау еңбек қызметінің аяқталуы бойынша міндеттемелердің нақты өзгерістерін көрсетпеуі мүмкін, себебі жорамалдардың бір-бірінен бөлек өзгеруі екіталай (кейбір жорамалдар өзара байланысты).

Сонымен қатар, сезімталдықты талдау кезінде еңбек қызметінің аяқталуы бойынша міндеттемелердің келтірілген құны есепті күнге болжанатын шартты бірлік әдісі бойынша есептелді. Дәл осындай әдіс қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген еңбек қызметінің аяқталуы бойынша міндеттемелерді есептеу кезінде қолданылды.

Сезімталдықты талдау кезінде пайдаланылған әдістер мен жорамалдар алдыңғы жылдары пайдаланылғаннан ерекшеленбейді.

18. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші табыс салығы бойынша шығыстар мыналарды қамтыды

	2022 ж.	2021 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	4,249	6,678
Өткен жылдардың табыс салығын түзету	1,224	62
Төлем көзінен төленген табыс салығы	471	681
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар	13,105	28,947
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтерінің өзгеруі, оның ішінде ауыстырылған салық шығындары бойынша	12,492	(2,236)
	31,541	34,132

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші табыс салығы бойынша шығыстармен ресми белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынғанға дейінгі бухгалтерлік пайдадан есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды салыстыру көрсетілген:

	2022 ж.	2021 ж.
Салық салуға дейінгі пайда	68,424	154,743
Ресми салық мөлшерлемесі	20%	20%
Ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыс	13,685	30,949
Салық салу мақсаты үшін шегеруге жатпайтын шығыстардың салықтық әсері және басқа да әсерлер:		
Өткен жылдардағы табыс салығын түзету	1,224	62
Шегерілмейтін шығыстар	4,140	5,357
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтерінің өзгеруі, оның ішінде көшірілген салық шығындары бойынша	12,492	(2,236)
Пайда мен шығындарда көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар	31,541	34,132

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомалар арасындағы уақытша айырмаларға шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы тиісті есептердің күніне қолданылатын ресми белгіленген салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салық сомалары мыналарды қамтыды:

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан.
Кейінге қалдырылған салық активтері:		
Көшірілген салық шығындары	111,009	105,420
Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттеме	5,999	5,991
Дебиторлық берешектегі айырма	5,999	5,307
Қызметкерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	5,712	4,624
Несие бойынша дебиторлық берешек бойынша дисконт	1,449	1,650
Басқалары	5,865	8,536
	136,033	131,528
Шегеру: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерімен есепке жатқызылған кейінге қалдырылған салық активтері	(135,970)	(131,383)
Кейінге қалдырылған салық активтері	63	145
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері:		
Негізгі құралдар және басқа да ұзақ мерзімді активтер	(414,171)	(381,908)
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша		
Акциянерден/соңғы Акциянерден алынған қарыздарды әділ құнға дейін түзету	(79,277)	(57,766)
Басқалар	(13)	(9)
	(493,461)	(439,683)
Шегерулер: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерімен есепке жатқызылған кейінге қалдырылған салық активтері	135,970	131,383
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(357,491)	(308,300)
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелерінің жиыны	(357,428)	(308,155)
	2022 ж.	2021 ж.
Жыл басындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(308,155)	(279,873)
Пайда және шығында көрсетілген	(25,597)	(26,711)
Капиталда көрсетілген (14 Ескерту)	(23,676)	(1,571)
Жыл соңындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(357,428)	(308,155)

Топ ауыстырылған салық шығындарына жатқызылатын кейінге қалдырылған салық активтерін таныған жоқ. Басшылықтың пікірінше, болашақта осы кейінге қалдырылған салық активтеріне қарсы есепке алынатын салық салынатын пайданың жеткілікті болуы екіталай. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша танылмаған ауыстырылған салық шығындарының жалпы салық әсері 20,743 млн. теңгені құрады (2021 ж. 31 желтоқсан: 19,785 млн. теңге). Осы ауыстырылған салық шығындары салық салу мақсаттары үшін олар туындаған күннен бастап 10 жыл ішінде аяқталады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

19. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Көрсетілген қызметтер үшін кредиторлық берешек	65,252	56,208
Алынған тауар-материалдық қорлар үшін кредиторлық берешек	27,108	26,287
Негізгі құралдарды жеткізгені үшін кредиторлық берешек	21,100	29,336
Басқа да кредиторлық берешек	3,747	4,700
	117,207	116,531

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мына валюталарда берілген:

	2022 ж.	2021 ж.
Теңге	99,615	105,782
АҚШ доллары	11,494	4,634
Еуро	4,463	3,995
Басқа валюталарда	1,635	2,120
	117,207	116,531

Кредиторлық берешек бойынша айналымның орташа мерзімі 35 күнді құрайды (2021 ж.: 37 күн).

20. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша алынған аванстар	102,035	82,920
Болашақ кезеңдер кірістері	17,358	12,390
	119,393	95,310

Есептік кезеңде танылған және жыл басына алынған аванстар мен болашақ кезеңдер кірістерінің құрамына қосылған түсім 90,290 млн. теңгені құрады (2021 ж.: 67,411 млн. теңге).

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер есепті күннен кейінгі келесі 12 ай ішінде түсім ретінде танылатын болады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

21. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Пайдаланылмаған демалыстар және қызметкерлерге басқа да сыйақылар бойынша резервтер	28,712	23,265
Болашақ кезеңдердің кірістері (мемлекеттік субсидиялар)	27,803	24,453
Алынған аванстар	12,738	701
Міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік сақтандыруға аударымдар және міндетті медициналық сақтандыру бойынша аударымдар	11,325	9,696
Бағалау міндеттемелері	2,460	4,291
Басқалары	2,077	3,310
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер жиыны	85,115	65,716
Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	29,997	29,953
Еңбекақы бойынша берешек	10,006	7,563
Туынды қаржы құралы (31-ескерту)	564	-
Басқалары	6,854	7,876
Басқа да қаржылық міндеттемелер жиыны	47,421	45,392
	132,536	111,108
Басқа да міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	76,972	56,611
Басқа да міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	55,564	54,497
	132,536	111,108

28-ескертуде көрсетілгендей, Топ «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ мен «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС ұйымдары және «Транстелеком» АҚ қауымдастырылған кәсіпорны алған несиелер бойынша банктерге қаржылық кепілдік ұсынған және қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелерді таныды. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ бойынша 15,549 млн. теңге, «Ақтөбе рельс-Арқалық зауыты» ЖШС бойынша 14,067 млн. теңге және «Транстелеком» АҚ бойынша 381 млн. теңгені құрады (2021 ж. 31 желтоқсан: «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ бойынша 15,476 млн. теңге, «Ақтөбе рельс-Арқалық зауыты» ЖШС бойынша 13,953 млн. теңге және «Транстелеком» АҚ бойынша 524 млн. теңге).

Бағалау міндеттемелері 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оларды реттеу үшін экономикалық пайдаларды қамтитын ресурстардың есептен шығарылуы талап етілетін жоғары ықтималдығы бар келісімдер бойынша резервтерді қамтиды. Бағалау міндеттемелері бойынша шығыстар басқа да пайда мен шығындарда көрсетілген.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да қаржылық міндеттемелер негізінен теңгемен көрсетілген.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

22. ТҮСІМ

2022 және 2021 жж. аралығында жүк тасымалынан түсім келесілерден тұрады:

	2022 ж.	2021 ж.
Сатып алушыларымен жасалған шарттар бойынша түсім:		
Халықаралық (транзиттік) қатынаста	447,507	425,755
Республикаішілік бағыттар бойынша	361,723	342,125
Халықаралық (экспорттық) қатынаста	220,322	191,782
Халықаралық (импорттық) қатынаста	149,848	134,718
Тасымалдау процесімен байланысты қосымша алымдар	54,684	44,495
Жүк тасымалынан басқа да түсім	49,429	45,396
	1,283,513	1,184,271

2022 ж. ішінде ақша ағындарын хеджирлеу объектісі болып табылатын халықаралық (транзиттік) қатынастағы жүк тасымалынан түсім алынды, тиісінше, хеджирлеу құралына келетін 54,442 млн. теңге мөлшеріндегі жинақталған шығын өзге жиынтық шығыннан жүк тасымалдарынан түсімге қайта жіктелді (14-ескерту).

Жүк тасымалдарынан түскен түсім уақыт ішінде танылды.

2022 және 2021 жж. ішінде жолаушылар тасымалынан түсім келесілерден тұрды:

	2022 ж.	2021 ж.
Сатып алушыларымен жасалған шарттар бойынша түсім:		
Жолаушылар тасымалы бойынша	78,732	49,580
Жолаушылар тасымалынан басқа да түсім	9,689	7,676
	88,421	57,256

Жолаушылар тасымалынан түскен басқа да түсімнің бөлігіне қатысты 1,229 млн. теңге мөлшеріндегі жолаушылар тасымалынан түскен түсім белгілі бір уақыт кезеңінде (2021 ж.: 1,001 млн. теңге), 87,192 млн. теңге мөлшерінде – уақыт ішінде (2021 ж.: 56,255 млн. теңге) танылды.

23. БАСҚА ДА КІРІСТЕР

	2022 ж.	2021 ж.
Тауарларды сатудан және басқа да қызметтер көрсетуден түскен кірістер	40,527	33,679
Вагондарды жалға беруден түскен кіріс	17,492	4,742
Айыппұлдардан кіріс	8,656	5,754
Басқа да негізгі құралдарды жалға беруден түскен кірістер	4,651	3,600
	71,326	47,775

Тауарларды сатудан және басқа да қызметтерді ұсынудан түскен кірістер, негізінен, жүктерді ауыстырып тиеу, кемелерге қызмет көрсету, материалдар мен металл сынықтарын сатудан түскен кірістер болып табылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ бір жылға дейінгі мерзімге операциялық жалдау шарттары бойынша вагондар мен өзге де негізгі құралдарды жалға береді. Операциялық жалдау шарттары бойынша дебиторлық берешек бір жыл ішінде төленуі тиіс. Операциялық жалдау шарттарында ұзарту немесе мерзімінен бұрын тоқтату опциясы қарастыралмаған. Топ операциялық жалдау шарттарының нәтижесінде валюталық тәуекелге ұшырамайды, өйткені барлық жалдау шарттары теңгемен көрсетілген. Жалға алушының жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін вагондар мен өзге де негізгі құралдарды сатып алуға мүмкіндігі жоқ.

Айыппұлдардан түскен кірістер, негізінен, тағайындалған станциялардан жүктерді уақтылы әкетпеуге байланысты және шаруашылық шарттарының талаптарын бұзғаны үшін өсімпұлдан түскен кірістер болып табылады.

17,391 млн. теңге мөлшеріндегі түсім белгілі бір уақыт сәтінде (2021 ж.: 15,543 млн. теңге), 31,792 млн. теңге мөлшерінде – кезең ішінде (2021 ж.: 23,890 млн. теңге) танылды.

24. ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

	2022 ж.	2021 ж.
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтерді, аударымдар мен салықтарды қоса алғанда қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	463,548	337,482
Жөндеу және қызмет көрсету	189,532	152,310
Отын және жанар-жағармай материалдары	162,723	133,907
Тозу және амортизация	141,425	135,666
Өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер	70,134	59,596
Электр энергиясы	52,397	51,200
Материалдар мен қорлар	49,292	44,400
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдарды қоспағанда, мүлік салығы және өзге де салықтар	26,200	25,217
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақы шығыстары және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар (17-ескерту)	8,745	5,558
Коммуналдық шығыстар және ғимараттарды ұстау	3,998	4,269
Байланыс қызметтері	3,244	2,931
Басқа да шығыстар	32,995	28,362
	1,204,233	980,898

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

25. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

	2022 ж.	2021 ж.
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтерді, аударымдар мен салықтарды қоса алғанда қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	57,033	53,202
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдарды қоспағанда, мүлік салығы және өзге де салықтар	9,583	9,168
Тозу және амортизация	4,376	5,030
Бөгде ұйымдардың басқа да қызметтері	3,843	2,564
Мерекелік және мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған шығыстар	2,352	1,532
Иссапар шығыстары	1,607	947
Жалдау шығыстары	1,222	1,157
Коммуналдық шығыстар және ғимараттарды ұстау	1,012	857
Байланыс қызметтері	610	645
Сақтандыру	570	407
Әлеуметтік сала объектілерін ұстау шығыстары	492	432
Банк қызметтері	439	464
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақы шығыстары және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар (17-ескерту)	398	555
Жөндеу және қызмет көрсету	365	192
Материалдар	313	313
Консультациялық, аудиторлық және заң қызметтері	310	1,973
Басқа да шығыстар	8,538	11,339
	93,063	90,777

26. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР

Қаржылық кірістер	2022 ж.	2021 ж.
Қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялаудан түскен кірістер	31,398	2,176
Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу сыйлықақысының жете амортизацияланбаған бөлігін есептен шығарудан түсетін кіріс (15-ескерту)	16,890	-
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша пайыздар түріндегі кіріс	10,059	10,379
Берілген кепілдіктер бойынша кірістер	647	2,218
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі (31-ескерту)	27	-
Басқа қаржылық кірістер	2,078	3,074
	61,099	17,847
Қаржылық шығындар	2022 ж.	2021 ж.
Пайыздар бойынша шығындар және қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	133,660	118,260
Жалдау бойынша пайыздық шығыстар	8,321	7,414
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі (31-ескерту)	564	-
Басқа да қаржылық шығындар	2,315	594
	144,860	126,268

Қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялаудан түскен кірістер, негізінен 29,183 млн. теңге сомаға облигациялар бойынша купондық мөлшерлеме бөлігін субсидиялаудан түскен кірістер болып табылады (15-ескерту).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

27. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Акцияға шаққандағы базалық пайда ретінде акцияға шаққандағы пайда жыл ішіндегі шығарылған жай акциялардың орташа өлшемді саны негізінде саналады. Жай акциялар бойынша сома мен көбейту әсеріндегі жай акциялардың сомасы тең, өйткені Компанияның көбейту әсерін жасаушы құралдары жоқ. 2022 және 2021 жж. ішінде Компанияда көбейтуге қарсы әсері бар құралдар болған жоқ.

	2022 ж.	2021 ж.
Жай акциялардың орташа өлшемді саны	496,692,666	496,674,099
Акционерге жататын жыл іші пайда (млн. теңге)	34,887	119,085
Жай акцияға шаққандағы пайда, теңгеде	70	240
Материалдық емес активтерді, гүдвил және бақыламайтын үлестерді қоспағандағы таза активтер	1,416,903	1,226,586
Айналымдағы жай акциялардың саны (тіркелген)	496,692,666	496,692,665
Бір акцияның баланстық құны, теңгеде⁴	2,853	2,470

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың міндеттемелері, оның ішінде «Достық-Мойынты» теміржол көлік дәлізін жаңғырту бойынша, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттары бойынша, теміржол жолдарын күрделі жөндеу бойынша, ұзын өлшемді рельстерді сатып алу бойынша, жүк және жолаушылар электровоздарын, жүк және жолаушылар тепловоздарын сатып алу бойынша 1,881,358 млн. теңге (2021 ж. 31 желтоқсан: 1,613,814 млн. теңге) жалпы сомаға міндеттемелері болды.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттары бойынша міндеттемелер

2017 ж. тамызда Топ еншілес ұйымы «KTZ Express» АҚ тұлғасында жалпы құны 33,264 млн. теңге 1,995 вагон-платформаларды жалдау туралы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен жалдау шарттарын жасасты. Жалға алу мерзімі-15 жыл, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 15%, оның жылдық 10%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 5 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2022 ж. 31 желтоқсанға жалпы құны 26,862 млн. теңге мөлшеріндегі вагон-платформалар жеткізілген жоқ. Топ жеткізілім көлемін 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 6,402 млн. теңге мөлшерінде іс жүзінде жеткізілгенге дейін төмендету бөлігінде жалдау шартына қосымша келісімге қол қою бойынша жұмыс жүргізуде.

2020 ж. қарашада Топ «KTZ Express» АҚ еншілес ұйымы тұлғасында жалпы құны 51,692 млн. теңге 2,000 вагон-платформаларды жалдау шартын жасасты. Жалдау мерзімі – 15 жыл, пайыздық мөлшерлемесі жылдық 15%, оның жылдық 10%-ын мемлекет субсидиялайды. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 2 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеткізілмеген вагон-платформалар бойынша шартты міндеттеменің сомасы 15,146 млн. теңгені құрады.

⁴ Акциялардың баланстық құны KASE талаптарына сәйкес есептеледі.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

2022 ж. желтоқсанда Топ, еншілес ұйым» Жолаушылар тасымалы» АҚ тұлғасында, «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде жалпы құны 8,318 млн. теңге 11 жолаушылар вагондарын жалдауға шарт жасасты. Жалдау мерзімі – 20 жыл, пайыздық мөлшерлемесі – жылдық 1.5%. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 6 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде әрекет етеді. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеткізілмеген жолаушылар вагондары бойынша шартты міндеттеме сомасы 2,891 млн. теңгені құрады.

Басқа да шарттық міндеттемелер

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта еншілес ұйым «KTZ Express» АҚ тұлғасында жүк тиеу-түсіру қызметтерін және жүктерді болашақта сақтау жөніндегі қызметтерді көрсету туралы келісім бар. Келісімнің талаптарында Топтың 10 жылға арналған қызметтердің ең төменгі көлемдерін сатып алу және осындай көлемдер үшін елеулі төлемдер төлеу жөніндегі міндеттемесі көзделген.

Топ басшылығы «Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС-мен Келісім бойынша қызмет көрсету кезеңінің басталу күні басталмаған, өйткені Топ объектіні коммерциялық пайдаланудың басталу күні және қызмет көрсету кезеңінің басталу күні туралы хабарлама алмаған және тараптар Келісім бойынша міндеттемелерді орындауға қатысты өзара іс-қимылды ұйымдастырмаған. Топ басшылығы 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың есептен шығып кету ықтималдығы жоғары емес деп есептейді.

Шартты міндеттемелер

Сот талаптары

Топ мүліктік залалды қайтару бойынша талаптар сияқты өзінің шаруашылық қызметіне қатысты түрлі сот қарауларына қатысады. Топ осыған ұқсас, қарастыру кезеңіндегі немесе әлеуетті талап арыздар жекеше немесе жиынтығында оның шоғырландырылған қаржылық жағдайына, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне немесе ақша қаражатының қозғалысына елеулі теріс әсер етпейді деп есептейді.

Қазақстандық салық жүйесімен байланысты шартты міндеттемелер

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығыстарға жатқызылған сомадан асып кетуі мүмкін. Кез келген мәлімделмеген талаптың сомасын немесе қолайсыз нәтиженің ықтималдылық дәрежесін анықтау іс жүзінде мүмкін емес.

Топ басшылығы ҚР тиісті заңнамасын Топтың түсіндіруі дұрыс және салық позициясы расталады деп санайды. Алайда, салық органдары ҚР қолданыстағы салық заңнамасы бойынша басқа позицияны ұстануы, бұл Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етуі мүмкін.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Сақтандыру

Қазақстанда сақтандыру саласы дамудың бастапқы сатысында, сондықтан басқа да мемлекеттік кәсіпорындар сияқты, жолаушыларды дене жарақатынан, жолаушылардың өлімі мен мүлкіне шығын немесе залалды міндетті сақтандырудан басқа, Топтың өзінің меншігіне, активтер мен жабдығына (инфрақұрылымды, жылжымалы құрам мен станцияларды қоса алғанда) зиян келтіру тәуекелін, және қаржы-шаруашылық қызметінің тоқтау тәуекелі мен Топ объектілеріндегі авариялардың нәтижесінде немесе оның қызметіне байланысты үшінші тараптардың мүлкіне немесе қоршаған ортаға шығын келтіргені үшін жауапкершіліктің сақтандыру өтелімі жоқ. Топтың Қазақстанның коммерциялық сақтандыру компанияларынан сатып алған сақтандыру полистеріне сәйкес міндетті сақтандыру өтелімі бар.

Қоршаған ортаны қорғау

ҚР-да қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму процесінде, сондықтан тұрақты өзгерістерге ұшырайды. 2021 ж. 1 шілдеден бастап ҚР Экологиялық кодексіне (бұдан әрі – «Кодекс») түзетулер заңды күшіне енді. Бұл Кодексте кәсіпорындар қызметінен келтірілген экологиялық зиян салдарын барынша азайтуға және/немесе қоршаған ортаны бастапқы қалпына дейін келтіруге бағытталған бірқатар қағидаттар бар. Қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейі мен тәуекеліне байланысты объектілер төрт санатқа жіктеледі, мұнда қоршаған ортаға елеулі теріс әсер ететін объектілер бірінші санатқа жатады. Кодекске сәйкес, Топ басшылығы талдау жүргізіп, негізінен теміржол инфрақұрылымы объектілері болып табылатын Топ объектілерін екінші санатқа жіктеді. Екінші санатқа Ақтау қаласындағы теңіз портының объектілері де жатқызылды. Топтың қалған нысандары үшінші және төртінші санаттарға жіктелді. Топ басшылығы ҚР тиісті заңнамасын түсіндірілуі дұрыс деп есептейді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісті резервтер көрсетілмеген, себебі Топ басшылығы Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайына, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне немесе ақша қаражатының қозғалысына елеулі әсер етуі мүмкін активтердің шығуына және жерді қалпына келтіруге байланысты әлеуетті міндеттемелер жоқ деп бағалайды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Кепілдіктер

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілдіктер келесі түрде көрсетілген:

Кредитор	Кепілдік мақсаты	Кепілдіктің берілген күні	Кепілдік мерзімі	Кепілдік сомасы
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС-нің Ақтөбе қаласында рельс-арқалық зауытының құрылысын қаржыландыру бойынша міндеттемелерін орындау	4 шілде 2013 ж.	2033 ж. дейін	17,566
	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ Нұр-Сұлтан қаласындағы халықаралық әуежайды жаңартуды қаржыландыруға міндеттемелерін орындау	28 наурыз 2018 ж.	2033 ж. дейін	22,500
Еуразиялық даму банкі	«Транстелеком» АҚ «Талшықты-оптикалық байланыс желісінің (ТОБЖ) құрылысы» жобасын іске асыру үшін қауымдастырылған кәсіпорынның міндеттемелерін орындау	21 қазан 2014 ж.	2024 ж. дейін	2,190
	«Транстелеком» АҚ қауымдастырылған кәсіпорынның «Энергодиспетчерлік тартым АБЖ» жобасын іске асыруға міндеттемелерін орындау	30 маусым 2014 ж.	2024 ж. дейін	4,492

21-ескертуде осы кепілдіктердің баланстық құны көрсетілген.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен қаржылық кепілдік шарттарында Компанияның EBITDA борышы және жылдық негізде пайыздарды жабу коэффициенті сияқты белгілі бір қаржылық коэффициенттерді (ковенанттарды) сақтауын көзделген. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талаптар орындалған.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

29. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

Топ құрамы туралы ақпарат төменде көрсетілген:

Еншілес ұйым ⁵	Қызмет сипаты	Орналасқан елі	Қатысу үлесі, %	
			2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
1. «Қазтеміртранс» АҚ	Жүк вагондарын пайдалану	ҚР	100	100
2. «Жолаушылар тасымалы» АҚ	Жолаушыларды тасымалдау	ҚР	100	100
3. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС	Жүк тасымалдау және локомотив тартымы қызметтерін көрсету	ҚР	100	100
4. «KTZ Express» АҚ	Көлік-экспедиторлық қызметтер, мультимодалды тасымалдау	ҚР	100	100
5. «Кедентранссервис» АҚ	Көлік-экспедиторлық қызметтер, жылжымалы құраммен операция жасау, терминалдық қызмет көрсету	ҚР	100	100
6. «Теміржолсу» АҚ	Коммуналдық қызметтер	ҚР	100	100
7. «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС	Күзет қызметтері	ҚР	100	100
8. «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ ⁶	Жүк тиеу-түсіру жұмыстары, кемелерге қызмет көрсету	ҚР	100	100
9. «Құрық-Порты» ЖШС	Жүктерді ауыстырып тиеу және кемелерге қызмет көрсету	ҚР	100	100
10. «КТЖ Финанс» ЖШҚ	Топ қатысушыларының қызметі мен жобаларын қаржыландыру мақсатында облигациялардың эмиссиясын жүзеге асыру	РФ	100	100
11. «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС	Тартқыш жылжымалы құрам қызметін ұсыну	ҚР	100	100

⁵ Бірінші деңгейдегі еншілес ұйымдар, олардың кейбіреулері бақыламайтын қатысу үлестері бар еншілес ұйымдарды қамтиды.
⁶ 2013 ж. қарашасында Акционер «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның 100% акциясын Топтың сенімді басқаруына берді. «Ақтау теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ Топтың еншілес ұйымы болып табылады, бірақ заңды түрде акцияларын иеленбейді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін Тараптар, егер бір Тарап екінші Тарапты бақылауға немесе ол қаржылық немесе операциялық шешімдерді қабылдаған кезде екінші Тарапқа елеулі ықпал етуді жүзеге асыру мүмкіндігі болса, байланысты ретінде қаралады. Топпен жалпы бақылаудағы тараптар да байланысты деп есептеледі. Байланысты тараптардың ықтимал қатынастарын қарау кезінде әрбір жағдайда құқықтық нысанға ғана емес, қатынастардың мәніне назар аударылады.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар жасаса алмайтын мәмілелер жасай алады, және байланысты тараптардың арасындағы мәмілелер байланысты емес тараптардың мәмілесі сияқты талаптар, ережелер мен сома негізінде жүзеге аспауы мүмкін.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ байланысты тараптарымен елеулі мәмілелер жүргізген немесе төленбеген сальдосы болған байланысты тараптармен қарым-қатынастар сипаты төменде көрсетілген .

		Акциянер	Қауымдасты- рылған компаниялар	Акциянер тобына кіретін компаниялар	Басқа да байланысты тараптар ⁷
Байланысты тараптардың тауарлар, қызмет және ұзақ мерзімді активтер үшін берешегі, соның ішінде берілген аванстар	2022 ж.	-	2,178	1,192	9
	2021 ж.	-	4,748	356	5
соның ішінде күтілетін кредиттік шығындарға және берілген аванстардың құнсыздануына резерв	2022 ж.	-	(1,657)	(95)	-
	2021 ж.	-	(35)	(23)	-
Байланысты тараптарға тауарлар, қызмет және ұзақ мерзімді активтер үшін берешек, соның ішінде алынған аванстар	2022 ж.	-	21,927	4,845	363
	2021 ж.	-	19,425	2,722	2,437
Ағымдағы шоттар	2022 ж.	-	-	162,854	-
	2021 ж.	-	-	-	-
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	2022 ж.	-	-	-	208
	2021 ж.	-	-	-	117
Алынған қарыздар	2022 ж.	588,984	-	-	74,949
	2021 ж.	128,769	-	-	72,720
Жалдау бойынша міндеттемелер	2022 ж.	-	13,865	-	32,677
	2021 ж.	48	27,012	-	27,291

⁷ Басқа да байланысты тараптар соңғы Акционердің жалпы бақылауындағы басқа да коммерциялық кәсіпорындарды қамтиды.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші байланысты тараптармен мәмілелер төмендегідей ұсынылған:

		Акциянер	Қауымдасты- рылған компаниялар	Акциянер тобына кіретін компаниялар	Басқа да байланысты тараптар ⁷
Тауарларды, қызметтерді және ұзақ мерзімді активтерді сату	2022 ж.	-	118,984	12,795	928
	2021 ж.	-	133,393	7,822	689
Күтілетін кредиттік шығындарға және берілген аванстардың құнсыздануына (есептелген)/қалпына келтірілген резервтер	2022 ж.	-	(1,623)	(82)	-
	2021 ж.	-	55	(3)	-
Тауар, қызмет және ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	2022 ж.	-	26,978	50,571	4,215
	2021 ж.	-	28,983	7,623	1,487
Қарыздар алу	2022 ж.	603,762	-	-	-
	2021 ж.	-	-	-	13,125
Алынған қарыздарды өтеу	2022 ж.	31,175	-	-	1,077
	2021 ж.	1,175	-	-	1,077
Жаңа жалдау шарттары (Топ жалдаушы ретінде)	2022 ж.	-	95	-	6,928
	2021 ж.	-	25	-	21,289
Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер	2022 ж.	49	15,827	-	6,926
	2021 ж.	197	15,319	-	2,298
Қаржылық кірістер	2022 ж.	-	143	-	59
	2021 ж.	-	1,144	-	158
Қаржылық шығыстар	2022 ж.	14,561	2,632	-	11,387
	2021 ж.	9,576	4,311	-	8,331
Алынатын дивиденттер	2022 ж.	-	8,726	-	-
	2021 ж.	-	6,462	-	-
Жарғылық капиталға салым	2022 ж.	239	-	-	-
	2021 ж.	3,786	-	-	-

2022 ж. Топ Акционерден 30,000 млн. теңге мөлшерінде қарыз алды (15-ескерту).

2022 ж. Топ Акционер пайдасына көлемі тиісінше 882,978,000 АҚШ доллары (410,903 млн. теңге) және 162,859 млн. теңге Еурооблигациялар мен облигацияларды шығарды (15-ескерту).

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-дан жалпы сомасы 74,949 млн. теңгеге алынған қарыздар бар (2021 ж. 31 желтоқсанда: 72,720 млн. теңге).

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдастырылған ұйымның, өзге де байланысты және үшінші тараптардың кейбір несиелері бойынша Топ банктер алдындағы міндеттемелерді орындауға кепілдік беру мақсатында кепілдіктер берді (21 және 28-ескертулер).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Акционерден алған қарыздары негізінен өтеу мерзімі 13 жылдан 50 жылға дейінгі нарықтық мөлшерлемелерден 0.075% - дан 7.37% - ға дейінгі мөлшерлемелер бойынша алынды және бастапқы тану кезінде әділ құн бойынша 5.4% - дан 13.99% - ға дейінгі мөлшерлемелер бойынша көрсетілді.

Акционер тобына кіретін компаниялармен, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындармен және басқа да байланысты тараптармен операциялар, негізінен, Топтың «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (дизель отыны және бензин), «Транстелеком» АҚ (байланыс қызметі), «Қазақтелеком» АҚ (байланыс қызметі), «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ (электр қуаты), «КЕГОК» АҚ (электр қуаты), «Қазпошта» АҚ (почта қызметтері, ақшаны орналастыру қызметтері), «Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық Компаниясы» АҚ (машина жасау өнімі) және «Самұрық-Энерго» АҚ (электр қуаты) операцияларымен ұсынылған. Сондай-ақ, Топ Акционердің тобына кіретін компанияларға, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға теміржол тасымалы қызметтерін ұсынады.

Топтың негізгі басқарушы қызметкерлеріне сыйақы

Негізгі басқарушы персонал 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 16 адамнан тұратын Басқарма мен Директорлар кеңесінің мүшелерін қамтиды (2021 ж. 31 желтоқсанда: 15 адам). Қоса берілген пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте еңбекақы бойынша шығыстарға енгізілген негізгі басқарушы персоналға сыйақылардың жалпы сомасы 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші 577 млн. теңгені құрады (2021 ж.: 807 млн. теңге). Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы негізінен келісімшартта белгіленген жалақы, әлеуметтік салық, пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв және операциялық нәтижелерге жетуге негізделген сыйлықақылар бойынша шығыстардан тұрады.

31. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарына несиелер, шығарылған борыштық бағалы қағаздар (облигациялар), жалдау бойынша міндеттемелер, ақша қаражаты мен оның баламалары, сонымен қатар сауда дебиторлық, сауда кредиторлық берешектер және басқа қаржы активтері мен міндеттемелері жатады. Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекелдер, шетелдік валюта бағамының өзгеруі мен кредиттік тәуекелдер Топтың қаржы құралдары бойынша негізгі тәуекелдері болып табылады. Топ барлық қаржы құралдары бойынша пайда болатын өтімділік пен нарық тәуекелдерін бақылап отырады.

Капиталдың жеткіліксіздік тәуекелін басқару

Топ капиталдың жеткіліксіздік тәуекелін басқарып отырады, себебі Топ Акционер үшін пайданы барынша арттырғанда кәсіпорын үздіксіз қызметін капитал мен қарыз балансын оңтайлау арқылы жалғастыра алатынына сенімді болуы керек. Топтың жалпы стратегиясы 2021 ж. салыстырғанда өзгерген жоқ.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топта капиталдың минималды көлеміне қатысты талаптары жоқ.

Топтың капитал құрылымы таза қарыз қаражатынан (ақша қаражаты мен оның баламаларын шегергеннен кейінгі несиелер, борыштық бағалы қағаздар мен жалдау бойынша міндеттемелер) және Топ капиталынан (ол жарғылық капитал, шетелдік валютаны қайта есептеуден резерв, бөлінбеген пайда мен бақыламайтын үлесті қамтиды) тұрады.

Қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары

Тәуекелді басқару – Топ қызметінің маңызды элементі. Компания Топтың операцияларына қатысты қаржы тәуекелдерін бақылау мен басқаруды тәуекелдер бойынша ішкі есептер арқылы жүзеге асырады. Бұл есептерде тәуекелге ұшырағыштық тәуекелдің дәрежесі мен мөлшері арқылы талданады. Бұл тәуекелдер нарық тәуекелін (валюта тәуекелін, баға тәуекелін және әділ құнға қатысты пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі), өтімділік тәуекелін және ақша ағындарына қатысты пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін қамтиды. Төменде Топтың тәуекелді басқару саясатына сипаттама беріледі.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел нарық бағаларының өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ықтимал ауытқуынан тұрады. Топ нарықтық конъюнктураның теріс өзгерістерінен туындауы мүмкін ықтимал шығындарды мерзімді бағалау арқылы нарықтық тәуекелді басқарады.

Пайыздық мөлшерлемеге байланысты тәуекел

Топ үшін пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекел нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі тәуекелін білдіреді. Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі Топтың инвестицияларынан жалпы пайдасының азаюына және/немесе Топтың несиелері мен борыштық бағалы қағаздары бойынша ақша ағынының ұлғаюына әкелуі мүмкін. Топ пайыздық мөлшерлемеге байланысты тәуекелді валюталардағы қаржылық құралдардың пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін бақылау арқылы және тұрақты және құбылмалы пайыздық мөлшерлемедегі қарыздар арасындағы қолайлы қатынасты қолдау арқылы шектейді.

Топтың пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекелге шалдыққыштығы негізінен Топтың пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздарына байланысты.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Келесі кесте Топтың салық салуға дейінгі пайдасы мен капиталының кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерінің болуы мүмкін орынды өзгерістеріне (пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы кредиттер бойынша пайыздарға әсері арқылы) сезімталдығын басқа айнымалы шамалар тұрақты болған кезде көрсетеді.

	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	Базистік пункттердегі пайыздық мөлшерлемелердің ұлғаюы/(азаяуы) ⁸	Салық салынғанға дейінгі пайдаға/ капиталға әсері	Базистік пункттердегі пайыздық мөлшерлемелердің ұлғаюы/(азаяуы) ⁸	Салық салынғанға дейінгі пайдаға/ капиталға әсері
Теңгедегі қарыздар	245/(245)	(7,786)/7,786	125/(25)	(788)/158
Ресей рубліндегі қарыздар	-	-	125/(25)	(1,380)/276

Валюталық тәуекел

Топ шетелдік валютада мәмілелерді жүзеге асырады, демек валюталық бағам ауытқуларына ұшырау тәуекелі пайда болады .

Топтың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді берешегінің елеулі бөлігі АҚШ долларында көрсетілген. Берешек көрсетілген АҚШ долларына және басқа шетелдік валюталарға қатысты теңге бағамының өзгеруінің нәтижесінде айырбас бағамынан кіріс немесе шығын туындайды. 2022 ж. ішінде Топтың бағам айырмасынан 34,143 млн. теңге мөлшерінде шығынға ұшырады, оның айтарлықтай бөлігі 15 Ескертуде көрсетілгендей, қарыздарға қатысты (2021 ж.: 11,147 млн. теңге).

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының АҚШ доллары, еуро, Ресей рублі, Швейцария франкі және басқа да валюталардың болуы мүмкін өзгерістеріне сезімталдығы басқа айнымалы шамалар тұрақты болған кезде көрсетілген.

	2022 ж. 31 желтоқсан			2021 ж. 31 желтоқсан		
	Айырбас бағамындағы ұлғаюы/(азаяуы)	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері	Капиталға тікелей әсері	Айырбас бағамындағы ұлғаюы/(азаяуы)	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері	Капиталға тікелей әсері
АҚШ доллары	21%/(21%)	(76,838)/76,838	-	13%/(10%)	(49,117)/37,782	-
Еуро	18%/(18%)	(10,616)/10,616	-	13%/(10%)	(8,393)/6,456	-
Ресей рублі	22%/(22%)	624/(624)	-	13%/(13%)	(25,393)/25,393	-
Швейцария франкі	25%/(25%)	(31,511)/31,511	-	13%/(10%)	(102)/79	(26,952)/20,732
Басқа валютада	25%/(25%)	207/(207)	-	13%/(10%)	200/(154)	-

⁸1 базистік пункт – 0.01%

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

2015 ж. 7 тамызда Топ Швейцария франкінде көрсетілген сатудан түсімнің теңгемен баламасының өзгеру тәуекелін азайту мақсатында ақша ағындарын хеджирлеуді бастады. Швейцария қор биржасында 2014 ж. 20 маусымда шығарылған еурооблигациялар хеджирлеу құралы болып табылады. Швейцария франкіндегі транзиттік тасымалдардан түсім хеджирлеу объектісі болып табылады. Хеджирлеу нәтижесінде 2022 ж. 2,445 млн. теңге сомасына әсер өзге жиынтық кірісте көрсетілді (2021 ж.: 823 млн. теңге).

2022 ж. қазан-қараша айларында Топ АҚШ долларында деноминацияланған қарыздардың валюталық тәуекелге ұшырауын ішінара хеджирлеу мақсатында Societe Generale SA (Франция), Citibank London және J.P. Morgan Securities plc. (Ұлыбритания) кросс-валюталық своп мәмілелерін жасасты.

Хеджирленген қарыздар АҚШ долларында деноминацияланған, 882,978,000 АҚШ доллары сомасына, жылдық пайызбен 2% мөлшерлемемен және 2025 ж. қазанда өтеу мерзімімен еурооблигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борыш төлемдерін білдіреді (15-ескерту).

Топ АҚШ долларының белгіленген сомасына айырбастау үшін Швейцария франкінің белгіленген сомасын төлейді. Швейцария франктеріндегі осы тіркелген сомаларды төлеу қарыз алудың валюталық тәуекелін заттай хеджирлеу болып табылады, себебі Топтың Швейцария франктерінде деноминацияланған түсім үлесі бар. Бұл туынды қаржы құралдары белгілі бір хеджирлеу қатынастарының бөлігі болып табылмайды.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша туынды қаржы құралдарының әділ құны J.P. Morgan Securities plc. (Ұлыбритания) шарты бойынша өзге ұзақ мерзімді активтер мен қаржылық кірістер құрамында 58,693 АҚШ доллары (27 млн. теңге) мөлшерінде және Societe Generale SA (Франция) мен Citibank London шарттары бойынша өзге міндеттемелер мен қаржылық шығындар құрамында 1,220,034 АҚШ доллары (564 млн. теңге) мөлшерінде танылды. (8, 21 және 26-ескертулер).

Кредиттік тәуекел

Топтың қаржы құралдарымен контрагенттердің шарттар талаптарын орындамау нәтижесінде пайда болатын кредиттік тәуекел әдетте осы контрагенттердің алдында контрагент міндеттемелерінің шамасы Топтың міндеттемелерінен асып түсетін сомалармен (мұндайлар болған кезде) шектеледі. Топтың саясаты бірқатар кредитке қабілетті контрагенттермен қаржы құралдарымен операциялар жасауды қарастырады. Кредиттік тәуекелге ұшырағыштықтың максималды шамасы әрбір қаржы активінің баланстық құнына тең.

Кредиттік тәуекел концентрациясы экономикалық жағдайлары немесе басқа да оқиғалары олардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне бірдей әсер етуі мүмкін деген болжамға қатысты қызмет сипаттары ұқсас қарыз алушы топтары немесе бір қарыз алушыдан бірнеше берешек сомасы болғанда туындауы мүмкін.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ ақша қаражатын Топтың байланысты тарабы болып табылатын «Қазпошта» АҚ-дағы ағымдағы шоттарда орналастырды (ақша қаражаты мен оның баламаларының 61%). Сонымен қатар, Топ негізінен ақша қаражаты мен оның баламаларын кредиттік рейтингі ВВ+ «тұрақты» «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ға орналастырады (ақша қаражаты мен оның баламаларының 27%).

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топта берілген кредит лимиттерінен асып кетпейтін, және барабар кредит тарихы бар тапсырыс берушілермен мәмілелер жасалатындай үнемді бақылауды қарастырып отыратын саясат әрекет етеді. Топ өз клиенттерінің көпшілігімен алдын ала төлем негізінде жұмыс істейтіндігінің арқасында кредиттік тәуекел төмендейді.

Сонымен қатар, Топ банктерге берілген қаржылық кепілдіктер бойынша кредиттік тәуекелге ұшырайды. Осыған байланысты Топтың ең жоғары тәуекелі 28-ескертуде көрсетілген кепілдіктер бойынша талаптар қойылған жағдайда Топ төлеуге міндетті болатын ең жоғары сомаға тең.

Өтімділік тәуекелі

Топ Акционердің талаптарына сай қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді және орта мерзімді қаржыландырудың өтімділік тәуекелін бақылап отырады. Топ барабар резервтерді, банктік несиелерді және қолжетімді кредит желілерін қолдау, қаржы активтері мен міндеттемелерін өтеу мерзімдерін салыстыру мен ақша қаражатының болжанған және нақты қозғалысын үнемі мониторинг жасау арқылы өтімділік тәуекелін басқарады.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың келесі кредиттік мекемелерде: «Қазақстан Халық банкі» АҚ және «Forte Bank» АҚ, игерілмеген қалдық 95,500 млн. теңге жалпы сомаға қолжетімді кредиттік желілері бар (2021 ж. 31 желтоқсан: «Қазақстан Халық банкі» АҚ және «Қазақстан СитиБанк» АҚ 72,954 млн. теңге жалпы сомаға).

Топ тұрақты негізде Акционер белгілеген және кредиттік келісімдерде/кепілдік шарттарында көзделген қаржылық коэффициенттердің шекті мәндерінің орындалуын бақылауды және мониторингті жүзеге асырады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Келесі кестелерде Топтың қаржы міндеттемелері бойынша келісімшарттық мерзімдері көрсетілген. Кесте Топтан төлем талап етуі мүмкін ең бастапқы мерзім негізінде қаржы міндеттемелері бойынша ақша ағынының дисконтты емес қозғалысы негізінде құрылған. Кесте пайыздар бойынша да, сондай-ақ борыштың негізгі сомасы бойынша да ақша ағындарын қамтиды.

	1 айға дейін	1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1-5 жыл	5 жылдан астам	Жиыны
2022 ж.						
Пайызсыз:						
Кредиторлық берешек	106,170	745	10,292	-	-	117,207
Басқа да міндеттемелер	10,006	-	6,854	-	-	16,860
Пайыздық:						
Қарыздар	28,341	14,723	319,327	1,241,732	1,512,975	3,117,098
Жалдау	3,556	4,523	6,887	39,458	62,242	116,666
Туынды қаржы құралы	-	-	(6,626)	8,280	-	1,654
Қаржылық кепілдіктер	-	2,088	3,839	33,353	45,938	85,218
	148,073	22,079	340,573	1,322,823	1,621,155	3,454,703
2021 ж.						
Пайызсыз:						
Кредиторлық берешек	114,487	2,043	1	-	-	116,531
Басқа да міндеттемелер	7,563	-	5,883	1,993	-	15,439
Пайыздық:						
Қарыздар	15,847	9,461	280,869	838,401	1,974,796	3,119,374
Жалдау	2,401	6,479	18,389	36,592	55,996	119,857
Қаржылық кепілдіктер	-	479	2,326	30,152	54,875	87,832
	140,298	18,462	307,468	907,138	2,085,667	3,459,033

Қаржылық кепілдік шарттары бойынша кестеде келтірілген сомалар контрагент кепілдік шарты бойынша талаптарды ұсынған кезде Топ өтеуге тиіс болатын ең жоғары сомаларды көрсетеді. Есепті күнге Топ 50%-дан астам ықтималдықпен осы шарттар бойынша ешқандай төлемдер талап етілмейді деп есептейді. Сонымен бірге, бұл бағалау контрагенттің кепілдік талаптарын ұсыну ықтималдығы өзгерген кезде өзгеруі мүмкін. Бұл ықтималдық контрагенттің кепілдендірілген дебиторлық берешегі бойынша дефолт ықтималдығына байланысты.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Келесі кестеде Топтың қаржы активтері бойынша күтілетін өтеу мерзімдері көрсетілген. Кесте Топтың ақша қозғалысы басқа кезеңде болады деп күтетін жағдайларды қоспағанда, осы активтер бойынша алынатын пайыздарды қосқанда, қаржы активтері бойынша дисконтталмаған келісімшарттық ақша ағындарының негізінде құрылған.

	1 айға дейін	1 - 3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жылдан астам	Өтеу мерзімі белгісіз ⁹	Жиыны
2022 ж.						
Пайыздық:						
Қысқа мерзімді салымдар	68,123	-	-	-	24	68,147
Қысқа мерзімді салымдар бойынша пайыздар	330	-	-	-	-	330
Ақша қаражаты мен оның баламалары	6,327	-	-	-	10	6,337
Берілген қарыздар	-	-	-	5,562	3,113	8,675
Пайызсыз:						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	192,466	-	-	-	-	192,466
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	-	-	6,096	14,010	-	20,106
Сауда дебиторлық берешек	14,212	509	52	39	7,593	22,405
	281,458	509	6,148	19,611	10,740	318,466
2021 ж.						
Пайыздық:						
Қысқа мерзімді салымдар	128,941	-	-	-	27	128,968
Қысқа мерзімді салымдар бойынша пайыздар	453	-	-	-	-	453
Басқа да активтер	2	-	-	-	-	2
Ақша қаражаты мен оның баламалары	17,577	-	-	-	4	17,581
Берілген қарыздар	-	-	-	6,326	2,349	8,675
Пайызсыз:						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	31,482	-	-	-	-	31,482
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	-	-	235	13,737	-	13,972
Сауда дебиторлық берешек	22,147	1,074	27	47	5,246	28,541
	200,602	1,074	262	20,110	7,626	229,674

Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құн тарату кезінде сату немесе еріксіз сату жағдайларын есепке алмағанда коммерциялық шарттармен хабардар болған тараптардың арасында құрал ауыстырылуы мүмкін сома ретінде анықталады. Топтың қаржы құралдарының көбісі үшін әділ құнын анықтауға арналған нарық механизмдері жоқ болғандықтан, әділ құнын бағалау кезінде құралға қатысты нақты тәуекелдер мен ағымдағы экономикалық жағдайлардың негізіндегі жорамалдарды қолдану керек.

⁹ Өтеу мерзімі белгісіз сомалар күтілетін кредиттік шығындар есептелген сомаларды білдіреді

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Топ қаржы құралдарының әділ құнын есептеу үшін келесі әдістер мен жорамалдарды қолданылады:

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларының баланстық құны осы қаржы құралдарының қысқа мерзімді өтелу сипатына байланысты олардың әділ құнына шамамен тең келеді.

Қаржы активтері мен міндеттемелері

Өтеу мерзімі он екі айдан кем активтер мен міндеттемелердің баланстық құны шамамен олардың әділ құнына тең, себебі осы қаржы құралдар қысқа мерзімде өтеледі.

Өтеу мерзімі он екі айдан астам активтер мен міндеттемелер үшін есепті жылдың соңына бар нарық мөлшерлемесін қолданып дисконтталған ақша қаражатының есепті болашақ қозғалысының келтірілген құнын білдіреді.

Туынды қаржы құралы

Туынды қаржы құралының әділ құнын есептеу форвардтық айырбас бағамдары (есепті күні байқалатын) және Топтың, сондай-ақ Societe Generale (Франция), Citibank London және J.P. Morgan Securities plc (Ұлыбритания) кредиттік тәуекелдерін көрсететін мөлшерлемелер бойынша дисконтталған шарттық форвардтық бағамдар негізінде бағаланатын күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау әдісімен жүргізілді.

Қарыздар

Банктік қарыздардың әділ құнын есептеу осындай өтеу мерзімдері мен кредиттік рейтинг параметрлері бар қарыздар бойынша тиісті жылдың соңында басым болатын нарықтық мөлшерлемелерді пайдалана отырып, өтеудің есепті кезеңі ішінде жекелеген қарыздар бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарын дисконттау арқылы жасалды. Банктік қарыздардың көп бөлігін Топқа халықаралық қаржы институттары мен шетелдік банктер берген. Нәтижесінде осы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер ҚР жеке коммерциялық кредиттік ұйымдарының пайыздық мөлшерлемесінен төмен болса да, кредиторлардың осы санаты үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемелер ретінде қарастырылады. Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың (облигациялардың) әділ құны есептік күнгі нарықтық баға негізінде анықталған.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Тұрақты түрде әділ құны бойынша бағаланбайтын (бірақ әділ құны міндетті түрде көрсетілетін) Топтың қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздарды есепке алмағанда, қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны олардың баланстық құнынан айтарлықтай айырмашылығы болған жоқ.
31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелер мен шығарылған борыштық бағалы қағаздардың (облигациялардың) баланстық және әділ құны төмендегідей түрде көрсетілген:

	2022 ж.		2021 ж.	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
Берілген қарыздар	3,752	2,895	3,797	5,299
Басқа да қаржы активтері	21,202	21,250	15,031	15,031
Қарыздар	453,174	411,124	364,907	359,599
Борыштық бағалы қағаздар	1,234,157	1,107,731	1,212,305	1,330,260

Әділ құнды бағалау иерархиясы

Топ әділ құнды бағалауды төменде көрсетілген әділ құнды бағалау иерархиясын қолдану арқылы бағалайды. Ол аталған бағалауды қалыптастыруда қолданылатын деректердің маңыздылығын есепке алады:

- 1-ші деңгей: ұқсас қаржылық құралдарға қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеулер (түзетілмеген).
- 2-ші деңгей: тікелей қолжетімді (баға белгілеулер) немесе тікелей емес қолжетімді (яғни баға белгілеуден туындайтын деректер) 1-ші деңгейге жататын баға белгілеуден өзгеше деректер. Бұл санат құрамына келесілерді қолданып бағаланатын құралдар енеді: ұқсас құралдар үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеулер, белсенді ретінде қарастырылмайтын нарықтарда ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулер немесе жорамалдардың пайдалану талап етілетін ұқсас құжаттар үшін баға белгілеу негізінде бағаланатын құралдардан тұрады.
- 3-ші деңгей: қолжетімді болып табылмайтын деректер. Бұл санат байқалатын бастапқы деректерге негізделмейтін ақпаратты қолданып бағаланатын құралдардан тұрады. Алайда бұндай бақыланбайтын деректер құралдың бағалануына елеулі ықпал етеді. Бұл санат оларға қатысты құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін маңызды бақыланбайтын түзетулерді немесе жорамалдарды пайдалану талап етілетін ұқсас құжаттар үшін баға белгілеу негізінде бағаланатын құралдардан тұрады.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

Төмендегі кестеде 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнының иерархиясы негізіндегі қаржылық құралдардың талдауы көрсетілген.

	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Жиыны
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері:				
- берілген қарыздар	-	2,895	-	2,895
- басқа да қаржы активтері	-	21,177	-	21,177
Пайда мен шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін басқа да қаржы активтері	-	-	73	73
Жиыны	-	24,072	73	24,145
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері:				
- борыштық бағалы қағаздар	588,642	-	-	588,642
- байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары	-	519,089	-	519,089
- банктік кредиттер	-	349,888	-	349,888
- байланысты тараптардан қарыздар	-	61,236	-	61,236
Жиыны	588,642	930,213	-	1,518,855

Төмендегі кестеде 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнының иерархиясы негізіндегі қаржылық құралдардың талдауы көрсетілген.

	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Жиыны
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері:				
- берілген қарыздар	-	5,299	-	5,299
- басқа да қаржы активтері	-	14,930	-	14,930
Пайда мен шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін басқа да қаржы активтері	-	-	101	101
Жиыны	-	20,229	101	20,330
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері:				
- борыштық бағалы қағаздар	1,288,064	-	-	1,288,064
- байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары	42,196	-	-	42,196
- банктік кредиттер	-	298,145	-	298,145
- байланысты тараптардан қарыздар	-	61,454	-	61,454
Жиыны	1,330,260	359,599	-	1,689,859

2 және 3-ші деңгейлі қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны, көпшілік мойындаған бағалау модельдері бойынша ақша қаражатының дисконтталған ағымын талдау негізінде есептелген. Бұл ретте контрагенттердің кредиттік тәуекелдерін көрсететін дисконттау мөлшерлемесі елеулі бастапқы дерек болып табылды.

ҚОСЫМШАЛАР

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2022 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)
(басқасы көрсетілмесе, млн. теңгеде)

32. ЕСЕПТІК КҮННЕН КЕЙІН БОЛҒАН ОҚИҒАЛАР

Еншілес ұйымның есептен шығуы

2023 ж. қаңтарда Топ еншілес ұйым «Қазтеміртранс» АҚ тұлғасында, «Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысудың 100% үлесін 12,000 млн. теңгеге сату жөніндегі мәмілені аяқтап, нәтижесінде осы еншілес ұйымды бақылауды жоғалтты (13-ескерту).

Еншілес ұйымды тарату

2023 ж. қаңтарда Топ еншілес ұйым «КТЖ Финанс» ЖШҚ тарату рәсімін аяқтады.

2022 жылы өңірлер бойынша Қазақстан Республикасының бюджетіне төленген салықтар мен басқа міндетті төлемдер, мың теңге

Өңірлер	Жиынтығы, мың теңге	Үлесі, %
ЖИЫНТЫҒЫ	148 849 766	100,00
Астана қаласы	77 396 485	52,00
Алматы қаласы	6 446 314	4,33
Шымкент қаласы	2 896 205	1,95
Ақмола облысы	7 056 251	4,74
Ақтөбе облысы	12 908 491	8,67
Алматы облысы	1 900 094	1,28
Қарағанды облысы	8 428 429	5,66
Жамбыл облысы	5 145 374	3,46
Батыс Қазақстан облысы	106 221	0,07
Шығыс Қазақстан облысы	2 884 994	1,94
Солтүстік Қазақстан облысы	163 674	0,11
Атырау облысы	1 956 803	1,31
Павлодар облысы	4 479 438	3,01
Қызылорда облысы	2 151 933	1,45
Маңғыстау облысы	5 272 319	3,54
Қостанай облысы	4 679 097	3,14
Түркістан облысы	679 451	0,46
Ұлытау облысы	900 506	0,60
Абай облысы	1 235 782	0,83
Жетісу облысы	2 161 905	1,45

Есеп беріліп отырған кезеңнің соңындағы жынысы мен өңірлері бойынша бөлінген қызметкерлердің тізімдік саны, адам GRI 2-7, 401-1

Өңірлер	Жалпы саны	Әйелдер	Ерлер
Барлығы	113 769	87 419	26 350
Астана қаласы	10 780	6 749	4 031
Алматы қаласы	6 406	4 724	1 682
Шымкент қаласы	2 419	1 940	479
Павлодар облысы	7 627	5 467	2 160
Алматы облысы	8 725	6 948	1 777
Қызылорда облысы	6 357	5 434	923
Ақтөбе облысы	10 697	8 268	2 429
Атырау облысы	4 854	3 607	1 247
Маңғыстау облысы	5 293	4 229	1 064
Ақмола облысы	7 439	5 795	1 644
Шығыс Қазақстан облысы	7 349	5 770	1 579
Жамбыл облысы	7 882	6 678	1 204
Батыс Қазақстан облысы	1 604	1 177	427
Қарағанды облысы	12 470	9 543	2 927
Қостанай облысы	7 171	5 440	1 731
Солтүстік Қазақстан облысы	948	860	88
Түркістан облысы	4 204	3 690	514
Қазақстаннан тыс жерлерде	1 544	1 100	444

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Есеп туралыGRI2-3

Осы Біріктірілген жылдық есеп Тұрақты даму туралы есепті қамтиды және GRI (Global Reporting Initiative) стандартына сәйкес дайындалған.

Есепті дайындау барысында SASB (Sustainability Accounting Standards Board) салалық стандартының ақпаратты ашып көрсету талаптары да ескерілді.

Есеп Компанияның қаржылық және операциялық нәтижелері, оның даму стратегиясы, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесі туралы ақпаратты қамтиды. Сондай-ақ Есепте Компанияның тұрақты даму саласындағы бастамалары, оның ішінде әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік, ресурстарды тиімді пайдалану және т.б. туралы толық ақпарат берілген.

Есеп 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі деректерді, сондай-ақ біздің Компания қызметінің әртүрлі салаларындағы көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын көрсету үшін алдыңғы кезеңдер мен болжамды мәндерді қамтиды.

GRI2-4

Компанияның 2021 жылға арналған Біріктірілген жылдық есебімен салыстырғанда Есепте жекелеген көрсеткіштер бойынша өзгерістер болды, өзгерістер бойынша толық түсініктемелер Есептің мәтінінде берілген.

Барлық тұрақты даму туралы есептер Компанияның веб-сайтында қолжетімді: <https://www.railways.kz/articles/sustainable-development/sustainability-report>.

Осы Есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 19 мамырдағы шешімімен бекітілген.

АҚПАРАТ АШУ ПЕРИМЕТРІGRI2-2

Есептің шегі Компания есептілігінің жылдық циклына сәйкес келеді. **«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың шоғырландырылған қаржылық есебіне ұйымдар тізбесіне келесі ұйымдар:** «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Вагонсервис» АҚ, «Кедентранссервис» АҚ, «ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК ХОЛДИНГІ» ЖШС, «KTZ Express» АҚ, «KTZ EXPRESS SHIPPING» ЖШС, «KPMC Ltd» жекеменшік компаниясы, «Xinjiang KTZ International Logistics Co.Ltd» компаниясы (ҚХР), «KTZ Express Hong Kong» ЖШҚ (ҚХР), «KTZE – Khorgos Gateway» ЖШС, «Қазтеміртранс» АҚ, «Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V.» жауапкершілігі шектеулі компаниясы (Нидерланд Корольдігі), «Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС, «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС, «Жолаушы вагондарын жасау зауыты» ЖШС, «Теміржолсу» АҚ, «Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС, «Теміржолсу-Маңғыстау» ЖШС, «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС, «Теміржолсу-Көкшетау» ЖШС, «Теміржолсу-Қарағанды» ЖШС, «Теміржолсу-Павлодар» ЖШС, «Теміржолсу-Алматы» ЖШС, «Теміржолсу-Арыс» ЖШС, «Теміржолсу-Шу» ЖШС, «Теміржолсу-Қостанай» ЖШС, «Теміржолсу-Аягөз» ЖШС, «Теміржолжылу-Атырау» ЖШС, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС, «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС, «Құрық порты» ЖШС, «ҚТЖ Қаржы» ЖШҚ, «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ енгізілген, сондай-ақ үлестік әдіспен ассоциацияланған және бірлескен кәсіпорындар: «Ляньюньган Қытай-Қазақстан халықаралық логистикалық компаниясы» ЖШҚ (ҚХР), «Ақтау солтүстік теңіз терминалы» ЖШС, «KIF Warehouses (КИФ Веэрхаусис)» ЖШС, «Dosjan temir joly» АҚ, «Біріктірілген көлік-логистикалық компаниясы – Евразия теміржол альянсы» АҚ, «Транстелеком» АҚ енгізілген.

Тұрақты даму саласындағы көрсеткіштерді ашу шеңберінде экологиялық және әлеуметтік аспектілерге айтарлықтай ықпал ететін, қатысу үлестері 51%-дан артық ұйымдар талданады, олардың ішінде: «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Вагонсервис» АҚ, «Кедентранссервис» АҚ, «ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК ХОЛДИНГІ» ЖШС, «KTZ Express» АҚ, «KTZ EXPRESS SHIPPING» ЖШС, «Xinjiang KTZ International Logistics Co.Ltd» компаниясы (ҚХР), «KTZ Express Hong Kong» ЖШҚ (ҚХР), «KTZE – Khorgos Gateway» ЖШС, «Қазтеміртранс» АҚ, «Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС, «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС, «Жолаушы вагондарын жасау зауыты» ЖШС, «Теміржолсу» АҚ, «Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС, «Теміржолсу-Маңғыстау» ЖШС, «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС, «Теміржолсу-Көкшетау» ЖШС, «Теміржолсу-Қарағанды» ЖШС, «Теміржолсу-Павлодар» ЖШС, «Теміржолсу-Алматы» ЖШС, «Теміржолсу-Арыс» ЖШС, «Теміржолсу-Шу» ЖШС, «Теміржолсу-Қостанай» ЖШС, «Теміржолсу-Аягөз» ЖШС, «Теміржолжылу-Атырау» ЖШС, «ҚТЖ-Ж-Жүк тасымалы» ЖШС, «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС, «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС, «Құрық порты» ЖШС, «ҚТЖ Қаржы» ЖШҚ, «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ.

Экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерге «Ляньюньган Қытай-Қазақстан халықаралық логистикалық компаниясы» ЖШҚ (ҚХР), «Ақтау солтүстік теңіз терминалы» ЖШС, «YuXinOu (Chongjing) Logistics Co.» Ltd» БК (ҚХР), «KIF Warehouses (КИФ Веэрхаусис)» ЖШС, «KPMC Ltd» жекеменшік компаниясы, «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС, «Востокмашзавод» АҚ, «Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V.» жауапкершілігі шектеулі компаниясы (Нидерланд Корольдігі), «ҚТЖ Қаржы» ЖШҚ, «Dosjan temir joly» АҚ, «Біріктірілген көлік-логистикалық компаниясы – Евразия теміржол альянсы» АҚ, «Транстелеком» АҚ кірмейді.

Тәуелсіз растаудан өткен GRI көрсеткіштері бойынша деректерді шоғырландыру операциялық бақылау әдісімен жүзеге асырылды (GRI 2-7, 2-9, 2-30, 302-1, 305-1, 305-2, 305-7, 401-1, 401-3, 404-1, 403-9, 405-1).

Ұйымдардың атауы	Экологиялық көрсеткіштер				Әлеуметтік көрсеткіштер				Басқару		
	302-1	305-1	305-2	305-7	401-1	401-3	403-9	404-1	2-7	2-30	2-9
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
«Жолаушылар тасымалы» АҚ	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Вагонсервис» АҚ				+	+	+	+	+	+	+	
«Кедентранссервис» АҚ	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК ХОЛ-ДИНГІ» ЖШС					+	+	+		+		
«KTZ Express» АҚ	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«KTZ EXPRESS SHIPPING» ЖШС					+	+	+		+		
«Xinjiang KTZ International Logistics Co.Ltd» компаниясы (ҚХР)					+	+	+	+	+		
«KTZ Express Hong Kong» ЖШҚ (ҚХР)					+	+	+		+		
«KTZE – Khorgos Gateway» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Қазтеміртранс» АҚ				+	+	+	+	+	+	+	
«Қазақстандық вагон жасау зауыты» ЖШС					+	+	+		+	+	
«Тұлпар» вагон жасау компа-ниясы» ЖШС				+	+	+	+	+	+	+	
«Жолаушы вагондарын жасау зауыты» ЖШС					+	+	+		+		
«Теміржолсу» АҚ	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Ақтөбе» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Маңғыстау» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Көкшетау» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Қарағанды» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Павлодар» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Алматы» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Арыс» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Шу» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Қостанай» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Теміржолсу-Аягөз» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
“Теміржолжылу – Атырау” ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«ҚТЖ-Жолаушылар локомо-тивтері» ЖШС	+	+	+		+	+	+	+	+	+	
«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС				+	+	+	+	+	+	+	
«Құрық порты» ЖШС	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
«Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

GRI 2-29

Мемлекетпен, бизнеспен және тұрғындармен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін біздің Компания айқындық пен ақпараттық ашықтық қағидаттарын ұстанады. Біз олардың қажеттіліктерін жақсырақ түсіну және мүдделерін ескеру үшін барлық мүдделі тараптармен диалог орнатуға тырысамыз.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл — қызметіміздің ажырамас бөлігі және біз қызметкерлермен, кәсіподақтармен, клиенттермен, жеткізушілермен, мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі тараптармен сенімді қарым-қатынастарды сақтауға ерекше көңіл бөлеміз.

- Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл келесі қағидаттарға негізделген:
- мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлерін және қалауларын құрметтеу және ескеру;
 - мүдделі тараптарды үнемі және уақтылы хабардар ету;
 - қабылданған міндеттемелерді жауапкершілікпен орындау.

Компанияның мүдделі тараптарын анықтау үшін Компания қызметіне әсер ете алатын немесе оның ықпалына түсуі мүмкін адамдар мен ұйымдардың барлық топтары анықталады. Бұл процес Компания үшін әрбір мүдделі тараптар тобының ықпал ету дәрежесін, мүдделері мен маңыздылығын бағалауды қамтиды.

- Негізгі мүдделі тараптар:
- акционер;
 - қызметкерлер;
 - кәсіптік одақтар;
 - серіктестер;
 - мемлекеттік органдар;
 - жеткізушілер;
 - тұрғындар;
 - БАҚ;
 - клиенттер;
 - қаржы институттары.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мақсаты — сенім қарым-қатынастарын орнату, мүдделер мен күтулерді түсіну, қарым-қатынастардың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, стейкхолдерлерді тиімді басқару арқылы беделді арттыру және нарықтағы орындарды нығайту.

Біз мүдделі тараптармен диалогымыз нәтижелі және барлық қатысушы үшін пайдалы болуын қамтамасыз етуге тырысамыз. Компания мүдделі тараптармен сындарлы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін

тұрақты және ашық қарым-қатынас, кеңес беру мен диалогтар өткізу, Компанияның бизнес стратегиясы мен қызметін мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес бейімдеу, сондай-ақ мүдделі тараптардың қанағаттануын бақылау және бағалау жүйесін орнату сияқты өртүрлі тәсілдерді қолданады.

ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

GRI 2-14, 3-1

2022 жылғы есепте көрсетілетін елеулі тақырыптарды анықтау үшін Компания GRI стандарттарында ұсынылған барлық тақырыптарды талдап, елеулі тақырыптарды анықтау үшін сауалнама жүргізілген негізгі мүдделі тараптарды сәйкестендірді.

Тақырыптардың маңыздылығын анықтау үшін Компания әрбір тақырыптың мүдделі тараптар үшін маңыздылығын талдау үшін сауалнама әдісін қолданды.

- Елеулі тақырыптарды анықтау барысында келесі мүдделі тараптардың пікірлері ескерілді:
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері;
 - кәсіподақ өкілдері;
 - Қор қызметкерлері;
 - клиенттер;
 - жеткізушілер.

GRI стандарттарында қарастырылған барлығы 31 тақырып, сондай-ақ Компания қызметінің ерекшелігіне сәйкес маңызды болып табылатын екі қосымша тақырып: поездар қозғалысы қауіпсіздігі және қызмет көрсету сапасына клиенттердің қанағаттануы ұсынылды.

Әрбір тақырып экономикаға, қоршаған ортаға, қоғамға және адам құқықтарына теріс және оң әсер ету тұрғысынан Компанияның әсер етуіне талдау жасалды. Сауалнама нәтижелері бойынша 13 елеулі тақырып анықталды. Содан кейін ұсынылған елеулі тақырыптар тізбесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінде қаралып, мақұлданды.

ЕЛЕУЛІЛІКТІ ТАЛДАУ

- Компания қызметі үшін анағұрлым маңызды елеулі (экономикалық, экологиялық немесе әлеуметтік) мәселелердің анықталуын талдау келесі тәсілдерге негізделді:
1. Компания қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерімен байланысты деректер мен көрсеткіштерге баға беру, оларға қаржылық көрсеткіштер, зиянды заттар шығарындылары туралы деректер, қызметкерлер мен клиенттердің қанағаттану деңгейі сияқты әлеуметтік көрсеткіштер кіреді;
 2. бизнестің ұзақ мерзімді құнын құруға көрсетілетін ықпалға баға беру;
 3. сыртқы мүдделі тараптарға көрсетілетін ықпалға баға беру;
 4. корпоративтік тәуекелдерге баға беру;
 5. ең маңызды ықпалдарға басымдық беру;
 6. «қосарланған елеулілік» негізінде іріктеу, яғни Компания қаржылық нәтижелер тұрғысынан, сондай-ақ мүдделі тараптар тұрғысынан елеулілікті және оның бизнесінің ұзақ мерзімді құнын.

Компания өз қызметін жүзеге асыра отырып, түрлі сыртқы мүдделі тараптарға ықпал етеді: жүк және жолаушылар тасымалдау экономиканың дамуына жағдай жасайды, халықтың ұтқырлығы қамтамасыз етіледі және саудаға жағдай жасалады, теміржол жолдарын салу да жаңа жұмыс орындарын, соның ішінде мердігер компанияларда құруға мүмкіндік бере отырып, маңызды рөл ойнайды және жолдар өтетін өңірлер экономикасының өсуіне ықпал етеді. Бұл оң әсерлердің әлеуметтік және экономикалық сипаты бар, олар қоғамның дамуына және оның мүшелерінің әл-ауқатын арттыруға жағдай жасайды. Алайда оң аспектілерден басқа, Компания қызметі қоршаған ортаға теріс ықпал етеді. Мысалы, ластаушы заттар шығарындылары мен көлік құралдарының шуылы қоршаған ортаға және климаттың өзгеруіне теріс әсер етеді.

Компанияның әсеріне баға беру түрлі көрсеткіштерді ескеріп жүргізіледі, оларға қызметтің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілер кіреді, бұл қоғам мен қоршаған орта үшін оң да, теріс те салдарларды анықтауға мүмкіндік береді. Бағаны Директорлар кеңесінің Комитеті қарап, нәтижесі бойынша көрсеткіштерді жақсарту бойынша, қызметті жақсартуға және бизнестің ұзақ мерзімді құнының өсуіне жағдай жасайтын тапсырмалар беріледі.

Сонымен бірге теміржол компаниясы үшін, кез келген басқа бизнес үшін сияқты, бизнестің ұзақ мерзімді келешектегі тиімділігі мен тұрақтылығына елеулі әсер ететін бірқатар шешуші көрсеткіштер бар.

- Компанияның ұзақ мерзімді дамуы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Даму стратегиясында белгіленеді. Мыналар Компанияның дамуындағы оның ұзақ мерзімді табыстылығымен және құнымен тікелей байланысты басым бағыттары болып табылады:
1. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету. Компанияның қаржылық жағдайы, оның өтімділігі және тұрақты қаржылық нәтижелерді қамтамасыз ету қабілеті инвесторларды тарту және ұзақ мерзімді табыстылықты қамтамасыз ету үшін маңызды.
 2. Компанияның тиімділігін арттыру. Компанияның тартымды қызметтерді, тарифтер мен инновациялық шешімдерді ұсына отырып, нарықта бәсекеге түсу қабілеті оның ұзақ мерзімді позициясы мен құнына тікелей әсер етеді.
 3. Клиенттердің қанағаттануын арттыру. Клиенттердің қанағаттануы Компания үшін стратегиялық маңызды болып табылады және оның нарықтағы позициясын нығайтуға, клиенттердің адалдығын арттыруға және тұрақты өсуді қамтамасыз етуге көмектеседі.
 4. Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне кепілдік беру. Жоғары деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тәуекелдерді бақылаудың заманауи жүйелерін қолдану аварияларды болдырмауға және жолаушылар мен жүк қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі, бұл Компания беделінің жақсы болуына әсер етеді, ықтимал залалдарды азайтады және оның ұзақ мерзімді құнын сақтап қалады.
 5. Тұрақты дамуды қамтамасыз ету. Әлеуметтік тұрақтылықты арттыру және кадрлық әлеуетті дамыту Компанияның ойдағыдай жұмыс істеуі үшін шешуші аспектілер болып табылады. Компания білікті әрі уәждемеленген қызметкерлерге тәуелді, олар міндеттерді орындаған кезде тиімділікті қамтамасыз ете алады. Әлеуметтік тұрақтылықты арттыру қолайлы жұмыс ортасын қалыптастырады және қызметкерлердің өмір сапасын жақсартады. Экология стандарттарын сақтау және төмен көміртекті даму тұжырымдамасын іске асыру Компанияның ұзақ мерзімді репутациясын және оның инвесторлар мен жалпы қоғам алдындағы құнын қолдау үшін маңызды факторлар болып табылады. Корпоративтік басқару тұрақты даму және Компанияның ұзақ мерзімді келешекте ойдағыдай жұмыс істеуі үшін іргетас болып табылады. Ол Компанияны басқарудағы айқындылықты, жауапкершілік пен тиімділікті қамтамасыз етеді, бұл оның құнының және барлық мүдделі тараптар үшін тартымдылығының артуына жағдай жасайды.

Компанияның ұзақ мерзімді дамуына және құнына елеулі ықпал ете алатын факторлар:

Факторлар	Салдарлар	Іс-шаралар
Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету		
Тарифтік тәуекел	- түсетін ақшаның азаюы; - Компанияның қаржылық тұрақтылығының на-шарлауы.	тарифтік саясатты жетілдіру.
Валюталық тәуекел	- бағам айырмасы бойынша шығыстардың өсуі; - Компания өтімділігінің төмендеуі.	қатты валютадағы борыш үлесін азайтуды жалға-стыру, кредиттік портфельді қайта құрылымдау
Компанияның тиімділігін арттыру		
Жүк айналымының төмендеуі	- түсетін ақшаның азаюы; - Компанияның қаржылық тұрақтылығының на-шарлауы.	- жүктерді контейнерлендіру бағдарламасын әзірлеп, іске асыру; - балама маршруттарды дамыту (ТХКМ); - жүк жөнелтушілер үшін қолайлы тарифтік шарттар ұсыну; - жүк поездарының учаскелік жылдамдығын арттыру; - тиеу шептерінен/шептеріне вагондарды алу/беру уақытын азайту; - вагон паркін тиімді пайдалану үшін жүктерді тасы-малдау маусымдылығын жоспарлау.
Жолаушылар айналымының төмендеуі	- жолаушылар тасымал-даудан түсетін ақшаның азаюы; - жоспарлық көрсет-кіштердің орындалмауы.	- маршруттардың жаңа жүйесін әзірлеп, енгізу, соның ішінде тиімді маршруттарды ұйымдастыру; - поездардың кідіруін барынша азайту; - жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру.
Клиенттердің қанағаттануын арттыру		
Көрсетілетін қызметтер сапасының төмендеуі	- теміржол тасымалдарынан түсетін ақшаның азаюы; - Компания беделінің на-шарлауы.	- клиенттердің қанағаттану деңгейіне баға беру; - клиенттердің қанағаттануын арттыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.
Поездар қозғалысы қауіпсіздігіне көпілдік беру		
Қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтар	- Компания қызметкер-лерінің денсаулығы мен өміріне қатер төндіру; - төлемдермен байланысты материалдық залал; - Компания беделінің на-шарлауы.	- қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне бақылау жасау; - қауіпсіздік мінез-құлығы диалогын үйрету; - қауіпсіз жұмыс тәсілдерін үйрету; - ақаулы машиналар мен механизмдерді пайда-лануға тыйым салу; - машиналар мен механизмдерді уақтылы жөндеу, қарап тексеру, оларға қызмет көрсету.
Адамдардың денсаулығына қатер төндіру	• Компания қызмет-керлерінің денсаулығы мен өміріне қатер төндіру; • төлемдермен байланысты материалдық залал; • Компания беделінің нашарлауы.	• өндіріс қауіпсіздігі процестерінің автомат-тандырылған жүйесін енгізу («Оқыту», «Қауіпсіздік мінез-құлығы диалогы», «Қауіпсіздік минуты» модульдері). • Қауіпсіздік мінез-құлығы диалогын, қауіпсіз жұмыс тәсілдерін үйрету.
Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету		
HR тәуекелдері (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін бұзу; жұмысқа алған кездегі сыбайлас жемқорлық; қызметкерлер тарапынан болатын әлеу-меттік наразылық).	- қызметкерлердің шағымдары мен нараз-ылықтары; - кадрлардың тұрақтамауы; - Компания беделінің на-шарлауы.	- әлеуметтік тұрақтылықты арттыру; - негізгі өндірістік персоналды уәждемелеудің кор-поративтік жүйесін енгізу; - зейнетке ерте шығу бағдарламасын іске асыру; - рекрутингті және табиғи кему мен сырттан жалдауды барынша азайту (сырттан жалдауға мораторий) арқылы жұмыстан босатылатындарды жұмысқа алу мен жұмысқа орналастыру жұмысын орталықтарндыру

Факторлар	Салдарлар	Іс-шаралар
Экологиялық және климаттық тәуекелдер (Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі, климаттың физикалық параметрлерінің өзгеруі).	• түсетін ақшаның азаюы; • Компания беделінің нашарлауы.	• теңіз түбін тереңдету жөніндегі іс-шараларды жүргізу; • тереңдікті өлшеу (батиметрия). • қоршаған ортаға эмиссияларды азайту; • көміртегі ізін азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру.

Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпаратты Есептен қарауға болады.

2022 жылғы сыртқы мүдделі тараптарға ықпал ету көрсеткіштері

Қызмет түрі	Акционер	Клиенттер	Тұрғындар	Мемлекеттік органдар	Жеткізуші-лер мен мердігерлер
Жүк тасымалдау	Жалғыз акционерге тиесілі таза пайда – 34,9 млрд теңге	Жүк айналымы – 245,2 млрд т-км Тасымалданған жүктер – 285,4 млн тонна Контейнерлердегі транзит – 1 129,2 тыс. ЖФБ			Сатып алу – 736 153 млн теңге
Жолаушылар тасымалдау		Жолаушылар айналымы – 12,4 млрд ж-км Жөнелтілген жолаушылар – 14 073 мың жолаушы			
		Клиенттердің қанағаттану деңгейі – 68,2%			
		Салықтық аударымдар – 148 849,8 млн теңге			
		Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейі – 0,70 оқиға/млн поезд-км			
Теміржол жолдарын салу	Учаскелік жылдамдық – 39,91 км/сағ	Жұмыс орындары («Достық – Мойынты учаскесінде екінші жол салу» жобасы бойынша) – 3 700)	Сатып алудағы жергілікті құрам үлесі тауарларда 69%, жұмыстар мен қызметтерде 95% болды.		
	Экологиялық әсер ету деңгейі – 0,620				

Оң әсер

Теріс әсер

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың елеулі тақырыптары:

GRI3-2

Бағыттар бойынша GRI стандарттары	Әр бағыт бойынша елеулі тақырыптар
Экономикалық тақырыптар	201 Экономикалық нәтижелілік
	204 Сатып алу іс-тәжірибелері
	205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Экологиялық тақырыптар	302 Энергия
	305 Шығарындылар
	306 Қалдықтар
Әлеуметтік тақырыптар	401 Жұмыспен қамту
	402 Еңбек және еңбек қатынастары
	403 Жұмыс орнындағы қауіпсіздік пен денсаулық
	404 Оқыту және білім беру
	406 Кемсітпеушілік
«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың қосымша тақырыптары	Поездар қозғалысы қауіпсіздігі
	Клиенттердің қанағаттануын арттыру

Алдыңғы есеп берілген кезеңмен салыстырғандағы елеулі тақырыптар тізбесіндегі өзгерістер «Энергия», «Шыға-рындылар», «Қалдықтар», «Жұмыспен қамту», «Оқыту және білім беру», «Кемсітпеушілік» деген жаңа тақырыптардың қосылуымен байланысты.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

GRI2-5



Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп

«Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне:

Кіріспе

Біз «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») басшылығымен Компанияның 2022 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі Біріктірілген Жылдық Есебіне (бұдан әрі – «Жылдық Есебі») енгізілген, сипатталған таңдаулы ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау үшін тартылдық.

Рәсімдер әдісін және қолданылатын өлшемшарттарды сипаттау

Біз, Жылдық Есепте ашылған және Жылдық Есептің Қосымшасында «Есептегі GRI стандарттарын ашып көрсету көрсеткіші» (бұдан әрі – «Таңдалған ақпарат») көрсетілген және есептің 1-қосымшасында ұсынылған сапалық және сандық ақпаратқа бағалау жүргіздік. Таңдалған ақпарат Global Reporting Initiative (GRI) жариялаған GRI тұрақты даму туралы есеп беру стандарттарына (бұдан әрі – «GRI стандарттары») сәйкес дайындалған.

Таңдалған ақпарат Жылдық Есептің «Ақпаратты ашу периметрі» Қосымшасына сәйкес Компанияға және оның таңдалған еншілес ұйымдарына қатысты ақпаратты ашады.

Біздің рәсімдеріміздің көлемі тек 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Таңдалған ақпаратпен шектеледі. Біз бұрынғы кезеңдерге немесе Жылдық Есепке енгізілген кез келген басқа компоненттерге қатысты қандай да бір рәсімдерді орындамадық, соған орай, оларға қатысты қандай да бір қорытынды жасамаймыз.

Біз Таңдалған ақпаратты GRI стандарттарында қамтылған ашу талаптарын, сондай-ақ Компания әзірлеген және Жылдық Есепте ашылған әдістеме мен нұсқаулықты (бұдан әрі – «Қолданылатын өлшемшарттар») пайдалана отырып бағаладық. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау мақсаттарында қолданылатын өлшемшарттарды қолдану орынды деп санаймыз.

Компания Басшылығының жауапкершілігі

Компания басшылығы:

- абыройсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан Таңдалған ақпаратты дайындауда бұрмалаушылықтарды қамтымас үшін, ішкі бақылау жүйесінде әзірлендіруді, енгізуді және қолдауды қамтамасыз ету;
- Қолданылатын өлшемдерге сәйкес Таңдалған ақпаратты дайындау және ашу бойынша ішкі әдістемелер мен нұсқаулықтарды әзірлеу;
- Таңдалған ақпаратты Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындау, есептеу және ашу;
- Таңдалған ақпараттың дәлдігі, толықтығы және ұсынылуына жауапты.



Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз:

- Таңдалған ақпаратта абыройсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне шектеулі сенімділік алу мақсатында тапсырманы жоспарлау және орындау;
- біздің орындалған рәсімдер мен алынған дәлелдемелер негізінде шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тұжырымды қалыптастыру;
- біздің тұжырымымызды Компанияның Директорлар кеңесіне ұсыну.

Біз бұл шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы Халықаралық аудит стандарттары және ақпаратты растау комитетімен шығарылған сенімділікті қамтамасыз ететін «Аудиттен және өткен кезеңдердегі қаржылық ақпаратты тексеруден ерекшеленетін Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма» Халықаралық тапсырмалар 3000 (ШСҚЕТХТ) стандартына (қайта қаралған) сәйкес орындадық. Бұл стандарт бізден этикалық талаптарды сақтауды және 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған Таңдалған ақпараттың барлық маңызды қатынастарында Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындалғанына шектеулі көпілдік алу үшін рәсімдерді жоспарлауды және орындауды талап етеді.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың көлемі ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік алуды қоса алғанда, тәуекелдерді бағалау рәсімдеріне де, бағаланған тәуекелдерге жауап ретінде орындалатын рәсімдерге де қатысты ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың көлемінен аз. Тапсырманы орындау кезінде жүзеге асырылатын, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдер сипаты мен мерзімі бойынша ерекшеленеді, олар ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындағанға қарағанда көлемі аз болады. Демек, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейінен төмен.

Тәуелсіздік және сапаны бақылау

Біз есепшілерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің адалдық, объективтік, кәсіби құзыреттілік, құпиялылық және кәсіби мінез-құлық принциптеріне негізделген (АҚҚ СМ кодексі) кәсіби есепшілердің этика кодексінің (халықаралық Тәуелсіздік стандарттарын қамтитын) тәуелсіздік туралы талаптарына және басқа да этикалық талаптарына сәйкес келеміз.

Біздің ұйым 1-ші Халықаралық сапаны бақылау стандартын қолданады және этикалық талаптарға, кәсіби стандарттарға және қолданылатын құқықтық және заңнамалық талаптарға сәйкестікке қатысты құжатталған саясаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, сапаны бақылаудың кешенді жүйесін қолдайды.

Атқарылған жұмыс

Біздің міндеттерімізге Таңдалған ақпаратты елеулі түрде бұрмалау тәуекелдерін қарастыру мақсатында тапсырманы жоспарлау және орындау кіреді. Ол үшін біздің рәсімдерімізге:

- тұрақты даму және есептілік мәселелерін басқаруға жауапты тұлғаларды қоса алғанда, Компания басшылығына сұрау салу;
- Жылдық Есепті дайындауға және тиісті деректерді жинауға жауапты лауазымды тұлғаларға



сауалнама жүргізу және тиесілі ақпаратты жинау;

- тиісті ішкі әдістемелер мен нұсқаулықтарды талдау, Таңдалған ақпаратты дайындау және ашу саласындағы негізгі жүйелер, процестер мен бақылау құралдары қалай ұйымдастырылғандығы туралы түсінік алу;
- деректер тиісті түрде есептелгенін, есепке алынғанын, салыстырылғанын және ашылғанын тексеру үшін Таңдалған ақпаратқа қатысты мәні бойынша шектеулі тестілеуді өткізу кірді.

Біз алған дәлелдер шектеулі сенімділікті қамтамсыз етеін тұжырымға негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп есептейміз.

Көрсеткіштерді ашу және есептеу әдістемесі

Қолданылатын өлшемшарттар тұрғысынан әртүрлі, бірақ қолайлы есептеу және ашу әдістерінің ауқымы бар. Бұл әдістер нәтижелерде айтарлықтай айырмашылықтарға әкелуі мүмкін, бұл олардың басқа ұйымдардың деректерімен салыстырылуына әсер етуі мүмкін. Демек, Таңдалған ақпарат басшылық Жылдық Есепте сипатталғандай пайдаланған әдістемемен бірге қаралуы тиіс және ол үшін Компания жеке-дара жауапты болады.

Біздің қорытынды

Жүргізілген рәсімдер мен алынған дәлелдемелердің қорытындылары бойынша 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Таңдалған ақпарат Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес барлық елеулі қатынастарда дайындалған жоқ деп тұжырымдауға негіз болатын ешқандай деректер біздің назарымызды аударған жоқ.

Пайдалануға және таратуға шектеулер

Тұжырымды қамтитын осы есеп компания басшылығына Компанияның және оның тұрақты даму саласындағы таңдалған еншілес ұйымдарының қызметі және осы қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты ашуға жәрдем көрсету мақсатында арамыздағы келісімге сәйкес Компания Директорлар кеңесі үшін ғана дайындалды.

Біз осы есептің мазмұнын компанияның сайтында¹ жарияланатын Жылдық Есептің құрамында ашуға келісім береміз, осылайша Компания басшылығы Корпоративтік басқару саласындағы өз міндеттерін толық атқару шеңберінде Таңдалған ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп алғанын растай алады. Қолданыстағы заңнама шеңберінде біз Компанияның және Компанияның Директорлар кеңесінен басқа тұлғалардың алдында орындалған жұмыс және осы есеп үшін, бұған нақты келісілген жазбаша шарттар және біздің жазбаша келісіміміз болған жағдайларды қоспағанда жауапкершілікті қабылдамаймыз.

PricewaterhouseCoopers LLP

25 мамыр, 2023 жыл
Алматы, Қазақстан

¹ Компания сайтының сақталуы мен тұтастығы үшін Компания басшылығы жауап береді; біз орындайтын жұмыс осы мәселелерді қарастыруды қамтымайды және сәйкесінше, біз жарияланған Таңдалған ақпаратқа немесе Қолданылатын өлшемдерге қатысты болуы мүмкін қандай да бір өзгерістерге жауап бермейміз.



2023 жылдың 25 мамырдағы шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есепке 1-ші қосымша

Төменде 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған, Жылдық Есебінің 82-248 беттерінде ашылған және «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») әзірлеген GRI стандарттарына, әдістемелеріне және нұсқауларықтарына сәйкес дайындалған және шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдерінің нысанасы болып табылатын Таңдалған ақпарат көрсетілген:

GRI стандарты	Жарияларған орындалу (Таңдалған ақпарат)
2-7	Қызметкерлер
2-9	Басқару органдарының құрылымы мен құрамы
2-30	Ұжымдық шарттар
302-1	Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну
305-1	Тікелей парниктік газдар шығарындылары (1-аумақ)
305-2	Жанама парниктік газдар шығарындылары (2-аумақ)
305-7	NOx, SOx және басқа да маңызды ластаушы заттардың ауаға шығарындылары
401-1	Жалдамалы жұмысшылар мен қызметкерлердің айналымы
401-3	Балаға күтім жасауға берілетін демалыс
403-9	Барлық қызметкерлердің өндірістік жарақаттан болған өлім-жітім саны мен коэффициенті
403-9	Барлық қызметкерлердің ауыр (өліммен аяқталмаған) өндірістік жарақаттардың саны мен коэффициенті
403-9	Барлық қызметкерлердің тіркелген өндірістік жарақаттардың саны мен коэффициенті
403-9	Барлық қызметкерлердің өндірістік жарақаттарының негізгі түрлері
403-9	Барлық қызметкерлер жұмыс істеген жалпы сағат
403-9	Бақылау иерархиясын пайдалануға байланысты тәуекелдерді азайту және жұмысқа байланысты басқа қауіптерді жою үшін қабылданған немесе орындалып жатқан кез келген іс-шаралар
404-1	Бір қызметкерге жұмсалған оқу сағаттарының орташа жылдық саны
405-1	Корпоративтік басқару органдары мен қызметкерлердің алуан түрлілігі

ЕСЕПТЕГІ GRI СТАНДАРТТАРЫН АШЫП КӨРСЕТУ КӨРСЕТКІШІ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

GRI стандарты	Ашып көрсету	Есептегі беті	Есептің бөлімдері	Ақпараттың ашылмау себептері	Сыртқы куәландыру
GRI 1: 2021 негізі					
GRI 2: 2021 ашып көрсетудің жалпы элементтері					
Ұйым және оның есептілік іс-тәжірибесі					
2-1	Ұйым туралы мәліметтер	10	Компания туралы		
2-2	Ұйымның тұрақты даму туралы есептілігіне енгізілген субъектілер	288	Ақпарат ашу периметрі		
2-3	Есептілік кезеңі, жиілігі және байланысуға болатын тұлға	288, 309	Есеп туралы, Байланысу ақпараты		
2-4	Ақпаратты қайта қарау	288	Есеп туралы		
2-5	Сыртқы куәландыру	294	Тәуелсіз аудитордың қорытындысы		
Қызмет түрлері мен қызметкерлер					
2-6	Қызмет, құнды құру тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар	12, 37, 38, 40, 46, 48, 95	Компания туралы, Өндірістік нәтижелер, Активтер құрылымы, Компанияның негізгі бизнес бірліктері, Сатып алу іс-тәжірибесі		
2-7	Қызметкерлер	120, 287	Компания персоналы, қосымшалар Комментарий: 31.12.2022-ге қарағандағы персоналдың тізімдік саны. Компанияда ұдайы емес қызметкерлер жоқ		
2-8	Ұйымның қызметкерлері болып табылмайтын қызметкерлер	123	Компания персоналы		

GRI стандарты	Ашып көрсету	Есептегі беті	Есептің бөлімдері	Ақпараттың ашылмау себептері	Сыртқы куәландыру
Басқару					
2-9	Басқару органдарының құрылымы мен құрамы	84, 85, 141, 145, 147	Тұрақты дамуды басқару құрылымы, Корпоративтік басқару жүйесі, Директорлар кеңесінің құрамы Комментарий: Директорлар кеңесінің құрамы атқарушы емес болып жіктелмейді, жеткілікті өкілдігі жоқ әлеуметтік топтар жоқ		
2-10	Жоғары басқару органына үміткерлерді ұсыну және іріктеу процесі	143	Директорлар кеңесінің құрамы		
2-11	Жоғары басқару органының Төрағасы	143	Директорлар кеңесінің құрамы		
2-12	Әсер етуді басқаруды қадағалаудағы жоғарғы басқару органының рөлі	84, 85, 86	Тұрақты дамуды басқару құрылымы		
2-13	Әсерлерді басқару үшін жауапкершілікті табыстау	84, 85, 86	Тұрақты дамуды басқару құрылымы		
2-14	Тұрақты даму туралы есептіліктегі жоғары басқару органының рөлі	290	Елеулі тақырыптар және оларды анықтау тәртібі		
2-15	Мүдделер қақтығыстары	186	Мүдделер қақтығысын басқару		
2-16	Жоғары басшылықты маңызды мәселелер туралы хабардар ету	157	Директорлар кеңесінің комитеттері		
2-17	Жоғары басқару органының ұжымдық хабардарлығы	144	Директорлар кеңестерінің мүшелерін оқыту және дамыту		
2-18	Жоғары басқару органының қызметін бағалау	145	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау		
2-19	Сыйақы саясаты	166	Компанияның лауазымды тұлғаларының сыйақысы		
2-20	Сыйақы мөлшерін анықтау процесі	166	Компанияның лауазымды тұлғаларының сыйақысы		
2-21	Жылдық жиынтық сыйақы коэффициенті	—	—	Құпия ақпарат	

GRI стандарты	Ашып көрсету	Есептегі беті	Есептің бөлімдері	Ақпараттың ашылмау себептері	Сыртқы куәландыру
2-22	Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	4, 6	Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі, басқарма төрағасының үндеуі		
2-23	Саясаттарды ұстану	23	Халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану		
2-24	Қабылданған міндеттемелерді орындау	23	Халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану		
2-25	Теріс әсерлерді жою процесі	181	Шағымдар беру тетіктері		
2-26	Кеңес сұрау және алаңдаушылықты білдіру тетіктері	181	Шағымдар беру тетіктері		
2-27	Заңдар мен ережелерді сақтау	102	Заңдар мен қағидаларды орындау		
2-28	Қауымдастықтарға мүшелік	20	Халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану		
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл					
2-29	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға көзқарас	290	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл		
2-30	Ұжымдық шарттар	132	Ұжымдық шарт		☑
GRI 3: 2021 елеулі тақырыптары					
3-1	Елеулі тақырыптарды анықтау процесі	290	Елеулі тақырыптар және оларды анықтау тәртібі		
3-2	Елеулі тақырыптар тізімі	293	Елеулі тақырыптар және оларды анықтау тәртібі		

ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АШУ

GRI Стандарт	Ашу	Есептегі беті	Есептің бөлімдері	Ашуды өткізіп алу себептері	SASB	Сыртқы куәландыру
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР						
GRI 201 (2016): ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	92	Экономикалық әсер			
201-1	Жасалған және бөлінген тікелей экономикалық құн	92	Экономикалық әсер			
201-2	Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық салдарлар мен басқа тәуекелдер мен мүмкіндіктер	108	Климаттың өзгеруі тәуекелдер			
201-4	Үкіметтен алынған қаржылық көмек	10, 93	Компания туралы, Мемлекеттен алынған қаржылай көмек			
GRI 202 (2016): НАРЫҚТАРДА БОЛУ						
202-1	Жынысы әртүрлі қызметкерлердің бастапқы деңгейдегі стандартты еңбекақысының жұмыс істеудің маңызды өңірлерінде белгіленген ең төменгі еңбекақыға қатынасы	127	Материалдық ынталандыру			
202-2	Жергілікті бірлестіктен жалданған жоғары басшылық үлесі	160	Басқарма			
GRI 203 (2016): ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕР						
203-1	Инвестициялардың дамуы мен инфрақұрылымға және өтеусіз қызметтерге әсері	59	Инвестициялық қызмет			
203-2	Елеулі тікелей емес экономикалық әсерлер	94	Жанама экономикалық әсерлер			
GRI 204 (2016): САТЫП АЛУ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	95, 96	Сатып алу іс-тәжірибесі			
204-1	Жергілікті жеткізушілерге жұмсалған шығындар үлесі	95, 96	Сатып алу іс-тәжірибесі			
GRI 205 (2016): СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ТӘЖІРИБЕ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	98	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
205-1	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша бағаланатын өндірістік бөлімшелер	98	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			

GRI Стандарт	Ашу	Есептегі беті	Есептің бөлімдері	Ашуды өткізіп алу себептері	SASB	Сыртқы куәландыру
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаттары мен әдістері туралы ақпараттандыру және оқыту	98	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған оқиғалары және қолданылған шаралар	98	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
GRI 206 (2016): БӘСЕКЕГЕ ҚАРСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ						
206-1	Бәсекеге қарсы мінез-құлық үшін сот қуынымдары, монополияға қарсы және монополиялық іс-тәжірибе	102	Заңдар мен қағидаларды орындау		TR-RA-520A.1.	
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР						
GRI 302 (2016): ЭНЕРГИЯ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	114	Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу			
302-1	Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну	116	Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу	Компания энергияны үшінші тараптарға қайта сатпайды. Компания жаңғырмалы көздерден алынатын отынды тұтынбайды. Компания салқындату энергиясын және бу энергиясын тұтынбайды және үшінші тараптарға қайта сатпайды. Компания материалдық емес көлемдерге байланысты 2022 жылы тұтынылған энергия көлемінің есептеуіне тұтынылған жылу энергиясының көлемін енгізбейді	TR-RA-110a.3.	
302-2	Ұйымнан тыс жерлерде энергияны тұтыну	—	—	Ұйымнан тыс жерлерде энергия ресурстарын тұтыну есебі жүргізілмейді		
302-3	Энергия сыйымдылығы	117	Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу			

GRI Стандарт	Ашу	Есептегі беті	Есептің бөлімдері	Ашуды өткізіп алу себептері	SASB	Сыртқы куәландыру
302-4	Энергияны тұтынуды азайту	115	Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу			
302-5	Өнімдер мен қызметтердің энергияны тұтынуын азайту	115	Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу			
GRI 305 (2016): ШЫҒАРЫНДЫЛАР						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	104	Экологиялық жауапкершілік			
305-1	Тікелей парниктік газдар шығарындылары (1-аумақ)	109	Төмен көмір-текті даму тұжырымдамасы	Компания биогенді шығарындыларды шығармайды	TR-RA-1 0 а.1.	
305-2	Жанама парниктік газдар шығарындылары (2-аумақ)	109	Төмен көмір-текті даму тұжырымдамасы	Компания биогенді шығарындыларды шығармайды		
305-3	Парниктік газдардың басқа жанама шығарындылары (3-аумақ)	—	—	Парниктік газдар шығарындыларының есебі (3-аумақ) жүргізілмейді		
305-4	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы	111	Төмен көмір-текті даму тұжырымдамасы			
305-5	Парниктік газдар шығарындыларын азайту	109	Төмен көмір-текті даму тұжырымдамасы		TR-RA-110A.2.	
305-6	Озонды бұзатын заттар (ОБЗ) шығарындылары	—	Компания озон қабатын бұзатын заттардың шығарындыларын жүзеге асырмайды			
305-7	NOx, SOx және басқа да маңызды ластаушы заттардың ауаға шығарындылары	111	Төмен көмір-текті даму тұжырымдамасы	Компания күшті ластаушы заттарды (КЛЗ) шығармайды	TR-RA-120a.1.	
GRI 306 (2016): ТӨГІНДІЛЕР МЕН ҚАЛДЫҚТАР						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	104	Экологиялық жауапкершілік			
306-1	Қалдықтардың пайда болуы және қалдықтармен байланысты елеулі әсерлер	117	Қалдықтарды басқару			
306-2	Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді жою	118	Қалдықтарды басқару			
306-3	Пайда болатын қалдықтар	117	Қалдықтарды басқару			

GRI Стандарт	Ашу	Есептегі беті	Есептің бөлімдері	Ашуды өткізіп алу себептері	SASB	Сыртқы қуәландыру
306-4	Кәдеге жаратуға қабылданбаған қалдықтар	–	–	Кәдеге жаратуға қабылданбаған қалдықтар жоқ		
306-5	Кәдеге жаратуға жіберілген қалдықтар	118	Қалдықтарды басқару			
GRI 308 (2016): ЖЕТКІЗУШІНІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН БАҒАЛАУ						
308-1	Экологиялық критерийлерді қолдану арқылы тексерілген жаңа жеткізушілер	119	Жеткізушіні экологиялық бағалау			
308-2	Жеткізулер тізбегіндегі қоршаған ортаға теріс әсер ету және қолданылған шаралар	119	Жеткізушіні экологиялық бағалау			
ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР						
GRI 401 (2016): ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	120	Әлеуметтік жауапкершілік			
401-1	Жалдамалы жұмысшылар мен қызметкерлердің айналымы	120, 123, 124, 287	Компания персоналы			
401-2	Уақытша немесе толық емес жұмыспен қамтылған қызметкерлерге берілмейтін толық жұмыспен қамтылған қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер	–	–	Уақытша қызметкерлерге берілмейтін жеңілдіктер шектеулері жоқ		
401-3	Балаға күтім жасауға берілетін демалыс	125	Компания персоналы			
GRI 402 (2016): ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	120	Әлеуметтік жауапкершілік			
402-1	Операциялық өзгерістер туралы хабарлаудың ең аз мерзімі	132	Ұжымдық шарт			
GRI 403 (2018): ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	69	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау			
403-1	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесі	69	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау			
403-2	Қауіпті сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау, жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру	69	Қауіптерді анықтау және тәуекелдерді бағалау			
403-3	Денсаулықты қорғау қызметтері	77	Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету			

GRI Стандарт	Ашу	Есептегі беті	Есептің бөлімдері	Ашуды өткізіп алу себептері	SASB	Сыртқы қуәландыру
403-4	Қызметкерлердің қатысуы, еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес беру мен коммуникациялар	71, 86	Ұйымның экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсерін қадағалау			
403-5	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіби дайындық	74	Қызметкерлерді оқыту			
403-6	Қызметкерлердің денсаулығын жақсарту	79	Денсаулықтың кенеттен нашарлауы			
403-7	Іскерлік қарым-қатынастарға тікелей байланысты денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі үшін салдарлардың алдын алу және азайту	74	Мердігерлік ұйымдардағы еңбекті қорғауды басқару			
403-8	Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер	69	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау			
403-9	Өндірістік жарақаттар	71	Өндірістік жарақаттану	Комментарий: Адам сағат жөніндегі ақпарат және LTIFR есебі, өндірістік жарақаттанушылық нәтижесінде болған өлім оқиғалары, ауыр аяқталған (өліммен аяқталғандарын қоспағанда) өндірістік жарақаттанушылық коэффициенттерінің есебі мердігер ұйымдарда жүргізілмейді	TERRA-540A.1.	
403-10	Жұмыспен байланысты аурулар	69, 77	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, Денсаулықтың кенеттен нашарлауы		TERRA-540A.1.	
GRI 404 (2016): ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	120	Әлеуметтік жауапкершілік			
404-1	Бір қызметкерге жұмсалған орташа жылдық оқу сағаттарының саны	130	Персоналды дамыту			

GRI Стандарт	Ашу	Есептегі беті	Есептің бөлімдері	Ашуды өткізіп алу себептері	SASB	Сыртқы куәландыру
404-2	Дағдыларды дамыту және білім беру бағдарламалары, сондай-ақ мансапты аяқтау кезіндегі қолдау бағдарламалары	129, 130	Персоналды дамыту			
404-3	Нәтижелілігі мен мансаптық дамудың мерзімді бағалаулары жүргізілетін қызмет-керлердің үлесі	128	Персоналды бағалау			
GRI 405 (2016): АЛУАН ТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР						
405-1	Корпоративтік басқару органдары мен қыз-меткерлердің алуан түрлілігі	120	Компания персоналы	Комментарий: Басқару ор-гандары жөніндегі ақпарат басқару органдары бойынша кел-тірілген		
405-2	Ерлер мен әйелдердің негізгі жалақысының арақатынасы	127	Тең мүмкін-діктер			
GRI 406 (2016): КЕМСІТПЕУШІЛІК						
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	120	Әлеуметтік жауапкер-шілік			
406-1	Кемсітушілік оқиғалары және қолданылған түзету шаралары	101	Кемсітушілік оқиғалары және қа-былданған түзету шаралары			
SASB	Авариялар мен оқыс оқиғалар саны	104	Қоршаған ортаға эмиссиялар		TERRA-540A.2.	
SASB	Тексеру нәтиже-сінде анықталған бұзушылықтың ұсы-нылған ақауларының саны	66, 77	Қозғалыс қауіпсіздігі, Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету		TERRA-540A.3.	
SASB	Темір жол тұтастығына ішкі тексеру жүргізу жиілігі	66	Қозғалыс қа-уіпсіздігі		TERRA-540A.4.	

ГЛОССАРИЙ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ
Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық өл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім – өндіріс факторларының ұлттық тиесілігіне қарамастан тұтыну, экспорттау және жинақтау үшін мемлекет аумағында экономиканың барлық салаларында бір жылда өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің (яғни тікелей тұтынуға, пайдалануға немесе қолдануға арналған) нарықтық құнын көрсететін макроэкономикалық көрсеткіш
Жүк айналымы	белгілі бір уақыт ішінде тасымалданған жүк салмағы мен тасымалдау қашықтығының көбейтіндісіне тең көлік жұмысының экономикалық көрсеткіші (жүк тасымалы көлемінің көрсеткіші). Жүк айналымы тонна-километрмен өл-шенеді
Жұмыс уақытын жоғалтумен тіркелген оқиғалардың жиілік коэффициенті	бөлімшеде немесе кәсіпорында бір жылдағы жиынтық жұмыс істелген жұмыс уақытына жатқызылған және 1 млн адам/сағ деп нормаланған жұмыс уақытын жоғалту оқиғаларының санын анықтайды
МТЖ	магистральдық теміржол желісі
Операциялық пайда	нетто түсім (өзіндік құнды шегергендегі түсім) мен негізгі қызмет бойынша шығындар (соңғысына тікелей және операциялық шығындар кіреді) немесе мағынасы бірдей, жалпы пайда мен операциялық шығындар арасындағы айыр-машылыққа тең, кәсіпорынның негізгі қызметтен алған пайдасы
Жолаушылар айналымы	жолаушылар тасымалы көлемінің жолаушы-километрдегі көрсеткіші, жола-ушылар саны мен тасымалдау қашықтығының көбейтіндісі ретінде есептеледі
Бас жолдардың толық ұзындығы	барлық бас жолдар (бірінші, екінші, үшінші және т.б.) ұзындығының қосындысы
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
ОЭР	отын-энергетикалық ресурстар
Энергия сыйымдылығы	өнім (жұмыс) бірлігіне отын-энергетикалық ресурстардың үлестік шығындарын азайту көрсеткіші
Пайдалану ұзындығы	екінші басты, станциялық және т.б. сияқты жолдарды есепке алмағанда, стан-циялар арасындағы теміржол желілерінің ұзындығы
EBITDA	пайыздарды, салықтарды, тозуды және есептелген амортизацияны төлеу шығындарын шегергенге дейінгі пайда көлеміне тең талмдамалық көрсеткіш
EBITDA margin	EBITDA мен түсім арақатынасы ретінде есептелетін компания табыстылығының өлшемі
ЖФБ	жиырма футтық балама
GRI	Global Reporting Initiative (жаһандық есептілік бастамасы)
ТЖЫҰ	Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымы
ХТЖО	Халықаралық темір жолдар одағы
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ESG	environmental, social, and corporate governance, (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару)
БҰҰ ЕЭК	Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы
БҰҰ АТМЭЭК	Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы
ТРАСЕКА УАК	«Еуропа – Кавказ – Азия» көлік дәлізі жөніндегі үкіметаралық комиссия
ТМҰ	Түркі мемлекеттерінің ұйымы
ЭЫҰ	Экономикалық ынтымақтастық ұйымы
ҚР ИИДМ	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму мини-стрлігі
ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
LCL	Less Than Container Load (контейнерді ішінара тиеу)

ТТҮК	Трансеуразиялық тасымалдау жөніндегі халықаралық үйлестіру кеңесі
ҚШК	қызметтің шешуші көрсеткіштері
ХТТ	халық тұтынатын тауарлар
БКЛК-ЕРА	«Біріктірілген көлік-логистикалық компания – Еуразиялық теміржол альянсы» акционерлік қоғамы
ТХКМ	Транскаспий халықаралық көлік маршруты
АЕК	айлық есептік көрсеткіш
ЕТМ	ең төмен жалақы мөлшері
КТС	корпоративтік табыс салығы
ТМҚ	тауар-материалдық қорлар
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ҚҚС	қосымша құн салығы
ЖӘШ	жалпы және әкімшілік шығыстар
ROACE	орташа пайдаланылған капиталдың рентабельділігі
НОРАТ	салықтан кейінгі операциялық пайда
NAV	активтердің таза құны
БЖЖ	біріктірілген жоспарлау жүйесі
АТ	ақпараттық технологиялар
БҚО	бірыңғай қызмет көрсету орталығы
ЖҚҚ	жеке қорғаныс құралдары
ӨҚБЖ	«Өндірістік қауіпсіздік» біріктірілген жүйесі
ҚМД	Қауіпсіздік мінез-құлығы диалогы
ЭҚА	электрондық құжат айналымы
TRIR	оқыс оқиғалар жиілігі
FAR	өліммен аяқталған оқыс оқиғалар жиілігі
Near Miss	салдарсыз оқыс оқиғалар жиілігі
ЕТЖМ	ең төменгі жалақы мөлшері
USIC	Халықаралық спортшы-теміржолшылар одағы
ДКН	денсаулықтың кенеттен нашарлауы
TCFD	Task force on climate-related financial disclosures (климатқа қатысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі мақсатты топ)
ҚОҚ	қоршаған ортаны қорғау
ТҚҚ	тұрмыстық қатты қалдықтар
АХҚО	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
ТСК	Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет
СҚК	Стратегия және қаржы комитеті
ҚҚОҚК	Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті
АК	Аудит жөніндегі комитет
ТБКЖ	Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

БАЙЛАНЫСУ АҚПАРАТЫ

GRI2-1

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д.Қонаев к-сі, 6

☎ Анықтама қызметі: +7 (7172) 93 01 13

☎ Баспасөз қызметі: +7 (7172) 60 42 87

🌐 www.railways.kz,

✉ kense@railways.kz

Инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша

ИСМАИЛОВ ДӘУЛЕТ ҚАНАТҰЛЫ

☎ Тел.: +7 (7172) 60 37 22

✉ Электрондық почта: Ismailov_D@Railways.kz

Аудитор

«ДЕЛОЙТ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Әл-Фараби даңғ., 36

☎ Тел.: +7 (727) 258 13 40

✉ Электрондық почта: almaty@deloitte.kz

Тіркеуші

«ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ» АҚ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байзақов к-сі, 280,
«Almaty Towers» көп функциялық кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат

☎ Тел.: +7 (727) 237 53 00

Барлық мүдделі тараптарды мына сілтеме бойынша өтіп, елеулі тақырыптарды анықтауға арналған онлайн сауалнамаға қатысуға және осы Біріктірілген жылдық есеп туралы пікір білдіруге шақырамыз:

🌐 https://www.railways.kz/articles/sustainable-development/otchet_v_oblasti_ustoychivogo_razvitiya

Есепке қатысты сұрақтар қоюға арналған электрондық почта: Sustainability@railways.kz

